

Бекіткен:
«Еуразиялық банк» АҚ директорлар кеңесі
2015ж. «15» желтоқсандағы № 135 хаттама

«ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
БАНКТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДІҢ
СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ
(Қосылу шарты)

Алматы қаласы
МАЗМҰНЫ

I-БӨЛІМ. КІРІСПЕ
1-тарау Негізгі ережелер
2 тарау. Жалпы ереже
II - БӨЛІМ. АҒЫМДАҒЫ БАНКТІК ШОТТЫ АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ
1-тарау Ағымдағы шот ашу
2 тарау. Кіріс және шығыс ақша аударымдары
III-БӨЛІМ. САЛЫМДАРДЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ЖИНАҚ ШОТЫН АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ
IV-БӨЛІМ. КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР
1-тарау Терминдер глоссарийі
2 тарау. Картаны пайдалану ережесі
2.1.тарау. Еуразиялық банк" АҚ банк карталарын мобильдік төлемдер жүйелерінде пайдалану шарттары
3 - тарау Карта бойынша Кредит лимитін беру
1. Рұқсат етілген овердрафт беру тәртібі
2. Жаңартпалы Кредит беру тәртібі
2-1. Тұтынушылық мақсаттарға «мерзімін бөліп төлеуге» кредит
34-тарау. Үзінді көшірмелер
45-тарау Даулы операциялар
56-тарау Есеп айырысу тәртібі
67-тарау Дауыстық меню жүйесі
48-тарау Тараптардың құқықтары мен міндеттері
V-БӨЛІМ. БӨЛШЕК КРЕДИТ БЕРУ
1-тарау Негізгі талаптар
2 тарау. Қосымша талаптар
3 - тарау Тараптардың құқықтары
4-тарау Тараптардың міндеттері
VI-БӨЛІМ. SMARTBANK ҚАШЫҚТЫҚТАН БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІ
1. Жалпы ережелер
2.Терминдер мен анықтамалар
3. ҚБҚ Жүйесінде банктік қызметтерді көрсету талаптары
4. ҚБҚ Жүйесінде операциялар жүргізу тәртібі
5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
6. Тараптардың жауапкершілігі
VI-I-БӨЛІМ. USSD-БАНКИНГ ҚЫЗМЕТТЕРІ
1. Терминдер мен анықтамалар:
2. Жалпы ережелер.
3. Қызметтерді беру талаптары
4. Қызметтерді беру талаптары
5. Тараптардың жауапкершіліктері
VII-БӨЛІМ. СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАР ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗГЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1-тарау Банктің құқықтары мен міндеттері**2 тарау. Клиенттің құқықтары мен міндеттері****VIII - бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР****I-БӨЛІМ. КІРІСПЕ****1-тарау. Негізгі ережелер**

1. Осы Банктік және «Еуразиялық Банк» АҚ өзге қызметтерді көрсетудің стандартты талаптары (Қосылу шарты) (бұдан әрі – Стандартты талаптар / Шарт / Қосылу шарты) Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) Азаматтық кодексінің 389-б. шеңберінде әзірленген және олардың әрекеті «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) пен Банк Клиенттерінің құқықтық қатынастарына қатысты қолданылады. Осы Қосылу шартының шеңберінде Клиент – 3-тармаққа сәйкес Шартқа қосылған жеке тұлға (бұдан әрі қарай осындай тұлғалар «Клиент», «Карта ұстаушы», «Қарыз алушы», «Борышкер», «Енгізуші» және мәнмәтінге сәйкес басқадай аталуы мүмкін).

2. Стандартты талаптарды Банк белгілеп, Банктің Интернеттегі eubank.kz мекенжайындағы WEB-сайтында жарияланған, мерзімді баспасөз басылымында жарияланған және Банктің барлық Филиалдары мен Бөлімшелерінде (Операциялық залдарында) орналастырылған.

3. Стандартты талаптар Банктің барлық Клиенттері үшін бірдей және Клиент оны тұтастай алғанда да, толық көлемде де қосылу жолы ретінде ғана қабылдауы мүмкін, Клиент онымен сөзсіз келіседі. Клиенттің Стандартты талаптарды қабылдауы (Шартқа қосылуы) Клиент тартатын банктік өнімдердің/қызметтердің түрлері бойынша Банк белгілеген нысандарда және оны банктің қабылдауы және/немесе банктік қарыз шартына/ Кредит лимитін беру туралы шартқа (бұдан әрі - БҚК), Негізгі шартқа, Өтінімге (Кредиттік өтінім)/Өтінішке (Кредиттік лимит алуға Кредиттік өтінімге) (бұдан әрі – Өтініш (Кредиттік өтініш тиісті Өтініш беру, Банктік салым шартына қол қою жолымен Банкпен Стандартты талаптар аясында басқа шарттарға қол қою жолымен бейнеленеді – бұдан кейін Банк пен Клиент арасында осы Қосылу шарты сөзсіз жасалған болып есептеледі. Шартқа қосылу, сондай-ақ Клиентті ҚБҚ Жүйесі сайтында тіркеу немесе осы Стандартты талаптардың VI Бөлімінде белгіленгендей Банк банкоматымен операциялар жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Осы немесе өзге мәмілелердің (Салым шарттары, БҚК/Шарттар/Өтініш (Кредиттік өтінім) Қарыз шарттары және т.б.) күшіне ену тәртібі осы Стандартты талаптарда белгіленеді. Стандартты талаптар "Еуразиялық банк" АҚ-тың банктік карталарын мобильдік төлемдер жүйелерінде пайдалану шарттарын да көздейді.

4. Өтініште Клиенттің Өтінішті толтырған күні Банк ұсынатын банктік қызметтер мен өнімдердің барлық түрлері көрсетіледі. Клиент өзіне қажетті қызметтер мен өнімдерді таңдайды; Банкке осындай қызметтер мен өнімдерді ұсыну бойынша мәміле жасауды ұсынады (Өтініште сәйкес белгілермен белгілеу арқылы оферта жолдайды), ал Банк клиент офертасын құптайды, бұл бұдан әрі – әрекеттермен және/немесе Банктің Клиентпен бірлесіп Банк белгілеген нысан бойынша сәйкес құжаттарға қол қоюымен расталады.

5. Банк Клиент офертасы құпталған мезетке дейін Шартпен қарастырылған Өтініштегі қызметтерді көрсетуге және міндеттемелерді көтеруге міндетті емес; осылайша Клиент офертасын акцептеуді Банк өз таңдауымен оның ішкі нормативтік құжаттардың талаптары (бұдан әрі – ІНҚ) және Шартты жасау күні әрекеттегі «Еуразиялық банк АҚ Тарифтеріне (бұдан әрі – Тарифтер) сәйкес жүзеге асырады және осы акцептімен Банк Клиентке тиісті банктік қызметтер және/немесе өнімдер беруге өзінің келісімін береді.

6. Стандартты талаптар, сондай-ақ ондағы атап өтілген қосымшалар, өтініштер, нысандар/шаблондар, келісімдер мен өзге құжаттар – біртұтас құқықтық құжатты білдіреді; бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады. Банктің Шарт шеңберінде қызметтер мен банктік өнімдерді ерікті түрде, ҚР заңнамасына, Банк ІНҚ мен Тарифтерге сәйкес; Тараптардың Банк белгілеген нысандары бойынша қағаз және/немесе электронды тасымалдағыштағы құжаттарға қол қою кезінде Стандартты талаптарды сақтай отырып ұсынатындығымен Банк пен Клиент сөзсіз келіседі.

7. Банк Клиент офертасын (оферталарын) құптаған жағдайда Банк пен Клиенттің (бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп, әрқайсысы бөлек – сәйкесінше «Тарап» немесе «Банк» және «Клиент» деп аталады) қол қоятын барлық құжаттары ҚР Азаматтық кодексінің 152-б. шеңберінде, яғни жазбаша нысанда ресімделген болып есептелінеді. Осы Шарт жасалғаннан кейін Шарттың осы Тарауының ережелеріне сәйкес Тараптар құқықтарға ие болады, өздеріне барлық сәйкес міндеттемелер қабылдайды, сондай-ақ Тараптар қол қоятын Стандартты талаптарға және өзге құжаттарға сәйкес, сондай-ақ көрсетілген міндеттемелерді орындамағандары үшін ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес жауапкершілікте болады.

8. Клиент Стандартты талаптарға қосыла отырып, қылмыстық әрекеттер мен ақша жылыстату механизміне, келесілерді қосқанда, бірақ олармен шектелмейтін қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастыру, лаңкестікті, алаяқтықты, жемқорлықты және т.б. қаржыландыруға Банк пен Клиенттің қатысу жағдайларын алдын алу үшін Банктің белсенді түрде жұмыс жасайтындығын мойындайды және келіседі. Банктің қызметінің стандарттары Банктің абырой-беделін сақтауға және қорғауға, сонымен бірге Клиенттердің сенімділігін үзудің және Банктің тәртіптілігінің алдын алуға бағдарланған. Осыған байланысты Банк өз таңдауымен Банк Клиенттері мен олар жүзеге асыратын мәмілелер/ Операциялар/ақша төлемдері/аударымдарына қатысты кезеңімен өзгертілуі мүмкін нақты талаптар белгілейді. Егер осы мәмілелер/ Операциялар/ақша төлемдері/аударымдары ИНҚ және/немесе ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес болмаса, Банк өз қызметтерін/өнімдерін ұсынудан бас тартуға құқылы. Осыған байланысты Клиент Стандартты талаптарға қосыла отырып, Банктің Клиентке қызметтерді көрсетуге/өнімдерді ұсынуға бас тарту құқығын, осындай бас тартумен байланысты Банкке наразылық білдірмейтіндігін сөзсіз растайды.

2 - тарау. Жалпы ереже

9. Шарт Банктің Клиенттерге келесі қызметтерді көрсетудің жалпы (стандартты) тәртібі мен талаптарын белгілейді:

- ағымдағы банктік шоттарды ашу және жүргізу;
- салымдарды сақтауға арналған жинақ шотын ашу және жүргізу;
- Картаны қолданумен банктік шоттарды ашу және жүргізу;
- Дебет және Кредит карталарын шығару және қызмет көрсету;
- Карта бойынша Кредит лимиттерін беру;
- «Smartbank» жүйесі бойынша қашықтан банктік қызмет көрсету;
- банктік Қарыздардың барлық түрлері бойынша бөлшек кредит беру;
- сондай-ақ Банк Клиенттеріне өзге банктік қызметтерді/өнімдерді ұсыну.

9-1. Осы Стандартты талаптардың ағымдағы банктік шоттарға қатысты барлық ережелері, сонымен бірге егер IV-бөлім Карточкалық операцияларда өзгеше қарастырылмаса, Картаны пайдаланумен банктік шоттарға қолданылады.

10. Банк Шарт шеңберіндегі барлық Операциялар Операциялық Операциялық күндерде (Банк Клиенттерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын уақыт кезеңі) жүргізіледі. Банктік күннің ұзақтығы: күнделікті, Алматы уақытымен, сағат 09.00-ден бастап 17.00-ге дейін, осы Шартта не Банктің ИНҚ-да және/немесе басқаларда, оның ішінде тараптар қол қоятын құжаттарда тікелей келісілген қолма-қол ақша беру және басқа Операциялар орнын пайдаланумен байланысты Операциялардан басқаларында жүргізіледі. Осы Стандартты талаптар шарттарда/келісімдерде/өтініштерде және Тараптар қол қоятын өзге құжаттарда реттелмеген Операцияларды жүргізу мәселелерін реттейді, өйткені Тараптар Банктің Қосылу шарты шеңберінде Клиент офертасын акцептілеу негізінде жасалатын мәмілелердің нақты талаптарын айқындайды.».

10–1. Клиент Клиенттің өзінің, сонымен бірге Клиенттің Шотына қолжетімділік алған үшінші тұлғалардың, сонымен бірге Клиенттің Дебеттік және Кредиттік Карталарына Клиенттің кінәсі бойынша не Клиенттің салақтығы/мүқиятсыздығы салдарынан алған/болған, оның ішінде банктік құпияны баяндайтын ақпаратты жоғалтқаны немесе үшінші тұлғаларға бергені үшін жауапкершілікте болады.

10–2. Банк Клиенттің Шоттарына/Дебеттік және Кредиттік Карталарына санкцияландырылмаған қолжетімділік үшін, банктік құпияны баяндайтын ақпаратты жоғалтқаны немесе үшінші тұлғаларға бергені үшін жауапкершілікте болмайды.

10-3. Клиент қауіпсіздік рәсімдерін және Банктің ақпараттық жүйелеріне қол жеткізу кезіндегі, оның ішінде «www.eubank.kz» Интернет ресурсында орналастырылған ақпараттық қауіпсіздік шараларына қатысты Банктің Клиентке беретін кез келген басқа нұсқауларын орындауға келіседі.

11. ҚР заңнамасымен және/немесе Банк ІНҚ талап етілсе, Банк Клиенттің қосымша келісімінсіз Банк қызметтерін көрсету/ өнімдерін ұсыну үшін қажетті құжаттар тізбесіне өзгертулер енгізуге құқылы. Клиент осы Шартқа қосыла отырып, Банк талап ететін құжаттарды мерзімінде және Банк белгілеген тізбеге сәйкес ұсынуға өз келісімін білдіреді.

12. Клиент көрсетілген қызметтер/ ұсынылған банктік өнімдер үшін Банк пайдасына ақы төлеуді Тарифтерге сәйкес – қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз, ІНҚ/ шарттарында және/немесе Банк Тарифтерінде белгіленген тәртіпте, оның ішінде (а) аударылатын сомадан (шығыс және/немесе кіріс төлем), (б) төленетін сомадан, (в) аванстық төлеммен, (г) постфактум, (д) кассаға қолма-қол ақшамен (е) Карта арқылы және төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырудың өзге тәсілдері арқылы жүзеге асырады.

13. Банк депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесіне қатысушысы екендігі туралы хабардар етеді, оны куәландыру ретінде Банкке 2004 жылы «24» желтоқсанда №015 куәлігі берілген.

Депозиттер (салымдар – банктік шот және (немесе) банктік салым шартымен куәландырылған банктік шот) «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мөлшерде және тәртіппен кепілдендірілген. Осы Стандартты талаптарға қосыла отырып, Клиент «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ бекіткен және Банктің www.eubank.kz сайтында немесе келесі [сілтеме](#) бойынша орналастырылған, Кепілдік берілген өтемді төлеу тәртібі туралы хабарламамен танысқандығын растайды.

14. Осы Стандартты талаптарда келісілмеген, құндылықтарды сейфтік сақтау, сейфтерді (ұяшықтарды) жалға беру бойынша қызмет көрсету және басқа банктік операцияларды Банк Тараптар ҚР заңнамасына, ІНҚ мен Банк Тарифтеріне сәйкес жасайтын жеке шарттар мен келісімдер негізінде жүзеге асырады.

15. Банк көрсететін қызмет түрлерін өздігінен кеңейтуге құқылы. Осындай қызметтер туралы ақпараттар Банк сайтында жарияланады және/немесе Клиентке мәлімет үшін кез келген электронды байланыс құралдары арқылы (Интернет пен ұялы байланыс арқылы SMS-хабарламаны қосқанда) және/немесе қағаз тасымалдағыш арқылы хабарланады. Осындай түрде берілген ақпарат осы Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады және Клиент, қажеттілік туындаса, Банк анықтайтын Банкке акцептеу үшін сәйкес Өтініш-офертаны жолдай отырып, жаңа қызметтер мен өнімдерді қабылдағандай жаңа талапты қабылдауға құқылы.

16. Тараптар осы арқылы Стандартты талаптарда жазылған Кредит беру талаптары Банк пен Клиент арасында жасалып, Клиент Стандартты талаптарды қабылдағаннан кейін қағаз тасымалдағыштағысына қол қоятын Банктік қарыз шарттарының және Кредит лимитін беру туралы шарттардың ажыратылмас бөлігі болып табылатындығын растайды және сөзсіз келіседі.

16–1. Қазақстан Республикасының 21.05.2013 ж. №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Банк өз клиенттерінің дербес деректерін, оның ішінде банктік және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде алатын электрондық, қағаз және кез келген өзге тасымалдауышта тіркелген биометриялық дербес деректерді (бар болса) (бұдан әрі – Дербес деректер) жинауды және өңдеуді жүзеге асырады.

Банк барлық ақпарат көздерінен Клиент туралы кез келген ақпаратты, оның дербес деректерін, биометриялық дербес деректерін (бар болса) қоса, Банктің www.eubank.kz сайтында немесе келесі [сілтеме](#) бойынша орналастырылған мақсаттар үшін, Банк пен Клиенттің арасында тиісті қатынастар туындауына қарай жинайды және өңдейді.

Банк дербес деректерді жинауды және өңдеуді, Банк белгілеген нысан бойынша (бұдан әрі – нысан) Клиенттің Банкке берген келісімі (бұдан әрі – Келісім) негізінде жүргізеді.

Банкке берілген Келісім Клиенттің Банктің оның өтініш жасауына немесе банк қызметтерін пайдалануына байланысты оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім беретіндігін куәландырады.

Банк ұсынылған деректердің дұрыстығын тексере алады, сондай-ақ құжаттарда көрсетілген мәліметтердің кез келгені бойынша қосымша ақпарат ала алады.

Келісімі бар болған кезде және Банктің www.eubank.kz сайтында және келесі [сілтеме](#) бойынша орналастырылған мақаттар үшін Банк пен Клиенттің арасында тиісті қатынастар туындауына қарай, Банк дербес деректерді таратуға, оларды үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

Банкке өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті дербес деректерді өңдеу бойынша Клиенттің қарсылықтары, оның ішінде Клиенттің келісімін кері қайтарып алуы Банктің жасалған шарттардың (мәмілелердің) талаптарын орындауын тоқтатуы және/немесе банктік және өзге де қызметтерді/операцияларды ұсынудан/жасаудан бас тартуы үшін негіз болуы мүмкін.

Клиент Банкпен шарттық немесе өзге де қатынастарды тоқтату үшін қажетті рәсімдерді орындамастан Келісімін қайтарып алған жағдайда, Банк қолданыстағы құқықтық қатынастарды іске асыруға және Қазақстан Республикасының заңнамасына байланысты шектерде және көлемдерде, оның ішінде шарттар (мәмілелер) бойынша Банктің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы үшін дербес деректерді өңдеуді жалғастыратын болады.

16–2. Стандартты талаптарға сәйкес Банк көрсететін төлем қызметтері үшін комиссияларға/Тарифтерге келесі жағдайларда біржақты тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы:

- 1) халықаралық төлемдер және/немесе ақша аударымдарын жүргізген кезде жоғарылату жағына;
- 2) оларды азайту жағына;
- 3) Банктің жаңа өнімдері/қызметтері бойынша жаңа комиссияларды/Тарифтерді енгізу жолымен.

Барлық осындай жағдайларда Банк Клиентті бұл жөнінде Банктің WEB-сайтында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде айқындалған мерзімдерде комиссиялардағы/тарифтердегі өзгерістер/толықтырулар туралы, www.eubank.kz электрондық мекенжайы бойынша олар күшіне енген күнді көрсете отырып хабардар етеді.

Жоғарыда қарастырылмаған басқа жағдайларда, Банк көрсететін төлем қызметтері үшін комиссияларды/Тарифтерді ұлғайту Клиентпен келісім бойынша Банктің WEB-сайтында Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде айқындалған мерзімдерде www.eubank.kz электрондық мекенжайы бойынша олар күшіне енген күнді көрсете отырып, тиісті хабарламаны орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда Клиент Шарттан бас тартуға және Қарталарды немесе Шотты пайдалануды тоқтатуға, бұл ретте Банкке бұзғаны үшін қосымша комиссия төлеусіз, егер Банк осындай комиссия белгілесе және Тарифтер күшіне енгенге дейін 1 (бір) күннен кешіктірмей, Шартты бұзу ниеті туралы жазбаша хабарлауға құқылы. Егер Клиент жоғарыда көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін Шартты бұзу ниеті туралы Банкке жазбаша хабарламаса, Банктің комиссияларына/Тарифтеріне өзгерістер мен толықтыруларды Клиент қабылдады деп саналады және Банк хабарламада көрсеткен күні күшіне енеді.

II - БӨЛІМ. АҒЫМДАҒЫ БАНКТІК ШОТТЫ АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

1-тарау. Ағымдағы шот ашу

17. Клиент нысаны бойынша және мазмұны бойынша ҚР заңнамасында белгіленген талаптарды қанағаттандыратын Банк белгілеген барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін Банк Клиентке Ағымдағы шот ашуға өтініш негізінде Ағымдағы шотты ашады. Клиент осы

Шартта және ҚР заңнамасында белгіленгеннен басқа жағдайларды қоспағанда, Ағымдағы шотты кез келген мөлшерде ашуға құқылы.

«Ағымдағы шотта орналастырған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төленбейді (осы ереже 2019 жылдың 01-қаңтарынан бастап күшіне енеді).».

17-1. Банк әскери қызметшілер/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері үшін арнайы ағымдағы шот ашады, яғни әскери қызметкерлерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерін есептеуге және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген төлемдер мен (немесе) аудармаларды жүзеге асыру үшін ашатын ағымдағы банктік шоты.

18. Банк Ағымдағы шотты теңгеде, АҚШ долларында, еуро, ресей рублінде ашады. Ағымдағы шотты жүргізу валютасы Клиенттің Ағымдағы шотты ашуға берген Өтінішінде көрсетіледі.

Ағымдағы Шотты ашқан кезде кепілсіз қарыз бойынша кредиттік қаражат алу үшін Шот валютасы – теңге.

19. Банк осы Стандартты талаптарға және Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері мен ҚР Салық кодексіне сәйкес (бұдан әрі - ҚРСК) Жинақ шот ашудан бас тартуға құқылы.

20. Ағымдағы шотты Клиент ақшаны енгізу, алу және аудару үшін қолдануы мүмкін. Ақша Клиенттің басқа Шоттарына да, басқа бенефициардың (ақшаны алушылар) пайдасына да аударылады.

Кепілсіз қарыздың кредит қаражатын алуға арналған Ағымдағы шот бойынша тек екі операция ғана жүргізіледі:

– кредиттік ақша қаражатын есептеу;

– касса арқылы қолма-қол ақша нысанында шоттың толық сомасына шығыс.

20-1. Әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арнайы ағымдағы шотты ашқан кезде Банк пен әскери қызметкерлерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған тұрғын үй төлемдерін арнайы ағымдағы шотқа аударатын мемлекеттік орган арасында жасалған тұрғын үй туралы шарт бойынша Банк тұрғын үй төлемдерін әскери қызметкерлерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған ағымдағы шотқа аударатын мемлекеттік мекемелерден тұрғын үй төлемдері түрінде ғана Клиенттің пайдасына түсетін ақшаны қабылдау бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

20-2. Банктің әскери қызметкерлерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша жүргізетін операциялары:

- ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесінде ашылған мемлекеттік мекеменің шотынан түсетін теңгедегі тұрғын үй төлемдерін әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шотқа есепке алу;

- келесі мақсаттарға сәйкес әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттан қолма-қол ақшасыз ақша аударымдары:

1) меншігіне тұрғын үй сатып алу, оның ішінде бөліп төлеу немесе ипотекалық кредитті (қарыз) пайдалана отырып сатып алу;

2) тұрғын үйді жалға алу төлемі немесе кейіннен сатып алынатын тұрғын үйді жалдау ақысы;

3) бұрын алынған ипотекалық кредитті (қарыз) өтеу;

4) тұрғын үй құрылысындағы үлеске қатысу кезінде жарна төлеу;

5) тұрғын үй және тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қатысу кезінде жарна төлеу;

6) қызметтен босатылған тұлғалардан басқа, «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» ҚР Заңында анықталған тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсаттары үшін талап етілетін тұрғын үй құрылыс жинақ ақша түріндегі жинақ ақшаны толтыру;

7) ҚР «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» ҚР Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту.

- қате есептелген тұрғын үй төлемдерін әскери қызметшілерге /арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы шоттан қайтару.

20-3. Банк әскери қызметшілерге/арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша операцияларды Клиенттің осы Стандартты талаптардың 20-2-тармағында көзделген ақшаны пайдалану мақсатын растайтын құжатты ұсынған кезде жүзеге асырады.

Егер мақсаттарын растайтын құжаттар 20-2-тармақта блгіленген талаптарға сәйкес келмесе немесе басқа мақсаттарға жолданған болса, Банк әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға құқылы.

20-4. Тұрғын төлемдерін мақсатты пайдалану талаптарын ескере отырып, әскери қызметшілерге/арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша келесі операцияларды жүргізуге тыйым салынады:

- 1) әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шотқа Клиент пен (немесе) үшінші тұлғалардың қолма-қол ақша салуы;
- 2) әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттағы қолма-қол ақшаны алу;
- 3) Банктің әскери қызметшілерге/арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шотқа есептелген тұрғын үй төлемдері есебінен әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша жасалатын операциялар үшін комиссиялық сыйақы сомаларын алуы;
- 4) Әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттан жоғарыда көрсетілмеген, осы Стандартты талаптардың 20-2-тармақтарында көзделген өзге мақсаттарға жұмсалатын қолма-қол ақшасыз аударымдар;

20-5. Клиенттің құқығы:

Пайдаланбаған тұрғын үй төлемдер сомасын жеке арнайы шотында жинау;

Тұрғын үй төлемдерін олардың мақсаттары бойынша қай жерде қызмет етуіне қарамастан, Қазақстанның кез келген аймағында пайдалану;

20-6. Банк төмендегі жағдайларды ескере отырып, әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арнап арнайы ағымдағы шотты жүргізеді:

- әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттағы тұрғын үй төлемдері;
- бюджетке алынбайды;
- ҚР Заңнамасында көзделген мақсаттарға жұмсауды қоспағанда, кепіл заты немесе клиент не басқа тұлғалардың міндеттері бойынша ауыртпалығы болып табылмайды;
- әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот банктік салым шарттары мен кредиттік шарттар бойынша есептелмейді;
- Банк әскери қызметшілерге/арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттар бойынша Клиентке шот қалдығын қадағалаудан бөлек, Сمارт банк ҚБҚЖ жүйе қызметтерін ұсынбайды;
- әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттардағы ақшаға тыйым салынбайды, өндіруге жатпайды, мүлікке өкімдік ету бойынша уақытша шектеу қойылмайды.

20-7. Клиент өкілі әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша шығыс операцияларын осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Клиент берген нотариат куәландырған сенімхат негізінде ғана жүзеге асыра алады.

20-8. Банк әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша барлық аудару операцияларын әскери қызметшілерге / арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттағы сома шегінде жүзеге асырады.

20-9. Банк Клиенттің әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша ақша қалдығына сыйақы есептемейді.

20-10. Банк Клиенттен әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша жүргізілген операциялар мен көрсетілген қызметтердің Банк Тарифтеріне сәйкес кассаға аудару арқылы комиссиялық сыйақы алады.

20-11. Әскери қызметшінің/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің қаза табуына (қайтыс болуына), Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кетті деп танылуына немесе қайтыс болды деп жариялануына байланысты жеке құрамының тізімдерінен шығарылған жағдайдың мұрагерлері әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттағы тұрғын үй төлемдерін осы Стандартты талаптардың 20-2-тармағында көзделген мақсаттарға пайдалана алады. Бұл ретте ондай әскери қызметшінің/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің арнайы ағымдағы шоты тұрғын үй төлемдерін толық пайдаланғаннан кейін жабылады.

21. Әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттан басқа, ағымдағы шоттан қолма-қол ақша Банк Филиалдары мен Бөлімшелерінің кассаларында Операциялық уақыт ішінде беріледі.

22. Клиент кепілсіз қарыз бойынша кредит қаражатын алуға арналған Ағымдағы шот пен әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шотты қоспағанда, Банктің Шотқа қашықтықтан қызмет көрсету бойынша қызметін (оның ішінде осы Бөлімнің 2-тарауында келісілген операцияларды жасау) қолдануға құқылы. Аталған қызметті көрсетудің тәртібі мен талабы осы Стандартты талаптардың VI бөлімінде келісіледі.

23. Үшінші тұлғалардың Клиенттің атына Ағымдағы шотты ашуы және/немесе жүргізуі/жабуы үшінші тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат пен Клиенттің осы үшінші тұлғаның атына берген нотариалды куәландырылған сенімхаттың негізінде жүргізіледі. Клиент үшінші тұлғалардың Клиенттің Шоттарына санкцияландырылмаған қолжетімділігін (қолжетімділіктерін) болдырмау мақсатында Банк сенімхаттың түпнұсқасының көшірмесін өзінде қалдыруға және Банктің ІНҚ сәйкес басқа да құжаттарды сұратуға құқылы екендігімен сөзсіз келіседі. Ағымдағы Шот бойынша кепілсіз қарыз бойынша кредит қаражатын алу үшін нотариалдық куәландырылған сенімхат бойынша қызмет көрсетуге тиым салынады. Ағымдағы шотты ашу және/немесе жүргізу/жабу үшін Банкте сенімхатты тіркеу талап етіледі. Сенімхатты Банкте тіркеу үшін келесілер қажет:

- Клиенттің сенім жүктелген тұлғасының өзінің болуы;
- Банктің қызметкеріне сенімхаттың түпнұсқасын немесе сенімхаттың түпнұсқасының нотариалдық куәландырылған көшірмесін беру;
- Клиенттің сенім жүктелген тұлғасының жеке басын куәландырушы құжаттың түпнұсқасы;
- Клиенттің жеке басын куәландырушы құжаттың түпнұсқасы немесе Клиенттің жеке басын куәландырушы құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- Клиенттің байланыс телефон нөмірі.

23-1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шоттар ашуға уәкілетті тұлғаларға – ата-анасына немесе өзге заңды өкілдеріне – сенімхат беру талап етілмейді;

23-2. Клиент/сенім жүктелген тұлға Банк белгілеген нысан бойынша ақша алуға өтініш білдірген соң әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттан басқа ағымдағы шот бойынша, 50 000 USD (немесе басқа валютадағы баламасы) артық сомаға шығыс операциясын жүргізген кезде 2 күн ішінде қызмет көрсетіледі (соның ішінде Сенімхат бойынша).

23-3. Шот ашқан кезде Клиентке келесі қызмет түрлері көрсетіледі:

- телефон арқылы өзінің шоты бойынша ақпарат алу үшін Банкке ("Contact Center") келген кезде клиенттің карточкасына сәйкестендіруге қажетті код сөзін белгілеу;
- Шот бойынша шығыс операцияларын жүргізген кезде Клиенттің шоттарын қосымша қорғауға

қажетті Шотқа қолжетімділік кодын белгілеу (шығыс операциясын сенім жүктелген тұлға жүргізген кезде Клиент сенім жүктелген тұлғаға қолжетімділік кодын хабарлайды);

- SMS-хабарландыруға қосу – Шот бойынша шығыс операцияларын орындағанда, сондай-ақ қаражат Шотқа түскенде Клиенттің ұялы телефонға хабарлама алуы үшін қажет.

23-4. Клиент Шотқа қолжетімділік кодын бекітуден бас тартуға, сонымен бірге Банк бекіткен нысан бойынша өтінішті беру жолымен осы қызметті алып тастауға құқылы. Клиенттік карточкаға код сөзін орнату міндетті параметр болып табылады.

24. Клиенттің кез келген Ағымдағы шотында орналастырылған ақшаны, егер заңнамада басқаша қарастырылмаса, Банк – Кредитор, ал Клиент немесе көрсетілген үшінші тұлға ақшалай болсын кез келген өзге міндеттемелер бойынша кепілсіз қарыз бойынша кредит қаражатын және әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шотты алуға арналған Ағымдағы шоттан басқа, Банк алдында борышкер болып табылатын Қарыз шарттары, Кредит лимитін беру шарттары мен өзге шарттар бойынша Клиенттің және/немесе үшінші тұлғаның Банк алдындағы міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз етуі ретінде Клиент Банкке кепілге бере алады.

25. Банк әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттан басқа Банктік Ағымдағы шоттарды ашу және жабу туралы Банк салық органдарына ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте хабарлайды.

25-1. Клиент Шот ашу үшін Банкке АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ІНҚ қарастырылған құжаттар мен ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ Банктің талабы бойынша Клиенттің құқықтық мәртебесін (резиденттік/азаматтық) растайтын құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті.

25-2. Банк келесі жағдайларда осы Шартты орындаудан (операцияны жүргізуден бас тарту) біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

– Клиент Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының Қазақстан Республикасы қосылған қаржы шоттары туралы Автоматты ақпарат алмасу туралы құзыретті органдардың көпжақты келісімі шеңберінде қаржы шоттары туралы Автоматты ақпарат алмасу туралы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (CRS) стандарты және "Шетелдік шоттарға салық салу туралы" АҚШ заңының талаптары мен Банктің орындауы мақсатында Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті ақпаратты немесе құжаттарды бермегенде;

– егер Банктің клиенттің ақшасымен және (немесе) басқа мүлкімен жасалатын операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) лаңкестікті қаржыландыруға қатысы бар деп пайымдауға негіздеме болған жағдайда.

– егер Банктің банктік шот бойынша жүргізілген операциялар, Клиентке банктік шот ашу және ашылған шотты жүргізу талаптарына қайшы келетін кәсіпкерлік қызметпен, нотариалдық қызметпен, атқарушылық құжаттарды орындау қызметімен, дауды медиация тәртібінде реттеу жөніндегі қызметпен байланысты деп пайымдауға негіздеме болған жағдайда.

Бұл ретте Банк Клиентке Шартты бұзған күнге дейін бір айдан бұрын мерзімнен кешіктірмей жазбаша нысанда алдын ала хабарландырып, Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы, Клиенттің шотында ақшаның қалдығы болған жағдайда (мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы, әлеуметтік төлемдер және (немесе) бірегей жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, сонымен бірге алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар) аудару үшін арналған шоттардан басқалары) аудару үшін арналған шоттардан басқалары), ақшаның қалдығын Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес нотариус депозитіне аудару және Клиенттің шотын жабу.

Клиент Банкке бенефициарлық меншік иесі туралы Банкте қарастырылған көлемде және тәртіпте мәліметтер береді.

Банк Клиент және/немесе оның өкілі Банктің ІНҚ-қа сәйкес Банк сұраған ақпараттар мен құжаттарды бермеген жағдайда, банктік шот шартын жасаудан біржақты тәртіпте бас тартуға және/немесе бұзуға және/немесе Клиенттің тапсырмасын орындаудан бас тартуға құқылы.

Егер Банктің клиенттің ақшасымен және (немесе) басқа мүлкімен жасалатын операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) лаңкестікті қаржыландыруға қатысы бар деп пайымдауға негіздеме болған жағдайда, Банктің ІНҚ сәйкес тиісті тексеру аяқталғанға дейін Банк клиенттің банктік шотына төлемдер жүргізуге және (немесе) ақша аударуға толық немесе уақытша тиым салуға құқылы.

25-3. Клиент Банкке өзі туралы ақпаратты АҚШ-тың Салық Қызметіне жария етуге сөзсіз келісімін береді, соның ішінде нәтижесінде Клиент АҚШ персонасы/резиденті (грин-карта иесі) болып табылатындай пайымдауға негіздеме беретін бір немесе бірнеше белгі пайда болған жағдайлар өзгергенде және егер Клиенттің Банкте ашқан Шотындағы ақша сомасы (қалдығы) күнтізбелік жылдың соңғы күнінде АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңында анықталған сомадан асатын болса.

25-4. Банк Клиенттің Ағымдағы Шотын келесі жағдайларда біржақты тәртіпте жабуға құқылы:

1) клиенттің банктік шотында бір жылдан астам ақша болмағанда, қолданыстағы банктік салымын қоспағанда/бар болған жағдайда;

2) клиенттің банктік шотында бір жылдан астам ақша қозғалысы болмағанда (жинақ шотын, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, сонымен бірге алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар, банктік қарыз берумен және қызмет көрсетумен байланысты ағымдағы шоттан (қарыздың/депозиттің қолданылу кезеңінде)) аудару үшін арналған шоттардан басқалары), ақшаларды есепке жатқызуға арналған шоттарды қоспағанда).

3) әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоты ақша қаражатын толық көлемде мақсатты пайдаланғаннан кейін, сондай-ақ шотта бір жылдан астам уақыт ақша болмаған кезде жабылады.

Банк Банкте бар мекенжай бойынша SMS-хабарлама/электрондық нысандағы хабарлама/пошта бойынша оны алғаны туралы хабарлама жіберу жолымен банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан бас тарту туралы хабарлама жібереді. Клиенттің банктік шотында ақша болмаған кезде Банк Клиентке Шартты /Өтінішті (Кредиттік өтінімді) орындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберген күннен бастап үш айдың аяқталуы бойынша банктік шот шартын немесе банктік салым шартын бұзады және Клиенттің шотын жабады. Ағымдағы шот Банк Шарттың 25-4 тармағының 1) және 2) тармақшаларының талаптарының бірі болған кезде Клиентке бұзу туралы хабарлама жіберусіз және Шартты/Өтініш-офертаны орындаудан бас тартусыз жабады.

Банктің банктік шот шартын орындаудан біржақты бас тартуына келесілер болған кезде жол берілмейді:

1) банктік шотқа қойылатын орындалмаған талаптар немесе мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы алынбаған актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер, бұл ретте Банкке клиенттің банктік шотында бір жылдан астам ақша болмаған кезде банктік шот шартын жабуына және банктік шот шартын орындаудан біржақты бас тартуына рұқсат беріледі;

2) клиенттің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Банкке ұсынатын, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар. Клиент Банкке ұсынатын, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар болған кезде Банкке «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес банктік шот шартын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда клиенттің банктік шотын жабуына рұқсат беріледі.

25-5. Тараптар Банктің уәкілетті тұлғасының қойылған қолының факс көшірмесін / факсимилені және Банктің Клиентке берген құжаттарындағы, оның ішінде жинақ шотын ашуға Оферта-өтініште/Банктік салым шартында мөрдiң жарамдылығын мойындайды. Клиент осы негiздеме бойынша болашақта Банкке наразылықтары болмайды.

2 - тарау. Кіріс және шығыс ақша аударымдары

26. Барлық ақша төлемдері мен аударымдарын Банк ҚР валюталық заңнамасында қарастырылған талаптарды ескере отырып, осындай Операцияларды әзірлеу үшін қажетті мерзімге сәйкес орындауы тиіс.

27. Шоттағы ақшаны иелену Банк белгілеген стандартты нысандар бойынша Клиенттің жазбаша нұсқаулары / төлем құжаттары (бұдан әрі – нұсқаулықтар) арқылы жүзеге асырылады. Нұсқаулықтарды электронды тасымалдағышта ұсыну Клиентке қашықтықтан қызмет көрсету үшін осы Стандартты талаптарда (осы Стандартты талаптардың VI бөлігі) белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

28. Банк келесі төлем құжаттарын (нұсқауларды) орындауға қабылдамайды:

- түсініксіз нұсқаулар; Клиент / Клиенттің атынан толтырылмаған / қол қойылмаған;
- ҚР заңнамасында көзделген мәліметтер жоқ; қарындашпен толтырылған; түзетулері бар;
- қарындашпен толтырылған;
- түзетілуі берілген;
- ҚР заңнамасын бұзатын Операцияларды орындау бойынша нұсқаулар бар;
- қайтара тапсырылған;
- ҚР заңнамасында, Банктің ІНҚ және осы Шартта көзделген басқа да жағдайларда;
- ҚР «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасына қайшы келетін болса.

Банк Клиентке осы тармақта айтылған төлем құжаттарын қайтарады және Банктің осындай нұсқауларды орындаудан бас тартуына байланысты Клиенттің шығындары үшін жауапкершілікте болмайды.

28-1. Ақша аудару кезінде ақшаны қайтару келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) ақша аудару жолымен жүзеге асырылған, санкцияланбаған төлем фактісінің айқындалуы;
- 2) қате нұсқауды орындау.
- 3) егер корреспонденттік шот бойынша банктің бенефициарының орындалмаған талаптары немесе шығыс операцияларды жүргізуге кедергі келтіретін ақша өкіміне шектеуі болғанда, банктің бенефициары болып табылмайтын клиенттің атына пайдасына ақша аударған сәтте ақша түсуі шығыс операцияларын жүргізуге кедергі келтіретін орындалмаған талаптар немесе ақша өкіміне шектеулер болғанда;
- 4) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» заңының 48-1 бабында қарастырылғанда.

28-2. Қате нұсқау немесе санкцияланбаған төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша ақшаны қайтаруды Банк аталған факті анықталған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей Клиенттің шотындағы ақшаның есебінен, оның ішінде егер Клиент Шоты бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың Шоттағы ақшаға тыйым салу және (немесе) Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі

және (немесе) белгіленбеген мерзімдерде орындалуға жататын орындалмаған нұсқаулар болған жағдайда жүзеге асырады.

Жіберушінің мекенжайына 28-1 тармағының 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда ақшаны қайтару.

Ақшаны қайтару қате нұсқау немесе санкцияланбаған төлем және (немесе) ақша аударымы орындалған күннен бастап үш жыл өткен соң жүргізілмейді.

28-3. Бенефициардың банктік шотында ақша жеткіліксіз болған не болмаған жағдайларда, қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша ақшаны қайтаруды қате нұсқауға немесе рұқсат етілмеген төлемге және (немесе) ақша аударымына жол берген жөнелтуші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіпшен және мерзімдерде өз ақшасы есебінен жүзеге асырады.

28-4. Ақшаны қайтарған кезде ақша аударуға қатысушы Банктің қате нұсқауға немесе санкцияланбаған төлемге және (немесе) ақша аударымына жол берген ақша аударуға қатысушы (оның ішінде делдал банк) ақшасының есебінен осындай ақша аударымына байланысты және ақшаны қайтару салдарынан шеккен нақты шығыстардың орнын толтырып алдыруға құқығы бар.

28-5. Банкте ашылған банктік шоттар арасында ақша аудару бір операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.

Банк бас тарту себебін көрсете отырып, операциялық күн ішінде нұсқауды орындаудан бас тартады.

28-6. Халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары нұсқауды алған күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірілмей, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген талаптар сақтала отырып орындалады.

28-7. Нұсқауды орындау үшін, Клиент пен Банк арасындағы осы Шартта өзгеше көзделмесе, Клиент оны орындау үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етуге міндетті. Банк Шот бойынша Операцияларды Шоттағы қалдық ақша, оның ішінде берілген Қарыз (Кредит) шегінде немесе Стандартты талаптар аясында шарттың Тараптары арасында жасалған шарт болғанда ғана жол берілетін, Банкпен келісілген овердрафт балансының шеңберінде жүзеге асырады.

28-8. Банктің нұсқауды орындаудан бас тартуы мынадай негіздер бойынша:

1) егер Клиент пен Банк арасындағы осы Шартта өзгеше көзделмесе, Клиент төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген кезде;

2) егер нұсқауда қолдан жасалу, түзету, толықтыру және бүліну белгілерін қамтыса, оның ішінде егер нұсқау осы Шартта белгіленген санкцияланбаған төлемдерден қорғау іс-әрекеттері тәртібі бұзыла отырып берілсе;

3) Клиент нұсқауды жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шарт талаптарында белгіленген өзге де талаптарды сақтамаған кезде;

4) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген не Қазақстан Республикасының бейрезидент банкерімен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда;

5) ақшаны Шоттан өндіріп алу туралы талап мемлекеттік бюджеттен төленетін жәрдемақыларды және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, нотариус депозиті талаптарында енгізілген ақшаны аударуға арналған Шотқа ұсынылған жағдайларда;

5-1) алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар) есепке қосу үшін арналған Шотқа берілген қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген берешекті өндіріп алу үшін төлем тапсырмасы жағдайында;

6) санкцияланбаған төлем анықталған кезде, сондай-ақ бенефициар банктің пайдасына аударылатын ақшаның заңсыз алынғандығының негізделген фактілері анықталған және расталған жағдайда;

7) уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың Клиенттің Шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, мүлікке иелік етуге уақытша шектеу туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы ақшамен қамтамасыз етілмеген актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірінші кезекте орындалуға жататын нұсқаулар болған кезде жүргізіледі.

Банктің осы тармақтың 1) және 7) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша нұсқауды орындаудан бас тартуы инкассалық өкімдерге, сонымен бірге сақталуы ақша жіберуші мен банк жіберішінің арасында жасалған шартта қарастырылған төлем құжаттарына қолданылмайды.».

29. Банк нұсқауда көрсетілгеннен басқа бенефициардың пайдасына немесе нұсқауда көрсетілгеннен басқа сомаға жасалған төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша нұсқаудан негізсіз бас тартқаны немесе оны уақтылы орындамағаны не нұсқауды тиісінше орындамағаны үшін төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушылар Банктік шот шартында /Өтініш-офертада және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауаптылықта болады.

Егер нұсқау орындалмаса, онда алдыңғы жөнелтушіден алынған нұсқауды орындамаған немесе тиісінше орындамаған Банк (оның ішінде делдал банк) оның алдында жауаптылықта болады. Егер ақша аударымы бенефициар банкінің кінәсінен орындалмаса, ақша жөнелтуші азаматтық-құқықтық мәміле бойынша бенефициардың алдында төлем бойынша жауаптылықта болмайды.

Егер ақша аударымдарын жасау қағидаларын бұзу төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушының басқаның ақшасын құқыққа сыйымсыз пайдалануымен байланысты болса, мұндай қатысушы ақшасын құқыққа сыйымсыз пайдаланған тұлғаға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тұрақсыздық айыбын төлейді.

Банк, егер ол төлемді жүзеге асыру кезінде қорғау әрекеттерінің тәртібін сақтамаса, бірақ бұл ретте бенефициар ақшаны:

- 1) нұсқауда айқындалған;
- 2) бенефициар үшін қолайлы мерзімде;
- 3) нұсқауда айқындалған сомада алса;
- 4) егер ақша жөнелтушіге де, бенефициарға да нұқсан (залал) келтірілмесе, жауапкершілікте болмайды.

Мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы актілерді, уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдерін және (немесе) өкімдерін, банктік шот бойынша ақшаға тыйым салу туралы актілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сотының ақшаны өндіріп алу туралы сот актілерін, банктік шоттардың нөмірлері жөніндегі ақпаратты Банктегі мүліктің сипаты мен құны және оларға салынған тыйым салулар туралы мәліметтер талап ету туралы сот орындаушысының қаулыларын бұзғаны не орындамағаны үшін Банк Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген негіздер бойынша, тәртіппен және мөлшерлерде жауапкершілікте болады.

29-1. Нұсқауларды орындау үшін Банк мерзімдерді бекіту туралы келесі талаптарды басшылыққа алады:

- 1) Банк жіберуші оған бастама жасаған күні нұсқауды орындауды қамтамасыз етеді;
- 2) Қазақстан Республикасының «Төлемдер мен төлем жүйесі» туралы заңының 53-бабының 2-тармағында қарастырылған жағдайлардан басқасында, нұсқау алған күні операциялық күннің ішінде банктің бенефициары жүргізетін бенефициардың пайдасына ақша қабылдауды бейнелейтін бенефициардың банктік шотына немесе басқа шотқа ақшаны есепке қосу бойынша нұсқауды орындау;
- 3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының нормалары келесі нұсқауларды орындауға қолданылмайды:

- инкассалық өкім арқылы берілгендерге;
- белгісіз мерзімде орындауға тиістілерге;
- болашақ валютандыру күніне;

- негізінде халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүргізілетіндер, сонымен бірге бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысулар;
 - сауда орнында тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін электрондық төлем құралын пайдаланған кезде немесе электрондық сауда жүргізген кезде клиенттің келісуі түрінде бейнеленгендер;
 - қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген берешекті өтеу үшін төлем талабы арқылы берілгендер.
- Осы тармақтың 3) тармақшасында қарастырылған нұсқауларды орындау мерзімі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында бекітіледі.
- 29-2. Нұсқауды орындаудан бас тартуды Банк ақша жіберушіге қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген берешекті өтеу үшін төлем талабы арқылы берілген нұсқаулардан, сонымен бірге көрсетілген төлем құжаттарын орындау үшін қарастырылған мерзімде жасалғандар бойынша бас тарту, инкассалық өкімнен басқасында бас тарту себебін көрсетумен нұсқауды алған күні бір операциялық күннің ішінде жасайды.
30. Банк Клиент нұсқаулықтарын ішінара орындамайды.
- Нұсқауды орындау үшін сақталуы Қазақстан Республикасының заңнамасында не Клиент пен Банк арасындағы шартта көзделген қажетті ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған кезде Банк алынған нұсқауларды қабылдауға және бір жыл бойы сақтауға міндетті.
- Банктің нұсқауларды орындауы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кезектілікті сақтау және нұсқауларды орындауды ескере отырып, олардың Банкке келіп түсу тәртібімен күнтізбелік кезектілікте жүргізіледі. Күнтізбелік кезектілік Банкке нұсқаулардың келіп түсу күні мен уақытын көздейді.
- Егер бір жыл өткеннен кейін Клиентте ақшаның жеткіліксіз болуынан немесе ақшаның болмауынан Клиенттің ұсынған нұсқауы орындалмаса, онда Банк инкассалық өкімді қоспағанда, мұндай нұсқауды Клиентке орындамай кері қайтаруға міндетті.
31. Клиенттің Операциялық күннен кейін берген нұсқаулықтарын Банк келесі Операциялық күннің нұсқаулығы ретінде қабылдайды, сол себепті Банкке салық және бюджетке төленетін басқа төлемдер бойынша нұсқаулықтарын қосқандағы нұсқаулықтарды Операциялық күннің соңында беруге байланысты барлық тәуекелдер мен жауапкершілікті Клиент өзі қабылдайды.
32. Осы арқылы Клиент төлем құжаттарындағы қате деректемелерге байланысты барлық тәуекелдер мен жауапкершілікті өзіне қабылдауды растайды және кепілдік береді. Банк Шот бойынша жазбаларда, растауларда, Шот бойынша үзінді-көшірмелерде және/немесе Банктің Клиентке берген кез келген басқа ақпараттарында Клиенттің жіберген қателіктерін анықтаса, Банк Клиентке барынша аз мерзімде бұл туралы хабарлауға міндетті. Банк Клиенттің алдын ала келісімінсіз Шотқа ашқа есептеу немесе есептен шығару арқылы есептеулерді түзетуге құқылы. Бұл ретте Банк осы түзетулер нәтижесінде келтірілген шығындар үшін жауапкершілікте болмайды.
33. Осы арқылы Клиент келесілерді ескереді және келіседі:
- Банк осы Шартта көрсетілген талаптарды қанағаттандырмайтын ақша төлемдерін/аударымдарын анықтаудың электронды және басқа әдістерін қолдана алады;
 - осындай ақша төлемдерін/аударымдарын анықтаған кезде Банк Клиенттің төлем құжаттарын қабылдаудан бас тартуға және/немесе жоғарыда көрсетілген төлемді/аударымды талдау үшін қажетті кез келген қосымша ақпаратты беруді талап етуге құқылы. Егер осындай ақпарат Банк белгілеген мерзімде берілмесе, Банк Клиенттің атынан аударылған ақшаны қайтаруға немесе төлем құжатын / Клиенттің пайдасына сырттан түскен ақшаны қабылдаудан бас тартуға құқылы.
34. Осы Стандартты талаптарға қосыла отырып, Клиент Банкке келесілер туралы сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді:
- ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларда құқық қорғау органдарына, уәкілетті органдарға, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдар мен мекемелерге төлемдер/аударымдар/төлем құжаттары туралы ақпаратты беру;
 - Банктің Қарыз және өзге Операциялар бойынша ақпараттарды Кредит бюросына ашуы; аталған келісім Банк белгілеген нысан бойынша сәйкес құжаттармен ресімделеді;

- ҚР заңнамасына сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ ұсынатын Клиенттің жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу туралы ақпаратты алу;
 - коллекторлық компанияларға келесі шарттар бойынша талап ету құқықтарын беру кезінде оларға мерзімі кешіктірілген Қарыздар, Банктік қарыз шарттарының талаптары бойынша ақпараттар беру;
 - ҚР заңнамасы нормаларының шеңберінде Шотқа қате есептелген ақша сомасын Шоттан тікелей дебеттеу;
 - Клиенттің Банктің алдындағы Берешегінің сомасын Клиенттің «Мемлекеттік білім алу жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттарда орналасқан ақша және нотариус депозиті талаптарында енгізілген ақшалардан, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебіне жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақтамалары түріндегі банктік шоттарда орналасқан ақшадан, жәрдемақы және мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан, алименттерден (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар), Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында қарастырылған тұрғын үй төлемдерінен басқаларын растаушы құжаттардың көшірмелерін/түпнұсқаларын бірге қосумен төлем тапсырмасының не төлем ордерінің негізінде және/немесе Шоттан тікелей дебеттеу.
 - Клиенттің шоттарынан Берешекті өтеу есебіне тікелей дебеттеу арқылы алынған, Берешек валютасынан өзгеше валютадағы ақша сомасын айырбастауды жүргізу күніндегі жағдай бойынша Банк белгілеген ағымдағы айырбастау бағамы бойынша айырбастау.
35. Клиент Шотты шетел валютасында ашуға, жүргізуге және жабуға байланысты тәуекелді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың шетел валютасына қатысты шектеулерді сақтауға байланысты ықтимал тәуекелді өзіне қабылдайды. Бұл шектеулерге басқалардан бұрын валюталық бақылау немесе валюталық шектеулер жүргізу, сондай-ақ салықтар мен Шотта орналасқан ақшаға қатысты басқа міндетті төлемдер кіруі мүмкін.
36. Егер Клиенттің Өкімі бойынша бір валютадағы Шоттан үшінші тұлғалардың немесе Клиенттің басқа валютадағы Шотына ақша аударылатын болса, Банк ақшаны, егер Тараптар өзгеше келіспесе, Операциялар жүргізген күнгі жағдай бойынша Банк бекіткен ағымдағы айырбастау бағамына сәйкес оларды айырбастаумен аударады. Осы Операциялар ҚР валюталық заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.
37. Банк үшінші тұлғалардан төлем құжаттарын (Клиенттің акцепті талап етілмейтін) орындауға қабылдайды және ҚР уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері, сондай-ақ ҚР заңнамасында қарастырылған өзге негіздемелер бойынша үшінші тұлғалардың растаушы құжаттары негізінде Клиенттің қосымша келісімінсіз орындалады.
- 37-1. Шотта ақша жеткіліксіз болған кезде Клиенттің Шотын тікелей дебеттеу арқылы төлем тапсырмасы түріндегі нұсқауды орындау ақшаның Шотқа түсуіне қарай жүзеге асырылады. Клиенттің Шотына қойылған төлем талабы төлем тапсырмасында көрсетілген барлық соманың түсуін күтпестен, ондағы ақша сомасының елу пайызы шегінде және (немесе) кейіннен оның ағымдағы шотына түсетін әрбір ақша сомасынан оның ағымдағы шотын тікелей дебеттеу арқылы орындалады. Әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шот бойынша талап қойылмайды. Бұл шектеу Клиенттің жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды; Бұл ретте Клиенттің ағымдағы шотында сақталатын ақшаның сомасы республикалық бюджет туралы заң тиісті қаржылық жылға бекітілген өмір сүрудің ең төменгі мөлшерінен кем болмауы тиіс (осы норма 2019 жылдың 24-қыркүйегінен бастап әрекетке енеді).
38. Банк Шот бойынша Операцияларды тоқтата тұруды және/немесе Шоттағы ақшаға тыйым салуды тиісті түрде ресімделген және Банкке ұсынылған құжаттар негізінде ҚР заңнамасында қарастырылған тәртіпте және мерзімде жүзеге асырады.
- 38-1. Шотты (-тарды) кәсіпкерлік, адвокаттық, нотариалдық қызмет үшін немесе атқарушылық құжаттарды орындау қызметі (жеке сот орындаушысы қызметі), кәсіпқой медиатор қызметі

үшін пайдаланған жағдайда, Клиент Қазақстан Республикасының салық және банктік заңнама талаптарын бұзғаны үшін дербес жауапкершілікте болады, сондай-ақ Банкке осы міндеттемені бұзуға байланысты Банк шеккен барлық/кез келген шығындарды өтейді, оларды Банк Клиенттің Шоттарын тікелей дебеттеу арқылы өндіріп алуға құқылы, оған Клиент өзінің сөзсіз келісімін береді.

III-БӨЛІМ. САЛЫМДАРДЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ЖИНАҚ ШОТЫН АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

39. Банк Салымшыдан / Салымшының атына Салым ашатын үшінші тұлғадан ақшаны (Салымды) сақтауға қабылдайды (мерзімді, шартты Салымдар, талап етілгенге дейінгі Салымдар).

39-1. Банк осы Стандартты талаптарға және Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері мен ҚР Салық кодексіне сәйкес (бұдан әрі - ҚРСК) Жинақ шот ашудан бас тартуға құқылы.

40. Салым «SMARTBANK» қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесінде ашылған жағдайды – бұл кезде Салымды қабылдау негіздемесі Банктік салым шарты мен Қосылу шарты болады - санамағанда, Банк Салымдарды Банк белгілеген нысан бойынша банктік салым ашу туралы Өтініш-оферта негізінде (бұдан әрі - Өтініш-оферта) қабылдайды.

41. Банк бірнеше Өтініштер негізінде Салымшының Салымдарды орналастыруға офертасын акцептіленген кезде Банк Салымшыға қажетті мөлшерде Жинақ шоттарын ашады.

42. Банк өз тандауымен Банктің ІНҚ сәйкес, Банктік салым шартында/Өтініш-офертада, осы Қосылу шартында және Өтініште көрсетілген талаптар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындайтын Клиентке шығын келтірместен банктік өнімдер ретінде Салымдардың жаңа түрлерін жасауға және бұрынырақ әрекет еткен түрлерін жоюға құқылы.

43. Банк Салым сомасын Салымдарды қайтару мерзімі туралы ҚР заңнама талаптарын ескере отырып, Банктік салым шартында/Өтініш-офертада белгіленген мерзімде қайтарады.

43-1. Салымды беру ҚР «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және/немесе ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңға байланысты негіздер бойынша және тәртіпте, Банкті реттеу бойынша шаралар қолданған кезде, оны төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызған немесе банкті лицензиядан айырған кезде тоқтатылуы мүмкін.

43-2. Банктік салым шартында/Өтініш–офертада қарастырылған салымның мөлшері Банкті реттеу бойынша шараларды Банкке қолданған кезде оны «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңға сәйкес төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызған нкезде өзгертілуі мүмкін.

44. Салымшы Банктің Шотқа қашықтықтан қызмет көрсету қызметін қолдануға құқылы. Аталған қызметті көрсетудің тәртібі мен талабы осы Стандартты талаптардың VI бөлімінде келісіледі.

45. Салымға тыйым салынғанда және/немесе Шот бойынша шығыс Операциялары ҚР заңнамаларына сәйкес тоқтатылған жағдайда, тыйым салынған немесе Операцияларды тоқтатқан уақытқа Сыйауы есептеу тоқтатылуы мүмкін және Салымға Сыйақы «Талап етілгенге дейін» мөлшерлемесі бойынша есепке қосылуы мүмкін. Банктік салым шартында/Оферт-өтініште бекітілген тыйым алынғаннан/ Шот бойынша Сыйақы есептеу бойынша шығыс операциялары жаңартылғаннан кейін осы Салымның түрі бойынша тиісті валютада жаңартылған сәтке Банкте қолданыстағы Сыйақы мөлшерлемесі бойынша жаңартылуы мүмкін. Үшінші тұлғалардың Шотынан өндіру алынған кезде Сыйақы тек Банктік салым шартында/Оферта-өтініште бекітілгендер бойынша не осы Шартқа сәйкес «талап етілгенге дейін» мөлшерлемесі бойынша ақшаның қалдығына ғана есепке қосылуы мүмкін.

46. Банк алдындағы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде ұсынылған Салымды қайтару талаптары мен тәртібі (кепіл, өтеу және басқасы) Банк бекіткен нысан бойынша жасалатын тиісті қамтамасыз ету шарттарында белгіленеді.

46-1. Шарттың талаптары мен Банк алдындағы өзге орындалмаған міндеттемелерге сәйкес депозит кепіліне берілген карточка бойынша кредиттік лимит болған жағдайда, сондай-ақ

«Турбо депозит жинақтаушы» салымы бойынша Салымды үшінші тұлғаның атына қайта ресімдеу жүргізілмейді.

46-2. «Турбо депозит» салымы бойынша сыйақы Салымды бұзу сәтінде қолданылатын мөлшерлеме бойынша жинақ шотында нақты болған ақша қаражаты үшін пайыздар қайта есептелмей және сыйақы мен айыппұлдарды жоғалтпай төленеді. Егер "Турбо Депозит" шетел валютасындағы салым бойынша төленетін сыйақы 0,01-ден кем болған жағдайда, онда аталған сыйақы 0,01 сомаға жеткен кезде төленеді.

46-3. «Турбо депозит жинақтаушы» Салымы бойынша Банктік салым шарты/Өтініш-оферта мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Салымшыға есептелген сыйақы Банктік салым шарты/Өтініш-оферта бұзылған сәтте Банкте қолданылатын «Талап етілгенге дейін» Салымының мөлшерлемесі бойынша Салым нақты орналастырылған уақытына қайта есептелуі қажет. Егер Банктік салым шартында/Өтініш-офертада басқаша белгілемесе, Банк Салымның сомасынан артық есептелген сыйақы сомасын алуға құқылы, Салымның қалдығы Салымшыға қайтарылады.

Банк «Турбо депозит жинақтық» салымын шарттың аяқталған күні хабарласқаннан басқасында, Салымшы Салымды қайтаруға талап берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті. Егер шарттың аяқталған күні жұмыс күніне келмейтін болса (демалыс/мереке күндеріне), салымды беру келесі жұмыс күні жүргізіледі. Салымшы Салымды қайтаруға талап берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің аяқталуы бойынша хабарласқан кезде және жинақ шотын жабуға өтініш берген кезде, Банк Салымды 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде беруге міндетті.

47. Егер Банктік салым шартында/Өтініш-офертада басқасы белгіленбесе, Банктік салым шартының/Өтініш-офертаның әрекет ету мерзімінің соңында Сыйақы мен Салымның негізгі сомасы талап етілмеген жағдайда:

1) Банктік салым шарты/Өтініш-оферта осы Салым түрі бойынша мерзімін ұзарту сәтінде Банкте қолданылатын Сыйақы мөлшерлемесі бойынша тиісті валютада Банктік салым шартында/Өтініш-офертада көрсетілген мерзімге автоматты түрде ұзартылады;

1-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп бюджет қаражаты есебінен жеке тұлғалардың депозиттері (мерзімді және жинақ депозиттері) бойынша өтемақыны (сыйлықақыны) есептеуді көздейтін теңгелік салымдарды қорғау бағдарламасын іске асыруына байланысты Банкте қолданыстағы «Турбо Депозит Жинақтаушы» салымдары бойынша 2022 жылғы 23 ақпандағы күннің соңындағы жағдай бойынша және ұзартулар санының өтуімен салымды ұзарту күні 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап 2023 жылғы 24 ақпанға дейінгі кезеңге (қоса алғанда) келетін олардың талаптары бойынша, ұзарту күніне Салымның осындай түрі үшін қолданылатын сыйақы мөлшерлемесі қолданылады. Салымдардың барлық қалған талаптары өзгеріссіз қалады.

«Турбо Депозит Жинақтаушы» салымдары бойынша ұзарту күніне Салымның осындай түрі үшін қолданылатын сыйақы мөлшерлемесі Шарттың қолданылу мерзімінің соңына дейін сақталады. «Турбо Депозит Жинақтаушы» бойынша Шартты ұзарту 2023 жылғы 24 ақпаннан кейін банктік салым шарты жасалған күнге белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады;

2) алынып тасталған;

3) Банктік салым шартының/Өтініш-офертаның мерзімін ұзарту күнінен бастап белгіленген Сыйақы мөлшерлемесі мерзімі ұзартылған Банктік салым шартында/Өтініш-офертада көрсетілген әрекет ету мерзімінің соңына дейін сақталады;

4).Банк Салымның осы түріне Салымдар қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, ұзарту мерзімі аяқталғаннан кейін, Банктік Салым шартында/Өтініш-офертада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Салым «Талап етілгенге дейін» Салымының талаптарында мерзімі ұзартылды деп есептеледі.

47-1. Клиенттің Банкке берген ұялы телефон нөміріне SMS – хабарландыру Банктің қолданыстағы тарифтерінде белгіленген сомаға тең немесе одан асатын сомада (банктік шот түріне байланысты – шетелдік валютадағы баламасы) шығыс операциясын жүргізу туралы хабарлама, Шоттағы сомасы 1 000 000 (бір миллион) теңгеге (шетел валютасындағы баламасы) тең және/немесе одан асатын қалдық туралы, сондай-ақ Шотқа қаражат түскен кезде хабарлама болып табылады.

Банк ұялы байланыс операторының Банк жолдаған SMS -хабарламаны жеткізбегені үшін жауапкершілікте болмайды.

Банктің ұялы операторлар қызметін пайдалануына байланысты бұл операторлардың Салымшының банктік шоты бойынша банктік құпияны құрайтын ақпараттан тұратын SMS -хабарлама мәтініне техникалық қолжетімділігі болады.

Банк Өтініште көрсетілген телефон нөміріне SMS -хабарлама арқылы банктік шот(-тар) бойынша шығыс операцияларын жүргізу туралы үшінші тұлғаларға ақпарат беру үшін жауапкершілікте болмайды, сондай-ақ егер Салымшы Банкті осындай телефоннан ұялы телефондарды, SIM-карталарды жоғалту, ұрлату және басқа да жоғалту жағдайлары немесе оларды кез келген негіздемелер бойынша үшінші тұлғаларға беру туралы жазбаша нысанда уақтылы хабарландырмаған болса, Банктің осы әрекеттері банктік құпияны ашу болып табылмайды.

48. Банктің міндеттері:

А) Салымшыға Шот ашу және оған Салымды есепке алу;

Б) Салымның сақталуын қамтамасыз ету;

В) Шоттағы ақшаның болуы және қозғалысы туралы құпияны сақтау және олар туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға ҚР заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда ғана беру. Клиентке Шоттағы ақшаның болуы және қозғалысы туралы ақпаратты телефон арқылы Шотты санкцияланбаған қолжетімділіктен (код сөзін қолдану және т.б.) сақтау талаптарын ескере отырып беру;

Г) Шот бойынша операцияларды Банктік салым шартына/Өтініш-офертаға, осы Қосылу шартына және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізу;

Д) Салымшының талап етуі бойынша әрбір жүргізілген операция бойынша үзінді-көшірмелер беру немесе Салымшының тілегі бойынша операцияларды жинақ кітапшасында көрсету;

Е) Банктік салым шартында/Оферт-өтініште, осы Қосылу шартында бекітілген талаптарда Салымшы Стандартты талаптардың 48-1 тармағында бекітілген ерекшеліктердің есебімен еркін нысанда күннен бастап жазған Салымды қайтаруға өтініш берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде есептелген Сыйақымен қоса Салымды қайтару (ҚР Салық Кодексінің талаптарына сәйкес ҚР жеке тұлғалары-бейрезиденттер үшін төлем көзінен ұсталатын салықты (бұдан әрі – Салық)) шегерумен);

Ж) егер есептелген Сыйақыны аудару демалыс немесе мейрам күніне келсе, Сыйақыны келесі жұмыс күні аудару; "Турбо депозит жинақтаушы" салымы бойынша, егер есептелген сыйақыны аудару күні жұмыс істемейтін күнге (демалыс/мереке күні) келетін болса, сыйақы аударуды жұмыс істемейтін күннен (демалыс/мереке күні) кейінгі Банктің бірінші жұмыс күні жүзеге асыру);

З) Салымды сақтау мерзімін ұзартуды, ҚР заңнамасында, осы Қосылу шартында және Банктік салым шартында/Өтініш-офертада қарастырылған жағдайларды, құбылмалы мөлшерлемені, Салымды сақтау мерзімін ұзартуды қоспағанда, Банктік салым шартында/Өтініш-офертада белгіленген Сыйақы мөлшерлемесін өзгертпеу;

И) Салымшыға Банктік салым шартында/Өтініш-офертада көрсетілген деректемелер бойынша Салымда Банктік салым шартында/Өтініш-офертада белгіленген төмендетілмейтін қалдықтан кем мөлшерде соманың пайда болуы туралы аталған жағдай туындаған сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннен аспай, тапсырыс хат жолдау арқылы Салымшыны жазбаша хабардар ету.

К) Салымшының шотына Салым/қосымша жарна енгізген күннен кейінгі келесі күннен бастап сыйақы есептеу. Сыйақы есептеген кезде жыл 360 (үш жүз алпыс) күнтізбелік күнге, ай - «Турбо Депозит» Салымынан басқалары – 30 (отыз) күнтізбелік күнге тең деп саналады.

«Турбо Депозит» Салымы бойынша жыл – 365 (үш жүз алпыс) күнтізбелік күнге, ай – айдағы нақты күндердің санына тең деп саналады. Толық емес ай (бірінші және/немесе соңғы) күнтізбелік айда сыйақы есептік айдағы нақты күндердің санынан шығарылып есептеледі;

Л) ҚР жеке тұлғалары-бейрезиденттер үшін Салымдар бойынша Салық ұстау және осындай Салымшының талап етуі бойынша жасалған операцияның дерегі бойынша Салықты ұстауды растауда Шот бойынша үзінді көшірме беру.

М) мерзімді салымды немесе оның бөлігін Салымшыдан талап түскен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей беру.

48-1. Банктік салым шартында/Өтініш-офертада қарастырылған мерзім туындағанда Банк «Турбо депозит жинақтық салымын» Салымшының бірінші талап етуі бойынша беруге міндетті.

49. Банктің құқықтары:

А) Салымшыдан Шот ашу және жүргізілетін операциялар үшін қажетті құжаттар мен ақпараттарды талап ету; ақша енгізушінің/ Салымшының дербес деректерін жинау және өңдеу жүргізу;

Б) жасалған Банктік салым шартында/Өтініш-офертада, ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларда, мұндайға ҚР заңнамасымен уәкілетті үшінші тұлғалардың өкімдері бойынша Клиент Шотын, оның ішінде Салым бойынша есептелген Сыйақыны, оған қоса ол бойынша жүргізілетін операциялар бойынша комиссиялық Сыйақыны, «Турбо депозит жинақтық салымын» салымы бойынша есептелген сыйақыны, сондай-ақ Тараптар арасында жасалған мәмілелер берешек сомаларын тікелей дебеттеу;

В) Банктік салым шартын / Өтініш-оферта мен осы Қосылу шартын орындаудан келесі жағдайларда біржақты тәртіппен бас тарту (операция жүргізуден бас тарту):-

- клиенттің банктік шотында бір жылдан астам ақша болмаған жағдайларда, бұл ретте Банк Банктік салым шартын/Өтініш-офертаны орындаудан бас тартуға және клиентті алдын ала хабардар етпей банктік шотты жабуға құқылы;

- «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңында және ҚР Азаматтық кодексінде көзделген негіздемелер бойынша және тәртіппен,

- Клиент Банктің Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының және АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңының талаптарын орындау үшін Клиентті сәйкестендіруге қажетті ақпаратты немесе құжаттарды бермеген жағдайда немесе клиенттің ақшасымен және (немесе) өзге мүлкімен жүргізілетін операциялары Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес заңсыз жолмен алған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты деп пайымдауға Банктің негіздемесі болған жағдайда;

Бұл ретте Банк Банктік салым шартын / Өтініш-оферта мен осы Қосылу шартын бұзу күнінен кемінде бір ай бұрын Клиентке алдын ала хабарлаумен Банктік салым шартын / Өтініш-оферта мен осы Қосылу шартын бұзуға:

- Клиенттің шотында ақша қалдықтары болған жағдайда, ақшаның қалдығын Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес нотариус депозитіне аудару және Клиенттің Шотын жабу;

- клиенттің банктік шотында ақша болмаған кезде клиентке банктік салым шартын орындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберген күннен бастап үш ай өткенде Банктік салым шартын / Өтініш-оферта мен осы Қосылу шартын бұзады және, егер Банктік салым шартында /Өтініш-офертада басқаша тәртіп көзделмесе, клиенттің банктік шотын жабады.

Банк Банктік салым шартын / Өтініш-оферта мен осы Қосылу шартын орындаудан біржақты бас тартқан кезде осы шарттарда белгіленген сыйақы туралы талаптарды ескерумен аталмыш шарттарды орындаудан біржақты бас тарту күніндегі жағдай бойынша (жеке тұлғалар-ҚР бейрезиденттеріне Салықты шегерумен) сыйақы төлейді.

Банктің банктік салым шартын/өтініш-офертаны орындаудан біржақты бас тартуына келесілер болған кезде жол берілмейді:

1) банктік шотқа қойылатын орындалмаған талаптар немесе мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы алынбаған актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе)

лауазымды адамдардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер, бұл ретте Банкке клиенттің банктік шотында бір жылдан астам ақша болмаған кезде банктік салым шартын жабуына және банктік салым шартын/өтініш-офертаны орындаудан біржақты бас тартуына рұқсат беріледі;

2) клиенттің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Банкке ұсынатын, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар.

Клиенттің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Банкке ұсынатын, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар. Клиент Банкке ұсынатын, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар болған кезде Банкке «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес банктік салым шартын/өтініш-офертаны орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда клиенттің банктік салымын жабуына рұқсат беріледі.

Г) Салымды сақтау мерзімін ұзарту кезінде, сондай-ақ ҚР заңнамасында, осы Қосылу шартында және Банктік Салым шартында/Өтініш-офертада қарастырылған жағдайларда құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бекітілген жағдайда, Салым бойынша Сыйақы мөлшерлемесін өзгерту;

Д) Салымның анықталған түрі бойынша сыйақы мөлшерлемесі азайту жағына өзгерген жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе Банктің филиалдарында және/немесе сайтында, өзінің қалауы бойынша, Салымның осы түрі бойынша банктік Салым шарттардың/Өтініш-оферталардың мерзімін ұзарту кезінде 3 (үш) күнтізбелік күннен бұрын Салымшыларға хабарлау;

Е) алынып тасталған.

Ж) Шотта төмендетілмейтін қалдықтың ең төменгі мөлшерінен аз сомада түзілгенге дейін Салымшының қажетті соманы енгізген күніне дейін Салымшыға Банк тиісті хабарлама жіберген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннің аяқталуынан бастап Шотта Салымның ең төменгі бекітілген мөлшерінен аз сома түзілген жағдайда, Салым бойынша сыйақы «Талап етілгенге дейін» Салымының мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

3) Шот ашқан кезде Клиентке келесі қызмет түрлері көрсетіледі:

- Клиент өзінің Шоты бойынша ақпарат алу үшін "Contact Center"-ге хабарласқан кезде клиенттік карточкаға оны сәйкестендіру үшін қажетті код сөзін орнату;

- Шот бойынша шығыс операцияларын жүргізген кезде Клиенттің Шоттарын қосымша қорғау үшін қажетті Шотқа қолжетімділік кодын орнату;

(шығыс операциясын Сенім білдірілген тұлға жүргізген кезде Клиент Сенім білдірілген тұлғаға қолжетімділік кодын хабарлайды);

- Клиенттің Банкке берген ұялы телефонын SMS -хабарландыруға қосу – Шот бойынша шығыс операцияларын орындағанда Клиенттің ұялы телефонға хабарлама, Шоттағы сомасы 1 000 000 (бір миллион) теңгеге (шетел валютасындағы баламасы) тең және/немесе одан асатын қалдық туралы, сондай-ақ Шотқа қаражат түскенде хабарлама алуы үшін қажет.

И) Клиент Шот ашқан кезде Шотқа қолжетімділік кодын орнатудан бас тартуға, сондай-ақ Банк белгілеген нысан бойынша өтініш беру арқылы осы қызметтерді алып тастауға құқылы. Клиенттік карточкаға код сөзін орнату міндетті параметр болып табылады.

50. Салымшының міндеттері:

А) Шот ашу үшін Банкке АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы қосылған құзыретті органдардың қаржы шоттары туралы Автоматты ақпарат алмасу туралы көпжақты келісімі шеңберінде ЭЫДҰ-ның қаржы шоттары туралы Автоматты ақпарат алмасу туралы стандарттары (CRS), Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған құжаттар мен ақпаратты ұсыну, сондай-ақ Банктің талап етуі бойынша Клиенттің құқықтық мәртебесін (резиденттік/азаматтық) растайтын құжаттар мен ақпаратты беру;

- Б) Шот бойынша операцияларды қолданыстағы заңнамаға, Банктік Салым шартының/Өтініш-офертаның және осы Қосылу шартының талаптарына сәйкес жүргізу;
- В) Банктің қызметтеріне операция жасалған сәттегі қолданыстағы Банктің тарифтеріне сәйкес ақы төлеу. Есептелген сыйақы Банктің ағымдағы шоттар мен төлем карточкасы қолданылатын шоттар үшін белгілеген талаптар мен тарифтерге сәйкес алынуы мүмкін;
- Г) Шотты кәсіпкерлікті, адвокаттықты, жеке нотариалдық қызметті, сондай-ақ жеке сот орындаушысының, шаруа қожалығының, кәсіпқой медиатордың қызметін жүргізу мақсаттарына пайдаланбау. Қарсы жағдайда, Салымшы Банк осы міндетті бұзумен байланысты Банкке келтірілген барлық/кез келген залалдардың орнын толтырады, оны Банк банктік шотты тікелей дебеттеу жолымен өндіріп алуға құқылы;
- Д) Салымда Банктік Салым шартында/Өтініш-офертада бекітілен төмендетілмейтін қалдықтан кем мөлшердегі сома түзілген жағдайда, Банк тиісті хабарлама жіберген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде төмендетілмейтін қалдықтың ең төменгі мөлшерін Банктік Салым шартында/Өтініш-офертада белгіленгеннен кем емес сома түзілгенге дейін Салымның қажетті сомасын енгізу.
- Е) Банктік салым шартына/Өтініш-офертаға қол қойған күні Шотқа қолма-қол ақша және/немесе қолма-қол ақшасыз нысанда Банктік салым шартында/ Өтініш-офертада көрсетілген Салым сомасын енгізу. Егер Салушы шотқа Салым сомасын уақтылы аудармаған болса немесе аударылған сома Банктік салым шартында/Өтініш-офертада белгіленген Салым сомасынан аз болса, онда сыйақы «Талап етілгенге дейін» салым мөлшерлемесі бойынша есептелетін болады. Егер аударылған сома Банктік салым шартында/Өтініш-офертада белгіленген Салым сомасынан артық болатын болса, онда Шотқа нақты түскен сома Салым сомасы болып саналады. Бұл жағдайда Банктік салым шартына/Өтініш-офертаға Қосымша келісім/Қосымша жасалады.
- Ж) Банкті мекенжайының, телефондарының өзгергені және Қосылу шартының орындалуына әсер ете алатын басқа да өзгерістер туралы жазбаша ақпараттандыру.

З) алынып тасталды.

51. Салымшының құқықтары:

- А) Банктің Шот ашылған филиалында/бөлімшесінде Шоттың жағдайы туралы ақпарат алу (Шот бойынша үзінді-көшірмелер);
- Б) Салымға жасалған Банктік салым шарты/Өтініш-оферта мен осы Қосылу шартының талаптарына сәйкес иелік ету;
- В) Банкті мәжбүрлі таратқан жағдайда, Салым бойынша кепілдік өтеуді ҚР қолданыстағы заңнамасында бекітілген мөлшерде және тәртіпте алу;
- Г) Банктік салым шартында/Өтініш-офертада және осы Қосылу шартында қарастырылған тәртіпте Шотта Салымның нақты болған уақытына Салымның сомасы мен есептелген сыйақыны алу; "Турбо депозит жинақтаушы" салымы бойынша, егер салым мерзімінің аяқталуы жұмыс істемейтін күнге (демалыс/мереке күні) келетін болса, онда салым сомасын беру және сыйақыны төлеу/капиталдандыру жұмыс істемейтін күннен (демалыс/мереке күні) кейінгі банктің бірінші жұмыс күні жүргізіледі. Бұл ретте салым мерзімі өткен күннен бастап соңғы (қоса алғанда) берілген күнге дейінгі кезең үшін сыйақы есептелмейді.
- Д) Шот бойынша шығыс операциялары бойынша (Банктің қолданыстағы тарифтерінде бекітілген сомаға тең не одан асырылған мөлшердегі операцияларға) SMS -хабарлама алу немесе одан бас тарту.
- Е) Салымды есептелген сыйақыларды жоғалтпай Өтініш негізінде үшінші тұлғаға қайта ресімдеу. Қайта ресімдеу үшін комиссия төлеу қайта ресімдеу күніндегі Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте Тараптар арасында Қосымша келісім/Қосымша жасалады. Салымды үшінші тұлғаға қайта ресімдеу Банктік салым шартының/Өтініш-офертаның талаптарына сәйкес Салым кепіліне Салымшыға, «Турбо депозит жинақтық» салымы бойынша берілген Карта бойынша кредиттік лимит және Салымшының Банк алдындағы орындалмаған өзге де міндеттемелері болған кезде жүргізілмейді;

Ж) Үшінші тұлғалардың Клиенттің атына Шот ашуы және/немесе жүргізуі/жабуы үшінші тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат пен Клиенттің осы үшінші тұлғаның атына берген нотариалды куәландырылған сенімхаттың негізінде жүргізіледі. Клиент үшінші тұлғалардың Клиенттің Шоттарына санкцияландырылмаған қолжетімділігін (қолжетімділіктерін) болдырмау мақсатында Банк сенімхаттың түпнұсқасының көшірмесін өзінде қалдыруға және Банктің ІНҚ сәйкес басқа да құжаттарды сұратуға құқылы екендігімен сөзсіз келіседі. Шот ашу және/немесе жүргізу/жабу үшін Банкте сенімхатты тіркеу талап етіледі. Сенімхатты Банкте тіркеу үшін келесілер қажет:

- Клиенттің сенім жүктелген тұлғасының өзінің болуы;
- Банктің қызметкеріне сенімхаттың түпнұсқасын немесе сенімхаттың түпнұсқасының нотариалдық куәландырылған көшірмесін беру;
- Клиенттің сенім жүктелген тұлғасының жеке басын куәландырушы құжаттың түпнұсқасы;
- Клиенттің жеке басын куәландырушы құжаттың түпнұсқасы немесе Клиенттің жеке басын куәландырушы құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- Клиенттің байланыс телефон нөмірі.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шоттар ашуға уәкілетті жеке тұлғаларға – ата-анасына немесе өзге заңды өкілдеріне сенімхат беру талап етілмейді.

И) Салымшы /сенім жүктелген тұлға Банк белгілеген нысан бойынша ақша алуға өтініш білдірген соң жинақ шот бойынша 50 000 USD (немесе басқа валютадағы баламасы) артық сомаға шығыс операциясын жүргізген кезде, Салымшы /сенім жүктелген тұлға Банк бекіткен, Банктік салым шарты/Өтініш-офертада бекітілген талаптарға сәйкес, Салымдарды қайтару мерзімдері туралы ҚР қаңнамаларының талаптарының есебімен 2 күн ішінде қызмет көрсету (соның ішінде Сенімхат бойынша).

К) жеке тұлғалар-ҚР бейрезиденттерінің Салымы бойынша банктік операцияның жасалуы дерегі бойынша ұсталған Салықты растауға Шот бойынша үзінді көшірме алу.

52. Тараптардың жауапкершіліктері:

А) Банктік салым шартының / Өтініш-офертаның және осы Қосылу шартының талаптарын бұзған кезде Тараптар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады. Бұл ретте Банктің жауапкершілігі тікелей келтірілген залалдың сомасымен шектеледі;

Б) Банк Салымшының Шотынан оның келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте ақша алған кезде Салымшының алдында жауапкершілікте болмайды.

53. Басқа талаптар:

А) Банктік салым шарты /Өтініш-оферта Салым сомасы Шотқа түскен күннен бастап күшіне енеді;

Б) Банктік салым шартына/ Өтініш-офертаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда ресімделсе және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойғанда жарамды болып табылады; және тиісті қосымша келісімдер/толықтырулар белгіленген күннен/сәттен бастап күшіне енеді;

В) Банктік салым шартына/ Өтініш-офертаға қойылған Салымшының қолы Салымшының Қосылу шартының талаптарымен, Банк көрсететін комиссиялық Сыйақы тарифтерімен, Банктік салым шартының талаптарымен танысқанын және келіскенін растайды. Салушы/ Салымшы және басқа барлық мүдделі тұлғалар осы Стандартты талаптарға қосылу арқылы Салымшының электрондық сандық қол қоюы немесе серпінді сәйкестендіру құралдарын пайдалануы Салымшының (үшінші тұлғаның – салушының) қағаз тасымалдаушыда өзінің қойған қолына теңестірілетінін сөзсіз растайды;

Г) алынып тасталды.

Д) Сыйақы есептеу Салымшының шотына Салымды енгізген күнінің келесі күнінен бастап жүргізіледі;

Е) Салымшы осы арқылы Банктен жарнамалық таратулар алуға келісім береді;

Е–1) Клиент Банкке өзі туралы ақпаратты АҚШ-тың Салық Қызметіне жария етуге сөзсіз келісімін береді, соның ішінде нәтижесінде Клиент АҚШ персонасы/резиденті (грин-карта иесі) болып табылатындай пайымдауға негіздеме беретін бір немесе бірнеше белгі пайда болған жағдайлар өзгергенде және егер Клиенттің Банкте ашқан Шотындағы ақша сомасы (қалдығы) күнтізбелік жылдың соңғы күнінде АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық алу туралы» Заңында анықталған сомадан асатын болса.

Ж) Сыйақы есептеу Банктік Салым шартында/ Өтініш-офертада қарастырылған мөлшерлеме бойынша Салымды нақты орналастырған мерзім үшін жүргізіледі;

З) Шот бойынша операциялар Банк берген үзінді-көшірмелерде немесе Салымшының қалауы бойынша – жинақ кітапшасында бейнеленеді;

И) Салымға иелік ететіндер:

– Салымшы;

– нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде – Салымшының өкілдері;

– Салымшы қайтыс болған жағдайда - ҚР заңнамасына сәйкес мұрагерлері;

К) келесі жағдайларда осы Шарттың әрекеті тоқтатылады және Шот жабылады:

– Банктік Салым шартының/ Өтініш-офертаның және/немесе ҚР қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес (жеке тұлғалар-бейрезиденттер үшін Салықты шегерумен) сыйақы төлеумен бірге;

– Салымшы төмендетілмейтін Салым қалдығының сомасын мерзімінен бұрын алып алған кезде;

– Банктік Салым шартында/ Өтініш-офертада бекітілген Салымның мөлшерінен аз сома түзілгенге дейін Салымның бастапқы сомасын Салымшы өз уақытында енгізбеген кезде;

Л) ҚР заңнамасына сәйкес Банктік мәжбүрлі таратқан жағдайда, Салымды қайтару бойынша оның міндеттемелері депозиттерді міндетті кепілдендірудің объектісі болып табылғанда;

М) Банктік Салым шартында/ Өтініш-офертада, осы Қосылу шартында реттелмегендердің барлығында Тараптар ҚР қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады;

Н) Банктік Салым шартының/ Өтініш-офертаның мемлекеттік, орыс және басқа тілдеріндегі мәтіндерінің арасында айырмашылық туындаған жағдайда, Тараптар, егер Тараптармен (Салымшы және Банк) өзгедей шешім қабылданбаса, орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

О) Тараптар Банктің уәкілетті тұлғасының қойылған қолының факс көшірмесін / факсимилені және Банктің Салымшыға берген құжаттарындағы, оның ішінде жинақ шотын ашуға Оферт-өтініште/Банктік салым шартында мөрдің жарамдылығын мойындайды. Осы негіздеме бойынша болашақта Салымшының Банкке наразылығы болмайды.

П) Қызмет көрсету орны бойынша Турбо депозит Қазпошта салымының ерекше талаптары:

Салымды ресімдеу - «Қазпошта» АҚ;

Салымды толықтыру - «Қазпошта» АҚ/«Еуразиялық банк» АҚ;

Салымды алу/Салымды жабу/сенімхат бойынша қызмет көрсету/салымды қайта ресімдеу/жинақ кітапшасын беру/басқа да операциялар - «Еуразиялық банк» АҚ.

IV-БӨЛІМ. КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР

1-тарау. Терминдер глоссарийі

54. Стандартты талаптардың басқа бөлімдерінде және өзге (ілеспелі) құжаттарда қолданылған терминдер осы Тарауда келтірілген терминдермен бірдей – ҚР заңнамасында/ банктік тәжірибеде іскерлік айналым рәсімінде сәйкес қолданылатын терминологияға сәйкес келеді, бірақ тек келесі анықтамаларға/өлшемдерге сәйкес келсе ғана Карточкалық операцияларға қатысты қолданылуы мүмкін:

1) **Авторландыру** – Банктің төлемді Картаны пайдалана отырып жүзеге асыруға рұқсаты;

- 2) **Картаны белсендендіру** – Қолжетімді лимитке немесе қандай да бір басқа талаптарға байланыссыз Банк таңдайтын кез келген әдіспен Банктің Авторландырудан бас тартуымен уағдаласылған Клиенттің Операцияны жасауға техникалық шектеуді Банктің жоятын рәсімі. ;
- 3) **Банк** – «Еуразиялық банк» АҚ, оның ішінде Карта Эмитенті мен меншік иесі. Бұл түсінікке Банк филиалдары мен бөлімшелері және Банктің, оның филиалдары мен бөлімшелерінің қызметкерлері кіреді.
- 4) **Банкомат** – Картаны ұстаушыға Картаны пайдалана отырып қолма-қол ақша алуға және Банктің басқа да қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретін электронды-механикалық құрылғы;
- 5) **Картаны оқшаулау** –Картаны пайдаланумен төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізуге толық немесе ішінара тыйым салу.
- 5-1) **Бонус** – адалдық бағдарламасына қатысушы Клиент адалдық бағдарламасы ережелерінің талаптарын қанағаттандыратын белсенділік жүзеге асырғанда, Банк қаражаты есебінен Клиентке ұсынылатын шартты өлшем. Бонустар Клиенттің арнайы Бонустық шотында шоғырландырылады (1 бонус = 1 теңге).
- 5-2) **Бонустық шот** – Банк ашатын, бонустарды есептеуге/қолдануға арналған Клиенттің арнайы шоты.
- 6) **Сыйақы** – Банкке тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен Кредит сомасына пайыздық қатынасымен анықталған, Кредитті қолданғаны үшін алынатын ақы.
- 7) **Үзінді-көшірме** – Банк құрастыратын және оның ішінде Өтініш талаптары мен Банк Тарифтеріне сәйкес ұсынылатын өткен Есеп айырысу кезеңі ішінде жүргізілген Операциялар көрсетілетін Шот бойынша ай сайынғы және/немесе қосымша үзінді-көшірме.
- 7-1) «Smartbank» қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі арқылы Банк құрастырған және ұсынған **төлемдер кестесі** (бұдан әрі – Төлемдер кестесі) – «Тұтынушылық мақсаттарға «бөліп төлеуге» берілетін кредиттер бойынша ай сайынғы төлемдерді төлеу.
- 8) **Болашақта түсетін ақша** – Клиенттің Шотқа түсетін/ түскен жалақысы, үстемесі, сыйлықақылары, Сыйақылары, материалдық көмек, ынталандырушы және өтемдік сипаттағы төлемдер, жәрдемақылар, қосымша ақылар мен барлық өзге төлем сомалары.
- 9) **Қосымша Карта** – Шот бойынша Клиент Картасына ресімделген және Клиентке немесе Клиенттің Сенім білдірілген тұлғасына берілетін карта. Қосымша карталар бойынша операциялар Қолжетімді лимит шегінде ғана, Клиенттің Қосымша картаны ұстаушысына рұқсат берген сомада ғана жүзеге асырылады. Кредит лимиті/Кредит сомасы шегіндегі Операцияларды қосқанда, Клиент болып табылмайтын Қосымша картаны ұстаушысы жүргізген барлық операциялар үшін Клиент жауапкершілікте болады және міндеттемелер көтереді. .
- 10) **Қолжетімді Лимит** – Тарифтерге сәйкес есептелген, бірақ төленбеген Сыйақы мен өзге төлемдер (айыппұлдар) және Банк қаржылық растау алмаған оқшауландырылған Операциялар сомалары шегерімімен Шоттағы меншік ақша және Кредит лимитінің (бар болса) қалдық сомасы.
- 11) **Клиенттің Сенім білдірілген тұлғасы** – жеке тұлға, Клиент Шотына Қосымша карта арқылы толық немесе шектеулі қолжетімділікке құқылы Қосымша карта ұстаушысы. Қосымша картаны қолданудың тәртібі мен талаптарын (Қолжетімділік лимиті, Операциялар лимиті) Банкте белгіленген нысандар бойынша сәйкес құжаттар ресімдеу арқылы Клиент белгілейді.
- 11-1) **Ай сайынғы төлем** – төлем күніне дейінгі (қоса алғанда) Төлем кезеңі ішінде Шотты толықтыру үшін есептелген, Өтінішпен (Кредиттік өтініммен)/БҚК арқылы анықталатын және Үзінді көшірмеде көрсетілген Жалпы берешектің бөлігі, оның ішінде Клиентке есептелуге тиісті негізгі борыш сомасы (жүргізілген транзакция сомасы), комиссиялар және Банк есептеген сомасын бөліп төлеуге тиісті сыйақы, Өтініште (Кредиттік өтінімде)/ БҚК-да (бар болса) көрсетілген төлемдердің белгілі санына бөлумен.
- 12) **Тіркелген телефон нөмірі** – Банк Клиенттің сәйкестендіру/түпнұсқаландыруын тексеру кезінде қолданатын Клиенттің телефон нөмірі.
- 13) **Өтініш** – Клиент Банк бөлімшелерінде және/немесе «Smartbank» ҚБҚЖ арқылы беретін және Клиенттің оферта түріндегі түрлі ұсыныстарынан тұруы мүмкін және Клиенттің Банкке

Кредит беру туралы ұсынысынан тұратын шот ашуға, кредит/дебет картасын шығаруға және қызмет көрсетуге Өтініш-оферта, арнайы нысан (Клиенттің өтініші мен Клиент пен Банк арасында жасалған төлем картасын қолданумен банктік шот ашу және төлем картасын беру шарты немесе төлем картасын қолданумен банктік шот ашуға, төлем картасын шығаруға және «Еуразиялық банк» АҚ банктік және өзге қызмет көрсетудің стандарты талаптарына (Қосылу шарты) қосылуға өтініші);

13–1) Өтініш (Кредиттік өтінім) – Негіздемелік шарт аясында жекеленген Қарыздарды тұтынушылық мақсаттарда «мерзімін бөліп төлеуге» Кредит алу талаптарын бекітетін (нақтылайтын) Негізгі шарттың аясында және орындауда Тараптар жасаған мәмілелер (карта бойынша Кредиттік лимиттің сомасы, пайдалану (беру) мерзімі және басқа талаптар);

14) **Сәйкестендіру** – Банктің Клиенттің, «Smartbank» ҚБҚЖ-ға кіруі, IVR арқылы қызметтер алу үшін Логині мен Паролін, Қолжетімділік кодтарын енгізумен расталатын анықтау және/немесе, , Клиентке сәйкесінше Телефон-банк және SMS-банкті қолданумен қызмет көрсету мақсатында қолданылатын өзге ақпараттар негізінде Клиентті «Smartbank» ҚБҚЖ-да куәландыруы.

14–1) **АТТ** – көрсетілген банктік қызметтер үшін өзіне-өзі қызмет көрсету тәртібінде жеке тұлғалардың төлемдерін одан әрі жүргізу үшін банкноттарды қабылдауды, түпнұсқалығына тексеруді және сақтауды қамтамасыз ететін ақпараттық төлем терминалы, электрондық-механикалық құрылғы.

15) **Карта** – Банктің Клиентке/Клиенттің сенім білдірілген тұлғасына Өтініш және өзге құжаттар негізінде ашатын, төлем жүйесінің Банк айналысқа шығаратын төлем картасы. Картаны Банк электронды түрде (сандық карта) және/немесе пластикалық/металл карта түрінде шығаруы мүмкін. Карта Шоттағы ақшаға электронды терминалдар және/немесе өзге электрондық-механикалық құрылғылар арқылы қолжетімділік құралы болып табылады және Карта ұстаушысына Карточкалық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттан тұрады. Карта Дебеттік және Кредиттік болып бөлінеді. Карта атаулы немесе шұғыл шығарылатын атаусыз немесе алдын ала төленген төлем картасы болуы мүмкін.

16) **Клиент (Карта ұстаушы)** – Банкке Өтініш берген және Шартқа қосылған жеке тұлға, ҚР резиденті. Клиент Картаны ашқаннан кейін Карта ұстаушысы болады. Егер өзгесі тікелей белгіленбесе, Стандартты талаптарда Карта ұстаушы деп Қосымша картаны ұстаушыны айтады.

17) **Верификация коды** – Клиентті сәйкестендіру үшін қажет болған кезде Банк Клиентке беретін код.

18) **Код сөзі** – Клиент Өтінішті толтыру кезінде белгілейтін және Банкке ауызша жүгінген кезде Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті құпия сөз.

19) **Кредит (транзакция)** – Банк Клиентке Карта бойынша Кредит лимиті шегінде, БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) Клиентке Кредит лимитін беру шартының талаптарына байланысты анықталатын мерзімділік, төлемділік, жаңғыртпалы және қайтарымдылық талаптарында берілетін банктік қарыз (негізгі борыш сомасы). Клиент Шот бойынша бірінші шығыс операциясын жасаған мезеттен бастап Кредит берілген (игерілген) болып есептелінеді.

19-1) **Тұтынушылық мақсаттарға мерзімін бөліп төлеуге кредит** – Кредиттің түрі, онда БҚК/Өтініште (Кредиттік лимитте) және тиісті Өтеу кестесінде бекітілген төлемдердің мөлшерлері мен санына байланысты оны өтеу мүмкіндігімен Клиенттің Шотына Кредиттік лимит бекітіледі.

20) **Кредиттік лимит** – Клиенттің меншік ақшаларынан жоғары банк бекіткен, жаңартпалылық негізінде Кредит бойынша Клиенттің біржолғы берешегінің ең жоғары рұқсат етілген мөлшері. Кредиттік лимит Өтініш (Кредиттік өтінім) акцептісінің/ БҚК-ға қол қойған сәтінен бастап берілді деп есептеледі.

21) **Операциялар Лимиті** – Банк және/немесе Карта ұстаушысының өзі анықтаған уақыт кезеңінде және Операциялардың белгілі бір түрлеріне Карта ұстаушысы жаратуы мүмкін сома.

22) **Жеңілдікті кезең (50 күнге дейін)** – берешек туындаған күннен бастап төлем кезеңі аяқталған күнге дейінгі аралықтағы кезең, ол кезеңнің ішінде комиссия есептелмейді және өтелінбейді, Жеңілдікті кезең төлем кезеңі аяқталған күнге дейінгі есептелген, серіктестер желісінен тыс жасалған сатып алулар бойынша және бөліп төлеуден жаңартпалы сызбаға аударылған сатып алулар бойынша жалпы берешек өтелген кездегі операцияларға қолданылады: сауда және сервис кәсіпорындарында тауарлар мен қызметтерге, қызмет көрсету орындарында қызметтерге ақы төлеу, оның ішінде шетелдерде, интернет-сатып алуларда төлемдер жүргізу.

23) **Ең төменгі төлем** – Өтініште (Кредиттік өтінімде) белгіленетін және Үзінді көшірмеде бейнеленген төлем күніне дейін Төлем кезеңінің ішінде Шотты толтыру үшін есептелген Жалпы берешектің бөлігі.»;

24) **Картаны заңсыз қолдану** – Картаны немесе оның деректерін:

- Авторландыруды жүргізу кезінде ҚР заңнамасына немесе Картаға қызмет көрсету орнындағы талаптарға қарсы қолдану;
- Картаны Банктің немесе ТЖ беделіне нұқсан келтіретіндей түрде қолдану;
- үшінші тұлғалардың Картаны немесе Картаның кез келген деректерін Клиенттің рұқсатынсыз қолдануы;
- Картаны Стандартты талаптарға сәйкес қолданбау.

25) **Рұқсат етілмеген овердрафт** – Карта ұстаушысының Шоттан есептен шығарылған Операциялар сомасының Қолжетімді лимиттен асуы нәтижесінде қалыптасқан Клиент берешегі.

26) **Қамтамасыз ету** – Клиенттің Ақша кепілі шартын/Кепілдік шартын жасауға байланысты БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін орындауының қамтамасыз ету әдісі. Карта мен Кредиттің Қамтамасыз етуі сақтандыру Депозиті және/немесе кепілдік беру және/немесе Клиенттің Банктегі/басқа банктердегі кез келген басқа шотындағы ақша қалдығы және/немесе болашақта Шотқа түсетін ақша болып табылады. БҚК/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) әрекет ету уақытындағы Қамтамасыз етуді Клиент не басқа тұлғалар (заттық кепілгерліктер, кепілдік берулер) Банкке Клиент (және Қосымша Картаның Ұстаушылары) Банктің алдындағы міндеттерін тиісті орындау үшін береді.

27) **Жалпы берешек (Берешек)** – Кредит; есептелген, бірақ төленбеген Сыйақы; комиссиялар (бар болса) және Клиенттің Банк алдындағы өзге міндеттемелері бойынша берешектер, қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы Банктің талап етуінің белгіленген мерзімінде Қарыз алушының орындамауы, оның ішінде Қосымша картаны ұстаушы жүргізген Операциялар салдарынан жиналған берешек кіретін Клиенттің Банк алдындағы жиынтық берешегі.

28) **Операция (Карточкалық Операция)** –

- Карта/оның деректері арқылы жүзеге асырылған транзакция;
- келесілерде Шотты дебеттеу немесе Кредиттеу: Клиенттің/үшінші тұлғалардың тапсырмаларын орындау, Картаны сатып алынған тауарлар мен қызметтерге төлеу үшін қолдану; қолма-қол ақшаны алу; Шотты толықтыру; Шот бойынша Шығыс операциялары; қарыз операцияларын (Кредит лимитті есебінен шығыс операциялары) қосқанда; банктік комиссиялар, Банк Тарифтері бойынша Сыйақы төлеу, Сыйақыны Шартта/БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) белгіленген мөлшерде және тәртіпте төлеу; ҚР заңнамасында белгіленген негіздемелер бойынша ақшаны алып алу кезінде Шотты дебеттеу немесе кредит беру;
- ҚР заңнамасында және Шартта/БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қарастырылған Клиентке өзге банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыру.

29) **Негізгі борыш** – капиталдандырылған комиссиялары мен Клиенттің Банкке Төлем кезеңінде толық/ішінара (Кредиттің талаптарына сәйкес) төлеуі тиіс өзге төлемдері сомасын қосқанда жасалған Қарыз операцияларының сомасын білдіретін Клиенттің жалпы берешегінің бөлігі.

29-1) Серіктестік транзакциялар – Банктің серіктестер желісінде мерзімін бөліп төлеуге жүргізілетін транзакциялар, серіктес емес транзакциялар – Банктің серіктес емес желісінен тыс мерзімін бөліп төлеуге жүргізілетін транзакциялар. Серіктестердің өзекті тізімі

www.eubank.kz Банктің сайтында орналастырылады.

30) **ДСН-конверт** – Карта/Қосымша карта ұстаушыға берілген, ішінде ДСН-код жазылған қосымша парағы бар жапсырылған арнайы конверт;

31) **Дербес сәйкестендіру нөмірі** – Картаға берілетін және Карта ұстаушыны сәйкестендіруге арналған құпия код (бұдан әрі – ДСН-код). ДСН-коды дұрыс енгізу (Банктің АТ-жүйелерінің немесе ТЖ деректеріне сәйкес) Карта ұстаушының өз қолымен қойған қолына теңестіріледі;

32) **Мерзімі кешіктірілген төлем үшін ақы** – Төлем кезеңі ішінде Ең төменгі төлемді толық енгізбегені және/немесе енгізбегені үшін Клиенттің Банкке төлейтін тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл).

33) **Төлем жүйесі (ТЖ)** – Операцияларды ТЖ ережелеріне/нұсқаулықтарына сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттардың және ұйымдастырушылық-техникалық шаралардың жиынтығы. Стандартты талаптар шеңберіндегі ТЖ:

- American Express халықаралық төлем жүйесі;
- MasterCard International халықаралық төлем жүйесі;
- Visa International халықаралық төлем жүйесі.

34) **Төлем Кезеңі** – Клиент ол уақыт ішінде Ең төменгі төлем/Ай сайынғы төлем/ Шотқа берешектің жалпы сомасын енгізуі қажет (егер осы Стандартты талаптарда/Кредит лимитін беру туралы шартта өзгеше қарастырылмаса) Есептік кезеңнен кейінгі айдың 20-санымен аяқталатын және Есептік күннен кейінгі келесі күннен басталатын уақыт кезеңі.

35) **Картаны қолдану ережесі (Ереже)** – Клиенттің Картаны қолдануына, сақтауына қойылатын талаптар Стандартты талаптардың осы Бөлімінің 2-тарауында көрсетілген және Банктің www.eubank.kz сайтында орналастырылған.

35-1) **Карта / шот бойынша қозғалыстар туралы ақпараттарды SMS-хабарлама және «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасындағы PUSH- хабарлама арқылы беру** – жеке тұлғалар – негізгі карта/ қосымша карта ұстаушыларға ұсынылатын қызмет.

Негізгі карта ұстаушының ұялы телефон нөміріне шот бойынша «Smartbank» ҚБҚ жүйесі арқылы жүргізілген операциялардан басқа, SMS-хабарлама арқылы картаны немесе оның деректемелері қолданылып жүргізілген шот бойынша операциялардың әрқайсысы туралы хабарлама, сондай-ақ картаны қолданумен байланысты кейбір сервистік операциялар туралы ақпарат жолданады. Егер негізгі карта ұстаушының мобильді құрылғысында «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасына арналған PUSH- хабарлама рұқсат етілген жағдайда, онда негізгі карта ұстаушыға «Smartbank» ҚБҚЖ-да шот бойынша әрбір операция туралы PUSH-хабарлама жолданады.

Қосымша карта ұстаушының ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы картаны немесе оның деректемелері қолданылып жүргізілген шот бойынша шығыс операциялардың әрқайсысы туралы хабарлама жолданады.

35-2) **Бейілділік бағдарламасы** – Клиенттердің адалдығын сақтау мақсатында Банк есептейтін / ұсынатын сыйақыларды қолдану, есептеу және қолдану ережесі.

36) **Мерзімі кешіктірілген Негізгі борыш** – Клиенттің Жалпы берешегінің бөлігі, ол осы сома Клиентке өтеуге қойылған кезең ішінде Клиент қайтармаған (төлемеген) капиталдандырылған комиссиялар және басқа төлемдер сомасын қоса, жүргізілген Қарыз операцияларының сомасын білдіреді.

37) **Карталарға Қызмет көрсету орны (ҚО)** – Карталар қолма-қол ақша алу немесе тауарлар мен қызметтер сатып алу үшін, с.і. Картаны көрсетпей де (Интернет-саудагерлер және т.б.) пайдаланылады.

38) **Рұқсат етілген овердрафт** – Клиент Картасы бойынша Кредит лимиті шеңберінде берілетін Кредит түрі, ол бойынша Есеп айырысатын күндегі Жалпы берешектің барлық сомасы ай сайын өтелуі тиіс.

39) **Есеп айырысу күні** – бұл айдың соңғы банктік күні, ол күні берешек түзіледі және тиісті Есеп айырысу кезеңінің ішінде Сыйақы /Комиссия есептеледі.

40) **Есеп айырысу кезеңі** – кезекті Үзінді көшірме енгізілетін және осы транзакциялар кезеңінде жүргізілгені есепке алынуының ішінде Есеп айырысу күнімен аяқталатын және берешек түзілген күннен бастап басталатын уақыт кезеңі.

41) **Жанартпалы (Револьверлік) Кредит** – Клиент Картасы бойынша Кредит лимиті шеңберінде берілетін Кредит түрі, ол бойынша Есеп айырысатын кезең үшін Есеп айырысатын күндегі Негізгі борыш бөлігі мен Банк есептеген Сыйақыға пайыздық қатынасымен белгіленген сома ай сайын өтеуге шығарылады.

42) **POS-терминал** – «Point of sale» (сауда/ сервис орны) ағылшын сөз тіркесінің қысқартуы: тауарлар мен қызметтер ақысын төлегенде, қолма-қол ақша алғанда, Шотты қолма-қол ақшамен толтырғанда Авторландыруға арналған құрылғы.

42-1) **"Ұялы телефон нөмірі + Карта" байланысы** - стандартты талаптарға сәйкес тағайындалып тіркелген телефон нөмірі мен/немесе SMS-хабарламаларға арналған ұялы телефон нөмірінің және Клиент картасы нөмірінің үйлесімдігі. "Ұялы телефон нөмірі + Карта" байланысы ТЖ сервисін пайдалану кезінде ақша аударуды жүзеге асыру мақсатында тағайындалады. ТЖ "ұялы телефон нөмірі + Карта" байланысы деректерін тіркеуді және сақтауды жүзеге асырады және оларды нақты уақыт режимінде Клиент қауіпсіздік стандарттарына сәйкес ақша алушының сәйкестендіргішін пайдалана отырып, ақша аударуды жүзеге асыру туралы тапсырманы ресімдеген кезде ТЖ сервисінің бағдарламалық құралдарымен ТЖ сервисіне қатысушылар арасында береді.

43) **Құпия код/карта деректемелері (CVV2/CVC2)** – ҚО-да Картаны пайдаланбай жүргізілген, пластикалық/металл карта түрінде шығарылған Картаның кері бетіндегі Операцияларды растауға арналған Карта Ұстаушының қол қоюына арналған және/немесе Клиенттің «Smartbank» мобильді қосымшадан алатын электронды түрде шығарылған (сандық карта) Карта бойынша панельдің жанында орналасқан үш саннан тұратын код. Құпия кодты енгізу Карта Ұстаушының өз қолымен қол қоюмен теңестіріледі.

44) **Слип** - олар жеткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) ақысын төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру үшін Картаны қабылдайтын жеке кәсіпкердің не заңды тұлғаның (бұдан әрі - кәсіпкер) немесе төлемді Картаны пайдаланумен жүзеге асыру кезінде қағаз тасымалдаушыда жасалатын Банктің төлем құжаты;

45) **Дауыстық меню қызметі (IVR - Interactive Voice Response)** – дауыстық меню қызметі, оның көмегімен Клиент ДСН-кодты белгілеу, Шот бойынша қолжетімді лимитті сұрату және басқалар сияқты Банк қызметтерін ала алады. Банк дауыстық меню қызметі арқылы ұсынатын қызметтер тізбесі Банктің қарастыруымен кеңейтілуі/өзгертілуі мүмкін.

46) **Карта ұстаушыларға қолдау көрсету қызметі** – Клиенттің қоңырау шалуларын қабылдауды және өңдеуді, Банк өнімдері мен қызметтері туралы ақпараттандыруды, активтендіруді, Карталарды оқшаулауды және Клиентке/Қосымша Карта ұстаушыға ағымдағы қызмет көрсету үшін Банк анықтайтын басқа қызметтерді іске асыратын Банктің құрылымдық бөлімшесі.

47) **Сақтандыру Депозиті** – Клиент Банкте жекеленген шотқа аударатын және БҚК/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) Әрекет ету Мерзімі аяқталғанға дейін оқшауландырылатын сома. Сақтандыру Депозиті Қамтамасыз ету ретінде пайдаланылуы мүмкін.

48) **Стоп-тізім** – бүлінген, тоқтатыла тұрған және жоғалған Карталар тізімі. Стоп-тізімдегі Карталар әрекеті тоқтатыла тұрады және Картаны пайдалануға тыйым салынады.

49) **Шарттың Әрекет ету Мерзімі** – оларды толық орындағанға дейін БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттері әрекет ететін уақыттың ішіндегі уақыт кезеңі.

49-1) Бөліп төлеу мерзімі (N) – сатып алуды бөліп төлеу үшін Банк белгілеген мерзім. Бөліп төлеу арқылы сатып алу әдепкі бойынша 6 (алты) ай мерзімге Серіктестер желісінде тауарлар/қызметтер төлемі транзакциялары үшін қолжетімді, бірақ мерзім клиенттің бастамасы бойынша, өнім шарттарына сәйкес 30 (отыз) күнтізбелік күн әрекет ететін транзакцияға дейін тиісті опцияны таңдаған кезде және Банктің белгіленген тарифтерін төлеген кезде өзгертілуі мүмкін. Бөліп төлеу арқылы сатып алу өнім шарттарына сәйкес және Банктің белгіленген тарифтерін төлеу кезінде клиенттің транзакцияға дейін осындай опцияны пайдалануына

бастамашылық жасаған кезде Серіктестер желісінен тыс тауарлар/қызметтерді төлеу транзакциялары үшін де қолжетімді. Бұл ретте бөліп төлеу мерзімі жасалған сатып алу/транзакция бойынша өзгертілуі мүмкін емес.

50) Шот (Ағымдағы шот) – Банк Клиентке Карточкалық операцияларды орындау үшін ашатын Картаны пайдаланатын банктік шот.

51) Банктің Тарифтері – Банктің абсолютті және/немесе салыстырмалы түрде Клиентке арнап белгілеген банктік қызмет/операциясының бағасы.

51-1) **Байланыс Арнасы** – электронды пошта (email), пошта байланысы, «Smartbank» ҚБҚЖ, USSD/SMS-хабарлама, «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасындағы PUSH- хабарлама, месенджер бойынша хабарлама, телефон, факс, банкомат, АТТ, әлеуметтік желідегі Клиенттің парақшасында хабарлама, Сайтта, Банктің әлеуметтік желідегі ресми парақшасында хабарлама және Клиент туралы Мәліметтер негізінде сәйкестендірумен өзге интернет-қорлардағы Банк белгілейтін тәртіпте және талаптарда қолданылатын Клиент пен Банк арасындағы ақпаратты беру құралдарының бірі.

51-2) **Тарифтердің жинағы** – нарықтық тәуекелдерді және өтімділікті басқару жөніндегі комитет (бұдан әрі – НТЖӨБК), Бас кредит комитеті (бұдан әрі – БКК), Цифрлық Банктің өнім комитеті (бұдан әрі – ЦБӨК), Цифрлық комитет (бұдан әрі – ЦК) бекіткен банктің филиалдары мен бөлімшелері бойынша банктік қызмет/операцияларға қолданылатын барлық базалық (стандартты) Тарифтердің/мөлшерлеме жиынтығы.

52) Картаны жоғалту – Картаның жоғалуы, ұрлануы, алып алынуы, сондай-ақ Картаның нөмірі, әрекет ету мерзімі, үшінші тұлғаның магнит жолағын кодтау немесе Карта чипінің мәліметтері туралы ақпарат алу, оның ішінде Заңсыз пайдалану мақсатында.

53) ЭСК – электрондық-сандық қол. Банк беретін логин, пароль және басқа кодтар Карта Ұстаушының өз қолымен қол қоюмен теңестіріледі.

53-1) OTP-пароль- әріптерден, сандар немесе таңбалардан тұратын бірегей сәйкестендіруші (идентификатор) немесе басқа сәйкестендіруші.

54) CashBack (бұдан әрі – Қайтару немесе CashBack) – тауарлар мен қызметтерге қолма-қол ақшасыз төлем жасау операцияларын жүргізген кездегі ақшаны қайтару функциясы (сатып алу құнының бір бөлігін), оның мөлшері мен талаптары Банктің тарифтерінде анықталады.

55) MCC (Merchant Category Code — «← сатушы санатының коды») – сауда және сервис кәсіпорны қызметінің түрін топтастыратын және Карта қолданылатын немесе ол туралы электрондық ақпарат беру кезінде оның деректемелері бар операцияларда қолданылатын 4 таңбалы нөмірді білдіреді.

2 - тарау. Картаны пайдалану ережесі

55. Банк дайындалған, пластикалық/металл карта түрінде шығарылған Картаны тікелей Клиентке не Клиенттің Сенім білдірілген тұлғасына береді. Пластикалық карта түрінде шығарылған Картаны алған кезде Карта Ұстаушы пластикалық/металл карта түрінде шығарылған Картаның кері бетіндегі арнайы қарастырылған жолға қол қоюға міндетті.

56. Банк Клиент Банк бөлімшелерінде, Банктің www.eubank.kz сайтында, «Smartbank» ҚБҚЖ-да шот ашуға, кредиттік/дебеттік карта шығаруға және қызмет көрсетуге Өтініш/Өтініш -оферта берген күннен бастап 10 (он) банктік күннің ішінде пластикалық карта түрінде шығарылған Карта шығарады, ал металл картаны 30 (отыз) банк күні ішінде шығарады және Тарифтерге сәйкес Картаға жылдық қызмет көрсеткені үшін Банкке комиссия төлейді. Пластикалық карта түрінде шығарылған Картаны Өтініш бойынша эп-сәтте беруді Банк Клиент Банктің Тарифтеріне сәйкес қызмет ақысын төлегенде іске асырады.

57. Клиент Картаның пайдалану мерзімі аяқталғанда пайдаланудан бас тартқан жағдайда мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын Банкті хабардар етуге тиіс. Мерзімінде хабардар етпеген және жаңа нөмірімен және әрекет ету мерзімімен жаңа Картаны қайта шығарған жағдайда, Банк Клиенттен Картаның келесі әрекет ету мерзімі үшін ақы ұстап қалады. Клиент Картаны пайдаланудан бас тартқан жағдайда Банкке уақытында хабарламағанда, Банк Карта қайта шығарылғаны үшін алынған ақыны қайтармайды, онымен Клиент сөзсіз келіседі.

58. Банк электронды түрде Карта шығаруды, Клиент «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасында шот ашуға, кредиттік/дебеттік карта шығаруға және қызмет көрсетуге Өтініш/Өтініш -оферта берген күннен бастап және Банкке Картаға қызмет көрсетілгені үшін Банктің Тарифтеріне сәйкес комиссия төлегеннен кейін жүзеге асырады. Электронды түрде шығарылған Карта деректемелерін Клиент «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасынан алуына болады. Банк Клиенттің (Шот иесінің) «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасында берген өтінімі негізінде электронды түрде шығарылған картаның орнына пластикалық карта шығара алады. Электронды түрде шығарылған Картаның (сандық картаның) орнына пластикалық Карта шығарылған кезде картаның сол нөмірі сақталады, қолданылу мерзімі мен CCV код ауыстырылады. Клиентке пластикалық Картаны «Smartbank» ҚБҚЖ арқылы белсендіру қажет. Белсендірілгеннен кейін электронды түрде шығарылған Карта автоматты түрде жабылады.

58-1. Клиент электронды түрде шығарылған картаның (сандық карта) орнына шығарылған пластикалық картаны пайдаланудан бас тартқан жағдайда, Карта шығарылған сәттен бастап 3 ай ішінде Банкке хабарлауы тиіс. 3 ай өткеннен кейін пластикалық карта мен электронды түрде шығарылған карта жойылады.

58-2. Банк 2 түрлі мультивалюталық карта шығарады. Мультивалюталық картаның бірінші түрін шығарған кезде, Банк теңгеде ашылған Шотқа қосымша ретінде АҚШ долларында және еуроға қосымша шот (қосалқы шот) аша алады.

Транзакциялар жүргізілген кезде транзакция сомасы бірінші кезекте транзакция валютасында ашылған шоттан есептен шығарылады, қаражат жеткіліксіз жағдайда ақша келесі тәртіпте есептен шығарылады:

Транзакция валютасы	Ақшаны есептен шығару тәртібі
KZT	KZT > USD > EUR
USD	USD > KZT > EUR
EUR	EUR > KZT > USD

Бұл ретте рұқсат етілмеген овердрафтты есепке алу және өтеу, сондай-ақ рұқсат етілмеген овердрафт үшін сыйақы және өсімпұл Банк тарифтеріне сәйкес теңгеде жүргізіледі (негізгі Шотта сома жеткіліксіз болған жағдайда рұқсат етілмеген овердрафтты өтеу, сондай-ақ сыйақы мен өсімпұл (бар болса) жоғарыда көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады).

Мультивалюталық картаның екінші түрін шығарған кезде, Банк теңгеде ашылған Шотқа қосымша ретінде АҚШ долларында, еуроға, ресейлік рубльде, ағылшын фунт стерлингі және юанде қосымша шот аша алады.

Транзакциялар жүргізілген кезде транзакция сомасы бірінші кезекте транзакция валютасында ашылған шоттан есептен шығарылады, ол шотта қаражат жеткіліксіз жағдайда ақша келесі тәртіпте есептен шығарылады:

Транзакция Валютасы	Ақшаны есептен шығару тәртібі
KZT	KZT > USD > EUR > RUB > GBP > CNY
USD	USD > KZT > EUR > RUB > GBP > CNY
EUR	EUR > KZT > USD > RUB > GBP > CNY
RUB	RUB > USD > KZT > EUR > GBP > CNY
GBP	GBP > USD > KZT > EUR > RUB > CNY
CNY	CNY > USD > KZT > EUR > RUB > GBP

Жүргізілген операция валютасында қосымша (қосалқы шот) болмаған жағдайда, өзара есеп айырысу, есеп айырысу валютасы арқылы жүргізілетін болады, ол АҚШ доллары немесе еуро

болуы мүмкін. Рұқсат етілмеген овердрафт сомасы транзакция жүргізілген валюта шотында есепке алынады. Қаржы құжатын өңдеген кезде, қаражатты карта шоттарынан есептен шығару келесі кезектілікте жүргізіледі:

- авторландыру үшін таңдалған шоттағы жеке қаражаты;
- валюта айырбастаудың белгіленген артықшылықтарымен сәйкес картаның басқа шоттарындағы жеке қаражаты.

Қаражатты айырбастау Банктің қаражатты есептен шығару күнге валютаның берілген түрін және бағамын ескеріп, жүзеге асырылады.

Рұқсат етілмеген овердрафт сомасы бойынша берешекті өтеу, оның туындағаны үшін сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) қоса алғанда, егер Банк тарифтерімен қарастырылған болса, картаның кез келген шотын толтырған кезде автоматты түрде жүзеге асырылады. Рұқсат етілмеген овердрафт сомасы бойынша берешекке сыйақы (бар болса) есептеу карта шоттарының біріне қаражатты есептеу фактісі бойынша жүргізіледі. Клиент рұқсат етілмеген овердрафтты, оның туындағаны үшін сыйақыны қоса алғанда, ол туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтеуге тиіс.

58-3. Банк шешілмеген овердрафттың туындағаны туралы клиентке банктің қалауы бойынша: SMS/PUSH арқылы хабарлама, автоматтандырылған телефония, қоңырау шалу, факс немесе жазбаша хабарлама арқылы және өзге де тәсілдермен хабардар етеді.

59. Банк көрсететін қызметтер, Банк бекіткен Операциялардың Лимиттері және , Ереже, карта түрлері мен беру талаптары туралы ақпарат пен айтылған өзгерістер күшіне енетін күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, сондай-ақ Банк Тарифтеріндегі өзгерістер (ҚР заңнамасымен белгіленген шектеулерді қоспағанда) туралы Банктік операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде белгіленген мерзімде, осындай ақпарат Банктің операциялық залдарында, сондай-ақ Интернет желісіндегі Банктің WEB-сайтында **www.eubank.kz** мекенжайы бойынша орналастырылған жағдайда, егер Банк пен Клиент арасында басқа мерзім шартпен белгіленбесе, Банк Клиентті тиісті түрде ақпараттандырған деп есептеледі. Клиент Банктің міндеті көрсетілген тәсілдермен уақытында ақпараттандырумен ғана шектелетінін түсінеді және онымен сөзсіз келіседі; ал Клиент барлық қажетті ақпаратпен дербес танысуға және Банкпен байланыста болуға міндетті. Банк қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы көрсетілетін төлем қызметтерін ұсыну кезінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Банкке қызмет алу үшін жүгінгенде Клиенттің сұратуымен оған Банк өзінің қызметі үшін алатын комиссияның мөлшері туралы ақпарат ұсынылады, бұл ретте Клиент осы арқылы Банктің Стандартты талаптарда, БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көзделген тәртіппен Тарифтерді қайта қарастыру мүмкіндігімен келіседі.

60. Клиент шот бойынша 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде Операциялар (қозғалыстар) жоқ болған және Шотты жабу кезінде ондағы 500 (бес жүз) теңгеге дейінгі сома (ақшаны есептен шығару күнінде валютадағы баламасында) Банктің қарастыруымен Банк табысының есебіне алынған жағдайда Шотты жабуға, сондай-ақ егер Клиент пластикалық/металл карта түрінде шығарылған карта шығарылған мезеттен бастап 3 (үш) ай ішінде Клиент Банкке пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны алуға келмеген жағдайда, пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны жоюға келісім береді.

61. Клиент үшінші тұлғалар Қосымша карталармен жасалатын барлық Операциялар үшін, сондай-ақ Шот бойынша жалпы борышты өтеу, Банкке келтірілген шығын/залал және т.б. үшін жауапкершілікте болады.

62. Банк Шартқа, БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) Өтінішке (Кредиттік өтінімге) және Операциялар жасаған күнге қолданыстағы Банктің Тарифтеріне сәйкес Клиенттің Шотынан Сыйақы, комиссиялық және басқа төлемдердің сомалары алынады. БҚК/ Өтінішке (Кредиттік өтінімге) қол қоюмен Қарыз алушы осы Стандартты талаптарға қосылады және Банкке Шоттан барлық төлемдерді, сонымен бірге Банкке Карта /Қосымша Карта Ұстаушылары келтірген залалдарды өндіруге құқық береді. Бұл тапсырма Клиенттің міндеті болып табылады және біржақты тәртіпте қайтарылып алынуы мүмкін емес. Көрсетілген сомаларды алу Клиенттің

Банктік Шотынан тікелей дебеттеу арқылы жүргізіледі. Шотта ақша болмаған кезде Шарт, БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша берешектердің сомасын, Тарифтерді Банк Клиенттің басқа банктік шоттарынан оларды тікелей дебеттеу жолымен және/немесе төлем талаптарының негізінде өндіреді. Стандартты талаптарға қосыла отырып, Клиент Банкке, оның ішінде тиісті шарттарда/келісімдерде және өзге ілеспелі қызмет көрсетуші құжаттарда көрсетілген сомаларды ұстап қалуға тікелей, сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді.

63. Кредиттік картаны ашуға, шығаруға және қызмет көрсетуге БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге)/Оферта-өтінішке қол қоюмен Клиент оның Шотта орналастырылғандардың және Шотқа түсетін ақшаның меншік иесі болып табылатынын және Шотқа ақша түсетін көздер заңды болып табылатынын растайды.

64. Егер ҚР заңнамасында қзгеше бекітілмесе, үшінші тұлғаларға Шотқа ақша енгізуге рұқсат етіледі.

65. Қосымша картаны ұстаушының Картаны пайдаланып жасаған барлық Операцияларын Клиент жүргізген деп есептеледі.

66. Клиент Картаны пайдаланып, шығыс Операцияларын жүргізуді бастау үшін Клиентке Картаны белсендіру қажет. Картаны белсендіру ДСН-кодты орнату арқылы іске асырылады. Электронды түрде шығарылған (сандық карта) картаның орнына шығарылған пластикалық Картаны белсендіру «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасы арқылы жүргізіледі.

67. Пластикалық/металл карта түрінде шығарылған Карта, оның ішінде Қосымша карта, Карта/Қосымша карта ұстаушысына, Карта/Қосымша карта ұстаушы Өтініште көрсеткен тұратын мекенжайы бойынша тапсырысты поштамен жөнелту арқылы немесе Карта/Қосымша карта ұстаушысы Банкке жеке өтініш жасағанда беріледі немесе Банк Карта/Қосымша карта ұстаушысымен келіскен басқа тәсілмен беріледі.

68. Пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаның, оның ішінде Қосымша Карта бойынша ДСН-коды Карта/Қосымша карта ұстаушысына өзі Банкке жеке өтініш жасағанда ДСН-конвертте (ДСН-конвертте беру айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) беріледі, не Карта/Қосымша карта ұстаушысы Банк белгілеген келесі екі тәсілдің бірін өздігінен орнатуы мүмкін:

- 1) дауыстық меню жүйесі (IVR) арқылы;
- 2) «Smartbank» ҚБҚЖ арқылы. .

69. Шартқа сәйкес шығарылған барлық Карталар Банктің меншігі болып табылады және оларды Клиент Банктің бірінші талап етуі бойынша Банкке тапсыруы қажет. Картаны оның Ұстаушыларының басқа Ұстаушыларға не үшінші тұлғаларға пайдалануға беруіне рұқсат етілмейді.

70. Банктік шоттарды ашуға, жабуға және жүргізуге, карталарды шығару және қызмет көрсету бойынша, ҚР заңнамаларымен бірге және оған қарсы келмейтін бөліктерінде халықаралық төлем жүйесі, халықаралық банктік практика, іскерлік айналымның әдеттері, Банктің ішкі нормативтік құжаттары қолданылады. Халықаралық төлем жүйелерінің ережелері мен Стандартты талаптар және/немесе шот ашуға, кредиттік картаны шығару мен қызмет көрсетуге БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім)/Оферта-өтініш және/немесе өзге шарттардың арасында кез келген қарама-қарсылық туындаған жағдайда, тиісті халықаралық төлем жүйелерінің ережелері қолданылады.

70-1. Егер Клиенттің Өкімі бойынша бір валютадағы Шоттан үшінші тұлғалардың немесе Клиенттің басқа валютадағы Шотына ақша аударылатын болса, Банк ақшаны, егер Тараптар өзгеше келіспесе, Операциялар жүргізген күнгі жағдай бойынша Банк бекіткен ағымдағы айырбастау бағамына сәйкес оларды айырбастаумен аударарды. Осы Операциялар ҚР валюталық заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

71. Клиенттің жазбаша өтініші бойынша Банк үшінші тұлғаларға Қосымша карталар бере алады. Клиент Қосымша карталармен үшінші тұлғалар жүргізетін барлық Операциялар үшін, сондай-ақ Шот бойынша жалпы борышты өтеу үшін жауапкершілікте болады. Қосымша карталарды ұстаушылар кінәсінен туындаған шығындар Клиент Шотының есебінен шығарылады.

72. Картаны үшінші тұлғалардың пайдалануына және/немесе кепілге беруге тыйым салынады.

73. Уәкілетті емес тұлға берген карта алып алынуы қажет.

74. Егер Картаны ұстаушы ДСН-кодты ұмытып қалса, ол Банкке ДСН-коды өзгерту және жаңасын алу үшін хабарласуына болады.
75. Банк тікелей бақылауы бар электрондық қондырғылар (Банкоматтар мен АТТ қоса алғанда) мен жүйелердің үздіксіз функцияландырылуын қамтамасыз етеді және Банкке байланыссыз себептерге байланысты оны тоқтатқан жағдайда қызмет көрсетуді қалпына келтіру үшін мүмкін болатын барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.
76. Банк кәсіпкердің қызметкерлерінің (кассирлерінің) әрекеттері үшін, Карточкалық операцияларды жүргізбегені үшін немесе жүргізген кезде қателерге жол бергені үшін, оның ішінде, егер кассир Картаны ұстаушының сәйкестендірілуін жүргізбесе және төлем құжатындағы және оның жеке құжатындағы оның қойылған қолына салыстырып тексеру жүргізбегенде, жауапкершілікте болмайды.
77. Карточкалық Операцияларды жүргізу үшін Карта ұстаушы Кәсіпкердің немесе қолма-қол ақша беру орнының кассиріне пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны көрсетеді немесе Банкоматтың/басқа да электрондық құрылғылардың көмегімен өздігінен қызмет көрсету режимінде әрекеттер жүргізеді немесе Карточкалық Операцияларды Карта деректемелерін пайдалану арқылы басқа тәсілмен іске асырады.
78. Кассир Карта ұстаушыдан жеке басын куәландыратын құжатты талап етуге құқылы. Мұндай құжат жоқ болғанда кассир Карта ұстаушыға Операция жүргізуден бас тартуға, сондай-ақ жағдайды анықтағанға дейін пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны ұстап қалуға құқылы.
79. Клиент Стандартты талаптарға қосыла отырып, электронды құрылғыларды (Банкомат пен АТТ қоса) пайдаланумен және ДСН-кодты/3D-Secure кодты теру арқылы расталатын барлық Операцияларды Тараптар Карта ұстаушы жүргізген Операциялар ретінде қарастырады. Сондықтан ДСН-кодты/3D-Secure кодты дұрыс терудің және/немесе слиптерге және чектерге қол қоюдың әрбір фактісі Картаны (Қосымша картаны) ұстаушының Шоттан Карточкалық Операцияны іске асыруға ақша алып алуға тікелей келісімін растау болып табылады.
80. Карта ұстаушы карточкалық Операциялар бойынша барлық құжаттарды кемінде 6 (алты) ай сақтауға және оларды мынадай орындарға беруге міндетті:
- Банкке оның талап етуі бойынша даулы мәселелерді реттеу үшін;
 - Салықтық және кедендік қызмет органдарына, сондай-ақ басқа уәкілетті мемлекеттік органдарға ақша алу және оларды жұмсаудың заңдылығын негіздеу ретінде;
 - ҚР заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда.
81. Карта ұстаушы толық көлемде Картаның сақталуын, оның деректемелерінің (Карта ұстаушының ТАӘ, Карта нөмірі, Картаның әрекет ету мерзімі және т.б.) құпиялылығын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікте болады.
82. Түрлі төлем жүйелері ережелерінің айрықшалануы мүмкін екенімен байланысты Банк сондай-ақ қолма-қол ақшаны беру орындарының қандай да бір қосымша Сыйақы (Тарифтерге жатпайтын) алғаны үшін жауапкершілікте болмайды.
83. Төлем жүйелерінің ережелері бойынша Кәсіпкер тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің құнын Картамен ақы төлеуге қабылдағанда қолма-қол есеп айырысумен салыстырғанда жоғарылатуға құқылы емес. Карта ұстаушысы Банкке тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің құнының барлық жоғарылатылғандары туралы хабарландыруға міндетті.
84. Тиісті түрде тіркелген Талап жоқ болғанда Карта ұстаушының иелігіндегі және пайдалануындағы Карта, ал Банк Талапты тиісті түрде тіркегенге дейін Картаны пайдаланумен жасалған Карточкалық операцияларды Карточка ұстаушы тиісті түрде санкциялаған деп есептелетінімен сөзсіз келіседі. Карта ұстаушы Картаны оқшаулау күшіне енгенге дейін жасалған Карточкалық операцияларға қатысты тәуекелді және жауапкершілікті көтереді.
- 84–1. Банк төлем картасын қолданумен жүргізілетін операциялар кезінде операциялардың келесі түрлері бойынша Cashback бонус есептемейді:
- ойынхана, тотализаторлар мен лотерея қызметтерін төлеу;
 - бюджетке төленетін төлемдер;

– ақша қаражатын аудару.

85. Банктің қарастыруымен ауызша Талап Банкке ауызша Талап қойылған күннен бастап екі Жұмыс күні ішінде Банкке берілетін Карта ұстаушының келесі жазбаша өтінішімен расталады. Жазбаша Талапты жоғарыда соңғы мерзімде беру мүмкін болмаған жағдайда Карта ұстаушы бұл туралы жазбаша Талапты беру мүмкін еместігінің себептерін көрсете отырып, Банкті алдын ала ескертуге және бірінші мүмкіндік бойынша Банкке ауызшаға ұқсас жазбаша Талапты беруге міндетті.

86. Клиент Стандартты талаптарға қосыла отырып, Банктің Карта ұстаушының Банкке телефонмен жасаған өтінішін, оның ішінде қандай да бір даулы жағдайдың туындауын болдырмау үшін тіркеуге және жазып алуға құқылы. Бұл ретте Карта ұстаушы Банк жүргізген телефонмен жасалған өтініш жазуы Карта ұстаушыдан түскен осы Стандартты талаптарға сәйкес мұндай Талапты жазбаша растаған сәтке дейін түскен ауызша Талап мазмұнының жеткілікті дәлелдемесі болып табылатынымен келіседі.

87. Банктің филиалына немесе тиісті төлем жүйесінің кез келген мүшесіне Картаны оқшаулау бойынша талаптар жіберген кезде, картаны оқшаулау, осы Банктің филиалына немесе тиісті төлем жүйесінің мүшесіне Карта ұстаушының атынан берілген талапты Банк тіркегеннен кейін күшіне енеді.

88. Талаптар Картаның ұстаушысынан шығады деп есептеледі, ол оның еркіне, сонымен қатар Банктің картаны оқшаулау салдарынан талаптардың мүмкін болатын сәйкессіздігіне тәуекелді көтереді және жауапкершілікте болады. Банк Карта ұстаушының атынан талап ету негізінде жүргізілген картаны оқшауландырғаннан кейін осы Шартта баяндалған талаптарға сәйкес телефон/ телекс/ факс бойынша берілгендер үшін жауапкершілікте болмайды.

89. Карта ұстаушының жазбаша келісім негізінде Карта оқшауланғаннан кейін Банк берілген Карта ұстаушының жазбаша өтініш негізінде жаңа нөмірмен және ДСН-кодпен жаңа Карта шығарады.

90. Банк Картаны сақтау және пайдалану талаптары сақталмаған жағдайда, сондай-ақ ДСН-кодтың құпиялығы сақталмаған жағдайда (оның ішінде Картаны оқшаулағаннан кейін), сондай-ақ Карта ұстаушының қасақана заңға қарсы әрекеттері анықталған жағдайда Карта ұстаушыға наразылық білдіру құқығын сақтайды.

91. Бұрын жоғалған деп мәлімденген пластикалық/металл карта түрінде шығарылған карта табылғанда, Карта ұстаушы Банкті бұл туралы дереу хабардар етуге және пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны Банкке қайтаруға міндетті. Табылған, пластикалық карта түрінде шығарылған карта қайтарылмаған жағдайда, осы тармақта белгіленгендей, Карта ұстаушы Банкке пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны мұндай қайтармаудан болатын барлық тәуекелді қабылдайды, сондай-ақ Банктің пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны алып алуымен байланысты шегетін кез келген қосымша шығыстарының бәрін өтеуге міндетті.

92. Егер Банктің Клиенттің Ағымдағы шоты бойынша санкцияланбаған (рұқсат етілмеген) алаяқтық Операциялар жүргізілуі қаупі бар деп пайымдауына негіздеме бар болса, Банк алдына ала хабарландырусыз Картаны оқшаулауға құқылы.

92–1. Клиент ҚР салық органдарымен барлық есеп айырысуларды дербес жүргізеді және Банк төлеген Қайтаруды қоса, Шоттағы ақшаға қатысты қолданылатын салықтарға және басқа міндетті төлемдерге қатысты мемлекеттік органдар белгілеген талаптарды сақтауға байланысты ықтимал тәуекелді өзі қабылдайды.

92–2. Банк осы Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға (операция жүргізуден бас тартуға) келесі жағдайларда құқылы:

- Клиент Банктің Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының және АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңының талаптарын орындау мақсатында Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті ақпаратты немесе құжаттарды бермеген жағдайда және құзыретті органдардың Қазақстан Республикасы қосылған қаржы шоттары туралы Автоматты ақпарат алмасу туралы көпжақты келісімі шеңберінде қаржы

шоттары туралы Автоматты ақпарат алмасу туралы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (CRS) стандартына сәйкес жүзеге асырылады;

- клиенттің ақшасымен және (немесе) өзге мүліктерімен жүргізілетін операциялары Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес заңсыз жолмен алған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты деп пайымдауға Банктің негіздемесі болған жағдайда;

- егер Банктің банктік шот бойынша жүргізілген операциялар, Клиентке банктік шот ашу және ашылған шотты жүргізу талаптарына қайшы келетін кәсіпкерлік қызметпен, адвокаттық қызметпен, нотариалдық қызметпен, атқарушылық құжаттарды орындау қызметімен, дауды медиация тәртібінде реттеу жөніндегі қызметпен байланысты деп пайымдауға негіздеме болған жағдайда.

Бұл ретте Банк Шартты бұзу күнінен кемінде бір ай бұрын Клиентке алдын ала хабарлаумен Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.

Егер Банктің клиенттің ақшасымен және (немесе) басқа мүлкімен жасалатын операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) лаңкестікті қаржыландыруға қатысы бар деп пайымдауға негіздеме болған жағдайда, Банктің ІНҚ сәйкес тиісті тексеру аяқталғанға дейін Банк клиенттің банктік шотына төлемдер жүргізуге және (немесе) ақша аударуға толық немесе уақытша тиым салуға құқылы.

92–3. Банк төлем жүйесінен алған Операциялардың электрондық деректеріндегі МСС-тің, сауда және сервис кәсіпорнының нақты қызметінің сәйкессіздігіне жауапкершілікте болмайды.

92–4. Клиент Банкке өзі туралы ақпаратты АҚШ-тың Салық Қызметіне жария етуге сөзсіз келісімін береді, соның ішінде нәтижесінде Клиент АҚШ персонасы/резиденті (грин-карта иесі) болып табылатындай пайымдауға негіздеме беретін бір немесе бірнеше белгі пайда болған жағдайлар өзгергенде және егер Клиенттің Банкте ашқан Шотындағы ақша сомасы (қалдығы) күнтізбелік жылдың соңғы күнінде АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық алу туралы» Заңында анықталған сомадан асатын болса.

Клиент құзыретті органдардың Қазақстан Республикасы қосылған қаржы шоттары туралы Автоматты ақпарат алмасу туралы көпжақты келісімі шеңберінде ЭЫДҰ-ның қаржы шоттары туралы Автоматты ақпарат алмасу туралы стандартында (CRS) көзделген жағдайларда банкке ол туралы ақпаратты ашуға өзінің сөзсіз келісімін береді.

92–5. Карта/шот бойынша қозғалыс туралы SMS-хабарлама, Smartbank мобильді қосымшасындағы PUSH- хабарлама арқылы ақпарат беру» Клиенттің жазбаша өтінішінің (оның ішінде шот ашуға, кредиттік картаны шығару мен қызмет көрсетуге Оферта-өтініштің) негізінде жүргізіледі.

92–6. SMS– хабарлама шот / карта бойынша қозғалыстар жүргізілгені туралы хабарлама болып табылады. «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасындағы PUSH- хабарлама шот бойынша қозғалыстар «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасы арқылы жүргізілгені туралы хабарлама болып табылады.

Банк ұялы байланыс операторының Банк жолдаған SMS-хабарламаны, «Smartbank» ҚБҚЖ мобильді қосымшасындағы PUSH- хабарламаны жеткізбегені үшін жауапкершілікте болмайды. Банктің ұялы операторлар қызметін пайдалануына байланысты бұл операторлардың Клиенттің банктік шоты бойынша банктік құпияны құрайтын ақпараттан тұратын SMS-хабарлама мәтініне техникалық қолжетімділігі болады.

92–7. Банк Өтініште (оның ішінде Өтініш офертада) көрсетілген телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы жолданған банктік шот / шоттар бойынша шығыс операциялар жүргізу туралы ақпараттардың үшінші тұлғаларға берілуіне Банк жауапкершілікте болмайды, сондай-ақ Клиент Банкке ұялы телефондардың, осындай телефонның SIM-карталарының жоғалғаны, ұрланғаны немесе жоғалтудың өзге жағдайлары немесе оларды кез келген негіздемелер бойынша үшінші тұлғаларға беру туралы уақтылы жазбаша хабарламаса Банктің осы әрекеттері

банктік құпияны ашу болып есептелмейді. Ұялы телефондардың, осындай телефонның SIM-карталарының жоғалғаны, ұрланғаны немесе жоғалтудың өзге жағдайлары немесе оларды кез келген негіздемелер бойынша үшінші тұлғаларға берудің нәтижесінде Клиент операциялары туралы ақпараттың ашылу салдары үшін Клиент жауапкершілікте болады.

92-8. Тараптар Банк Клиентке беретін құжаттарда, оның ішінде Шарт/Шот ашуға, кредиттік картаны шығару мен қызмет көрсетуге Оферта-өтініште /Өтініште (Кредиттік өтінімде)/БҚК/Кредиттік лимит беру туралы (мерзімін бөліп төлеу) туралы шартта/Шартқа қосымша келісімдерде және басқа құжаттарда факстің көшірмесін/банктік уәкілетті тұлғасының қойылған қолының факсимилесін мойындайды және мөрін жарамды деп таниды. Клиент осы негіздеме бойынша болашақта Банкке наразылықтары болмайды

92-9. Банк картаны қайта шығарған жағдайда қайталама төлемдер үшін файлда ұстаушылардың деректері сақталатын қызмет көрсету орындары үшін Төлем Жүйесіне жаңартылған деректерді (Картаның нөмірі, Картаның әрекет ету мерзімі) беруге құқылы (мысалы, ұялы байланыс операторлары, коммуналдық қызметтер, сақтандыру компаниялары, музыкалық және кітап сервистеріне жазылу, тұрақты қайырымдылық қорларына қайырым көрсету және басқалары).

92-10. Стандартты талаптарға қосыла отырып, Клиент Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанда, Банктің өз қалауымен автоматты түрде қайта шығаруға құқылы екендігімен келіседі.

2.1.-тарау. «Еуразиялық банк» АҚ банк карталарын мобильдік төлемдер жүйелерінде пайдалану шарттары

Осы Стандарттық талап бөлімінің шарттары "Еуразиялық банк" АҚ - тың банктік карталарын мобильдік төлемдер жүйелерінде пайдалану тәртібін белгілейді (бұдан әрі-Шарттар) және Банк пен Клиент арасындағы қатынастардың келісімі болып табылады.

Осы тарауда қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Мобильдік төлемдер жүйесі –мобильдік төлемдер жүйесі (Apple Pay / Google Pay / Samsung Pay және т.б.), сондай-ақ мобильдік төлемдер жүйесін қолдайтын мобильді құрылғыда (смартфон, планшет және т. б.) банктік карталардың көмегімен төлемдерді жүзеге асыруға арналған ақ бөгде ұйымдар-провайдерлер әзірлеген және ұсынған төлем платформалары.

Карта-мобильдік төлемдер жүйесінде қолданылуы мүмкін және Клиент мобильдік төлемдер жүйесінде пайдалану үшін таңдаған және тіркеген "Еуразиялық банк" АҚ-тың дебеттік/кредиттік карточкасы.

Apple Inc. / Google Ireland Limited / Samsung Electronics Co. Ltd. және т.б. провайдерлер.

Провайдерлер мобильдік төлем жүйесін ұсынады және оның жұмысына толық жауап береді.

Банк мобильдік төлем жүйесін немесе сымсыз байланыс желілерін басқармайды және оларды басқаруды бақыламайды.

Картаны мобильдік төлем жүйесіне қосу үшін провайдерлердің нұсқауларын орындау керек.

Мобильдік төлемдер жүйесіне тіркелмес бұрын Клиент мобильді құрылғыға кіру үшін тек қана Клиент - пайдаланушының есептік деректері, оның ішінде мобильді құрылғыға кіріктірілген саусақ ізі/тұлға сканерінің деректері көрсетілгеніне көз жеткізуге міндетті, өйткені көрсетілген деректер сатып алу операцияларын жасау үшін мобильдік төлемдер жүйесінде пайдаланылатын және авторизацияланатын болады.

Картаны мобильдік төлемдер жүйесінде қосу, іске қосу немесе пайдалану Клиенттің шарттарды қабылдайтынын және онымен келісетінін білдіреді, бұл ретте Клиентте провайдерлермен, сымсыз байланыс қызметтерінің операторларымен, сондай-ақ мобильдік төлемдер жүйесін пайдалану арқылы қолжетімді қызметтер көрсететін өзге де тұлғалармен туындайтын қатынастар Клиент мобильдік төлемдер жүйесінде картаны қосқанға, іске қосқанға немесе пайдаланғанға дейін танысуға және көрсетілген келісімдер мен олардың талаптарының барлық өзгерістерін дербес қадағалауға міндетті жеке және дербес келісімдермен реттеледі.

Мобильдік төлемдер жүйесі Провайдермен жасалған жеке келісімдерде, сондай-ақ провайдердің басқа құжаттарында қарастырылған жағдайларда қолжетімді болмауы мүмкін.

Провайдерлер, сондай-ақ басқа да үшінші тарап ұйымдары, соның ішінде сымсыз байланыс операторлары немесе деректерді беру қызметтерін жеткізушілер мобильді құрылғыны немесе мобильдік төлемдер жүйесін пайдалануға байланысты қызметтер үшін ақы алуы мүмкін.

Банк мобильдік төлемдер жүйесін пайдаланғаны үшін төлемақы алмайды, бұл ретте стандартты талаптарға сәйкес Клиентке қолданылатын барлық комиссиялар мен басқа да төлемдер мобильдік төлемдер жүйесін пайдалана отырып жасалған барлық операцияларға да қолданылады.

Егер Клиенттің байланыс деректері өзгерген жағдайда, Клиент бұл туралы Банкке хабарлауға міндетті.

Банк мобильдік төлем жүйесінде пайдаланылатын банк карталарының түрін кез келген уақытта өзгертуге немесе басқа провайдермен ынтымақтастықты тоқтатуға құқылы.

Егер Клиент Стандартты талап шарттарын, осы бөлімнің шарттарын орындамаған жағдайда және/немесе Банктің қалауы бойынша өзге жағдайларда, Банк картаны алдын ала хабарламастан, пайдалану мүмкіндігін тоқтатуға құқылы.

Клиент кез келген сәтте мобильдік төлем жүйесінен бұрын тіркелген картаны жоя алады.

Банк осы бөлімдегі талаптарды Клиентті алдын ала ескертпей, оларды Интернет желісінде Банктің www.eubank.kz WEB-сайтында жариялау арқылы кез келген уақытта өзгертуге құқылы.

Клиент картаны мобильдік төлем жүйесінде қолдануды жалғастырса, барлық өзгерістермен келіседі, егер ол Шарттарға енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда, ол барлық карталарды мобильдік төлем жүйесінен алып тастауы керек.

Мобильдік төлемдер жүйесін пайдаланатын Клиенттер өз деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге және үшінші тұлғаларға сәйкестендіргіштерді, парольдерді, сондай-ақ мобильдік құрылғыны іске қосу және оған кіру және мобильдік төлемдер жүйесі арқылы карталарды пайдалана отырып сатып алуға қажетті өзге де есепке алу деректерін жарияламауға міндеттенеді.

Егер Клиенттің мобильді құрылғысына қол жеткізуге арналған есептік деректер, оның ішінде мобильді құрылғыға кіріктірілген саусақ ізі сканерінің деректері үшінші тұлғаға белгілі болса, көрсетілген деректерді пайдалана отырып, мобильдік төлемдер жүйесінде жасалған операцияларды Клиент жасаған болып есептеледі.

Мобильді құрылғы жоғалған немесе ұрланған жағдайда, сондай-ақ мобильді құрылғыға кірудің есептік деректері бұзылған және/немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді болған жағдайда, Клиент дереу картаға тосқауыл қоюға және ол туралы Банкке хабарлауға міндетті.

Клиент есептік деректердің үшінші тұлғаларға жария болған жағдайда, осындай үшінші тұлғалардың жеке ақпаратты алу мүмкіндігі, мобильді құрылғыға және мобильді төлемдер жүйесіне қол жеткізу мүмкіндігі, сондай-ақ карталарды пайдалану арқылы операцияларды жасау мүмкіндігі үшін толық жауапты болады.

Клиент Стандартты талап шарттарында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама ережелерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, картаның көмегімен жасалған барлық операциялар үшін жауапты болады.

Мобильдік төлемдер жүйесін пайдалануға байланысты провайдерлер немесе басқа үшінші тұлғалар ұсынған немесе сақтаған ақпараттың қауіпсіздігі банктің бақылауынан тыс болады.

Банк Провайдерлердің мобильді төлемдер жүйесін пайдалануға байланысты жиналған, сақталған немесе жіберілген кез келген ақпаратқа қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін жауап бермейді

Клиент Банктің картаға және мобильдік төлемдер жүйесін пайдалануға қатысты Клиент туралы ақпаратты жинауға, пайдалануға және беруге, сондай-ақ Клиенттің жеке басын растау, жәрдемдесу мақсатында және мобильдік төлемдер жүйесі шеңберінде картаны пайдалана отырып операциялар туралы ақпаратты ұсыну үшін провайдермен осы ақпаратпен алмасуға құқылы екендігімен келіседі.

Банк мобильдік төлемдер жүйесін пайдаланудағы ықтимал проблемалар немесе Клиент үшін мобильдік төлемдер жүйесінде қандай да бір операцияларды жасау үшін пайдалану мүмкіндігінің болмауы үшін жауапты болмайды.

Мобильдік төлемдер жүйесін пайдалануға байланысты провайдерлер немесе басқа үшінші тұлғалар ұсынған немесе сақтаған ақпараттың қауіпсіздігі Банктің бақылауынан тыс болады. Банк Провайдерлер қауіпсіздік ережелерін бұзған кезде мобильді төлемдер жүйесін пайдалануға байланысты жиналған, сақталған немесе жіберілген кез келген ақпаратқа жауап бермейді.

Клиент Банктің картаға және мобильдік төлемдер жүйесін пайдалануға қатысты Клиент туралы ақпаратты жинауға, пайдалануға және беруге, сондай-ақ Клиенттің жеке басын растау, жәрдемдесу мақсатында және мобильдік төлемдер жүйесі шеңберінде картаны пайдалана отырып операциялар туралы ақпаратты ұсыну үшін провайдермен осы ақпаратпен алмасуға құқылы екендігімен келіседі.

Банк мобильді төлемдер жүйесін пайдаланудағы ықтимал проблемалар немесе Клиенттің мобильді төлемдер жүйесін қандай да бір операцияларды жасау үшін пайдалану мүмкіндігінің болмағаны үшін жауапты болмайды.

Банк мобильдік төлемдер жүйесін пайдаланумен немесе пайдалану мүмкін еместігімен байланысты кез келген залалдар үшін, туындау себептері мен негіздеріне қарамастан және/немесе мобильдік төлемдер жүйесін пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде және / немесе мобильдік төлемдер жүйесін пайдалана отырып операциялар жасаудан бас тартқан жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше тікелей көзделмесе, Клиентке түскен кез келген залалдар үшін жауапты болмайды

3 – тарау. Карта бойынша Кредит лимитін беру

1. Рұқсат етілген овердрафт беру тәртібі

93. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айға тең.

94. Төлем кезеңі бір күнтізбелік айға тең.

95. Шот ашуға, кредиттік карта шығаруға және қызмет көрсетуге Оферта-өтінішті қарастырған кезде Банк Кредит беру бойынша шешім қабылдайды. Кредит Картаның әрекет ету мерзімінің ішіне немесе Клиент жазбаша кері қайтару бергенге дейін және толық көлемде берешек өтелгенге дейін беріледі. Кредит Өтініште (Кредиттік өтінімде) бекітілген талаптарда беріледі.

96. Төлем кезеңі ішінде Клиент жалпы берешектің барлық сомасын өтеуге тиіс.

97. Банк Есеп айырысу күніндегі Кредит үшін Сыйақыны Шот бойынша Операция өңделген күннен бастап Есеп айырысу күніне дейін және/немесе Кредиттің толық сомасын және онымен байланысты басқа төлемдерді қоса алғанда, өтегенге дейін есептейді.

98. Клиент өтеу сомасын Шотына енгізгенде Банк автоматты түрде соңғы Есеп айырысу күнінен кейінгі келесі күннен бастап соманы енгізген күнді қоса алғанға дейін Негізгі борыш және Мерзімі кешіктірілген Негізгі борыш сомасына осы күнге Кредит үшін Сыйақы есептейді.

99. Банк Картаны Қамтамасыз етудің түрін және мөлшерін және Кредит лимитінің мөлшерін өз қарастыруы бойынша анықтайды.

100. Банк келесі жағдайлардың бірінде, бірақ онымен шектелмей, Кредиттік лимиттің сомасын келесі жағдайлардың кез келгені бойынша акцептісіз тәртіпте жоюға құқылы:

- Клиент жауап берушінің тарабында өздігінен талаптарды мәлімдемеген жауап беруші және/немесе үшінші тұлға ретінде сот процесіне тартылған;
- Клиенттің мүлкіне және оның шотына тыйым салынған және/немесе мүлкіне өндіру алу салынған не осы оқиғалардың туындауының шынайы қауіпі бар;
- Клиент Банктің алдындағы міндеттерін бұзғанда;
- Клиент ресми расталған табысын жоғалтқанда немесе оны айтарлықтай азайтқанда;
- Банктің қаржылық жағдайының төмендеуі;
- Кредитті мақсатына пайдаланбау;
- Клиент зейнеткерлік жасқа жеткенде.

101. Банк Картаның және Кредиттің Қамтамасыз етілуін және Шот бойынша дебиторлық

берешекті өтеу үшін, сонымен бірге Кредиттің, Сыйақының және Банктің Тарифтеріне сәйкес, егер 1 (бір) күннен астам мерзімі кешіктірілсе, басқа төлемдерді акцептісіз соттан тыс тәртіпте пайдалануға құқылы, Клиент бұнымен сөзсіз келіседі.

102. Клиент Банкке Кредиттік лимит мөлшерін өзгертуге жазбаша өтініш беруге құқылы. Клиенттің Банк белгілеген Байланыс арналары бойынша Кредиттік лимитті өзгертуге келісім беруіне рұқсат етіледі.

103. Банктің Клиентке Кредит лимитін беруден немесе оның мөлшерін өзгертуден бас тартуға құқығы бар.

104. Рұқсат етілмеген овердрафтты Банк Клиентке мыналарды іске асыру үшін Қолжетімді лимит жеткіліксіз болған жағдайда беруі мүмкін:

- Тауар ақысын, Қызмет көрсету орындарының қызмет ақысын төлеу шығыс Операцияларын, оның ішінде сақтандырушының, Картаны (оның деректемелерін) пайдаланып қолма-қол ақша, банктік аударым және осы Операциялармен байланысты комиссияларды алу үшін;
- Клиенттің Банкке есептелген төлем, комиссиялар және Кредитті пайдаланғаны үшін Сыйақылар және Өтінішке, осы Стандартты Талаптарға және Тарифтерге сәйкес өзге төлемдерді төлеу үшін;

105. Кредит лимиті шеңберіндегі Кредитті Банк Шотта кредит есебінен іске асырылатын (толық немесе ішінара) Операциялар сомасы көрсетілген күннен бастап берілген деп есептеледі.

106. Клиент міндеттемелерін мерзімінде орындамаған жағдайда Банк Тарифтерге сәйкес Мерзімі кешіктірілген Негізгі борышқа тұрақсыздық айыбын есептейді. Борышты өтеу осы Стандартты талаптарда белгіленген тәртіппен іске асырылады.

107. Берешектің жалпы сомасы ай сайын Есеп айырысу күніне есептелген және ай сайынғы Үзінді-көшірмеде көрсетілетін толық мөлшерде өтеледі.

108. Клиенттің Банк алдындағы берешегі мыналардың нәтижесінде туындайды:

- Банктің Клиентке Кредит беруі;
- Банктің Клиенттің Кредитті пайдаланғаны үшін төлеуі тиіс Сыйақы есептеуі;
- Банктің Клиент төлеуі тиіс ақылар мен комиссиялар есептеуі;
- Шартты орындаумен байланысты Берешектің туындауына алып келетін басқа жағдайлардың туындауы.

109. Әрбір есеп айырысу аяқталғанда Банк Клиенттің шот ашуға және кредиттік картаны шығару мен қызмет көрсетуге Оферта-өтінішінде анықталған тәсілмен Үзінді-көшірме құрастырады және береді. Үзінді-көшірме мыналардан тұрады:

- Әрбір есеп айырысу кезеңі ішінде Шотта көрсетілген барлық Операциялар;
- Есеп айырысу кезеңі басындағы (Кіріс баланс) және Есеп айырысу кезеңі аяғындағы баланс (Шығыс баланс);
- Есептелген сыйақы, өсімпұл, айыппұлдар ескерілген Берешек сомасы;
- Банк Клиент назарына жеткізу қажет деп санайтын басқа ақпарат.

110. Үзінді-көшірмеде көрсетілген Есеп айырысу кезеңі аяғындағы шығыс баланс Негізгі борыш, мерзімі кешіктірілген негізгі борыш және Рұқсат етілмеген Овердрафт (бар болса) сомасынан тұрады.

111. Тарифтерде қарастырылған комиссия және Сыйақы, басқа төлемдер Негізгі борыш сомасына капиталдандырылмайды, олар берешектің Жалпы сомасына жеке қосылады.

112. Клиенттің БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша жүргізген төлем сомасы, егер сома клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегі мынадай кезектілікпен өтеледі:

1) негізгі борыш бойынша берешек (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша мерзімі өткен негізгі борыш, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

2) сыйақы бойынша берешек (мынадай реттілікпен: бөліп төлеу бойынша, одан кейін берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде жаңартпалы қарыз бойынша);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт бойынша, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, қойылған ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы (мынадай кезектілікпен: ағымдағы шешілмеген овердрафт ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша негізгі борыш);

5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы (мынадай кезектілікпен: бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде негізгі борыш);

6) банк комиссиялары және қарыз/кредиттік лимит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдер;

7) қарыз алушының БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша өз міндеттемелерін орындамауына және /немесе тиісінше орындамауына байланысты банк шеккен, Банктің орындауды алу жөніндегі шығасылары.

Мерзімі қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күн өткен соң клиенттің ДБЗ/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша жүргізген төлем сомасы, егер сома ДБЗ/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегі мынадай кезектілікпен өтеледі:

1) негізгі борыш бойынша берешек (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша мерзімі өткен негізгі борыш, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

2) сыйақы бойынша берешек (мынадай реттілікпен: бөліп төлеу бойынша, одан кейін берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде жаңартпалы қарыз бойынша);

3) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы (мынадай кезектілікпен: ағымдағы шешілмеген овердрафт ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша негізгі борыш);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы (мынадай кезектілікпен: бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде негізгі борыш);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт бойынша, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, қойылған ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

6) банк комиссиялары және қарыз/кредиттік лимит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдер;

7) қарыз алушының БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша өз міндеттемелерін орындамауына және /немесе тиісінше орындамауына байланысты банк шеккен, Банктің орындауды алу жөніндегі шығасылары.

113. Шотқа енгізілген ақшаны Банк Берешекті толық көлемде өтеу үшін (Шотта берешекті өтеуге жеткілікті ақша сомасы бар болғанда) немесе Шотта бар ақша көлемінде (Берешекті толық өтеуге ақша сомасы жеткіліксіз болғанда) ҚР заңнамасына сәйкес есептен шығарады.

114. Кредит лимитінің қолжетімді қалдығы Кредит лимитін толық көлемде қалпына келтіргенге дейінгі Негізгі борыштың өтелген бөлігінің сомасына ұлғаяды.

115. Клиенттің Шоттағы ақшасы және Берешектен асатын ақша Шотта қалады және Қолжетімді лимитті ұлғайтады.

116. Клиент Шотта берешекті өтеуге қажетті мөлшердегі ақша салмаған жағдайда Стандартты Талаптарға сәйкес мұндай міндеттеме Клиенттің міндеттемені орындамауы деп қарастырылады, бұл ретте:

117. Өтеуге қойылған, бірақ уақытында төленбеген Негізгі борыш сомасы Мерзімі кешіктірілген негізгі борыш деп есептеледі.

118. Берешекті төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін Банк Тарифтерге сәйкес ақы

(өсімпұл) төлеуді талап етуге құқылы.

119. Міндеттемелер мерзімінде орындалмаған жағдайда Банк Картаны (барлық Қосымша Карталарды қоса) Оқшаулауға құқылы. Бұл ретте Картаның оқшаулауын алуды Банк төленбеген борышты толық көлемде өтеуге жеткілікті ақша Шотқа түскеннен кейін жүргізеді.

120. Клиент (Қарыз алушы) міндеттемелерін орындамағанда немесе тиісті түрде орындамағанда заңда белгіленген шектеулер ескерілген әрбір мерзімі кешіктірілген күн үшін мерзімі кешіктірілген негізгі борыш сомасына есептелетін Негіздемелік шартта/БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) анықталған мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл/айыппұл) төлейді.

121. Берешекті өтеу мерзімі Клиенттің Банкке Кредитті қайтаруын қоса, Банк Берешекті талап еткен сәтте және осы Талаптарға сәйкес Банктің қарастыруымен анықталады.

122. Клиент берешегінің жалпы сомасы мыналардан тұрады:

- Қорытынды Шот-үзінді берілген күндегі жағдайға сәйкес Негізгі борыш сомасы және Рұқсат етілмеген овердрафт сомасы;
- Кредит лимиті шеңберінде берілген Кредит және Рұқсат етілмеген овердрафт (бар болса) бойынша Кредит және Рұқсат етілмеген овердрафт берілген күннен кейінгі келесі күннен бастап есептелген Сыйақы;
- Шот есебінен шығарылмаған (бар болса) Клиент төлеуі тиіс ақылар, комиссиялар және басқа төлемдер сомасы;
- Мерзімі кешіктірілген негізгі борыш сомасы және мерзімі кешіктірілген Сыйақы сомасы.

123. Кредитке қызмет көрсетумен байланысты Тарифтер Тараптардың келісім бойынша өзгертілуі тиіс.

124. Клиенттің ҚР аумағындағы және одан тыс жерлердегі басқа банктердегі (банктік операциялардың жекелеген түрлерін іске асыратын ұйымдардағы) шоттарынан ақша есептен шығарылған жағдайда Клиент Банктің шоттарды тікелей дебеттеу арқылы есептен шығаруымен байланысты барлық шығынын өтейді.

2. Жаңартпалы (Револьверлік) Кредитті беру тәртібі

Ағымдағы редакция:

125. Банк, Клиентке Кредиттік лимит беру туралы офертті акцептілеген жағдайда, Клиенттің Шот ашуға, кредиттік карта шығаруға және қызмет көрсетуге оферта-өтінішінде - берген ақпараттар негізінде Клиентке тұтынушылық мақсаттарға Кредиттік лимит Клиент БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көрсеткен және Тарифтерде қарастырған мөлшерде ашылады. Бұл ретте, Картаны Активациялаған және Банк Клиенттің Кредиттік лимит беру туралы офертін акцептілеген сәтке дейін Кредиттік лимит нөлге тең болады.

126. Шартқа/ БҚК /Өтінішке (Кредиттік өтінімге) және басқа Кредиттік лимит беру туралы ілеспелі құжаттарға қол қойғаннан кейін Клиент Кредиттік лимитті белсендіру туралы кредиттік өтінімде көрсетілген нөмірге SMS – хабарлама жібереді. Бұл ретте Кредиттік лимит Клиентке Активацияланған күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей пайдалану үшін қолжетімді болады.

127. Шот ашуға, кредиттік карта шығаруға және қызмет көрсетуге оферта-өтінішті қарастырған кезде Банк Кредит беру бойынша шешім қабылдайды. Кредит Картаның әрекет ету мерзімінің ішіне немесе Клиент жазбаша кері қайтару бергенге дейін және толық көлемде берешек өтелгенге дейін беріледі. Кредит БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) бекітілген талаптарда беріледі. Төлем кезеңінің ішінде Клиент Кредиттің бөлігін БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) бекітілген мөлшерде төлеуі қажет, сонымен бірге Кредиттің пайдаланған сомасы үшін Сыйақыны және Банктің Тарифтеріне сәйкес басқа да төлемдерді төлеуі қажет. Банк Кредит үшін Сыйақы Операциялар туралы ақпарат алғанға дейінгі күннен бастап Кредиттің толық сомасын және онымен байланысты басқа төлемдерді өтеген күнге дейін есептелінеді.

128. Банк келесі жағдайлардың бірінде, бірақ онымен шектелмей, Кредиттік лимиттің сомасын келесі жағдайлардың кез келгені бойынша акцептісіз тәртіпте жоюға құқылы:

- Клиент жауап берушінің тарабында өздігінен талаптарды мәлімдемеген жауап беруші және/немесе үшінші тұлға ретінде сот процесіне тартылған;

- Клиенттің мүлкіне және оның шотына тыйым салынған және/немесе мүлкіне өндіру алу салынған не осы оқиғалардың туындауының шынайы қаупі бар;
- Клиент Банктің алдындағы міндеттерін бұзғанда;
- Клиент ресми расталған табысын жоғалтқанда немесе оны айтарлықтай азайтқанда;
- Банктің қаржылық жағдайының төмендеуі;
- Кредитті мақсатына пайдаланбау;
- Банктің осы БҚК/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) тиісті түрде орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнама талаптарының өзгеруі;
- Клиент зейнеткерлік жасқа жеткенде.

Банк Картаның және Кредиттің Қамтамасыз етілуін және Шот бойынша дебиторлық берешекті өтеу үшін, сонымен бірге Кредиттің, Сыйақының және Банктің Тарифтеріне сәйкес, егер 1 (бір) күннен астам мерзімі кешіктірілсе, басқа төлемдерді акцептісіз соттан тыс тәртіпте пайдалануға құқылы, Клиент бұнымен сөзсіз келіседі.

129. Клиент Банкке Кредиттік лимит мөлшерін өзгертуге жазбаша өтініш беруге құқылы. Клиенттің Банк белгілеген Байланыс арналары бойынша Кредиттік лимитті өзгертуге келісім беруіне рұқсат етіледі.

130. Алынып тасталды.

131. Рұқсат етілмеген овердрафтты Банк Клиентке мыналарды іске асыру үшін Қолжетімді лимит жеткіліксіз болған жағдайда беруі мүмкін:

- Тауар ақысын, Қызмет көрсету орындарының қызмет ақысын төлеу шығыс Операцияларын, оның ішінде сақтандырушының, Картаны (оның деректемелерін) пайдаланып қолма-қол ақша, банктік аударым және осы Операциялармен байланысты комиссияларды алу үшін;
- Клиенттің Банкке Өтінішке (Кредиттік өтінімге), Стандартты талаптарға және Тарифтерге сәйкес Кредиттік лимитті пайдаланғаны үшін есептелген төлемдерді, комиссияларды және Сыйақыны төлеуі.

132. Кредит лимиті шеңберіндегі Кредитті Банк Шотта кредит есебінен іске асырылатын (толық немесе ішінара) Операциялар сомасы көрсетілген күннен бастап берілген деп есептеледі.

133. Клиент міндеттемелерін мерзімінде орындамаған жағдайда Банк Тарифтерге сәйкес Мерзімі кешіктірілген Негізгі борышқа тұрақсыздық айыбын есептейді. Борышты өтеу осы Стандартты талаптарда белгіленген тәртіпшен іске асырылады.

134. Банк Клиент Өтінішінде (офертада) қарастырылған Кредит лимитінің басқа мөлшерін акцептілеген жағдайда бастапқы берілген Кредит өтелгеннен кейін ұлғайтылуы немесе азайтылуы мүмкін, осы Стандартты талаптарда өзгеше қарастырылмаса.

135. Клиенттің Банк алдындағы берешегі мыналардың нәтижесінде туындайды:

- Банктің Клиентке Кредит беруі;
- Банктің Клиенттің Кредитті пайдаланғаны үшін төлеуі тиіс Сыйақы есептеуі;
- Банктің Клиент төлеуі тиіс ақылар мен комиссиялар есептеуі;
- Берешектің туындауына алып келетін басқа жағдайлардың туындауы.

136. Әрбір есеп айырысу аяқталғанда Банк Клиенттің шот ашуға және кредиттік картаны шығару мен қызмет көрсетуге Оферта-өтінішінде анықталған тәсілмен Үзінді-көшірме құрастырады және береді. Үзінді-көшірме мыналардан тұрады:

- Әрбір есеп айырысу кезеңі ішінде Шотта көрсетілген барлық Операциялар;
- Есеп айырысу кезеңі басындағы (Кіріс баланс) және Есеп айырысу кезеңі аяғындағы баланс (Шығыс баланс);
- Есептелген сыйақы, өсімпұл, айыппұлдар ескерілген Берешек сомасы;
- Ең аз төлем сомасы және төленетін күні;
- Ең көп төлем сомасы;
- Банк Клиент назарына жеткізу қажет деп санайтын басқа ақпарат.

137. Үзінді-көшірмеде көрсетілген Есеп айырысу кезеңі аяғындағы шығыс баланс Негізгі борыш, мерзімі кешіктірілген негізгі борыш және Рұқсат етілмеген Овердрафт (бар болса) сомасынан, оның ішінде Шот есебінен шығарылған ақы, комиссия және Сыйақы сомасынан

тұрады.

138. Есептік кезең үшін Төменгі төлемді Банк Негізгі борыштың бөлігі мен есептелген Сыйақының бөлігіне БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) анықталатын мөлшерлеменің пайыздық ара қатынасы ретінде есептелетін Негізгі борыштың сомасы ретінде есептейді.

139. Шарт бойынша Жеңілдікті кезең бекітілуі мүмкін.

140. Жеңілдікті кезең, егер БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көрсетілген Клиент Берешектің толық сомасын өтеу үшін жеткілікті мөлшерде Шотта ақша орналастырғанда Жеңілдікті кезеңнің аяқталуы мерзімінен кешіктірмей Есептік кезеңнің ішінде Шотта бейнеленген Операцияларға қолданылады.

141. Клиент Шартқа БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) сәйкес міндеттерін орындамаған және/немесе өз уақытында орындамаған жағдайда, Жеңілдікті кезең қолданылмайды және Жеңілдікті кезең қолданылуы мүмкін бойынша операциялардың сомасына Кредит бойынша Сыйақы келесі Есептік кезеңге есептелінуі мүмкін.

142. Клиенттің БҚК/Өтініш (Кредиттік өтініш) бойынша жүргізген төлем сомасы Клиент міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз сомма болған жағдайда Клиент берешегі келесі кезектілікпен өтеледі:

1) негізгі борыш бойынша берешек (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша мерзімі өткен негізгі борыш, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

2) сыйақы бойынша берешек (мынадай реттілікпен: бөліп төлеу бойынша, одан кейін берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде жаңартпалы қарыз бойынша);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт бойынша, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, қойылған ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы (мынадай кезектілікпен: ағымдағы шешілмеген овердрафт ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша негізгі борыш);

5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы (мынадай кезектілікпен: бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде негізгі борыш);

6) банк комиссиялары және қарыз/кредиттік лимит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдер;

7) қарыз алушының БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша өз міндеттемелерін орындамауына және /немесе тиісінше орындамауына байланысты банк шеккен, Банктің орындауды алу жөніндегі шығасылары.

Мерзімі қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күн өткен соң клиенттің ДБЗ/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша жүргізген төлем сомасы, егер сома ДБЗ/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегі мынадай кезектілікпен өтеледі:

1) негізгі борыш бойынша берешек (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша мерзімі өткен негізгі борыш, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

2) сыйақы бойынша берешек (мынадай реттілікпен: бөліп төлеу бойынша, одан кейін берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде жаңартпалы қарыз бойынша);

3) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы (мынадай кезектілікпен: ағымдағы шешілмеген овердрафт ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша негізгі борыш);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы (мынадай кезектілікпен: бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде негізгі борыш);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт бойынша, бөліп төлеу бойынша, жанартпалы қарыз бойынша, қойылған ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

6) банк комиссиялары және қарыз/кредиттік лимит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдер;

7) қарыз алушының БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша өз міндеттемелерін орындамауына және /немесе тиісінше орындамауына байланысты банк шеккен, Банктің орындауды алу жөніндегі шығасылары.

143. Берешектің сомасын есептен шығару Шотта оларды бейнелеген күннің есебімен күнтізбелік кезектілікте жүргізіледі, яғни алдымен уақыты бойынша ертеректе түзілген берешек өтеледі.

144. Кредит лимитінің қолжетімді қалдығы Кредит лимитін толық көлемде қалпына келтіргенге дейінгі Негізгі борыштың өтелген бөлігінің сомасына ұлғаяды.

145. Клиенттің Шоттағы ақшасы және Берешектен асатын ақша Шотта қалады және Қолжетімді лимитті ұлғайтады.

146. Үзінді-көшірмеде ең аз төлемді төлеу кезеңі ретінде көрсетілген мерзімде Клиент Шотта осындай Ең аз төлем мөлшерінде ақша салмаған жағдайда Стандартты Талаптарға сәйкес мұндай міндеттеме Клиенттің Ең аз төлемді төлеу (өткізу) міндеттемесі орындалмаған деп қарастырылады, бұл ретте ең аз төлем құрамындағы негізгі борыш мөлшері мен нәтижесінде Үзінді-көшірме жасалған Есеп айырысу кезеңі ішінде Клиент Шотқа орналастырған ақша есебінен нақты төленген негізгі борыш сомасы арасындағы айырмашылық негізгі борыштың төленбеген бөлігі ретінде қарастырылады. Клиент нақты орналастырған ақша сомасы деп Шотқа нәтижесінде Үзінді-көшірме жасалған Есеп айырысу кезеңінен кейінгі келесі Төлем кезеңі ішінде түскен ақша, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген Төлем кезеңінің (мұндай бар болса) басындағы Шоттағы ақша қалдығы деп түсініледі;

147. Берешекті төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін Банк Тарифтерге сәйкес ақы (өсімпұл) төлеуді талап етуге құқылы.

148. Рұқсат етілмеген овердрафт және/немесе Клиенттің мерзімі кешіктірілген Ең аз төлемі бар болғанда кезекті Ең аз төлем Рұқсат етілмеген овердрафт және/немесе Клиенттің мерзімі кешіктірілген Ең аз төлем (мерзімі кешіктірілген негізгі борыш және Банктің мерзімі кешіктірілген сыйақысы) және есептелген өсімпұл сомасына ұлғаяды.

149. Міндеттемелер мерзімінде орындалмаған жағдайда Банк Картаны (барлық Қосымша Карталарды қоса) Оқшаулауға құқылы. Осындай Картаның оқшаулауын алуды Банк төленбеген борышты толық көлемде өтеуге жеткілікті ақша Шотқа түскеннен кейін жүргізеді.

150. Клиент (Қарыз алушы) міндеттемелерін орындамағанда немесе тиісті түрде орындамағанда заңда белгіленген шектеулер ескерілген әрбір мерзімі кешіктірілген күн үшін мерзімі кешіктірілген негізгі борыш пен мерзімі кешіктірілген сыйақы сомасына есептелетін Банк Тарифтерінде анықталған мөлшерде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді.

151. Банк бұрын оқшаулаған Картаның оқшаулауын алуды Банк Шотқа төленбеген Ең аз төлемді (барлық бұрын төленбеген ең аз төлемдер) толық көлемде өтеуге жеткілікті ақша түскеннен кейін жүзеге асырады.

152. Берешекті өтеу мерзімі Клиенттің Банкке Кредитті қайтаруын қоса, Банк Берешекті талап еткен сәтте және осы Талаптарға сәйкес Банктің қарастыруымен анықталады.

153. Клиент берешегінің жалпы сомасы мыналардан тұрады:

- Қорытынды Шот-үзінді берілген күндегі жағдайға сәйкес Негізгі борыш сомасы және Рұқсат етілмеген овердрафт сомасы;
- Кредит лимиті шеңберінде берілген Кредит және Рұқсат етілмеген овердрафт (бар болса) бойынша Кредит және Рұқсат етілмеген овердрафт берілген күннен кейінгі келесі күннен бастап есептелген Сыйақы сомасы;
- Шот есебінен шығарылмаған (бар болса) Клиент төлеуі тиіс ақылар, комиссиялар және басқа төлемдер сомасы;
- Мерзімі кешіктірілген негізгі борыш сомасы және мерзімі кешіктірілген Сыйақы сомасы.

154. Кредитке қызмет көрсетумен байланысты Тарифтер Тараптардың келісім бойынша өзгертілуі тиіс.

2-1. Тұтынушылық мақсаттарға бөліп төлеуге берілетін кредит

154-1. Осы Стандартты талаптардың аясында және Тараптар Банктің нысаны бойынша қағаз тасымалдаушыда жасайтын БҚК/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарына сәйкес Банк Клиентке тұтынушылық мақсаттарға «мерзімін бөліп төлеуге» БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) бекітілген ай сайынғы төлемдердің санының ұсынылатын мөлшерімен Шотта Кредиттік лимит ашады. БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) бекітілген Кредиттік мерзімі мерзімін ұзарту/автоматты түрде мерзімін ұзарту мүмкіндігімен ұзартылуы мүмкін, бірақ Банк оң шешім шығарған кезде және Кредиттік лимит беруден бас тарту туралы Клиенттің жазбаша өтініші болмағанда 10 (он) жылдан асырылмайды. Мерзімін бөліп төлеуге Кредиттік лимитке Кредиттік/Дебеттік Карта берілуі мүмкін.

154-2. Клиенттің Банк алдындағы берешегі мыналардың нәтижесінде туындайды: Клиент Тауарларды сатып алу ақысын, оның ішінде шетелден Тауарларды сатып алу, интернет-сатып алу ақысын төлегенде, Қызмет көрсету орындарында қызметтер ақысын төлегенде, Банк Сыйақы есептегенде, Клиент төлеуі тиіс төлемдер мен комиссияларды есептегенде.

154-3. Берешекті өтеу Кредит лимиті белгіленген күннен бастап жүргізілген транзакциялар бойынша және өтелмеген берешектер бойынша ай сайынғы төлемдермен жүзеге асырылады. Ай сайынғы төлемдерге бөлгенде бірінші кезекте Төлемдер кестесінде көрсетілген және ол бойынша берешек өтелмеген, транзакция жүргізілген күннен бастап бірінші міндетті төлем өтеледі. Төлем кестесінде көрсетілген бірнеше мерзімін бөліп төлеу бойынша міндетті ай сайынғы төлемдер жүргізген кезде осыған ұқсас одан кейінгі күнтізбелік кезектілікте өтеледі. Өтеу Ай сайынғы төлемдерді өтеу талаптарына сәйкес әр айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін (қоса аолғанда) жүргізілуі тиіс.

Егер Клиенттің Ай сайынғы төлемдерді өтеу талаптарына сәйкес төлеуі тиіс ай сайынғы төлем мерзімі жұмыс емес күніне түссе, онда бұндай төлем тұрақсыздық айыбы мен айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеместен келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылуы мүмкін.

154-4. Банк Сыйақыны транзакция жүргізілген күннен бастап транзакция бойынша соңғы төлем енгізілгенге дейін әр транзакцияның барлық сомасына бірден есептейді.

154-5. Бекітілген Кредиттік лимит оны берген сәттен бастап қолжетімді болады. Кредиттік лимит тек Карта мен Картаға қызмет көрсету Шотын осы тармақта қарастырылған тәртіпте пайдалану арқылы ғана қолжетімді болады. БҚК/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) бұзған жағдайда Кредиттік лимитке қолжетімділік тоқтатылады және Клиент Банкке барлық Берешегін өтеуге міндетті.

154-6. Сыйақыны есептеу кезінде Кредит лимитін ұсыну күні мен қайтару күні бір күн деп қабылданады. Бұл ретте жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, ай – 30 (отыз) күнге тең деп есептеледі.

154-7. Банк Клиентке Рұқсат етілмеген овердрафты келесілерді жүзеге асыру үшін Шотта Кредит лимиті жеткіліксіз болғанда ұсынуы мүмкін:

- Картаны (оның деректемелерін) қолданумен Тауардың ақысын, Қызмет көрсету орындарының, оның ішінде сақтандырушы қызметтерінің ақысын төлеу бойынша шығыс Операциялары және осы Операциялармен байланысты комиссиялар;
- Кредит лимитін беру туралы шартына (бөліп төлеу), БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге), осы Стандартты талаптар мен Тарифтерге сәйкес Кредит лимитін қолданғаны үшін есептелген төлемдерді, комиссиялар мен Сыйақыларды Клиенттің Банкке төлеуі;

154-8. Клиент Тауардың ақысын, Қызмет көрсету орындарындағы қызметтердің ақысын төлеу, оның ішінде шетелде сатып алу, интернет-сатып алу кезінде шығыс Операцияларын жүзеге асырғанда Клиенттің меншікті қаражаты (бар болса) жұмсалады, Шотта ақша қаражаты болмаған жағдайда төлем «бөліп төлеуге» Кредит лимитінің есебінен жүргізіледі.

154-9. Жеңілдікті кезең Шотта бейнеленген Тарифтерде Клиент Берешектің толық сомасын өтеу үшін жеткілікті мөлшерде Шотта ақша орналастырғанда Жеңілдікті кезеңнің аяқталуы

мерзімінен кешіктірмей Есептік кезеңнің ішінде Шотта бейнеленген Операцияларға қолданылады.

Есептік кезеңдегі берешектің барлық сомасын өтемегені үшін комиссияны Банк есептік кезеңдегі жүргізілген барлық транзакциялардың сомасынан Есеп айырысу күніне есептейді және 2 (екі) оқиға туындаған жағдайда төлем кезеңінің соңғы күнінде өтеуге шығарылады:

- егер есеп айырысу кезеңінде кредиттік лимит шотына кез келген сомаға тіпті болмағанда бір серіктестік емес транзакция бекітілгенде;

- егер клиент есеп айырысу кезеңінде жүргізілген барлық транзакциялардың сомасына 100% мөлшерде төлем кезеңінде өтемегенде.

154–9–1. Клиент Стандартты талаптарға БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) сәйкес міндеттерін орындамаған және/немесе өз уақытында орындамаған жағдайда, Жеңілдікті кезең қолданылмайды және Жеңілдікті кезең қолданылуы мүмкін бойынша операциялардың сомасына комиссиялар Кредит бойынша Сыйақы келесі Есептік кезеңге есептелінуі мүмкін.

154–9–2. Банкомат арқылы/касса/POS-терминал арқылы қолма-қол ақша алу, Банкомат арқылы Қартаны пайдаланумен ақша аудару, АТТ, «Smartbank» ҚБҚЖ, интернет желісінде ақша аудару тек қана Клиенттің меншік қаражаты есебінен жүргізіледі. Клиенттің Шотында меншік қаражат болмаған жағдайда осы операциялар Кредиттік лимиттің есебінен «мерзімін бөліп төлеуге жүргізілмейді».

154–10. Клиенттің БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша жүргізген төлем сомасы, егер сома клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегі мынадай кезектілікпен өтеледі:

1) негізгі борыш бойынша берешек (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша мерзімі өткен негізгі борыш, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

2) сыйақы бойынша берешек (мынадай реттілікпен: бөліп төлеу бойынша, одан кейін берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде жаңартпалы қарыз бойынша);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт бойынша, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, қойылған ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы (мынадай кезектілікпен: ағымдағы шешілмеген овердрафт ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша негізгі борыш);

5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы (мынадай кезектілікпен: бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде негізгі борыш);

6) банк комиссиялары және қарыз/кредиттік лимит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдер;

7) қарыз алушының БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша өз міндеттемелерін орындамауына және /немесе тиісінше орындамауына байланысты банк шеккен, Банктің орындауды алу жөніндегі шығындары.

Мерзімі қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күн өткен соң клиенттің ДБЗ/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша жүргізген төлем сомасы, егер сома ДБЗ/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегі мынадай кезектілікпен өтеледі:

1) негізгі борыш бойынша берешек (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша мерзімі өткен негізгі борыш, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

2) сыйақы бойынша берешек (мынадай реттілікпен: бөліп төлеу бойынша, одан кейін берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде жаңартпалы қарыз бойынша);

3) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы (мынадай кезектілікпен:

ағымдағы шешілмеген овердрафт ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша негізгі борыш);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы (мынадай кезектілікпен: бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде негізгі борыш);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт бойынша, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, қойылған ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

б) банк комиссиялары және қарыз/кредиттік лимит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдер;

7) қарыз алушының БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша өз міндеттемелерін орындамауына және /немесе тиісінше орындамауына байланысты банк шеккен, Банктің орындауды алу жөніндегі шығасылары.

Берешекті өтеу кезектілігі: ай сайынғы төлемдер бөлінісінде бірінші кезекте транзакция жүргізілген күннен бастап және ол бойынша берешек өтелмеген төлемдер кестесінде көрсетілген бөліп төлеу бойынша бірінші міндетті ай сайынғы төлем өтеледі.

Бірнеше транзакцияларды жүргізу кезінде төлем кестелерінде көрсетілген міндетті ай сайынғы төлемдер келесі күнтізбелік кезектілікте ұқсас түрде өтеледі. Кезекті ай сайынғы төлемді өтеген кезде бірінші кезекте алдыңғы есеп айырысу кезеңінде есептелген жеңілдікті кезеңдегі берешектің барлық сомасын (бар болса) өтемегені үшін комиссия өтеледі. Міндетті ай сайынғы төлемді төлеу бойынша мерзімі өткен жағдайда, жеңілдікті кезеңде берешектің барлық сомасын өтемегені үшін комиссия шарт/ДБЗ/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлегеннен кейін өтеледі.

154–11. Егер Клиент ай сайынғы төлемдерді төлеу үшін мерзімінде және Өтеу кестесінде көрсетілген ай сайынғы төлемдер мөлшерінде Шотқа ақша орналастырмаған жағдайда, осындай жағдайлар Клиенттің БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттерін орындамауы ретінде қарастырылады.

154-12. Ай сайынғы төлемдерді төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін Банк Негізгі шартқа/ БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) сәйкес айыппұл санкцияларын төлеуді талап етуге құқылы, Қарыз алушы барлық берешекті толық көлемде төлеуге міндеттенеді.

154–13. Егер Клиент Шотқа ақшаны ай сайынғы төлемдерді төлеу күніне дейін салған жағдайда оның ақшасы меншікті қаражатта ай сайынғы төлемдер берешегін өтеу күніне дейін сақталады. Ай сайынғы төлемдерді төлеу күні ақша Клиенттің меншікті қаражатынан (олар бар болса) есептен шығарылады.

154–14. Мерзімінен бұрын өтеу тәртібі:

1) мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеу Клиенттің Банкке ("Contact Center") хабарласуы арқылы жүзеге асырылады. "Contact Center" операторы Клиентті сәйкестендіргеннен кейін оған мерзімінен бұрын өтеу рәсімі бойынша кеңес беріп, Клиенттен сомасы мен өтеу күнін нақтылайды. Бұл ретте егер Клиенттің "Contact Center" операторына айтылған мерзімінен бұрын өтеудің толық сомасын белгіленген мерзімде төлемеген немесе енгізілген сома мерзімінен бұрын өтеу үшін аз болған жағдайда мерзімінен бұрын өтеуге қайтара өтінім беру үшін "Contact Center"-ге хабарласуы қажет екендігін "Contact Center" операторы Клиентке хабарлайды. Қайтара өтінім беру үшін Клиент "Contact Center"-ге хабарласпаған жағдайда түскен сома түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін Клиенттің меншікті қаражатына есептеледі;

1-1) Қарыздың жазбаша есебін алу үшін, оның ішінде берешекті мерзімінен бұрын (толық/ішінара) өтеу үшін Клиент Банкке жазбаша түрде, оның ішінде байланыс арналары арқылы өтініш беруі керек.

2) мерзімінен бұрын өтеу Шотқа Клиентке айтылған мерзімінен бұрын өтеудің толық сомасы түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

3) егер салынған сома Клиентке мерзімінен бұрын өтеу үшін айтылған сомадан көбірек болған жағдайда артық сома Клиенттің меншікті қаражатына есептелетін болады.

154-15. Ішінара өтеген кезде бірінші кезекте берешектің өтелмеуі бойынша Өтеу кестесінде көрсетелген тиісті күнтізбелік кезектілікте ертеректе түзілген берешектер сомасы өтеледі.

154-16. Міндеттемелер мерзімінде орындалмаған жағдайда Банк Картаны (барлық Қосымша Карталарды қоса) Оқшаулауға құқылы. Осындай Картаның оқшаулауын алуды Банк төленбеген борышты толық көлемде өтеуге жеткілікті ақша Шотқа түскеннен кейін жүргізеді.

154-17. Банк алдында оқшаулау жүргізген Картаны оқшаулаудан алуды Банк төленбеген ай сайынғы төлемдерді (бұрын төленбеген ай сайынғы төлемдердің барлығын) өтеу үшін жеткілікті ақша Шотқа түскеннен кейін, Шотқа ақша толық көлемде түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

154-18. Осы арқылы Қарыз алушы Банктің жасаған және ұсынған Төлемдер кестесімен, сондай-ақ Берешек мерзімінен бұрын / ішінара өтелген жағдайда немесе өзге себептерге бойынша Банк келешекте ұсынатын ай сайынғы төлемдер санымен өзінің сөзсіз келісетінін білдіреді. Бұл ретте Төлемдер кестесінің қағаз тасымалдағыштағы нұсқасына қол қою талап етілмейтіндігі туралы Клиентке хабарланған және ол келіскен.

154-19. Осы арқылы Клиент Банкке бөліп төлейтін Кредит лимитін мерзімінен бұрын өтеу рәсімімен танысқандығын және келісетіндігін хабарлайды.

2-3. Жаңартпалы кредит және бөліп төлеу опциясы бар кредиттік лимит

154-20. Осы Шарттың шеңберінде және Кредит лимитін беру туралы шарттың және (немесе) Шот ашуға кредиттік карта шығару және қызмет көрсетуге Өтініш-офертаның талаптарына сәйкес Банк Шот ашады, Карта шығарады, оған қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді және осы Шартта және Кредит лимитін беру туралы шартта қарастырылған талаптарда Карта бойынша Кредит лимитін белгілейді, ал Клиент Картаны осы Шартқа және Кредит лимитін беру туралы шартқа сәйкес пайдаланады, Карточкалық операциялар бойынша берешекті уақытында өтейді, сондай-ақ Банк қызметтерінің ақысын Тарифтерге сәйкес төлейді.

154-21. Банк өлшемшартты өздігінен және өзінің қалауы бойынша белгілейді және Карта шығару және Кредит лимитін беру туралы шешім қабылдайды.

Клиент, Кредит лимиті Клиенттің кредит қабілеттілігі болған және Банктің ішкі рәсімдеріне сәйкес сенімділігі анықталған жағдайда ғана берілетінімен келіседі.

154-22. Банк осы Шарттың шеңберінде және Кредит лимитін беру туралы шарттың талаптарына сәйкес Шот ашу, Карта шығару бойынша, Карта бойынша Кредит лимитін белгілеу бойынша әрекеттерді мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық талаптарында жүзеге асырады. Кредит лимитін берудің жалпы талаптары, оның ішінде Кредит лимитінің сомасы, валютасы, мерзімі, Кредит лимитінің қолжетімділік мерзімі, ЖТСМ және тұрақсыздық айыптары (қамтамасыз етудің басқа түрлері) Кредит лимитін беру туралы шартта көрсетіледі.

154-23. Кредит лимитінің мөлшерін Банк Клиент ұсынған ақпараттар, сондай-ақ Клиентті кредиттік бағалау нәтижелері бойынша кредиттік бюроның дерекқорындағы ақпаратты қоса, басқа да бар мәліметтер негізінде өз бетінше анықтайды. Кредит лимитін өтегеннен соң немесе оның қолданылу мерзімі ішінде Банк Кредит лимитінің мөлшерін өзгертуге құқылы. Кредит лимитінің белгіленуіне және оның мөлшерімен келісуі Клиенттің Кредит лимитін пайдалануы болып табылады. Банктің қарастыруымен Кредит лимитін ұзарту шектеусіз бірнеше мәрте жүзеге асырылады.

154-24. Қарыз алушы Карточкамен операцияны белгіленген Кредит лимиті шеңберінде Банк берген Кредит және Шоттағы өз қаражаты (Қолжетімді қаражат) есебінен жүргізеді.

154-25. Белгіленген Кредит лимиті оны берген сәттен бастап қолжетімді болады. Кредит лимиті тек қана Картаны және Картаға қызмет көрсету Шотын осы тармақта қарастырылған тәртіпте пайдалану арқылы қолжетімді болады. Кредит лимитін беру туралы шарт бұзылған жағдайда, Кредит лимитіне қолжетімділік тоқтатылады, және Қарыз алушы Банкке барлық Берешегін өтеуге міндетті.

154–26. Сыйақыны есептеу кезінде Кредит лимитін беру және қайтару күні бір күн деп қабылданады. Бұл ретте бір жыл 360 (үш жүз алпыс) күнтізбелік күнге, ал ай – 30 (отыз) күнге тең деп есептеледі.

154–27. Қарыз алушының Банк алдында Берешегі мынадай жағдайларда туындайды: Қарыз алушының сатып алуды, оның ішінде шетелде сатып алуды төлеуді, интернет-сатып алу төлемдерін, қызметтерді ақысын төлеуді, қолма-қол ақша шешу/ақша аудару жүргізуі, Банктің Сыйақы есептеуі, Қарыз алушының төлеуі тиіс төлемдері мен комиссияларды есептеуі.

154–28. Төлем кезеңі ішінде Қарыз алушы Ай сайынғы төлемді Кредит лимитін беру туралы шартта белгіленген мөлшерде және/немесе Кредит лимиті белгіленген күннен бастап жүргізілген транзакциялар бойынша басқа төлемдер мен Банк өнімдерінің талаптарына және Тарифтеріне сәйкес өтелмеген берешекті өтеуі тиіс.

154–29. Серіктестер желісінен/серіктестер желісінен тыс бөліп төлеуге сатып алуды қоспағанда, Сыйақыны Банк Қарыз алушының байланыс Арналары арқылы берген тиісті өтінішіне сәйкес, әрбір жүргізілген карточкалық операцияның барлық сомасына, карточкалық операция жүргізілген күннен бастап Кредит бойынша соңғы төлем енгізілген күнге дейін есептейді.

154–30. Банк Қарыз алушыға Шоттағы Кредит лимиті жеткіліксіз болған жағдайда, төмендегілерді жүзеге асыру үшін Рұқсат етілмеген овердрафт беруі мүмкін:

– Картаны (оның деректемелерін) пайдаланып шығыс Операцияларын және осы Операцияларға байланысты комиссияларды;

– Қарыз алушының Банкке осы Стандартты талаптарға, Кредит лимитін беру туралы шартқа/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) және Тарифтерге сәйкес есептелген төлемдерді, комиссияларды төлеуі.

154–31. Белгіленген Кредит лимиті шеңберінде Қарыз алушы Кредит лимитін беру туралы шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) белгіленген талаптарға сәйкес бөліп төлеуге сатып алуды жүргізуіне болады.

154–32. Қарыз алушы келесілерді жүзеге асырған кезде:

1) серіктестер желісінен бөліп төлеуге сатып алу және оның ішінде Жаңартпалы Кредиттен аударылған бөліп төлеуге сатып алу, сондай-ақ шетелде сатып алу, интернет-сатып алулар жүзеге асырылған кезде, қаражат Қарыз алушының Кредит лимитінен жұмсалады;

2) серіктестер желісінен тыс бөліп төлеуге сатып алу және бөліп төлеуден Жаңартпалы Кредитке аударылған сатып алу, оның ішінде шетелде сатып алу, интернет-сатып алулар жүзеге асырылған кезде, қаражат Қарыз алушының Кредит лимитінен жұмсалады, ал Шотта меншікті қаражаты болмаған жағдайда, төлем Кредит лимиті есебінен жүргізіледі.

154–33. Банкомат /касса арқылы/POS-терминал арқылы қолма-қол ақша алу, Картаны пайдаланып Банкомат, АТТ, «Smartbank» ҚБҚЖ арқылы ақша аудару, интернет желісінде жеке қаражаты есебінен және/немесе Қарыз алушы Банк Тарифтерімен белгіленген комиссияны төлей отырып, белгіленген кредит лимиті есебінен жүзеге асырылады.

154–34. Қарыз алушының Кредит лимитін беру туралы шарт бойынша жүргізген төлем сомасы, егер сома Қарыз алушының міндеттемелерін орындауы үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешегі келесі кезектілікпен өтеледі:

1) негізгі борыш бойынша берешек (келесі реттілікте: шешілмеген овердрафт, кредиттік лимит бойынша, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде жаңартпалы қарыз бойынша мерзімі өткен негізгі борыш);

2) сыйақы бойынша берешек (келесі реттілікте: кредиттік лимит бойынша, бөліп төлеу бойынша, одан кейін берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде жаңартпалы қарыз бойынша);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт бойынша, кредиттік лимит бойынша, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, қойылған ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы (мынадай кезектілікпен: ағымдағы шешілмеген овердрафт кредиттік лимит бойынша, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы

қарыз бойынша, қойылған ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде негізгі борыш);

5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы (мынадай кезектілікпен: кредиттік лимит бойынша, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде негізгі борыш);

б) банк комиссиялары және қарыз/кредиттік лимит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдер;

7) қарыз алушының БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша өз міндеттемелерін орындамауына және /немесе тиісінше орындамауына байланысты банк шеккен, Банктің орындауды алу жөніндегі шығындары.

154–35. Мерзімін кешіктірудің жүйелі 90 (тоқсан) күн өткенде, Қарыз алушының Кредит лимитін беру туралы шарт бойынша жүргізген төлем сомасы, егер сома Қарыз алушының Кредит лимитін беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауы үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешегі келесі кезектілікпен өтеледі:

1) негізгі борыш бойынша берешек (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша мерзімі өткен негізгі борыш, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

2) сыйақы бойынша берешек (мынадай реттілікпен: бөліп төлеу бойынша, одан кейін берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде жаңартпалы қарыз бойынша);

3) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы (мынадай кезектілікпен: ағымдағы шешілмеген овердрафт ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша негізгі борыш);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы (мынадай кезектілікпен: бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, берілген ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде негізгі борыш);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) (мынадай реттілікпен: шешілмеген овердрафт бойынша, бөліп төлеу бойынша, жаңартпалы қарыз бойынша, қойылған ең төменгі ай сайынғы төлем шеңберінде);

б) банк комиссиялары және қарыз/кредиттік лимит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдер;

7) қарыз алушының БҚК/өтініш (кредиттік өтінім) бойынша өз міндеттемелерін орындамауына және /немесе тиісінше орындамауына байланысты банк шеккен, Банктің орындауды алу жөніндегі шығындары.

154–36. Егер Қарыз алушы Ай сайынғы төлемді төлеу үшін ақшаны Шотқа мерзімінде салмаған жағдайда, онда мұндай жағдай Қарыз алушының Кредит лимитін беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы ретінде қарастырылады.

154–37. Ай сайынғы төлемдерді төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін Банк Кредит лимитін беру туралы шартқа сәйкес айыппұл санкцияларын (өсімпұл) төлеуді талап етуге құқылы, ал Қарыз алушы барлық берешекті толық көлемде төлеуге міндеттенеді.

154–38. Егер Қарыз алушы Шотқа ақшаны Төлем кезеңі басталғанға дейін орналастырған жағдайда, онда Серіктестер желісінен/серіктестер желісінен тыс бөліп төлеуге сатып алулар бойынша берешекті өтеуге арналған, Қарыз алушының байланыс Арналары арқылы берген тиісті өтінішіне сәйкес Жаңартпалы Кредиттен аударылған сома, Төлем кезеңі басталғанға дейін жеке қаражатында сақталады. Төлем кезеңінде, Ай сайынғы төлемнен аспайтын мөлшердегі сома Қарыз алушының жеке қаражатынан (олар бар болса) есептен шығарылады.

Егер Қарыз алушы Шотқа ақшаны Төлем кезеңі басталғанға дейін орналастырған жағдайда, жіберіп алған овердрафт сомасы (бар болса) және/немесе Серіктестер желісінен тыс/серіктестер желісінен сатып алу бойынша Қарыз алушының байланыс Арналары арқылы берген тиісті өтінішіне сәйкес бөліп төлеуден Жаңартпалы Кредитке аударылған берешек Төлем кезеңі басталғанға дейін өтеледі.

154–39. Мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеу Қарыз алушының байланыс Арналары арқылы берген тиісті өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Егер мерзімінен бұрын өтеу сомасы Қарыз алушының берешек сомасынан артық болса, онда артық сома Қарыз алушының жеке қаражатына есепке алынатын болады.

154–40. Міндеттемелерін мерзімінде орындамаған жағдайда, Банк Картаны (барлық Қосымша карталарды қоса) оқшаулауды жүзеге асыруға құқылы. Осылайша Картаны Оқшаулау Төлем кезеңі аяқталғаннан кейін келесі күні жүргізілетін болады.

154–41. Банк бұрын оқшауланған Картаны оқшаулаудан шығаруды, Банк автоматты режимде, Шотқа төленбеген Ай сайынғы төлемді (бұрын төленбеген барлық ай сайынғы төлемдерді) өтеу үшін жеткілікті ақша түскеннен кейін, Шотқа ақша толық көлемде түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

154–42. Қарыз алушы Кредит лимитін мерзімінен бұрын өтеу рәсімімен танысқанын және келіскенін растайды.

154–43. Ай сайынғы төлемді төлеу кезінде, егер толықтырылған сома ай сайынғы төлем сомасынан асып кеткен жағдайда, онда Банк серіктестер желісінен тыс сатып алулар бойынша және Кредит лимитін беру туралы шарттың талаптарына сәйкес бөліп төлеуден Жаңартпалы Кредитке аударылған сатып алулар бойынша барлық жинақталған берешекті немесе берешектің бөлігін өтеуге құқылы.

Егер КЛ мерзімі ұзартылуға жатпайтын жағдайда, Банк бұл туралы Қарыз алушыға осы Шартта қарастырылған байланыс Арналары арқылы жеткізеді, кредит лимитінің қалған сомасы кредит лимиті мерзімінің соңғы айында өтеледі.

КЛ мерзімі ұзартылған жағдайда, кредит лимитін өтеу бойынша міндеттемелер, талаптар және ай сайынғы төлемді есептеу кредит лимитінің жаңа мерзіміне, ұзарту сәтінде пайдаланылған кредит лимиті сомасын ескере отырып ұзартылады.

4 - тарау. Үзінді көшірмелер

155. Банк Клиентке әрбір күнтізбелік ай үшін Үзінді көшірмені алдыңғы айдан кейінгі ағымдағы айдың 10 (оныншы) санына дейін дайындайды. Үзінді көшірмеде Банк ұстаған комиссияларды, пайыздық және басқа төлемдерді, сонымен бірге Шот бойынша қалдықтарды қоса алғанда, Картамен барлық Операцияларды бейнелейді. Клиент Үзінді көшірмелерді Банкте, ҚБҚК жүйесі арқылы және Шот ашуға, кредиттік картаға қызмет көрсетуге Оферта-өтініште көрсетілген мекенжай бойынша электрондық поштамен алуы мүмкін. Әрбір жіберілген Үзінді көшірме үшін Банк Клиенттен Операциялар жүргізген күні әрекет ететін Банктің Тарифтеріне сәйкес комиссиялар алуы мүмкін. Үзінді көшірмелерді алмау Клиентті/Карта /Қосымша Карта Ұстаушысын БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды. Ағымдағы айдың Операциялары келесі айдағы Үзінді көшірмелерінде бейнеленуі мүмкін.

156. Банк Үзінді-көшірме жіберілгеннен кейін туындаған және Клиенттің Үзінді-көшірмені уақытында алмауына немесе алмауына алып келетін электронды пошта жұмысында туындаған жаңылыстар немесе басқа форс-мажорлық жағдайлар үшін жауапкершілікте болмайды.

5 - тарау. Даулы операциялар

157. Егер Клиент (Карта/Қосымша Карта ұстаушы) Үзінді-көшірмеде және іс жүзінде жүргізілген Операциялар (немесе сомалар–валюталарды айырбастау нәтижесінде Операциялар сомасында туындаған айырмашылықты қоспағанда), комиссиядан немесе басқа төлемдерден дәл еместік анықтаған жағдайда, онда ол бұл туралы Банкке Үзінді-көшірме дайындалған күннен бастап 30 күн ішінде, бірақ Операциядағы даулы сома бойынша Авторландыруды растаған күннен бастап 45 күннен кешіктірмей, Банктің стандартты нысандағы жазбаша өтінішін ресімдеп, хабарлауы тиіс. Егер Клиент Ережелерде белгіленген мерзімде Банкке Үзінді-көшірмеде көрсетілген және іс жүзінде жүргізілген Операциялар арасында анықтаған айырмашылықтар туралы жазбаша өтініш білдірмесе, онда Клиент Үзінді-көшірмені растады деп есептеледі.

158. Банк даулы Операциялар бойынша Банктің картасын санкцияландырылмаған пайдалану тәуекелін төмендету мақсатымен Клиенттің мүддесіне қызметтік тексеру жүргізген кезде,

- өзінің қарастыруы бойынша картаны оқшауландыру мен оны алуды қоса алғанда, Клиенттің залалдары мен шығындарының алдын алу үшін шаралар қабылдауы мүмкін.
- 158-1. Карталарды санкцияланбаған пайдалану тәуекелін, сондай-ақ Банк карталары бойынша санкцияланбаған операциялар нәтижесінде клиенттерді жоғалту тәуекелін азайту мақсатында, Банк өз қалауы бойынша коммерсанттарға лимиттер белгілей отырып, Банк карталары бойынша коммерсанттың операцияларын толық бұғаттауды қоса алғанда, белгілі бір коммерсанттардағы операцияларды шектеуге құқылы.
159. Егер даулы Операциялар бойынша Клиенттің наразылығын Банк негізді деп есептегенде, Банк осындай Операциялар бойынша қайтарым төлемін жүргізеді. Бұл ретте төлемдердің сомалары, комиссиялар, сонымен қатар даулы Операциялардың сомалары бойынша ертеректе төленген сыйақылар мен Клиенттің төлегендері қайтарылмайды.
160. Егер Клиенттің өтініші бойынша даулы Операциялар бойынша Клиенттің наразылығына жүргізілген тексерудің нәтижесінде негізсіз деп танылған жағдайда, Банк Клиенттен осындай даулы Операциялар бойынша қызметтік тексеру жүргізумен байланысты Банктің барлық шығындарының нақты құнын төлеуді талап етуге құқылы.
- 160–1. Тараптардың осы Шартты/Негіздемелік шартты/БҚК/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) жасаумен байланысты/байланысты немесе оның жарамсыздығымен байланысты туындаған кез келген даулары, талаптары немесе наразылықтары ҚР заңнамаларында қарастырылған тәртіпте, сотта және/немесе арбитраждық сотта және басқа тәсілдермен, Банктің немесе оның филиалының орналасқан орны бойынша – Банктің қарастыруы бойынша шешіледі.
- 160-2. Клиент /Карта ұстаушы брокерлік, дилерлік және/немесе инвестициялық қызметпен айналысатын Кәсіпкерлер (коммерсанттар) жүргізетін (жүргізген, өткен) барлық Операциялар үшін, сонымен бірге электрондық әмияндарды толтырумен байланысты Операциялар үшін өздігінен жауапкершілікте болады. Клиент /Карта ұстаушы осындай түрдегі Операциялармен байланысты диспуттық (даулы) жағдайлар бойынша дауласуға құқылы емес, сонымен бірге басынан бастап олардың барлық талаптарына келіседі. Брокерлік, дилерлік және/немесе инвестициялық қызметпен айналысатын Кәсіпкерлерге мерзімдері мен талаптарына дауласуға, осындай Кәсіпкерлердегі ұстаушының атына ашылған жеке шоттардан ақшаны шығаруға және қолма-қол алуға, сонымен бірге инвестициялық және осындай түрдегі Кәсіпкерлермен (коммерсанттармен) байланысты басқа қызметтердің нәтижесінде мүмкін болатын пайдалар мен залалдарға дауласуға тыйым салынады. Осы тармақта қарастырылған Операцияларға дауласуға халықаралық төлем жүйелері ережелерінде тыйым салынған.
- 6 - тарау. Есеп айырысу тәртібі**
161. Банк Клиентке Шарттың шеңберінде берген барлық Карталары бойынша жасалған және банктер мен Клиентке қосымша қызмет көрсететін ұйымдардың ТЖ, процессингілік орталықтар арқылы төлемге берген және басқа да қаражаттарын, Банк Тарифтерімен және банктік шот ашу туралы Шарттарда қарастырылған Банкке комиссиялық Сыйақыны және Операция мен шоттың валюталары ерекшеленген жағдайдағы Банктің айырбастау бағамы бойынша Операция сомаларына балама ақшаны қаржылық растау алған күні тікелей дебеттеу арқылы есептен шығарады.
162. Банк Операция сомасын Шот валютасына ТЖ және/немесе Банк белгілеген айырбастау бағамына сәйкес айырбастайды. Клиенттің айырбастау бағамына дауласуға құқығы жоқ.
163. Картадағы және Слиптегі қол қоюда немесе Авторландырудың тиісті жауабын алуда айырмашылық болған жағдайда, алдын ала ескертусіз кассир немесе Карталарға қызмет көрсету орнындағы қондырғы Картаны алып алуға сөзсіз құқылы болады. Карталарға қызмет көрсету орнында кассир Карта ұстаушының Картадағы және Слиптегі қол қоюын салыстырмай жүргізген Операциялар үшін Банк жауапкершілікте болмайды.
164. Банкке Карта/Қосымша Карта ұстаушының кінәсынан Банктің шеккен шығындарын Клиент төлейді. Банк белгілеген жағдайларда, Шарт бойынша Карта /Қосымша Карта ұстаушыдан жекелеген міндеттемелерін орындауын талап етуге құқылы. Карта /Қосымша Карта ұстаушы бұл талаппен келіседі және қабылдайды.
165. Банк міндеттемелердің барлық сомалары және Картаны/Қосымша Картаны/Шотты беру

және пайдалану нәтижесінде немесе Клиент (Карта/Қосымша Карта ұстаушы) Шартты және/немесе Ережелерді және/немесе банктің басқа да нормативтік актілерін және/немесе ҚР заңнамасын және/немесе ТЖ ережелерін сақтамауы нәтижесінде туындаған шығындар бойынша Шотты дебеттеуге құқылы.

166. Банк Шотты Клиенттің немесе үшінші тұлғаның жүргізген төлемдеріне сәйкес немесе Шотқа Ережелерде көрсетілген тәртіпте Рұқсат етілмеген овердрафт бере отырып, Кредит береді. Комиссиялар мен басқа да төлемдерді Банк Шоттан, оның ішінде Шот бойынша дебеттік қалдық қалдыра отырып, ұстап қалуы мүмкін.

167. Банк ақша жоқтығына қарамастан (шығыстар Лимиті артып кеткен), Шоттан төлемдерді (Операцияларды) жүзеге асыруға рұқсат еткен жағдайда, Банк Клиентке осындай Кредит беру күнінде Банкте қолданыстағы Банк тарифтеріне сәйкес талаптарда осындай төлемді жүзеге асырған күннен бастап тиісті сомаға Кредит берген деп есептелінеді.

168. Банк тарапынан Авторландыру расталған жағдайда, Авторландыру сомасы Шотта аталған сомаға Шотты дебеттеу сәтіне дейін немесе Авторландыру сомасын болдырмағанға дейін оқшауланады. Шығыстар Лимиті Банк растаған Авторландыру сомасына азаяды. Егер Операция Авторландырусыз жүргізілген болса, Шығыстар Лимитінің мөлшері тиісті соманы төлемге шығарған күні азаяды. Клиент (Карта/Қосымша карта ұстаушы) Шотты қолма-қол ақша немесе аудару арқылы толықтырып отыруға құқылы.

169. Клиент (Карта/Қосымша карта ұстаушы) Шотты қолма-қол ақша немесе аудару арқылы толықтырып отыруға құқылы. Төлем, егер ол Ережелерде көрсетілген деректемелерге сәйкес жүргізілсе, онда ол нақты деп есептелінеді.

170. Кредит үшін Сыйақыны Банк Есеп айырысу кезеңдегі күн сайын Шоттағы дебет қалдығының мөлшеріне сүйене отырып, есептейді.

171. Банк Рұқсат етілмеген овердрафт (шығыстар Лимитінің артып кетуі) үшін Сыйақыны Есеп айырысу кезеңдегі күн сайын Шоттағы дебет қалдығының және белгіленген Кредит мөлшерінің (Рұқсат етілмеген овердрафт) арасындағы айырма мөлшерінен ұстайды.

172. Шотқа салынған (есепке алынған) сомалар (оның ішінде Шот бойынша есептелген Сыйақы, Қайтару) төлем құжатында көрсетілген төлем мақсатына байланыссыз жіберіледі.

173. Банк біржақты тәртіпте есептелген айыппұлдарды (өсімпұлдарды) төлетуден бас тартуға және Клиенттен оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындауын талап етпеуге құқылы.

174. Алынып тасталды.

175. Рұқсат етілмеген овердрафт туындаған немесе Есеп айырысу кезеңінде міндеттемелерін орындамау туындаған жағдайда, Банк Клиентке берген барлық Карталарының әрекетін уақытша тоқтатады және Шоттағы аударылған барлық соманы туындаған берешекті даусыз (акцептісіз) тәртіпте жібереді. Банк Клиенттің мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемақы, ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңымен қарастырылған тұрғын үй төлемақысы түрінде алатын ақшаны, нотариуска депозит талаптарында берілген ақшаны және ҚР «Мемлекеттік білім берудің жинақтау жүйесі туралы» Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаны, алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар) қоспағанда, Клиенттің Банктегі кез келген шотта орналастырылған ақшаны (қажет болған жағдайда, операция жасау күніндегі Банк бағамы бойынша айырбастау жүргізеді) даусыз (акцептісіз) тәртіпте туындаған берешекті өтеуге жібереді. Шоттағы ақша Кредит сомасы, Кредит үшін Сыйақылары және Банктің өзге төлемдері мен шығыстары кіретін Клиенттің Банк алдындағы берешегін өтеуге жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Шотты, сондай-ақ Клиенттің Банктегі басқа да шоттарын оқшаулауға және бар ақшаны және түсетін ақшаны жоғарыда аталған шығыстар мен берешекті акцептісіз тәртіпте өтеуге жіберуге құқылы. Шоттағы ақша Кредит сомасы, Кредит үшін Сыйақылары және Банктің өзге төлемдері мен шығыстары кіретін Клиенттің Банк алдындағы берешегін өтеуге жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Шотты, сондай-ақ Клиенттің Банктегі басқа да шоттарын оқшаулауға және бар ақшаны және түсетін ақшаны жоғарыда аталған шығыстар мен берешекті акцептісіз тәртіпте өтеуге

жіберуге құқылы.

Банк Клиенттің мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемақы, ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңымен қарастырылған тұрғын үй төлемақысы түрінде алатын ақшаны, нотариусқа депозит талаптарында берілген ақшаны және ҚР «Мемлекеттік білім берудің жинақтау жүйесі туралы» Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаны, алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар) қоспағанда, Клиенттің Банктегі кез келген шотта орналастырылған ақшаны (қажет болған жағдайда, операция жасау күніндегі Банк бағамы бойынша айырбастау жүргізеді) даусыз (акцептісіз) тәртіпте туындаған берешекті өтеуге жібереді. Шоттағы ақша Кредит сомасы, Кредит үшін Сыйақылары және Банктің өзге төлемдері мен шығыстары кіретін Клиенттің Банк алдындағы берешегін өтеуге жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Шотты, сондай-ақ Клиенттің Банктегі басқа да шоттарын оқшаулауға және бар ақшаны және түсетін ақшаны жоғарыда аталған шығыстар мен берешекті акцептісіз тәртіпте өтеуге жіберуге құқылы.

175–1. Клиенттің банктік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде төлем талабын орындау ақшаның түсуіне қарай Клиенттің банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы жүзеге асырылады.

175–2. Клиенттің Ағымдағы шотына қойылған төлем талабы төлем тапсырмасында көрсетілген барлық соманың түсуін күтпестен, ондағы ақша сомасының елу пайызы шегінде және (немесе) кейіннен оның ағымдағы шотына түсетін әрбір ақша сомасынан оның ағымдағы шотын тікелей дебеттеу арқылы орындалады.

175–3. Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың тиісті шешімдерінің және (немесе) өкімдерінің не уәкілетті органның терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген ұйымдар мен жеке тұлғалар туралы ақпараты негізінде Клиенттің Шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар), сондай-ақ нотариус депозиті шарттарымен енгізілген ақшаны есептеуге арналған Шоттар бойынша шығыс операцияларына тыйым салуға, тоқтата тұруға жол берілмейді.

175–4. Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салынған, өндіріп алу қолданылған және (немесе) Клиенттің Шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрған кезде авторландыру ол бойынша Клиенттің Шотындағы ақшадан өндіріп алу жүзеге асырылатын атқару құжаттары, төлем құжаттары және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдардың не лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері (өкімдері) Банкке түскен күнге және уақытқа дейін Картаны пайдаланумен жүргізілген төлем, сондай-ақ авторландырусыз, Клиенттің Шотындағы ақшадан өндіріп алу жүзеге асырылатын атқару құжаттары, төлем құжаттары және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдардың не лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері (өкімдері) түскен күнге және уақытқа дейін Картаны пайдаланумен жүргізілген төлем клиенттің Шоты бойынша көрсетіледі.

175–5. Клиенттің Шоты бойынша шығыс операциялары уәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімін және (немесе) өкімін кері қайтарып алғаннан кейін, сондай-ақ ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінде, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» және «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен жаңартылады.

Клиенттің Шотындағы ақшасына салынған тыйым Клиенттің ақшасына тыйым салу құқығы бар тұлғаның тиісті жазбаша хабарламасы негізінде немесе банк Шоттағы ақшаға бұрын салынған тыйымды орындау үшін қойылған инкассолық өкімді орындағаннан кейін не «Атқарушылық іс

жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңында көзделген жағдайларда алынады.

Банк «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіппен Клиенттің Шоты жабылған кезде Шотқа қойылған орындалмаған талаптарды, Клиенттің Шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, сондай-ақ Клиенттің Шоттағы ақшасына тыйым салу туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың шешімдерін және (немесе) өкімдерін орындамастан қайтарады.

175–6. Банкке Клиенттен оның Шотынан Картаны пайдаланусыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға нұсқау түскен кезде Клиенттің Шотынан Клиенттің нұсқауын орындау Шоттағы ақша қалдығы шегінде осы Шартқа сәйкес авторландыру жүргізілген және Шоттағы ақшаны оқшаулау жүзеге асырылған операциялар сомасын шегерумен жүзеге асырылады.

175–7. Банк олар бойынша Клиент Картаны пайдаланумен операцияларды жүзеге асырмаған және бұл факт туралы Банкті хабардар еткен Клиенттің Шотынан ақшаны қате алып қою немесе Клиенттің Шотына ақшаны қате есепке жатқызу кезінде қате алып қою немесе қате есептеу айқындалғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде ақшаны қате алып қойған немесе қате есептеген сәтке дейінгі жағдай бойынша Клиенттің Шотындағы ақша қалдығын қалпына келтіреді.

176. Картаны Шоттағы валютадан өзге валютада пайдалану Шот валютасындағы Операциялар сияқты талаптарда және сондай мерзімде жүзеге асырылады. Бұл ретте Шот валютасын Операция валютасына айырбастау Банк ережелеріне сәйкес және ТЖ бағамы бойынша және/немесе Карталармен операциялар үшін Операция сомасын Шоттан есептен шығару күні белгілеген Банктің бағамы бойынша жүзеге асырылады.

177. Клиент шотты жүргізу валютасында шетелде төлеген кезде Банк айырбастауды төлем карточкалары жүйесінің қатысушылары арасында жасалған шарттарға сәйкес ТЖ және/немесе Банк белгілеген айырбастау бағамы бойынша жүргізеді.

178. Кредит немесе Шот бойынша кредиттік қалдық бойынша Сыйақы есептеген кезде, Банк базадан келесілерді шығарады: нақты күндер саны бір айда 30 күн, бір жылда 360 күнге теңеледі.

179. Банк Клиенттің жазбаша өтінішін қарастыруға және 15 күнтізбелік күн ішінде жазбаша жауап дайындауға міндеттенеді.

7 - тарау. Дауыстық меню жүйесі

180. Дауыстық меню қызметі (IVR - Interactive Voice Response) –Клиент дауыстық меню қызметінің көмегімен ДСН-кодын орнату, қолжетімді лимит сұрату және тағы басқалар сияқты Банк қызметін ала алады. Банктің Дауыстық меню жүйесі арқылы ұсынған қызмет көрсетулер тізбесі Банктің қарастыруымен кеңейтілуі/өзгертілуі мүмкін.

181. Банк өз қарастыруымен Клиентке Дауыстық меню қызметі арқылы ДСН-кодын орнату, Шот бойынша қаржылық ақпарат алу, сондай-ақ Банктің қалауы бойынша басқа да әрекеттер жүзеге асыру мүмкіндігін беруге құқылы. Банк кез келген уақытта Дауыстық меню қызметінің жұмысын уақытша тоқтатуға және/немесе толық тоқтатып тастауға құқылы. Дауыстық меню қызметі, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету немесе техникалық ақаулықтар кезінде уақытша қолжетімсіз болуы мүмкін.

182. Дауыстық меню қызметтері Банк Клиентті анықтау коды негізінде түпнұсқаландырғанда беріледі.

183. Клиент осы арқылы Клиент Өтініште көрсеткен тіркелген нөмірі бар мобильдік телефонның (басқа құрылғының/құралдың) Клиенттің иелігінде және пайдалануында тұр деп саналатынымен, Клиент және оның банктік шоттары мен Картасы туралы, осы шоттардағы ақша қалдығы мен қозғалысы туралы ақпаратты және банктік құпияны құрайтын басқа да мәліметтерді Клиенттің мобильдік телефонына (құрылғысына/құралына) қолжетімділік алған және Клиенттің Өтініште көрсетілген, тіркелген нөмірінен Дауыстық меню қызметінің (IVR) қызметін пайдаланған тұлғаларға ашылуы қатысында (оның ішінде Клиентке Дауыстық меню

қызметі (IVR) беретін ақпаратқа үшінші тұлғалардың санкцияланбаған қолжетімділігі жөнінде күмән болған кезде) тәуекел мен жауапкершілікті өздігінен көтеретінімен сөзсіз келіседі. Клиентті сәйкестендіруді Банк Дауыстық меню қызметіне хабарласқан кезде Клиенттің Өтініште көрсеткен мобильдік телефонының тіркелген нөмірінен жүргізіледі.

184. Дауыстық меню қызметін үшінші тұлғалардың санкцияланбаған пайдалануын болдырмау мақсатында Клиент Картаның нөміріне қатысты құпиялылықты және жасырындықты сақтауға, және де оның Дауыстық меню қызметі (IVR) жүйесіне қолжетімділікті қорғаудың маңызды құралы екендігін ескеріп, ешбір жағдайда оны ешкімге хабарламауға міндетті. Клиентті автоматтандырылған жүйеге қолжетімділікті жүзеге асыратын құралдар мен мәліметтердің үшінші тұлғаларға белгілі/қолжетімді болуы мүмкін екендігі туралы күдіктенген жағдайда, Клиент тез арада оларды өзгерту мақсатында Банкке хабарласуы керек.

185. Еңсерілмес күш жағдайлары, оның ішінде апаттар, жабдықтардың, электр энергиясын беру жүйелерінің және/немесе желілердің немесе үшінші тұлғалардың қамтамасыз ететін, беретін пайдаланатын және/немесе қызмет көрсететін байланыс жүйелерінің жаңылысы мен іркілісі орын алған жағдайда, Банк мұндай апаттар, Дауыстық меню қызметіне (IVR) қызмет көрсетудегі жаңылыс және іркілістер үшін жауапкершілікте болмайды.

8-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

186. Банктің құқықтары:

- 1) Банк белгілеген уақыт кезеңі ішінде Операциялар Лимитінің және/немесе Операциялардың/Авторландырулардың ең жоғарғы санын белгілеу;
- 2) Клиенттің (Карта/Қосымша Карта ұстаушы) Стандартты талаптарды/Негіздемелік шартты/БҚК/Өтініштерді (Кредиттік өтінімдерді) және/немесе Ережелерді және/немесе Банктің басқа да нормативтік актілерін және/немесе ҚР заңнамасын сақтамаған немесе сақтамағандығы туралы Банк күмәнданған жағдайда, сондай-ақ төлем жүйесінің ұсынысы бойынша алдын ала хабарламастан, Картаны/Қосымша Карталарды және Шотты пайдалану құқығын ішінара немесе толық шектеу;
- 3) ҚР заңнамасына және осы Стандартты талаптарда қарастырылған жағдайларда Клиенттің Шот бойынша операциялар жасауына қарсы болу;
- 4) Клиенттің Шотқа орындалмаған талаптары болған кезде Клиенттің Шотын жабуға нұсқауын, Клиенттің Шотында бұл нұсқауды орындауға ақша сомасы жеткіліксіз болған жағдайда Клиенттің нұсқауын қабылдаудан бас тарту;
- 5) Клиенттен төлем жүргізудің және валюталық операциялар жүзеге асырудың негізділігін растаушы құжаттарды сұрау;
- 6) Клиентке оның сұранысы бойынша банктік операциялар жүргізудің жалпы талаптары, сондай-ақ Банк Тарифтері, Тарифтік жоспарлар туралы ақпарат беру;
- 7) ҚР заңнамасына сәйкес ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету және Клиенттің Шот бойынша жүргізген операциялары туралы банктік құпияны сақтау;
- 8) Клиентке Кредит лимитін Клиентпен БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) қол қою арқылы беру;
- 9) Кредит лимитін осы Стандартты талаптарда және/немесе Клиенттің өтінішінде қарастырылған тәртіпте және жағдайларда өзгерту;
- 10) Карта беру үшін Сақтандыру депозитін немесе Қамтамасыз етуді жүргізу талаптарын реттейтін жеке шарт жасаумен банктік шот ашып, басқа Қамтамасыз етуді салуды талап ретінде белгілеу. Бұл ретте Шарттың әрекет ету уақытына Клиент аудару, шоттан ақшаны алу бойынша активті операциялар жүргізуден бас тартуға келісімін беруі мүмкін, кепілге басқа міндеттемелер бойынша Картаны Қамтамасыз етуге берілген шоттың қалдығын беру;
- 11) Картаны Қамтамасыз ету бойынша шарттың талаптарын мерзімінен бұрын бұзудан немесе талаптарын өзгертуден бас тарту;
- 12) Клиентпен БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша барлық міндеттерін толық орындағанға дейін Картаға Қамтамасыз етуге кепіл құқығын сақтау және Клиент БҚК/Өтініш (Кредиттік

- өтінім) бойынша міндеттерін орындамаған/тиісті орындамаған жағдайда Кепіл мәнінен өндіру алу;
- 13) Клиентпен Негіздемелік шарт/БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) жасаған күнге бекітілген Негіздемелік шарт/ БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарын біржақты тәртіпте жақсарту.
Клиент үшін жағдайларды жақсарту деп келесілер түсініледі:
тұрақсыздық айыппұлдарын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына өзгерту немесе толық алып тастау;
БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін азаю жағына өзгерту;
Карта бойынша Кредиттік лимитті ұлғайту жағына өзгерту (Клиенттің келісімімен Банкте бекітілген байланыс арналары, тәсілдері арқылы);
банктік қарызға қызмет көрсетумен байланысты қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялар мен өзге төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту немесе толық алып тастау;
БҚК / Өтініш (Кредит өтінімі) бойынша төлемдер мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу.
- 14) Карталарды белгілі бір Қызмет көрсету пункттерінде және/немесе елдерде пайдалануға біржақты тәртіпте тыйым салу;
- 15) Клиент пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны алуға, Клиент Банкке пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны алуға өтініш берген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік айдан артық мерзімде келмесе немесе Банктің банкоматы ұстап қалған жағдайда, Банк Клиенттен пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны қайтару туралы жазбаша өтініш алмаса, картаны алып алған күннен бастап үш ай өткен соң пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны жою;
- 16) Карта шығарған үшін төленген (сондай-ақ Шоттан есептен шығарылған) комиссияны және Клиент жаңғыртылған Картаны алуға ниет білдірмеуіне байланысты және Клиенттің осы Стандартты талаптарды бұзған жағдайдағы басқа төлемдерді қайтармау;
- 17) Клиенттің алдын ала келісімінсіз Шоттан келесідей сомаларды алып алу (есептен шығару):
- Операция сомасы, ол бойынша Банк ТЖ-дан, басқа банктерден немесе процессинглік орталықтардан растау алған;
 - Кредиттер бойынша (негізгі борыштың, Кредит үшін Сыйақының мөлшерін, оның ішінде Рұқсат етілмеген овердрафт, Кредитті уақытында қайтармағаны үшін Сыйақыны, тұрақсыздық айыбын және т.б. қоса) берешектер сомасы;
 - кез келген қате есептелген ақша, оған Қайтаруды, өзге жеке және заңды тұлғалардан есептеулерді, Шот бойынша Сыйақыны қоса, бірақ шектелмей;
 - Клиенттің Банк алдындағы кез келген берешек сомасы;
 - операция жүргізу күні қолданыстағы Тарифтерге сәйкес Шоттан есептен шығарылған Банктің комиссиялық Сыйақысы;
- 18) Шот бойынша 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде Операциялар (қозғалыстар) болмаған жағдайда, Клиенттің Шотын жабу және 500 теңгеге дейінгі соманы Банктің кірісіне есепке алу;
18-1) шоттарды төлем карталарын пайдаланып жабу кезінде Клиентке шоттың жабылуы туралы тиісті хабарламаны қозғалыс болмаған кезең мен жоспарлы жабу күнін көрсете отырып, www.eubank.kz электронды мекенжайы бойынша Банктің WEB–сайтында орналастыру арқылы, шотты жабуға дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлау;
- 19) өз қарастыруымен Банктің Кредитті талап ету сәтін белгілеу және Қорытынды Шот-үзінді-көшірмесін жасап және Клиентке жіберіп, оның ішінде Клиент Стандартты талаптарда/Негізгі шартта/ БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қарастырылған міндеттемелерін орындамаған жағдайда, сондай-ақ Картаның әрекеті тоқтатылған кезде Клиенттің арастырылған өзін Берешекті толық көлемде өтеуін талап ету;
- 20) Клиент Берешекті өтеу мерзімін бұзған жағдайда және Клиенттің мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемақы, ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңымен қарастырылған тұрғын үй төлемақысы түрінде алатын ақшаны, нотариуска депозит талаптарында берілген ақшаны, сонымен бірге ҚР «Мемлекеттік білім берудің жинақтау жүйесі туралы» Заңында

қарастырылған тұрғын үй төлемдерін, «Мемлекеттік білім берудің жинақтау жүйесі туралы» Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаны, алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшаларды) қоспағанда, Клиенттің Банкте және ҚР басқа банкілерінде ашылған басқа шоттарында Берешекті өтеу үшін жеткілікті мөлшердегі ақшаны Клиенттің өкімінсіз есептен шығару, Шоттағы ақша Кредит сомасы, Кредит үшін Сыйақылары және Банктің өзге төлемдері мен шығыстары кіретін Клиенттің Банк алдындағы берешегін өтеуге жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Шотты, сондай-ақ Клиенттің Банктегі басқа да шоттарын оқшаулауға және бар ақшаны және түсетін ақшаны жоғарыда аталған шығыстар мен берешекті акцептісіз тәртіпте өтеуге жіберу. Егер есептен шығаруды жүргізген шоттар Шот ашылған валютадан өзгеше валютада ашылса, мұндай ақшаны есептен шығару күнгі Банктің бағамы бойынша Шот валютасына айырбастау, бұл ретте Клиенттің қарыз бойынша берешегін төлем талабын қою арқылы өндіріп алу Клиенттің банктік шотындағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен Клиенттің банктік шотына түсетін әрбір ақша сомасының елу пайызы шегінде шектеледі және төлем тапсырмасын толық орындау үшін қажетті барлық соманың банк шотына түсуін күтпестен жүзеге асырылады. Бұл шектеу Клиенттің жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды; Бұл шектеу Клиенттің жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды;

21) Шоттан соманы Клиенттің бұрын жасаған Операцияларынан 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн ішінде есептен шығару, оның ішінде бас тартқан жағдайда Қартаны Банкке қайтару күнінен әрекет ету мерзімі өтіп кеткенде немесе оның әрекет ету мерзімі біткенде Қартаны оқшаулау;

22) қызмет көрсету сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін Клиенттің Төлем карталарын ұстаушыларды қолдау қызметіне немесе Банктің басқа бөлімшелеріне хабарласқан кезінде онымен телефонмен сөйлесудің жазбасын жүргізу, сондай-ақ жазбаны осындай жүгіну фактісін дәлелдеу ретінде пайдалану;

23) Шотқа Кредит лимитін беру;

24) Клиент сенімсіз ақпарат бергені анықталған және/немесе оның қаржылық жай-күйі нашарлаған және/немесе Клиент пайдаланған Кредитті немесе оның бөлігін өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Банктің Шартты/Негіздемелік шартты/ БҚК/Өтінішті (Кредиттік өтінім) тиісті орындауына ықпал ететін Қазақстан Республикасының талаптары өзгерген күннен бастап өтеу мерзімін 1 (бір) күнтізбелік күннен артық кезеңге кешіктірген жағдайда Кредит беруді жою, мөлшерін азайту немесе уақытша тоқтату және Қартаны оқшаулау және Клиенттен берешегін мерзімінен бұрын өндіру;

25) Клиенттің пайдаланған Кредитті немесе оның бөлігін өтеу бойынша міндеттемелерін орындамау жағдайлары анықталған кезде, өтеу мерзімі 40 (қырық) күнтізбелік күннен артық кешіктірілген жағдайда, Клиенттің берешегін мерзімінен бұрын өндіру;

26) Клиенттің ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Кредит бюросына ол туралы ақпаратты беруге және Кредит есебін алуға келісімін, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ беретін жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылатын міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпаратты алуға келісімін алынған келісімді БҚК/Өтініштің (кредит өтінімнің) қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін мерзімсіз пайдалануға берген шектелмеген мәрте пайдалану;

27) ҚР валюта заңнамасына сәйкес Клиенттен Шот бойынша операциялар жүргізуге қажетті құжаттарды талап ету және талап етілген құжаттарды бергенге дейін Шот бойынша Операциялар жүргізбеу;

28) Клиент пайдаланылған Кредитті немесе оның бөлігін өтеу міндеттемелерін орындамаған жағдайда, 1 (бір) күнтізбелік күннен артық кезеңге өтеу мерзімін кешіктірген жағдайда, есептеу сәтіне шотты жапқан жағдайда, Клиенттің Шотына Қайтаруды жүргізбеу.

29) Алынып тасталды;

30) Клиент БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша қабылдаған міндеттерін тиісті түрде орындамағаны және/немесе орындамағаны және/немесе Стандартты талаптарды бұзғаны үшін, сондай-ақ Шарттың 187-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген хабарламадан туындайтын

талаптарды қанағаттандырмаған кезде, Банк ҚР заңнамасында және Стандартты талаптармен көзделген ықпал ету шараларының барлығын, мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін, Қарыз алушы жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түрінде алатын, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Қарыз алушының талабы бойынша ашылған банктік шоттардағы ақшаны, алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар) қоспағанда, Клиенттің Банкте не басқа банктерде және/немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алу, оның ішінде төлем талаптарын қою құқығын қоса қолдануға құқылы (2021ж. 01 қазанға дейін қолданылады).

Клиент БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша қабылдаған міндеттерін тиісті түрде орындамағаны және/немесе орындамағаны және/немесе Стандартты талаптарды бұзғаны үшін, сондай-ақ Шарттың 187-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген хабарламадан туындайтын талаптарды қанағаттандырмаған кезде, Банк ҚР заңнамасында және Стандартты талаптармен көзделген ықпал ету шараларының барлығын, мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін, Қарыз алушы жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түрінде алатын, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Қарыз алушының талабы бойынша ашылған банктік шоттардағы ақшаны, алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар), сондай-ақ «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген емделуге ақы төлеу мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банк шоттарындағы ақшаны, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтау түріндегі екінші деңгейдегі банктердің банктік шоттарындағы ақшаны, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банк шоттарындағы ақшаны, «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақша, банк шоттарындағы ақша, өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушыларының ағымдағы шоттарындағы ақшаны қоспағанда, Клиенттің Банкте не басқа банктерде және/немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алу, оның ішінде төлем талаптарын қою құқығын қоса қолдануға құқылы (2021ж. 01 қазаннан бастап қолданылады).

Осыған байланысты Банк шеккен шығыстардың барлығы Клиенттің шотына жатқызылады;

31) Қарыз алушының Банкте, басқа банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы алынған қаражат есебінен Кредит/Кредит лимиті бойынша берешекті өтемеген жағдайда Банк төлем талабын орындау барысында түскен және Кредит/Кредит лимиті бойынша мерзімі кешіктірілген берешек сомасынан асатын соманы Шарт/Негіздемелік шарт/БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша берешекті мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеу үшін бағыттауға құқылы, ал Қарыз алушы мұнымен сөзсіз және қайтарымсыз келіседі.

32) егер Клиент "ұялы телефон нөмірі + Карта" байланысын өз бетінше тағайындамаған жағдайда, Банк Клиенттің банкте ашылған шотына шығарылған кез келген қолданыстағы

бұғатталмаған картасы бойынша "ұялы телефон нөмірі + Карта" байланысын тағайындауға құқылы.

187. Банктің міндеттері:

1) Клиентке Шот ашу және Карта беру;

1-1) осы Шартты жасағанға дейін Карта Ұстаушыға Картаны пайдалану кезіндегі талаптар, қауіпсіздік шаралары, Ережелер, наразылықтар беру және оларды қарастыру тәртібі туралы ақпарат беру.

2) Картаға осы Шартқа және Ережелерге сәйкес қызмет көрсету;

3) Пластикалық карталарды шығару өтініші негізінде Металл карталарды 30 (отыз) банктік күн ішінде шығаруға Банк Өтінішті мақұлдаған және растаған және Клиенттің Картаны берген/қызмет көрсеткені үшін Сыйақы төлеген күннен бастап, 10 (он) банктік күн ішінде Карта ұстаушыға немесе Карта ұстаушының берген сенімхаты (нотариалды куәландырылған) негізінде әрекет ететін оның сенім көрсетілген тұлғасына, алдын ала Шарттың Стандартты талаптарымен және Ережелермен таныстырып беру. Карта беру туралы өтінішті Банк 5 (бес) банктік күн ішінде қарастырады;

4) Клиентке Шот бойынша, Тарифтерде белгіленген Сыйақы үшін жазбаша сұрату алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде үзінді-көшірме беру;

5) Клиентке Картаның Жоғалғаны немесе ұрлатқаны туралы хабарламаны тәулік бойы қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, ал оны алған жағдайда – Картаны ары қарай пайдалануды болдырмас үшін барлық қажетті шараларды қамтамасыз ету;

6) Қарыз алушының өтініші бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз, кемінде айына бір рет жазбаша түрде Шарт/БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша борышты өтеу есебіне кезекті түскен ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа төленуі тиіс сомаға, сонымен бірге мерзімі кешіктірілген төлемді көрсетумен басқа да төлеуге тиісті сомалар) туралы ақпаратты беру;

7) тиісті түрде ресімделген төлем құжаттарын алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Шотқа Клиенттің пайдасына түскен ақшаны аудару;

8) Клиенттің Шарт бойынша берілген ақшаны Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша –үш банктік күннен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыптарына, айыппұлдарға және басқа да төленуі тиіс сомаға бөлінген қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып, ақысыз хабарлау;

9) Клиент Шартта/Төлемдер кестесінде/БҚШ/Өтініште (Кредиттік өтінімде) бекітілген мерзімде берешекті өтеу бойынша міндеттерін өтеу мерзімін кешіктірген жағдайда, Клиентке осындай міндеттерді орындаудың мерзімі кешіктірілген әрбір дерегі туралы және Шарт/Төлемдер кестесі/ БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша келесі мерзімде төлемдер енгізу қажеттігі туралы хабарлау: Шарт/Төлемдер кестесі/ БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша тиісті өтеген Күннен кейін келесі күннен бастап, бірақ қарыз алушының өзінің міндеттерін орындамауының салдарлары туралы міндеттерді орындау мерзімі кешіктірілген туындаған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей. Бұл ретте Банк таңдаған Байланыс арналарының бірі арқылы Шартқа/ БҚШ/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) сәйкес және ҚР заңнамаларына қарсы келмейтін басқа тәсілдермен ай сайынғы үзінді көшірмені беру жолымен хабарламаны Банк жібереді (2021 ж. 01 қазанға дейін қолданылады.);

Клиент Шартта/Төлемдер кестесінде/БҚШ/Өтініште (Кредиттік өтінімде) бекітілген мерзімде берешекті өтеу бойынша міндеттерін өтеу мерзімін кешіктірген жағдайда, Клиентке осындай міндеттерді орындаудың мерзімі кешіктірілген әрбір дерегі туралы және Шарт/Төлемдер кестесі/ БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша хабарламада көрсетілген мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, келесі мерзімде төлемдер енгізу қажеттігі туралы хабарлау: Шарт/Төлемдер кестесі/ БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша тиісті өтеген Күннен кейін келесі күннен бастап, бірақ қарыз алушының өзінің міндеттерін орындамауының салдарлары туралы міндеттерді орындау мерзімі кешіктірілген туындаған күннен бастап 20

(жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірмей. Бұл ретте Банк таңдаған Байланыс арналарының бірі арқылы Шартқа/ БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) сәйкес және ҚР заңнамаларына қарсы келмейтін басқа тәсілдермен ай сайынғы үзінді көшірмені беру жолымен хабарламаны Банк жібереді (2021 ж. 01 қазаннан бастап қолданылады).

10) егер Шарт/ БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күннің ішінде Клиент Банкке Қарызды қайтаратын болса, бұл жағдайда, Қарызды қайтарғаны үшін, Қарыз берген күннен бастап есептелген сыйақыдан басқа тұрақсыздық өсімпұлдары немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлері есептелмейді;

11) Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) келесілерді хабарлау:

- үшінші тұлғаға құқықтардың (талап етудің) өту мүмкіндігі туралы, сонымен бірге осы қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларына қарсы келетін осындай талап етуді берумен байланысты талап ету құқықтары шартын жасағанға дейін;

- Қарызды өтеу бойынша үшінші тұлғаға (Шарт/Негіздемелік шарт/БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша құқықтары өткен тұлғаның атауы және орналасқан орны) одан әрі қарай төлемдердің тағайындалуын көрсетумен талап ету құқықтарын беру шартын жасаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемі, үшінші тұлғаға берілген тәсілі, құқықты беру (талап ету) жағдайы туралы, сонымен бірге Негізгі борыштың, Сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық өсімпұлдары (айыппұлдар, өсімпұлдар) және басқа да төлеуге тиісті сомалар туралы.

Банк Шарт бойынша құқықтарды (талап етулерді) үшінші тұлғаға берген кезде, Қазақстан Республикасындағы Шарттың/Негіздемелік шарттың/ БҚК/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) аясында Қарыз алушымен кредитордың ара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғалармен Қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылады;

12) Интернеттегі Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz) және Банк үй-жайларында осы Шарттағы, Ережелердегі өзгерістер туралы олар күшіне енген күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей және Тарифтер туралы Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде белгіленген мерзімде хабарландырулар жариялау;

13) Клиенттің ҚР аумағындағы және одан тыс жерлердегі басқа банктердегі (банктік операциялардың жекелеген түрлерін іске асыратын ұйымдардағы) шоттарынан ақша есептен шығарылған жағдайда Клиент Банктің шоттарды тікелей дебеттеу арқылы есептен шығаруымен байланысты барлық шығынын өтейді.

14) Қарыз алушыға Шартта қарастырылған тәртіпте оларды жақсарту жағына Шарттың/ БҚК/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарын өзгерту туралы хабарлау;

15) Клиентке Шартқа/БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар және туралы Шартқа/БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) сәйкес олар қолданысқа енген күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, қызмет көрсету комиссияларының мөлшері туралы Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы не Банктің филиалдарында және/немесе сайтында хабарлама орналастыру жолымен не Клиент көрсеткен пошта немесе электрондық пошта мекенжайына, өзінің қарастыруы бойынша ұялы байланыс қондырғысы арқылы хабарлау;

16) хабарламада Клиенттің Шартқа/ БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданылатын күнге дейін Шартты/ БҚК/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) оны бұзғаны үшін Шартқа/ БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) сәйкес қосымша комиссия төлеусіз бұзу мүмкіндігі туралы көрсету;

17) Картаға қызмет көрсетілгені үшін алынатын комиссияның мөлшері немесе оны төлемеген кезде берешектің есептелетіні туралы Клиентті хабардар ету, сондай-ақ осы Шартта көзделген тәртіппен Клиенттің Картасына қызмет көрсетілгені үшін оның комиссия төлеу фактісі бойынша растаманың Клиентке берілуін қамтамасыз ету;

18) сәйкестендіру құралдары арқылы расталған Клиенттің бұйрығы бойынша және келісімімен Клиенттің банктік шотының бар екенін, нөмірі және банктік шот бойынша операциялар туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға беру.

19) Негіздемелік шарт/Шарт/ БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттерін орындау мерзімін кешіктіру туындаған жағдайда қарыз алушыға Негіздемелік шартта/Шартта/ БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қарастырылған тәсілде және мерзімде, және өзінің міндеттерін қарыз алушының орындамауы салдарлары туралы бірақ Шарт/БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі туралы міндеттерді орындау мерзімі туындаған күннен бастап 30 (отыз) (2021 ж. 01 қазанға дейін қолданылады) 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірмей (мерзімнің 20 (жиырма) күнтізбелік күнге өзгеруі 2021 жылғы 1 қазаннан бастап қолданылады) хабарлау. Негіздемелік шартта/Шартта/БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) тараптардың келісімі бойынша Негіздемелік шарт/Шарт/БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша кезекті төлемдер күні туралы хабарлау мерзімі мен тәсілдері қарастырылады.

20) Қарыз алушының жазбаша өтінішін Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы» Заңында белгіленген мерзімде қарастыру және жазбаша жауапты дайындау;

187-1. Банкке келесілерге тыйым салынады:

1) Клиентпен БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) жасаған күнге бекітілген, Клиент үшін оларды жақсартқан жағдайлардан басқасында, БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарын, оның ішінде комиссиялардың мөлшері мен есептеу тәртібі және қарызға қызмет көрсету бойынша басқа да төлемдерді біржақты тәртіпте өзгерту.

Клиент үшін жағдайларды жақсарту деп келесілер түсініледі:

- тұрақсыздық айыппұлдарын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына өзгерту немесе толық алып тастау;
- БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін азаю жағына өзгерту;
- Карта бойынша Кредиттік лимитті жоғарылау жағына өзгерту (Клиенттің келісімімен Банкте бекітілген байланыс арналары, тәсілдері арқылы).».
- банктік қарызға қызмет көрсетумен байланысты қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялар мен өзге төлемдерді азайту жағына өзгерту немесе толық алып тастау;
- БҚК/ Өтініш (Кредиттік өтінімі) бойынша төлемдер мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу.

1-1) БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінімі) жасалған күніне белгіленген қарызға қызмет көрсеткені үшін сыйақылар мен басқа төлемдерді есептеу мөлшері мен тәртібін біржақты тәртіппен өзгерту.

2) БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) аясында комиссияның жаңа түрлерін және басқа да төлемдерді біржақты тәртіпте енгізу;

2-1) Қарыз беру туралы шартпен сақтандыру шартын жасау туралы және (немесе) қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізуге талаптар көзделген болса Қарыз алушыны, Кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдау кезінде шектеуге, сондай-ақ Қарыз алушыға өзінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеу;

2-2) Келесі жағдайларды қоспағанда, жасалған БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) аясында біржақты тәртіппен жаңа қарыздар беруді тоқтата тұру:

- БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көзделген жаңа қарыздар беруді жүзеге асырмау құқығы туындаған кезде;
- қарыз алушының шарт бойынша банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзуы;
- халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін Банктің ішкі кредиттік саясатына сәйкес банк жүргізген мониторингтің нәтижесі бойынша анықталған қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы;
- банктің шартты тиісінше орындауына ықпал ететін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының өзгеруі;

2-3) Келесі жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалармен шарт жасау күніне белгілеген сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен өсіру жағына өзгерту:

- БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көзделген жағдайларда, Қарыз алушының қарыз алу және қызмет көрсетумен байланысты дәйекті ақпарат ұсыну бойынша өз міндеттемелерін бұзуы;

- 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім) (бұдан әрі – Кодекс) және 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) көзделген жағдайларда, сондай-ақ шартта көзделген мынадай жағдайларда банкте міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығының туындауы:

1) банктің алдын ала жазбаша хабарламасыз, жиынтығында акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестіктің) акцияларының он және одан көп пайызын (қатысу үлесін) иеленетін қарыз алушының қатысушылары (акционерлері) құрамының өзгеруі;

2) Қарыз алушымен және (немесе) Кепіл берушімен кепілге қойылған мүліктің құжаттары бойынша және нақты болуын, мөлшерін, жай-күйін және оны сақтау талаптарын, сондай-ақ үшінші тұлғалардың қарыз алушының (кепіл берушінің) мүлкіне, оның ішінде банкке кепілге қойылған мүлікке талап етуді беру кепіл ұстаушы болып табылатын Банктің тексеру құқығын бұзуы;

2-4) Бір жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап алты айға дейін, бір жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара мерзімінен бұрын өтеу немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, қарыздарды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін өндіріп алу.

Осы тармақшаның ережесі шарт жасасқан күннен бастап күнтізбелік он төрт күн өткен соң негізгі борышты мерзімінен бұрын қайтару жағдайларына қолданылады және банк қарызды мерзімінен бұрын қайтаруға келіскен не Кодекстің (Ерекше бөлім) 722-бабы 1-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес шартта бұл көзделген жағдайларда қолданылады;

3) Егер негізгі борыш немесе сыйақы қайтару, кредит бойынша комиссиялар күні демалыс немесе мереке күніне түсетін болса және негізгі борыш немесе сыйақы және/немесе комиссиялар төлеу одан кейінгі жұмыс күні қайтарылған жағдайда, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін алу.

188. Клиенттің құқықтары:

1) Банкке жазбаша өтініш беру/немесе Клиенттерді қолдау қызметіне телефон бойынша хабарласып, Операциялардың Лимиттерін өзгерту. Бұл ретте Банк жүргізген телефонмен сөйлесу жазбалары Карта ұстаушыдан келіп түскен ауызша Талаптың мазмұнының жеткілікті дәлелі болып табылады. Банк Клиентке Картаны заңсыз пайдаланған жағдайда Клиенттің ықтимал шығындар тәуекелінің азаюы Операциялардың Лимитін белгілеу мақсаты болып табылатындығын хабарлайды. Клиент Картаны үшінші тұлғаның заңсыз пайдаланған жағдайда жүргізілген Операциялар үшін толық жауапкершілікте болады;

1-1) БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша алатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) өтініш беру және ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде жауап алу;

2) Банкті Картаның әрекетін тоқтатуға уәкілетті ету;

3) Банктің филиалдары мен бөлімшелерінде өзінің банктік шоттарындағы ақшаның бар екендігі және қалдығы туралы ақпарат алу, төлем Картасын пайдаланып, банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын жасау, бұл ретте кассалық құжаттардағы Клиенттің қолы операциялардың растауы болып табылады. Осы тармақша Картаны пайдаланып, Шоттардан қолма – қол ақшаны беру жөніндегі Операцияларға қатысты емес;

4) Банктің Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне телефонмен хабарласу;

5) Банктен Кредит лимитін өзгерту мүмкіндігі туралы Банкке жазбаша өтініш бере отырып, не Шартта/БҚШ/Өтініште (Кредиттік өтінімде)/Өтініште қарастырылған тәсілмен сұрау;

6) Банкке жазбаша өтініш беріп немесе Клиенттерді қолдау қызметіне (Банктің операторы

толық сәйкестендірген жағдайда) телефонмен қоңырау шалып, Картаны, оның ішінде өзінің нұсқауы бойынша Банкте шығарылған кез келген Қосымша картасын оқшауландыру/оқшауландырудан ажырату туралы Банкке хабарласу. Қосымша Картаны ұстаушы, сондай-ақ Қосымша Картаны оқшаулау туралы өтінішпен Банкке телефон шалып, жүгінуге құқылы;

7) Шартты осы Стандартты талаптарда қарастырылған талаптарда және тәртіпте бұзу;

8) Клиент өз қалауы бойынша Шоттағы ақшаға Талаптарда белгіленген талаптарды ескеріп иелік етуге, шот бойынша үзінді-көшірмелер алуға, қолданыстағы заңнамаға, Банктің ішкі құжаттарына және Талаптарға сәйкес Талаптар бойынша міндеттемелерін тиісті орындаған жағдайда төлем Картасы қолданылатын Шотты жабуға құқылы.

9) Банкке жазбаша өтініш берумен немесе «Smartbank» ҚБҚ жүйесі арқылы «Карта/шот бойынша қозғалыстар туралы ақпараттарды SMS-хабарлама арқылы беру» қызметінен бас тарту. Бұл ретте, клиент мобильді құрылғыдағы «Smartbank» ҚБҚ жүйесінің мобильді қосымшаға арналған PUSH-хабарламалар алуға өз бетінше қосылады/қосылмайды.

10) Visa International, MasterCard International халықаралық төлем жүйелері ұсынатын қосымша қызметтер мен артықшылықтарды (сапарларды сақтандыру, Lounge Key, консьерж-сервис, серіктестердегі жеңілдіктер және басқалар) халықаралық төлем жүйелері белгілеген шарттарда пайдалануға құқылы. Банк халықаралық төлем жүйелерінен Банктің төлем карточкаларын ұстаушыларға ұсынылатын қызметтердің сапасы, шарттары мен тізбесі үшін жауапты болмайды. Халықаралық төлем жүйелерінің қызметтері мен артықшылықтарының өзекті тізбесі халықаралық төлем жүйелерінің ресми сайттарында орналастырылған <https://www.visa.com.kz> және <https://www.mastercard.kz/ru-kz.html>.

189. Клиенттің міндеттері:

1) Өтініште/Қарыз алуға өтініште/Шот ашуға, кредиттік карта/дебеттік карта шығару мен қызмет көрсетуге оферта-өтініште/Шартта/ БҚК/ Өтініште (Кредиттік өтінімде) сенімді ақпараттарды көрсету;

2) Пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаға оны алған сәттен бастап қол қою;

3) Картаны ақшаға, чектерге және басқа бағалы қағаздарға тең бағалы етіп сақтау, Картаны үшінші тұлғаларға беруге (о.і. отбасы мүшелеріне немесе әріптестеріне) жол бермеу;

4) Картаны Жоғалтуды болдырмас үшін барлық мүмкін шараларды қолдану;

5) Картаны үшінші тұлғалардың Заңсыз пайдалануына жол бермеу;

6) пластикалық/металл карта түрінде шығарылған картаны жоғары/төмен температурадан, электр магниттік өрістің әсер етуінен және механикалық зақымданулардан сақтау;

7) Банкке пластикалық/металл Картаны жоғалтқаны туралы, сондай-ақ егер ДСН-коды, Құпия код, Код сөзі үшінші тұлғаға әйгілі болған жағдайда тез арада телефон бойынша хабарлау. Бұл ретте Карта ұстаушы Банктің Клиентті сәйкестендіру үшін сұратқан мәліметтерін, мыналар сияқты, бірақ бұлармен шектелмей, өз аты мен тегі, кодтық сөз, Клиенттің шот ашуға, кредиттік карта/дебеттік карта шығару мен қызмет көрсетуге Оферта-өтініште/Қарыз алуға өтініште/Шартта/БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде), Шот бойынша операцияларда көрсеткен басқа ақпаратты міндетті түрде хабарлауы тиіс. Егер Банк Клиент сәйкестендірілмеген деп шешсе, Картаны оқшауламауға (СТОП-тізімге орналастыру) құқылы. Пластикалық/металл Картаны жоғалту фактісін ауызша өтініш түскен соң 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде ресімдеу қажет;

8) Қолжетімді лимитті асырмау;

9) Операция жасағанда, Слипке (немесе POS-терминалдың сұратуы бойынша ДСН-кодын енгізу) қол қою. Слипте көрсетілген соманың және валютаның іс жүзіндегімен сәйкес келетіндігіне көзі жеткен соң құжатқа қол қою, белгілі бір жағдайларда жеке куәлігін көрсету. Егер құжатта көрсетілген сома және/немесе валюта іс жүзіндегі сомадан және/немесе валютадан өзгешеленетін болса немесе Слип толық толтырылмаса, Карта/Қосымша карта ұстаушы бұл құжатқа қол қоюға құқылы емес;

10) Слиптерді кемінде 6 ай сақтау;

- 11) Картаны әрекет ету мерзімі өткен соң пайдаланбау, сондай-ақ Картаны СТОП-тізімге қосқан жағдайда немесе Банктен Картаны пайдалануды тоқтату туралы нұсқау алған кезде пайдаланбау;
- 12) Банктің нұсқауы бойынша тез арада Картаны Банкке қайтару;
- 13) Шотты пайдалануды бақылау. Кем дегенде айына бір рет Шот бойынша Үзінді-көшірме алу және оны тексеру;
- 14) Банк Тарифтерінде көрсетілген комиссияларды, сондай-ақ осы Шарттан/БҚК/Өтініштен (Кредиттік өтінімнен) туындайтын басқа да төлемдерді уақытында төлеу;
- 15) Банкке Өтініште/шот ашуға, кредиттік карта/дебеттік карта шығару мен қызмет көрсетуге Оферта-өтініште және Шартта/БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көрсетілген ақпараттарды өзгерту туралы, уақытында - бұл өзгерістер күшіне енген күннен бастап 5 (бес) банктік күннен кешіктірмей хабарлау;
- 16) Банкке Клиенттің (Карта/Қосымша карта ұстаушы) кінәсінен шеккен шығындарын өтеу. Клиент Карта/Қосымша карта ұстаушының Картамен жүргізген барлық Операциялары үшін жауапкершілікте болады;
- 17) Авторландырусыз жүргізілген Операцияларды төлеу;
- 18) Шотты Төлем мерзімі ішінде Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін орындауға қажетті мөлшерде толықтыру;
- 19) Банктің осы Стандартты талаптарға сәйкес жүзеге асырылатын қызметтерін Банк тарифтеріне сәйкес төлеу;
- 20) төлем/аударымдар төлем құжаттарын ресімдеу жүргізу, ҚР заңнамасында белгіленген валюталық операцияларды жүргізу ережелерін сақтау;
- 21) алынып тасталды;
- 22) егер Шоттағы және Шотқа болашақта түсетін ақша Картаның және Кредиттің Қамтамасыз етуі болып табылса, жалақының және Шотқа басқа кірістердің түсуін қамтамасыз ету. Бұл ретте Шоттағы бар және Шотқа болашақта түсетін ақшаның көлемі Шарт бойынша туындаған Банк талаптарын оларды қойған сәтінде қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемдегі Шоттағы бар және Шотқа болашақта түсетін ақша Қамтамасыз ету болып табылады;
- 23) Егер Шоттағы және Шотқа болашақта түсетін ақша Картаның және Кредиттің Қамтамасыз етуі болып табылған жағдайда, Шартты жасағанға дейін және бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде Қамтамасыз етуді кез келген наразылықтан, ауыртпалықтан, талаптардан немесе үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір құқықтардан босату;
- 24) егер Шоттағы және Шотқа болашақта түсетін ақша (жалақы және Шотқа басқа да төлемдер) Картаның және Кредиттің Қамтамасыз етуі болып табылған жағдайда, Шотқа түсім аяқталғанға дейін кем дегенде 14 күнтізбелік күн бұрын Банкке жазбаша түрде Шотқа ақша аударуды тоқтату ниеті туралы хабарлау;
- 25) Банкке кез келген өкім, нұсқау, формалды талап, рұқсат, хабарлама немесе Клиенттің Банк алдындағы Қамтамасыз етуіне қатысты немесе қатысты болуы мүмкін және қандай да бір үшінші тұлғаның Клиентке берген кез келген құжаты туралы тез арада хабарлау және беру;
- 26) Банкке Клиент жауапкер ретінде қатысатын барлық сот талқылаулары туралы, сондай-ақ Клиентке үшінші тұлғалар тарапынан қойылатын барлық наразылықтар (талаптар) туралы тез арада жазбаша хабарлау;
- 27) Өтініште/ Шот ашуға, кредиттік карта шығару мен қызмет көрсетуге оферта-өтініште көрсетілген дербес деректері өзгерген жағдайда деректер өзгерген күннен бастап 5 (бес) банктік күннің ішінде Банкке жазбаша хабарлау;
- 28) Карта/Қосымша карта бойынша 500000 (бес жүз мың) теңгеден артық қолма-қол ақшаны алуға жазбаша өтінімді 1 (бір) банктік күннен кешіктірмей, 24 сағат ішінде беру;
- 29) Шотқа Клиентке тиесілі емес ақша қате есепке алынған жағдайда, Банкке тез арада хабарлау және Шотқа қате есептелген ақшаны 3 (банктік) күн ішінде қайтару;
- 30) ҚР салық органдарымен барлық есеп айырысуларды өздігінен жүргізу;

- 31) Шарттың/БҚК/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) аясында шығарылған барлық Карталарды Шартты/ БҚК /Өтінішті (Кредиттік өтінімді) бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) банктік күннің ішінде Банкке қайтару;
- 32) Банктің сұратуы бойынша қаржылық жағдайы туралы мәліметті Банктен осындай сұратуды алған күннен бастап 5 банктік күн ішінде ұсыну;
- 33) Шотты шетел валютасында немесе Операцияларды шетел валютасында жүргізу кезінде ҚР валюта заңнамасының талаптарын сақтау;
- 34) Банкке Шартты/Негіздемелік шартты/БҚК/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) бұзу ниеті туралы хабарлау және Картаның әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде 1 (бір) ай бұрын Картаны пайдалануды жалғастырмау. Егер Клиент жоғарыда аталған міндеттемені орындамаса, Банк өз қалауы бойынша Картаның әрекет ету мерзімін ұзартады (әрекет ету жаңа мерзімімен Карта шығару) немесе ұзартпайды, Карта шығарған жағдайда карта шығарғаны үшін төлемді және басқа да осымен байланысты төлемдерді есептен шығарады. Егер Клиент әрекет ету мерзімі ұзартылған Картаны алудан бас тартса, ұсталған Сыйақылар қайтарылмайды, Клиент бұл ретте оларды төлеуге міндеттенеді;
- 35) Банк қызметтері мен өнімдерін ҚР заңнамаларына немесе Карталарға қызмет көрсету орындарына немесе ТЖ ережелеріне қайшы мақсатта пайдаланбау;
- 36) заңсыз/жасырын алынған ақшаларды заңдастыруға бағытталған ешқандай әрекеттер/Операциялар жүргізбеу;
- 37) заңсыз болып табылатын немесе табылуы мүмкін және/немесе залал, шығын келтіруге, оның ішінде Банкке/ТЖ/басқа банктердің беделіне бағытталған ешқандай әрекеттер/Операциялар жүргізбеу;
- 38) Картаны, үшінші тұлғалардың өздерін жасыру мақсатында тапсыруы бойынша емес, өз мүддесі бойынша алу;
- 39) көрсетілген сервистері бойынша үшінші тұлғалардың Банкке және/немесе бұдан әрі Клиентке наразылықтары туындаған жағдайда, Банкке немесе ТЖ-ға наразылықтар қоймау;
- 40) Стандартты талаптардағы, Шарттағы/БҚК/Өтініштегі (Кредиттік өтінімдегі), Ережелердегі және Банк Тарифтеріндегі өзгерістер мен толықтырулар туралы Интернеттегі Банктің ресми сайтынан (www.eubank.kz) немесе үй-жайларында өз бетінше танысу. Банк Стандартты талаптармен көзделген тәртіпте аталған құжаттарға өзгерістер енгізген жағдайда, Клиент өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгенге дейін 1 (бір) күннен кешіктірмей, өз ниеті туралы Банкке міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, Шартты бұзғаны үшін қосымша комиссия төлеусіз, егер Банк мұндайды белгілесе, Шартты/Негізгі шартты/БҚК/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) бұзуға және Картаны немесе Шотты пайдалануды тоқтатуға құқылы.
- 41) Банк "ұялы телефон нөмірі + Карта" байланысын тағайындаған кезде осы тармаққа сәйкес SMS-хабарламаларға және картаға қосылып тіркелген телефон нөмірі/телефон нөмірі туралы мәліметтерді беру арқылы "ұялы телефон нөмірі + Карта" байланысының деректерін ТЖ-ға ұсыну қажет. Клиент Банкке төлеуші қаражатты алушының сәйкестендіргішін – тіркелген телефон нөмірін/SMS-хабарламалар үшін телефон нөмірін пайдаланған кезде, Клиент осы стандартты талап тармағына сәйкес Банктің "ұялы телефон нөмірі + Карта" байланысында белгілеген, тиісті валютада ашылған оның шотына ақша қаражатын аударуға келісімін береді.

190. Банктің және Клиенттің қосымша құқықтары мен міндеттері Тараптардың Стандартты талаптарда белгіленген тиісті құқықтары мен міндеттері ұқсас; Тараптар олар бойынша міндеттемелерін растайды.

190-1. Клиент Шот ашу үшін Банкке АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ІНҚ қарастырылған құжаттар мен ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ Банктің талабы бойынша Клиенттің құқықтық мәртебесін (резиденттік/азаматтық) растайтын құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті.

190-2. Банк мерзімі кешіктірілген берешек пен есептелген Сыйақыны өтеу туралы талап қойған жағдайда Клиент Банктің талабын Банк аталған талап етуді ұсынған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде орындауға міндетті.

191. ҚР заңнамасында екінші деңгейлі банктер үшін қарыз операцияларына қатысты белгіленген шектеулер, Шарттың осы Бөлімі шеңберінде Тараптардың құқықтық қатынастарына қолданылады.

192. Тараптар Қосылу шартының барлық талаптарын орындауға міндеттенеді.

192-1. Осы Шартқа қосыла отырып Клиент Шарт/БҚК/Негізгі шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша ол туралы ақпараттарды, оның ішінде банктік және ҚР заңнамаларымен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпараттарды келесілерге Банктің беруіне өзінің кері қайтарымсыз келісімін береді:

- мемлекеттік органдарға және лауазымды тұлғаларға, осындай ақпараттарды алуға ҚР заңнамасымен уәкілетті етілген лауазымды тұлғаларға;
- мерзімі кешіктірілген Берешекті сатып алу бойынша қызметті жүргізуші үшінші тұлғаларға, коллекторлық агенттікке, сонымен бірге Банкте қарастырылған тәртіпте басқа да үшінші тұлғаларға;
- мерзімі кешіктірілген берешекті өндіріп алуға байланысты жұмыстарды жүргізу/ Банкке қызмет көрсету мақсатында, не Клиенттің Банк алдындағы өзге міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін үшінші тұлғаларға.

V-БӨЛІМ. БӨЛШЕК КРЕДИТ БЕРУ

192-2. Ерекше талаптар:

Негіздемелік шарт жасау жолымен Банк Қарыз алушыға Стандартты талаптарға (Қосылу шартына) және Негіздемелік шартқа келесі негізгі талаптарда қосылуға Қарыз алушының өтінішке (кредиттік өтінімге) қол қойылған акцептінің жолымен Негіздемелік шарт аясында бірнеше Қарыз алу мүмкіндігін береді:

1) мақсаты: Қарыз алушыларға келесі қарыздар беру:

- көлік құралын сатып алуға;
- тұтынушылық мақсаттарға;
- тұтынушылық мақсаттарға «мерзімін бөліп төлеуге»;
- қайта қаржыландыруға;
- кредиттік және/немесе төлем карточкасына кредиттік лимит беруге.

2) Негіздемелік шарт бойынша қарыз сомасы Қарыз алушы берген және Банк акцептеген Өтініштерде (Кредиттік өтінім) анықталады; қарыз валютасы – теңге.

3) Сыйақының мерзімдері, мөлшерлемелерінің түрлері, жылдық пайыздардағы сыйақының мөлшерлемелерінің түрлері, шынайы жылдық тиімдімен салыстырып есептегендегі сыйақының мөлшерлемелерінің түрлері, өтеу әдісі, Қарыз бойынша берешекті өтеу кезектілігі Өтініште (-тарде) (Кредиттік өтінімде) анықталады;

192-3. Банк Қарыз алушының Өтінішіне (Кредиттік өтініміне) қойылған қолды акцептілегеннен кейін Негіздемелік шарт пен Қосылу шартына сәйкес берілген қарыздарды қайтару бойынша келесі міндеттер туындайды:

- көлік құралын сатып алуға;
- тұтынушылық мақсаттарға;
- тұтынушылық мақсаттарға «мерзімін бөліп төлеуге»;
- бар қарызды қаржыландыруға;
- кредиттік және/немесе төлем карточкасына кредиттік лимит беруге.

192-4. Негіздемелік шартқа қол қоюмен Банк Қарыз алушы Өтініш (Кредиттік өтінім)/ Қарыз алуға өтініш/Шот ашуға, кредиттік карта шығару мен қызмет көрсетуге оферт- өтініш беру жолымен сұрайтын Негізгі шарттың аясында **қарызды** шартты және сөзсіз мақұлдау міндеттеріне жауапкершілікте болмады. Қарыз алушы Банкке Негізгі шарттың аясында Қарыз алу үшін әрбір келген сайын Банк кредитке қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігі бойынша талдау жүргізеді, соның қорытындылары бойынша кезекті Қарыз беру туралы шешім қабылданатын болады. Қаржыландырудың нақты басқа талаптары Негізгі шартқа қосымшаларда - Өтініштерде (Кредиттік өтінімдерде, оның ішінде креди лимитн алуға) және

Негізгі шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын Өтеу кестесінде (бар болғанда) анықталады. Жеке қарыздар аясында, егер бұл өнімнің талаптарында қарастырылса, Қосарлы қарыз алушы тартылуы мүмкін;

192-5. Банк келесі себептер бойынша Негіздемелік шартты бұзуға және Негіздемелік шарттың аясында Қарыз беруден бас тартуға құқылы:

- 1) Негіздемелік шартта қарастырылған, ол бойынша Банктің жаңа қарыздар бермеу құқығы туындайтын жағдайлар;
- 2) Қарыз алушының Банктің алдында Негіздемелік шарт пен Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша өзінің міндеттерін бұзуы;
- 3) Банк мемлекеттік уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы;
- 4) Банктің осы Өтінішті (Кредиттік өтінімді) тиісті түрде орындауына ықпал ететін Қазақстан Республикасы заңнама талаптарының өзгеруі;

192-6. Стандартты талаптардың осы бөлімінде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

- 1) **Қарыз валютасы** – Қарыз алушыға кезекті Қарыз беретін Банк валютасы. Қарыздың Валютасының атауы БҚК/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) келісіледі. Әрбір Қарыз бойынша міндеттемелерді орындау Қарыз берілген Валютада жүзеге асырылады;
- 2) **Сыйақы** – осы Өтініште (Кредиттік өтінімде) көрсетілген есеп айырысу тәртібі мен мөлшерлеме көлеміне қарай Қарыз алушы Қарызды пайдаланғаны үшін Банкке төлеуге міндетті ақша сомасы
- 3) Қамтамасыз ету бойынша шарттар – кепіл оның ішінде ақша кепілі шарттары), кепілдік беру және БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) жасаған күнге, сонымен бірге болашақта да, оның әрекет ету кезеңінде Қарыз алушының міндеттерін орындауды қамтамасыз етуге жасалатын басқа мәмілелер;
- 4) **Берешек** – тиісті БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Қарыз алушы алған және Қарыз алушы өтемеген (қайтармаған) Қарыздардың сомасы, сонымен бірге Қарыз алушы Банкке нақты күнге БҚК/ Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптары бойынша төлеуі тиісті және Қарыз алушы төлемеген (өтемеген) басқа сомалар (БҚК/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қарастырылған Сыйақы, комиссиялар) және Банктің тарифтері, тұрақсыздық өсімпұлдары және басқалары);
- 5) **БҚК, Негіздемелік шарт, Өтініш (Кредиттік өтінім)** – Тараптар осы Шарттың аясында және орындауда жасаған, Шарттың аясында жекеленген Қарыздарды алу талаптарын бекітетін (нақтылайтын) шарттар (мәмілелер) (Қарыздың сомасы, сыйақы мөлшерлемесі, пайдалану (беру) мерзімдері және т.б.), сонымен бірге ипотека шарттары);
- 6) **Негізгі Шарттың аясындағы Қарыз** – Банк Клиентке Қарыз алушының қолы қойылған Өтінішін (Кредиттік өтінімін) акцептілеу негізінде осындай кредит беру нысаны үшін және Өтініште (Кредиттік өтінімде) Банктің Кредиттік саясатында белгіленген сомалар шегінде және мерзімде мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық талаптарында көлік құралын, тауарларды, қызметтерді сатып алуға, тұтынушылық мақсаттарға, «мерзімін бөліп төлеуге» тұтынушылық мақсаттарға, қайта қаржыландыруға, кредит және/немесе төлем карточкасы бойынша кредиттік лимит беруге беретін банктік қарыз (негізгі борыш сомасы).

1-тарау. Негізгі талаптар

193. Шарттың аясында және Тараптар Банктің нысаны бойынша қағаз тасымалдауышта жасайтын БҚК/Негіздемелік шарттың/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарына сәйкес, Банк Клиентке БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша қамтамасыз етусіз, бірақ Стандартты талаптарда/БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде), оның ішінде – тұрақсыздық айыптарына және Банктің қарыз бойынша қамтамасыз етуді ұсынуды талап ету құқығына қатысты айтылғандарды ескере отырып, төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық, қамтамасыз етілгендік талаптарда банктік Қарыз (бұдан әрі - Қарыз) береді.

194. Қарыз бойынша Өтеу кестесіне сәйкес белгіленген кезекті төлемнің мерзімі кешіктірілген жағдайда туындаған Берешекті мерзімі кешіктірілген шоттан Берешек есебіне ауыстыру былайша жүзеге асырылады:

- Credilogic жүйесінде қызмет көрсетілетін қарыздар Кестесі бойынша Берешекті жоспарлы өтеу күні;

- RS-bank жүйесінде қызмет көрсетілетін қарыздар Кестесі бойынша Берешекті жоспарлы өтеу күнінен кейінгі келесі күні, егер БҚК-да/Өтініште (Кредиттік өтінімде) басқасы қарастырылмаса.

- FIS жүйесінде қызмет көрсетілетін қарыздар Кестесі бойынша Берешекті жоспарлы өтеу күнінен кейінгі келесі күні, егер БҚК-да/Өтініште (Кредиттік өтінімде) басқасы қарастырылмаса;

195. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес Клиенттің кез келген азаматтық – құқықтық мәмілелері бойынша Банк алдындағы барлық міндеттемелерін орындауын Қамтамасыз ету үшін Банктің заңды иеленуінде болып табылатын кез келген жылжымалы мүлікті (оның ішінде ақшаны) ұстап қалуға құқылы және онымен Клиент сөзсіз келіседі.

195-1. Клиенттің досьесінде өзі туралы Кредит бюросына мәлімет беруге және Кредит бюросының Банкке ол туралы есеп, сонымен қатар Тараптардың өз міндеттемелерін орындаумен байланысты ақпарат беруіне келісімі бар.

196. Банк Клиенттің ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Кредит бюросына ол туралы ақпаратты беруге және кредит есебін алуға келісімін, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ беретін жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылатын міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпаратты алуға келісімін алынған келісімді БҚК/Өтініштің (кредит өтінімнің) қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін мерзімсіз пайдалануға берген шектелмеген мәрте пайдалануға құқылы.

197. Клиент Қарыздың тек Кредит қабілеттілігі жоғары және Клиент сенімді болғанда ғана берілетіндігімен келіседі. Бұл ретте Банк Кредит қабілеттілігін және сенімділігін ҚР заңнамасына және Банктің талаптарына сәйкес анықтайды.

198. Қарызды пайдалану мерзімі Қарызды берген күннен басталады және Қарызды толық көлемде қайтарған күні аяқталады. Қарыз алушының несиелік шотына ақша аударған күн Қарыз берген күн болып табылады. Банк негізгі борыш сомасына Сыйақыны Қарыздың берілген күнінен бастап келесі Қарызды қайтарған күнге дейін есептелетін негізгі борыш сомасына сыйақы есептейді. Сыйақыны есептеу кезінде Қарыз берілген күн мен Қарызды қайтару күн бір күн болып есептеледі. Бұл ретте бір жыл 360 (үш жүз алпыс) күнтізбелік күнге тең, бір ай 30 (отыз) күнге БҚК /Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарына сәйкес нақты күндер санына тең деп есептеледі. Қарызды қайтару мерзімі мен Сыйақыны есептеу мерзімін санау берген күннен кейінгі келесі күннен басталады. Банк бірінші өтегенге дейінгі кезең үшін Сыйақы сомасы бойынша жеңілдік беруге құқылы, бұл ретте бірінші өтегенге дейінгі кезең есептеу үшін 30 (отыз) күнтізбелік күн ретінде қабылданады, төлемдер сомасы Өтеу кестесінде көрсетіледі. Банк Қарызды БҚК/Өтінімді (кредиттік өтінімді) ресімдеген күннен бастап және/немесе Тараптар Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын Өтеу кестесіне қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

199. Қарызды Өтеу кестесіне сәйкес өтеген кезде Қарызды қайтарған күн Кесте бойынша белгіленген өтеудің соңғы күні болып табылады. Мерзімінен бұрын өтеген кезде Қарызды қайтарған күн Қарыз алушының несиелік шотында Қарыз бойынша берешегінің толық өтелуін бейнелеген күн болып есептеледі, ол Қарыз бойынша берешекті өтеу шотына берешектің барлық сомасы түскен күннен бастап (3) үш жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі.

200. Сыйақыны есептеу – Қарыз алушы Қарызды қайтару бойынша міндеттерін толық орындаған күннен кейінгі келесі күннен бастап (Қарызды, оның ішінде мерзімінен бұрын қайтарған жағдайда) тоқтатылады; Егер Клиенттің Төлем кестесі бойынша төлеуі тиіс кез келген төлемді төлеу мерзімі жұмыс күні емес күнге келсе, онда мұндай төлем осындай жұмыс күні емес күннен бұрын немесе осыдан кейінгі келесі жұмыс күнінде тұрақсыздық айыбын және

айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлеусіз жүзеге асырылуы тиіс.

201. Өтеу кезектілігі: Қарыз алушының БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша жүргізген сомасы, егер Қарыз алушы БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушы берешегін келесі кезектілікте өтейді:

- 1) Негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) Сыйақы бойынша берешек;
- 3) ҚР заңнамаларына сәйкес белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық өсімпұлы (айыппұл, өсімпұлы);
- 4) ағымдағы төлемдердің кезеңі үшін Негізгі борыш сомасы;
- 5) ағымдағы төлемдердің кезеңі үшін Сыйақы сомасы;
- 6) Банктің комиссиялары және Қарыз беру және қызмет көрсетумен байланысты басқа төлемдері;
- 7) Қарыз алушының БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша өзінің міндеттерін орындамағанымен және/немесе тиісті орындамағанымен байланысты Банкке келтірген залалдарының сомасы.

Мерзімін кешіктірген 90 (тоқсан) күнтізбелік күн өткенде, Қарыз алушының БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша жүргізген төлем сомасы, егер ол қарыз алушының БҚК/Өтініш (кредиттік өтінім) бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегі келесі кезектілікпен өтеледі:

- 1) Негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) Сыйақы бойынша берешек;
- 3) ағымдағы төлемдердің кезеңі үшін Негізгі борыш сомасы;
- 4) ағымдағы төлемдердің кезеңі үшін есептелген Сыйақы;
- 5) ҚР заңнамаларына сәйкес белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық өсімпұлы (айыппұл, өсімпұлы);
- 6) Банктің комиссиялары және Қарыз беру және қызмет көрсетумен байланысты басқа төлемдері;
- 7) Қарыз алушының БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша өзінің міндеттерін орындамауымен және/немесе тиісті орындамауымен байланысты Банкке келтірген залалдарының сомасы.

201-1. Өтеу тәсілдері: қолма-қол ақшамен және/немесе қолма-қол ақшасыз тәртіпте Қарыз алушының кез келген банктік шоттарынан Банктің пайдасына ақша аудару жолымен не ҚР қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған және өандай да бір тыйым салулар мен шектеулерден бос басқа тәсілде, Банктің кассасына ақша енгізу жолымен, Қарыз алушының оның банктік шотына не Банкте ашылған басқа банктік шоттарға ақша аудару жолымен және осындай жағдайда Банк тұрақсыздық өсімпұлын, шығыстарды, залалдарды және Келісім бойынша берешектердің басқа сомаларын қоса алғанда, Қарыз алушының көрсетілген банктік шоттарын акцептісіз тәртіпте Қарыз және Сыйақы бойынша түзілген берешектің кез келген сомасына дебеттейді, Қарыз алушы осы арқылы қосымша акцепті құқығынсыз не төлем және басқа құжаттардан бас тарту құқығынсыз осыған өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді.

202. Клиент БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) (кепілсіз Қарыз бойынша) өзінің міндеттерін орындамаған жағдайда, Клиент Банктің бірінші талап етуі бойынша) 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде келесілерді беруге міндетті:

- 1) Банкке үшінші тұлғаның кепілдігін беру және/немесе жылжитын мүлікті және/немесе жылжымайтын мүлікті Қарыз бойынша міндеттерін орындауды Қамтамасыз ету ретінде беру және Банкпен тиісті Кепіл шартын, БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) қосымша келісім жасау не жаңа БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) жасау;
- 2) өзінің есебінен тіркеуші органда кепілге банктің құқықтарын мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету және Банкке тіркеуші органның тиісті белгісімен Кепіл шартын беру.

203. Тараптардың әрқайсысы БҚК/Негіздемелік шарттағы/Өтініштегі (Кредиттік өтінімдегі) келесі Тараптан БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарына сәйкес алынған

қаржылық, коммерциялық және басқа ақпараттардың құпиялылығын қатаң сақтауға міндеттенеді. Осындай ақпараттарды тек келесі Тараптың жазбаша келісімімен ғана, сонымен бірге Шартта, БҚК/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) және ҚР заңнамаларында қарастырылған жағдайларда үшінші тұлғаларға беруге, басып шығаруға және жариялауға болады. Осы тармақтың әрекеті Банк құпия ақпаратты, банктік құпияны және ҚР заңнамаларымен қорғалатын басқа құпияны БҚК/Негіздемелік шарт бойынша құқықтарын талап ету берілетін үшінші тұлғаларға берген жағдайларда қолданылмайды. Клиент Стандартты талаптарға қосыла отырып, БҚК/Негіздемелік шарт бойынша үшінші тұлғаларға талап ету құқықтарын берумен, БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша кез келген үшінші тұлғаларға және мерзімі кешіктірілген берешекті өндіріп алуға байланысты жұмыстарды жүргізу/Банкке қызметтер көрсету мақсатында не көрсетілген тұлғалардың Банк алдындағы Клиенттің өзге міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін құпия ақпаратты берумен, сонымен бірге БҚК/Негізгі шарт бойынша құқықтарын талап ету берілетін үшінші тұлғаларға қызмет көрсетумен байланысты көрсетілген тұлғаларға БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша банктік құпияны және ҚР заңнамаларымен қорғалатын басқа құпияны беруге өзінің сөзсіз келісімін бейнелейді.

204. Клиент, БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша төлемдерді жүргізген кезде БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша тіркеу нөмірін немесе Қарыз берілген жүйеге байланысты Карточканың/Өтеу шотының нөмірін төлем құжаттарында көрсетуге міндетті, сонымен бірге төлем құжаттарының деректерін БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттер толық орындалған күннен бастап 90 (тоқсан) күннің ішінде сақтауға міндетті.

204-1. Кепіл берушінің «Жылжымайтын мүлік кепілі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған тәртіпте берілген Ипотекалық қарыз бойынша қамтамасыз етуді өздігінен жүзеге асыру туралы өтінішін қанағаттандырған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңының 36-бабының 2 және 2-1 тармақтарында қарастырылған Қарыз алушы мен Кепіл берушіге қатысты шараларды тоқтату.

205. Банкке келесілерге тыйым салынады:

- Қарыз алушымен БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) жасау күні белгіленген тарифтерді, комиссиялық Сыйақыларды және Қарызға қызмет көрсету бойынша басқа шығыстардың мөлшері мен есеп айырысу тәртібін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгерту.
- Қарыз алушымен БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) жасаған күнде белгіленген БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарын, оларды Қарыз алушы үшін жақсартатын жағдайларды қоспағанда, біржақты тәртіпте өзгерту
- БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) аясында комиссияның жаңа түрлерін біржақты тәртіпте енгізу;
- Қарыз алушының, кепіл берушінің сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауына шектеу қою, сондай-ақ Қарыз алушыға өзінің өмірі мен денсаулығын сақтандыруды жүктеу.
- Қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін алу, БҚК жасаған күннен 15 (он бесінші) күнтізбелік күннен бастап және 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарызды алған күннен бастап 6 (алты) айға дейін немесе 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін негізгі борышты ішінара мерзімінен бұрын немесе мерзімінен бұрын толық өтеген жағдайларды қоспағанда;
- Егер негізгі борыш немесе сыйақы қайтару күні демалыс немесе мереке күніне түсетін болса және негізгі борыш немесе сыйақы төлеу одан кейінгі жұмыс күні қайтарылған жағдайда, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін алуға тыйым салынады;
- Банктік қарыз шартына/Өтінішке (Кредиттік өтінім) сәйкес негізгі төлем сомасы және (немесе) белгіленген пайыздар бойынша кез-келген төлемді төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша қатарынан тоқсан күнтізбелік күн өткеннен кейін айыппұлды

(айыппұлдарды, өсімпұлдарды), сондай-ақ комиссияны және қарыз беруге және оған қызмет көрсетумен байланысты басқа төлемдерді өндіріп алуға және талап етуге тыйым салынады.

- Кредит желісін (ашу) келісімдерін, Негіздемелік шарттарды жасау шеңберінде жаңа қарыздар беруді біржақты тәртіпте тоқтата тұру, келесі жағдайларды қоспағанда:

- Банктің жаңа қарыздар бермеу құқығы туындайтын кредит желісін (ашу) келісімде, Негізгі шартта қарастырылған;

- Қарыз алушының кредит желісін (ашу) келісім, Негізгі шарт, Шарт бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған;

- қаржылық есептіліктің халықаралық стандартқа сәйкес келетін, Банктің ішкі кредит саясатына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы;

Банктің кредит желісін беру (ашу) туралы келісімді, Негіздемелік шартты, Шартты тиісті орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарының өзгеруі.

2 - тарау. Қосымша талаптар

206. Осы Шартқа қосыла отырып, Клиент Шарт/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша ол туралы ақпараттарды, оның ішінде банктік және ҚР заңнамаларымен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпараттарды келесілерге Банктің беруіне өзінің кері қайтарымыз келісімін береді:

- мемлекеттік органдарға және лауазымды тұлғаларға, осындай ақпараттарды алуға ҚР заңнамасымен уәкілетті етілген лауазымды тұлғаларға;

- мерзімі кешіктірілген Берешекті сатып алу бойынша қызметті жүргізуші үшінші тұлғаларға, коллекторлық агенттікке, сонымен бірге Банкте қарастырылған тәртіпте басқа да үшінші тұлғаларға.

- қарыз алуға өтініште көрсетілген байланыстағы жеке тұлғаларға.

- мерзімі кешіктірілген берешекті өндіріп алуға байланысты жұмыстарды жүргізу/ Банкке қызмет көрсету мақсатында, не Клиенттің Банк алдындағы өзге міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін үшінші тұлғаларға.

207. Клиент Қарыз бойынша Берешектердің бөлігін не олардың барлығын өтеу кезінде заңнамаларда және Кредит бюросы мен Банк арасындағы келісімде бекітілген мерзімде тиісті хабарламаның Кредиттік бюроға жіберілетіні хабарландырылғанын және онымен сөзсіз келісетінін растайды.

208. Клиент осы Шартқа қосыла отырып, Банкке БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша өзінің міндеттерін орындамаған және/немесе тиісті орындамаған жағдайда, Банк Қарыз бен Клиент туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға, оның ішінде Клиенттің атын жағымсыз тарихы бар арам ниетті борышкерлер тізіміне енгізу үшін үшінші тұлғаларға беруге құқылы екендігімен өзінің келісімін білдіреді.

208-1. Осы Шартқа қосылған кредиттік тарихтың субъектісі ретінде Клиент Банктің «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының 26-бабы 2) тармағының 1-1) тармақшаларының ережелеріне сәйкес кредиттік бюродан кредиттік есепті, оның ішінде болашақта түсетін деректерді беруіне өз келісімін білдіреді; бұл келісім Банк белгілеген нысандар бойынша тиісті құжаттармен, мерзімсіз, Банктің оны БҚК/Өтініштің (кредиттік өтінімнің) қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, Клиент оны Банктің кредит тарихының субъектісі ретінде кредит төлеуге қабілеттілігін бағалау үшін кері қайтарып алғанға дейін пайдалану мүмкіндігімен ресімделеді.

209. Мерзімі кешіктірілген Қарыз бен Сыйақыны төлеудің кезекті төлемі күні берешекті өтеу үшін Шотқа ақша түскен күн болып есептеледі. Тараптар осы талап мерзімін есептеу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларының нормаларына сәйкес келетінін түсінеді.

210. Тараптардың осы Шартты/Негіздемелік шартты/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) жасаумен байланысты/байланысты немесе оның жарамсыздығымен байланысты туындаған кез келген даулары, талаптары немесе наразылықтары ҚР заңнамаларында қарастырылған тәртіпте, сотта және/немесе арбитраждық сотта және басқа тәсілдермен, Банктің немесе оның филиалының

орналасқан орны бойынша – Банктің қарастыруы бойынша шешіледі.

211. ҚР заңнамасына және Шартқа сәйкес, БҚК/Негіздемелік шартқа/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) біржақты тәртіппен Қарыз алушы үшін оларды жетілдіру бағытында Келісімнің, БҚК/Негіздемелік шарттың/Өтініштің (Кредиттік өтінімінің) талаптарының өзгеруін қоспағанда, БҚК-ға/Негіздемелік шартқа/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) барлық өзгертулер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалып, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылғанда жарамды болып табылады.

212. Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды Банк біржақты тәртіпте жүргізеді, бірақ кері күші болмайды және тек жаңа Клиенттерге ғана және, Шарттың 220-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген талаптарды қоспағанда, ертеректе жасалған Шартқа, БҚК/Негіздемелік шартқа/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) көрсетілген өзгерістер енгізілгеннен кейін туындаған Тараптардың қатынастарына ғана қолданылады. Шартқа/БҚК/Негіздемелік шартқа/Өтінішке(Кредиттік өтінім) өзгерістер енгізу, егер Шартқа тиісті өзгерістер мен толықтыруларды тікелей басқадай қарастырылмаса, олардың қалған талаптарының жарамсыздығына алып келмейді.

213. Клиент мерзімінен бұрын толық өтегенде Банкке Қарызды пайдаланғаны үшін Қарызды берген күннен бастап Қарызды қайтару күніне дейін есептелетін Қарыздың пайдаланылған нақты күндерінің санына қарай Сыйақы төлейді.

Толықтыру:

213-1. Негізгі борышты (берілген Қарыз сомасы) өтеу мөлшері мен кезеңділігі және Қарыз бойынша сыйақы төлеуді Қарыз алушы ай сайын Қарыз алғаннан кейін БҚК/Өтініштің (кредиттік өтінімнің) ажыратылмас бөлігі болып табылатын Өтеу кестесінде көрсетілген күндерден кешіктірмей Қарыз алғаннан кейін ай сайын төлейді. Бұл ретте, Қарыз алушы қарызды қайтару бойынша және/немесе Өтеу кестесіне сәйкес Сыйақы төлеу бойынша және/немесе БҚК/Өтініште (кредиттік өтінімде) және Өтеу кестесінде қарастырылған басқа төлемдерді төлеу мерзімін бұлжытпай сақтаған жағдайда және қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген берешекке жол бермегенде, Қарыз алушының бастамасы бойынша кредит беру талаптарына өзгеріс енгізілмеген кезде (қайта құрылымдау, өтеу күнін өзгерту, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту, сыйақы мөлшерлемесін, кредит беру мерзімін, өтеу әдісін өзгерту және Қарыз алушының бастамасы бойынша басқа өзгерістер), қарыздың барлық кезеңінің ішіне қарызды толық/ішінара өтеу болмаған кезде, кредит беру өнімінде тиісті талаптар болған кезде және Қарыздың бекітілген тарифтеріне сәйкес, Банк Қарыз алушының берешегін Өтінімнің (Кредиттік өтінімнің) «Ерекше талаптарына» сәйкес), негізгі борыш бойынша Өтеу кестесіне сәйкес бірден онға дейінгі төлемдерден Қарыз алушының берешегін есептен шығаруға құқылы.

214. БҚК-ға қол қоя отырып, Клиент Банк өзінің қызметкерлері немесе үшінші тұлғалар – серіктестері арқылы Клиентке (Берешекті өтеу мәселелері бойынша қоса алғанда) ауызша/жазбаша нысанда, телефон бойынша немесе GSM-технология мен электрондық поштаны қоса алғанда, басқа байланыс құралдары арқылы хабарласуына келісім береді және Кредит берудің жаңа бағдарламасы (оның ішінде төлем Карталарына қатысты) және Банктің қызметтері, жүргізілетін маркетингтік зерттеулер және жекеленген өнімдер туралы ақпараттандырылған. Бұл ретте, Клиентке, сондай-ақ кепілдік берушіге, кепіл берушіге, кепілгерге және қарызды қамтамасыз ету туралы шарттың тарабы болып табылатын басқа тұлғаға жергілікті уақыт бойынша 21 сағаттан 9 сағатқа дейін БҚК/Негіздемелік шарт бойынша қызмет көрсетумен байланысты еске салуларды (телефон бойынша қоңырау соғу) жүзеге асыруға және хабарламаларды қолына беруге рұқсат етілмейді.

215. Клиент қайтыс болған жағдайда, мұрагерлікпен алу тәртібінде осындай мүліктің мұрагерлерге өткен құнының шегінде Банк Клиенттің мұрагерлерінен Берешекті төлеуді талап етуге құқылы.

216. Банк өзінің таңдауы бойынша, кез келген Қамтамасыз етуді сатуға және/немесе осы Шарт бойынша/ Қамтамасыз ету ретінде берілген кепілдік беру бойынша талаптар қоюға, және/немесе Қолданылатын заңнамаға сәйкес, кез келген Қарыз алушы/ кепіл беруші/ кепілдік беруші Шарт/ Қамтамасыз ету Шарттары бойынша кез келген міндеттемені орындамаған

немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банкке берілген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

217. Қарыз алушы осы арқылы Банк Қарызды беретін күні жасалатын және Қарыз алушыға қол қоюға берілетін Өтеу кестесімен, сондай-ақ Қарызды мерзімінен бұрын өтеген жағдайда немесе өзге себептер бойынша (мөлшерлеменің, мерзімінің өзгеруі және т.б.) болашақта Банк беретін Өтеу кестесімен өзінің сөзсіз келісетінін білдіреді.

218. Тараптар бір-біріне Шартқа/БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) қатысты Қарыз алуға өтініште/ Шот ашуға, кредиттік карта шығару мен қызмет көрсетуге оферт-өтініште/ БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көрсетілген мекенжайлар бойынша хабарламалар мен ескертпелер жібереді. Хабарламалар мен ескертпелер БҚШ/Негіздемелік шартта/Өтініште(Кредиттік өтінімде) көрсетілген электронды мекенжай бойынша, оның табысталғаны туралы хабарламамен, тапсырысты хатпен, курьерлік поштамен БҚШ/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көрсетілген мекенжайлар бойынша, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын, Қарыз алушының отбасының кәмелетке толған мүшесінің біреуі алғанда, Қарыз алуға өтініште/ Шот ашуға, кредиттік карта шығару мен қызмет көрсетуге Өтініш-офертада/БҚШ/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көрсетілген мекенжайлар бойынша не жеке қолына тапсырылғанда, не Қарыз алушының хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін басқа да байланыс құралдарын пайдаланып жіберілген жағдайда, тиісті түрде жасалды және алушы оны алды деп есептеледі. Мекенжайы өзгергенде және бұл туралы келесі Тарапқа хабарланбаған жағдайда, белгілі мекенжай бойынша жіберілген хабарламалар мен ескертпелер тиісті түрде жеткізілген болып есептеледі. Жіберушінің пошта қызметінен (ұйымнан) алған түбіртегі хабарламаның немесе ескертпенің жіберілгені туралы фактінің жеткілікті дәлелі болып табылады. Жіберуші, егер жіберушінің салақтығы немесе қатесі дәлелденбеген кезде, түбіртекті алғаннан кейін хабарламаның немесе ескертпенің жоғалуы және/немесе ұрлануы тәуекеліне жауапкершілікте болмайды. Жіберуші пошта қызметінің хат-хабарларды жеткізу жылдамдығына жауапкершілікте болмайды. Бұл ретте хат-хабар, егер оның ертерек жеткізілгені туралы растау болмаса, жіберілген сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн өткен соң алушыға жеткізілген болып есептеледі. Хат-хабарлар/ ақпараттар тапсырысты хатпен не жедел хатпен жеткізілген жағдайда, осындай хат-хабар/ақпарат оларды алушының қолына тапсырылды деп есептеледі.

219. Банк осы БҚК/Негізгі шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін ҚР қолданыстағы заңнамаларына сәйкес үшінші тұлғаларға беруге құқылы. Қарыз алушы БҚК/ Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін Банктің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

219-1. Қарыз алушының өмірін, денсаулығын, мүліктерін және/немесе мүліктік құқықтары туралы деректер/талаптар болған кезде, Тараптар осы Шарттың келесі ерекше талаптармен сөзсіз келіседі:

1) Сақтандыру сыйақыларының сомасы Қарыздың сомасына қосылған жағдайда, Банктің ақшаны сақтандыру ұйымының пайдасына тікелей аударуын назарға ала отырып, онымен Қарыз алушы қайтарымсыз келіседі, Қарыз алушы Банкке кез келген себептер бойынша БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінімді) мерзімінен бұрын бұзған кезде (Қарызды қайтарғанда) сақтандыру ұйымына аударған ақшаның сомасын Банкке төлеуге (қайтаруға) міндетті;

2) Кез келген себептер бойынша БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінімді) мерзімінен бұрын бұзған жағдайда Қарыз алушыға сақтандыру сыйақысының сомасын қайтару сақтандыру шарттарының/ сақтандыру полистерінің талаптарына сәйкес жүргізіледі;

3) Қарыз бойынша артық төлем туындаған жағдайда (егер БҚК/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) аясында ерікті сақтандыру шарты бойынша (бар болғанда) Сақтандырушы Қарыз алушы болып табылатын болса), Банк артық төленген соманы қайтаруды Өтініште/Қарыз алушы өтініште көрсетілген қарыз алушының деректемелері бойынша жүргізеді.

219-2. Қарыз алушы БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша берешектерді өтеу мерзімдерін бұзған жағдайда, Банк ҚР заңнамаларында, БҚК/Өтініште (Кредиттік өтінімде)/Негізгі шартта және Стандартты талаптарда қарастырылған барлық ықпал ету шараларын қолдануға, ақшаны

даусыз (акцептісіз) тәртіпте өндіруді қоса алғанда, оның ішінде Банкте, басқа екінші деңгейлі банктерде не банктік операциялардың жекеленген түрлерін жүргізетін басқа қаржылық ұйымдарда ашылған Қарыз алушының бар кез келген банктік шоттарынан берешектің сомасын, оның ішінде банкте ашылған Қарыз алушының барлық банктік шоттарындағы ақшаны оқшауландыруға, мерзімі кешіктірілген берешек сомасын даусыз (акцептісіз) тәртіпте өндіруге құқылы. Борыш сомасын есептен шығарғаннан кейін, егер өтеу сомасы БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша борыштың қалдығының сомасына тең болса, онда БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) Қарыз алушының БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттерінің мерзімінен бұрын орындалуымен байланысты өзінің әрекетін автоматты түрде тоқтатады.

БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша берешектерді ішінара өтеген жағдайда, Өтеу кестесін өзгерту қажет. Банк бұл туралы Қарыз алушыға кез келген қолжетімді тәсілдермен хабарлайды. Қарыз алушы Стандартты талаптардың осы тармағында бекітілген банктік шоттардан ақша өндіру тәртібімен сөзсіз, қайтарымыз келіседі және Банктің бірінші жәй ғана жазбаша немесе ауызша талап етуі бойынша өзретілген Өтеу кестесіне қол қоюға міндеттенеді, бұл ретте Банк Өтеу кестесін БҚК/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) көрсетілген деректемелер бойынша Қарыз алушының мекенжайына тапсырысты хатпен жіберген жағдайда, Қарыз алушы қол қойылған Банктің данасын Кестелерде көрсетілген Банк жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде қайтаруға міндетті. Қарыз алушы осы талапты орындамаған жағдайда, одан әрі қарай берешекті өтеуді Банк автоматты тәртіпте – жаңа Өтеу кестесінің есебімен есепке алатын болады және одан әрі қарай борыштың қалдығын өтеуді Қарыз алушы осы Өтеу кестесі бойынша жоспарлы тәртіпте жүргізуі қажет, осы Стандартты талаптарға қосыла отырып, онымен Қарыз алушы сөзсіз және қайтарымыз келіседі.

219-3. Алынып тасталды.

219-4. Тараптар Қарыз алушының Банкке беретін құжаттардағы мөрі мен банктің уәкілетті тұлғасының қойылған қолдарының факс көшірмесін/факсимилесін жарамды деп таниды, оның ішінде: Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде)/БҚК/Кепіл шартында/Шарттарға қосымша келісімдерде және басқа құжаттарда. Қарыз алушының осы негіздеме бойынша болашақта Банкке наразылықтары болмайды.

219-5. Осы арқылы Қарыз алушы, егер қарызды өтеу үшін клиенттен түскен ақша қарыз бойынша Берешекті толық мерзімінен бұрын өтеу үшін және БҚК/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) тоқтату үшін жеткілікті болған жағдайда, Берешекті толық мерзімінен бұрын өтеуге өзінің сөзсіз келісімін білдіреді. Банк Қарыз берушінің қосымша нұсқауынсыз Қарыз берушіге мерзімінен бұрын өтеу туралы хабарламамен толық мерзімінен бұрын өтеу шотына соманы есептен шығару жолымен осындай толық мерзімінен бұрын өтеу жүргізуге құқылы.

219-6. Шартқа қосылу арқылы Клиент, тізбесі Банктің www.eubank.kz сайтында келтірілген Банктің электрондық банктік қызметтерін, электронды сандық қолтаңбаны пайдалана отырып (бұдан әрі-электрондық банктік қызметтер) көрсетуіне өзінің қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді.

219-7. Клиент электрондық банктік қызметтер, Клиенттің осындай қызметтерді көрсету үшін өтініш берген сәтінде қолданылу мерзімі өтпеген, Банктің Куәландырушы орталығы шығарған электронды сандық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭСҚ) болған кезде көрсетілетініне өзінің қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді.

219-8. Электрондық банктік қызметтер Клиентті Кредоның бағдарламалық жасақтамасында биометриялық сәйкестендіргеннен кейін, ЭСҚ алу және Банк құрастыратын құжаттарға қол қою арқылы Автоматтандырылған банктік жүйелерде көрсетіледі.

219-9. ЭСҚ көмегімен қол қойылған құжаттарды, қол қойылатын құжатта орналасқан QR-кодта көрсетілген сілтеме бойынша немесе электрондық құжатта көрсетілген бірегей нөмірді енгізу арқылы Банктің сайтынан алуға болады.

219-10. Электрондық банктік қызметтер көрсетуден бас тарту үшін клиент ЭСҚ-ны кері қайтарып алуы қажет. ЭСҚ қайтарып алынған немесе ЭСҚ қолданылу мерзімі өтіп кеткен

жағдайда, электрондық банктік қызметтер көрсетілмейді, ал Шарт электрондық банктік қызметтер көрсету бөлігінде, бұзылды деп есептелінеді.

3 – тарау. Тараптардың құқықтары

220. Банктің құқықтары:

- 1) Қарыз алушыға келесі жағдайларда Қарыз беруден бас тарту:
 - Қарыз алушыға берілген сома мерзімінде қайтарылмайтындығы туралы айқын дәлелденген жағдайлар бар болса;
 - Қарыз алушының қаржылық жағдайы төмендеген кезде;
 - БҚК/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) Банк тиісті орындауға ықпал ететін ҚР заңнамаларының талаптары өзгерген жағдайда;
- 2) жасалған (жасалатын) БҚК/Негізгі шарт аясында келесі жағдайларда жаңа Қарыздар беруді біржақты тәртіпте тоқтату:
 - БҚК/ Негіздемелік шартта қарастырылған, ол бойынша Банктің жаңа қарыздар бермеу құқығы туындайтын жағдайлар;
 - Қарыз алушының Банктің алдында БҚК/Негіздемелік шарт/ Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша өзінің міндеттерін бұзуы;
 - Банк мемлекеттік уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы;
- 3) кез келген уақытта Қарыз алушының қаржылық жағдайын, Қарызды мақсатты пайдалануын, БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Қамтамасыз етуді тексеру, Қарыз алушы Шартқа/БҚК/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) қол қойғаннан кейін Қарыз беруден бас тарту:
 - Қарыз алушыға берілген сома мерзімінде қайтарылмайтындығы туралы айқын дәлелденген жағдайлар бар болса;
 - Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлағаны Банкке белгілі болған кезде;
 - Қамтамасыз ету жағдайы нашарлаған кезде, оның өтімділігі төмендеген кезде және/немесе оның бағалау құны кеміген кезде;
 - Қарыз алушы Шарттың талаптарын сақтамаған, осы Шарт бойынша, оның ішінде Қамтамасыз етуге қатысты міндеттерін орындамаған (тиісті орындамаған) кезде,
- 4) Қарыз алушы Шарттың талаптарын сақтамаған кезде, Қарыз алушы осы Шарт бойынша, оның ішінде Қамтамасыз етуге қатысты міндеттемелерін орындамаған (тиісті орындамаған) кезде Қарыз алушыдан Кредиттік досье қалыптастыру үшін қажетті құжаттарды талап ету, сондай-ақ Шарттың/БҚК қолданылуының барлық мерзімінің ішінде кез келген уақытта Банк қажетті деп санаған құжаттамалар мен ақпараттарды сұрау.
- 5) Қарыз алушының/Кепіл берушінің ипотека мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өз бетінше сатқаны туралы жазбаша өтініші түскен күннен бастап Банк 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Кепіл беруші мен Қарыз алушыға, егер Қарыз алушы негізгі міндеттеме бойынша Кепіл беруші болып табылмайтын болса, Кепіл берушінің өтінішін қанағаттандырудан бас тартқаны немесе қанағаттандырғаны туралы жазбаша нысанда хабарлайды. Кепіл берушінің өтінішін қанағаттандырған жағдайда, Банк сондай-ақ мәжбүрлеп орындау шараларын уақытша тоқтатылғаны және жылжымайтын мүлікті өз бетінше сатудан түскен ақшаны Кепіл ұстаушының банктік шотына аудару қажеттігі туралы хабардар етеді;
- 5-1) Кепіл беруші ипотека мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті алдыңғы тармақта қарастырылған мерзімде сата алмаған жағдайда, Банк мұндай мүлікті «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңында белгіленген тәсілдермен сатуға құқылы.
- 5-2) Банк өз талаптарын мынадай жолдармен қанағаттандыруға құқылы:
 - 1) ипотеканы соттан тыс тәртіпте сату;
 - 2) ипотеканы соттан тыс тәртіпте сату, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарында не ипотекалық шартта немесе тараптардың кейінгі келісімдерінде қарастырылған болса;

- 3) «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңына сәйкес сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда, кепілге салынған мүлікті өз меншігіне айналдыру.
- 6) Қарыз алушы Қарыздың кезекті бөлігін өтеу және/немесе Банкке тиесілі Қарыз бойынша төлеу мерзімін отыз күнтізбелік күннен аса бұзған жағдайда Қарыз алушыдан осы БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттемесін мерзімінен бұрын орындауды және негізгі борыш сомасын қайтаруды және Сыйақыны және БҚК/Негізгі шарт/ Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша өзге берешектерді мерзімінен бұрын төлеуді талап ету.
- Ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сонымен бірге БҚК/Негіздемелік шарт/ Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Негізгі борыш және (немесе) Сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша міндеттерін орындау мерзімін жалғасты жүз сексен күнтізбелік күннен астам мерзімнің аяқталуы бойынша есептелген тұрақсыздық өсімпұлдарын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге ~~құқығы емес~~ Банкке тиым салынады;
- 7) Қарыздың жалпы сомасына комиссиялар және сақтандыру сыйлықақыларының сомасы қосылған жағдайда, ақша аударылғанда аудару сомасынан - Банкке БҚК бойынша тиесілі комиссиялардың сомасын және әрі қарай сақтандыру компанияларының пайдасына аудару үшін сақтандыру сыйлықақыларының сомасын алып алу.
- 8) мерзімі кешіктірілген Берешек туындаған әрбір жағдайда, қарыз алуға Өтініште нөмірлері көрсетілген телефондар бойынша Қарыз алушыға хабарлау.
- 9) ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген, сондай-ақ Шартта, БҚК-да/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) белгіленген жағдайларда Шарт, БҚК/ Негіздемелік шартта/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарын өз қарастыруы бойынша Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту. Бұл жағдайда қосымша келісім жасаудың қажеті жоқ. Осындай өзгерістер жөнінде Қарыз алушыны хабардар ету Банктің таңдауы бойынша байланыс арналарының бірі арқылы жүзеге асырылады. БҚК-ға/Негіздемелік шартқа/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) қол қою арқылы Қарыз алушы үшін банктік қарыз талаптарын жақсартудың жекелей алғанда келесілер болып табылатынымен Қарыз алушы келіседі:
- 1) банктік қарызға қызмет көрсетуге қатысты комиссиялар мен басқа да төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту немесе толығымен болдырмау;
 - 2) тұрақсыздық айыппұлдарын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына өзгерту немесе толық алып тастау;
 - 3) БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) мерзімін ұзарту;
 - 4) Сыйақы мөлшерлемесінің көлемін азайту;
 - 5) Берешекті өтеу бойынша төлем жасау мерзімін кейінге қалдыру;
 - 6) Қарыз және/немесе Берешек бойынша сыйақыны капиталдандыру;
 - 7) Жеңілдікті кезең, Промо-кезең беру;
 - 8) қарыз операциясын өтеу тәртібін Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту;
 - 9) Есеп айырысу кезеңі аяқталатын күнді кешірек мерзімге ауыстыру арқылы өзгерту;
 - 10) бір немесе бірнеше берілген Қарыздар бойынша Ең төменгі Төлем немесе Ұсынылған Төлем мөлшерін азайту;
- БҚК/Негіздемелік шартты/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгерту Қарыз алушы осындай өзгерістер туралы хабарламаны Банкке байланысты емес себептер бойынша алмаған жағдайда да Банк пен Қарыз алушы арасындағы қатынастарға қолданылады;
- 11) Кредит лимитін ұлғайту, жаңа Кредит лимитін беру (кепілсіз қарыздар бойынша);
 - 12) болашақ төлемдерге мерзімі кешіктірілген берешекті бөлу;
 - 13) тиісті төлемдерді және қарыз мерзімін тиісінше ұлғайтумен, артық төлем сомасын ұлғайтусыз қарыздар бойынша ай сайынғы төлем мөлшерін азайту (кепілсіз қарыздар бойынша);
- 9-1) ҚР қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте шартты(-

тарды) біржақты тәртіпте бұзу.

10) Қарыз алушы (Қарыз алушының қызметкері/ «Қазпошта» АҚ/өзге Банктің серіктестері) олармен жасасқан Шарттарға сәйкес ай сайынғы төлем сомасынан асатын соманы төлеген жағдайда, Банк мұндай айырмашылықты Қарыз алушының болашақтағы төлемдерінің есебіне алуға не мерзімі кешіктірілген берешек (бар болуында) есебіне алуға құқылы.

11) Осы Шарттың/БҚК-ның/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарын Қарыз алушының орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау нәтижесінде жинақталған Берешек сомасын Қарыз алушының Банкте, ҚР аумағындағы, одан тыс жерлердегі кез келген банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін іске асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарынан Қарыз алушының қосымша келісімінсіз Қарыз алушының банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы төлем талабын орындау. Бұл ретте Қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша берешегін төлем талабын қою арқылы өндіріп алу Қарыз алушының банктік шотындағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен Қарыз алушының банктік шотына түсетін әрбір ақша сомасының елу пайызы шегінде шектеледі және төлем тапсырмасын толық орындау үшін қажетті барлық соманың банк шотына түсуін күтпестен жүзеге асырылады. Бұл шектеу қарыз алушының жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды;

11-1) егер Банк Қарыз алушы осы Шарттың/БҚК-ның/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарын орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны нәтижесінде жиналған оның Берешегін өтеу есебіне Қарыз алушының шоттарын тікелей дебеттеу арқылы төлем талабын Қарыз валютасынан басқа валютада орындаған жағдайда ақшаны айырбастауды жүргізу. Қарыз алушы осы арқылы мұндай ақшаны Банк ақша айырбасталатын күні белгілейтін Қарыз валютасын сатып алу бағамы бойынша айырбастауға және Банкте, ҚР аумағындағы және одан тыс жердегі басқа банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін іске асыратын ұйымдарда ашылған Қарыз алушының кез келген банктік шоттарынан ақша айырбасталғаны үшін алынатын комиссия сомаларын Қарыз алушының қосымша акцептісіз (келісімінсіз) тікелей дебеттеуге келісімін береді;

11-2) Қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген берешекті Қарыз алушының Банкте, басқа банктер мен банктік операциялардың жекеленген түрлерін жүргізетін ұйымдардағы Қарыз алушының банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы алынған қаражаттардың есебінен өтеген жағдайда, төлем талаптарын орындау барысында түске соманы және Қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген берешектен жоғарылатылған соманы Шарт/БҚК/Негіздемелік шарт/ Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша берешектерді мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеуге жіберу, онымен қарыз алушы сөзсіз және қайтарымсыз келіседі. Бұл ретте Банк Қарыз алушыға, Қарыз сомасын, есептелген Сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл), орындау мерзімін кешіктірумен келтірілген залалдар өтемін, Қамтамасыз етуді ұстау бойынша қажетті шығындарды, Берешекті өндіру, Қамтамасыз етуді сату бойынша шығындарды және Қарыз алушының Шарт/БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттемелерін орындамауымен және/немесе тиісті түрде орындамауымен келтірілген басқа да шығындарды, залалдарды қоса алғанда өзінің талабын нақты қанағаттандыру сәтінде бар көлемде қанағаттандыруға құқылы;

12) Қарызға қызмет көрсетумен байланысты емес комиссиялар мен Тарифтерді бір жақты тәртіпте өзгерту. Банктің жаңа Тарифтерін Банктің операциялық залдарында, байланыс арналары арқылы және/немесе Банктің сайтында орналастырған жағдайда Банк Қарыз алушыны Банктің Тарифтеріндегі өзгерістер туралы тиісті түрде хабардар етті деп саналады.

13) клиенттің ақшасымен және (немесе) өзге мүліктерімен жүргізілетін операциялары Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес заңсыз жолмен алған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты деп пайымдауға Банктің негіздемесі болған жағдайда осы Шартты орындаудан (операция жүргізуден бас тартуға) біржақты тәртіпте бас тарту. Бұл ретте Банк Шартты бұзу күнінен кемінде бір ай бұрын Клиентке алдын ала хабарлаумен Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

14)

14-1. Банктер мен банк қызметтері туралы ҚР заңнама нормаларына сәйкес, БҚК/Өтініш (Кредиттік өтініш) тараптары БҚК/Өтініш (Кредиттік өтініш) арқылы белгіленген тіркелген сыйақы мөлшерлемесінің әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, Қарыздың сыйақы мөлшерлемесі ұлғаю жағына өзгеруі мүмкін, бұл ретте жылдық сыйақының тиімді мөлшері ҚР қолданыстағы заңнамасымен бекітілген кепілсіз банктік қарыз бойынша жылдық 56% (елу алты пайыз), қамтамасыз етілген кепіл арқылы банктік қарыз бойынша жылдық 40% (қырық пайыз); ипотекалық тұрғын үй бойынша жылдық 25% (жиырма бес пайыз) шекті көлемінен аспайды.

Банк Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің көлемін Банк Қарыз бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті көлемін ұлғайтпау міндеттемесін сақтай отырып, БҚК/Өтініштің (Кредиттік өтініш) бүкіл әрекет ету мерзімі бойы 3 (үш) жылға тең әрбір тіркелген мерзімнің аяқталуы бойынша ұлғайтуға құқылы.

Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі банктер мен банк қызметтері туралы ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте жасалған Банктің азаю жағына немесе азаю жағына уақытша өзгерген жағдайдан басқа, біржақты тәртіпте өзгертілмейді.

Сыйақы мөлшерлемесінің азаю жағына уақытша өзгеруі ретінде Банктің сыйақы мөлшерлемесінің көлемін сыйақы мөлшерлемесінің көлемінен аспайтын көлемде белгіленетін сыйақы мөлшерлемесінің уақытша өзгертуге дейін әрекет ететін белгілі мерзімдегі сыйақы мөлшерлеме көлемінің азаю деп түсіндіріледі.

15) қарыз бойынша мерзімін кешіктіру 2 (екі) айдан асып кеткен жағдайда сатып алынатын көлік құралының қозғалтқышының жұмысын қашықтан оқшаулау / өшіру жүргізу (өнімдік талаптарда осындай талаптар бар болса);

16) кез келген уақытта Қарыз алушының қаржылық жағдайын, Шарт, БҚК/Өтініш (Кредиттік өтініш) бойынша Қарыздың, Қамтамасыз етудің мақсатты қолданылуын тексеру.

17) Егер қарызды өтеу үшін клиенттен түскен ақша қарыз бойынша Берешекті толық мерзімінен бұрын өтеу үшін және БҚК/Өтінішті (Кредиттік өтініш) тоқтату үшін жеткілікті болған жағдайда, Банк Қарыз берушінің қосымша нұсқауынсыз толық мерзімінен бұрын өтеу шотына соманы есептен шығару жолымен осындай толық мерзімінен бұрын өтеу жүргізуге құқылы.

220-1. Банк банктік қарыз берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты банктік шотты жүргізгені үшін, сонымен бірге кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға жеке тұлғалармен жасалатын банктік қарыз шарттары бойынша банктік шотқа қарызды есепке қосқаны үшін комиссиялар белгілеуге және өндіруге құқылы емес.

220-2. Клиентте ЭСҚ болмаған немесе оның қолданылу мерзімі өткен жағдайда, Банк клиентке электрондық банк қызметтерін көрсетуден бас тартуға құқылы.

220-3. Банк клиенттен ЭСҚ көмегімен қол қою арқылы электрондық түрде жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді орындауын талап етуге құқылы.

221. Қарыз алушының құқықтары:

1) Қарызды пайдаланған нақты күндерінің саны үшін Сыйақы төлеп, осы Шарттың (тұрақсыздық айыптары туралы, демалыс/мереке күндері туралы және т.б.) ережелерінің есебімен, Қарызды/Қарыз бойынша Берешекті (ішінара немесе толық көлемде) кез келген уақытта өтеу.

2) БҚК /Өтініш (Кредиттік өтініш) жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарызды алған Күннен бастап 6 (алты) ай аяқталғанда, 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген Қарызды алған Күннен бастап 1 (бір) жыл аяқталғанда Қарыз берген Күннен бастап Банк есептеген Сыйақы төлеумен Қарызды қайтару; Бұл ретте Банк Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы мен айыппұл санкцияларын алмайды

3) Өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз, бірақ кемінде айына бір рет жазбаша нысанда БҚК/Өтініш (Кредиттік өтініш) бойынша борышты өтеу есебіне кезекті түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа төленуі тиіс сомаларға), сондай-ақ Банкке төленген ақша сомасы мен

кредит беру лимиті (бар болғанда) туралы жазбаша нысанда ақпаратты алу.

4) Шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша берілген ақшаны Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініш бойынша - 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа төленуі тиіс сомаға бөлінген қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы мәліметті мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып, жазбаша түрде ақысыз алу.

5) Алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар пайда болған кезде Банкке жазбаша түрде өтініш жасау және ҚР заңнамасында белгіленген мерзімдерде жауап алу.

6) Жұмыс берушіге БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Банктің алдындағы Берешегін өтеу шотына Өтеу кестесіне сәйкес ай сайынғы төлем сомасын жалақыдан ұстауға және/немесе есептеу күнінде уәкілетті жұмыс берушіге жазбаша өтініш беру және осындай соманы Қарыз алушының атынан Банктің шотына аудару.

7) Банкке БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Қарыз беру туралы Өтініште көрсетілген жеке басын куәландыратын мәліметтер, БҚК нөмірі және кодтық сөз хабарланған кезде, БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша ақпаратты ауызша немесе жазбаша нысанда алу.

Негізгі борыш немесе Сыйақы өтелетін күн демалыс немесе мереке күніне келген жағдайда, сыйақы немесе негізгі борышты төлеуді одан кейінгі келесі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлемей жүргізу;

Шарт бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, банктік омбудсманға (Банк пен Қарыз алушының заңмен қорғалатын мүдделері мен құқықтарын қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу мақсатында Қарыз алушы – оның жеке тұлғаға жүгінуі бойынша Банк пен Қарыз алушы арасындағы Ипотекалық қарыз шартынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өзінің қызметінде тәуелсіз жеке тұлғаға) жүгіну.

10) БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттерді орындау мерзімін кешіктіру туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Банкке келу және (немесе) БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттерді орындау мерзімін кешіктіру туындауының себептері, кіріс және БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішін негіздейтін басқа да расталған жағдайлар (деректер) туралы мәліметтер баяндалатын жазбаша нысанда, не БҚШ/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қарастырылған тәсілмен өтініш беру, оның ішінде келесілермен байланысты:

- Қарыз сыйақысы мөлшерлемесін азаю жағына өзгерту;
- шетел валютасында берілген Қарыз бойынша негізгі борыш сомасының қалдық валютасын ұлттық валютаға өзгерту;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдердің мерзімін кейінге қалдыру;
- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгерту, оның ішінде басымдылықты тәртіпте негізгі борышты өтеу;
- БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) қолданылу мерзімін өзгерту;
- мерзімі кешіктірілген негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) алып тастау (2021 ж. 01 қазанға дейін қолданылады).

БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттерді орындау мерзімін кешіктіру туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Банкке келу және (немесе) БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттерді орындау мерзімін кешіктіру туындауының себептері, кіріс және БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішін негіздейтін басқа да расталған жағдайлар (деректер) туралы мәліметтер баяндалатын жазбаша нысанда, не БҚШ/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қарастырылған тәсілмен өтініш беру, оның ішінде келесілермен байланысты:

- Қарыз сыйақысы мөлшерлемесін азаю жағына өзгерту;
- шетел валютасында берілген Қарыз бойынша негізгі борыш сомасының қалдық валютасын ұлттық валютаға өзгерту;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдердің мерзімін кейінге қалдыру;

- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгерту, оның ішінде басымдылықты тәртіпте негізгі борышты өтеу;
- БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) қолданылу мерзімін өзгерту;
- мерзімі кешіктірілген негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), комиссиялар мен банктк қарызға қызмет көрсетумен байланысты басқа д атөлемдерді алып тастау;
- ипотека мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл беруші «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының 20-1 бабында қарастырылған тәртіпте өз бетінше сатуы;
- банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) кепіл мүлкін беру жолымен банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына шегініс ұсыну;
- сатып алушыға банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу (2021 жылғы 01 қазаннан бастап қолданылады).

10-1) Қазақстан Республикасының «Банктер мен банктік қызмет туралы» Заңының 34-1 бабының 7 тармағында қарастырылған хабарлама алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Банкке ипотекалық қарыз шартында қарастырылған тәсілмен шешім қабылдау туралы хабарлау (2021 ж. 01 қазанға дейін қолданылады).

Банк жеке тұлға-Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Шарттың/БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарына ұсынылған өзгерістерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте қарастырады және жазбаша нысанда не Шартта/БҚШ/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қарастырылған тәсілмен жеке тұлға-Қарыз алушыға келесілер туралы хабарлайды:

- Шарттың/БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні;
- Шарттың/БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарын өзгерту бойынша өзінің ұсыныстары;
- мұндай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарттың/БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарын өзгертуден бас тартуы.

Банк Шарттың/БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы шешім қабылдаған кезде, осындай өзгерістерді енгізу мерзімі Банк осындай шешім қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайды (2021 ж. 01 қазаннан бастап қолданылады).

11) Шарттың/БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінімнің) талаптарын оларды қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарлама алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Банктің ұсынған жақсарту талаптарынан бас тарту. Бұл ретте Қарыз алушы бұл туралы Банктен хабарлама алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде осы жазбаша нысанда Банкке хабарлауға міндетті 2021 ж. 01 қазанға дейін қолданылады).

Банк Шарттың/БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарын өзгерту бойынша өзінің ұсыныстарын жолдаған кезде, Қарыз алушының Банктің Шартты/БҚШ/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) өзгертуге ұсынған талаптарына жауап беру мерзімі Банктің хатында көрсетіледі және Қарыз алушының Банктің шешімін алған күннен бастап кем дегенде 15 (он бес) күнтізбелік күнді құрайды.

11-1) Қарыз алушы Банктің шешімін алған күннен бастап кем дегенде 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде және Шарттың/БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарын өзгерту туралы өзара тиімді шешімге қол жеткізбеген кезде, Банкті бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

Уәкілетті орган Қарыз алушының Банкке өтініш бергенін және Шарттың/БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарын өзгерту туралы Банкпен өзара тиімді шешімге қол

жеткізбегеніне дәлелдемесін ұсынған кезде, оның өтінішін қарастырады (2021 ж. 01 қазаннан бастап қолданылады.).

11-2) Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын Қарыз алушыдан өтінішті қарауы кезеңінде, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша сотқа талап арыз беру арқылы не соттан тыс тәртіппен кепілге салынған мүліктен күн өндіріп алуға жол берілмейді. Осы тармақшада белгіленген талап, Қарыз алушы өтініш берген күннен бастап уәкілетті орган өтінішті күнтізбелік 60 (алпыс) күннен астам қараған жағдайларда, сондай-ақ сондай-ақ Қарыз алушының бұрын қаралған мәселе бойынша қайта өтініш берген жағдайларда қолданылмайды (2021 ж. 01 қазаннан бастап қолданылады.).

11-3) Қарыз алушының өтінішін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қарастырады.

12) тізбесі Банктің www.eubank.kz сайтында келтірілген электрондық банктік қызметтерді Стандартты талаптардың 219-8 т-да қарастырылған тәртіпте, электронды сандық қолтаңбаны пайдаланып алу.

4-тарау Тараптардың міндеттері

222. Банктің міндеттері:

1) БҚК-да/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) /осы Стандартты талаптарда белгіленген жағдайларда БҚК жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде, Қарыз берілген Күннен бастап есептелген Сыйақыны ұстай отырып, қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамай, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға Қарыз қабылдау,

2) Өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз, бірақ кемінде айына бір реттен жиілетпей жазбаша нысанда БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша борышты өтеу есебіне кезекті түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа төленуі тиіс сомаларға), сондай-ақ Банкке төленген ақша сомасы мен кредит беру лимиті (бар болғанда) туралы жазбаша нысанда ақпаратты алу.

3) Қарыз алушының өтініші бойынша берілген ақшаны банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша – үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа төленуі тиіс сомаларға бөлінген қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы мәліметті мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып, жазбаша түрде ақысыз беру;

4) Қарыз алушының БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін кешіктіруі болған кезде, бірақ ол орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен (2021 ж. 01 қазанға дейін қолданылады.) 20 (жиырма) күнтізбелік күннен (мерзімді 20 (жиырма) күнтізбелік күнге өзгерту 2021 ж. 1 қазаннан бастап енгізіледі) кешіктірмей, Қарыз алушыға хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша төлемдер енгізудің қажеттігі туралы, және жеке тұлға- Қарыз алушының БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Банкке өтініш беру құқығы туралы, және Қарыз алушының БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттемелерін орындамаудың салдарлары туралы/ осы Стандартты талаптарда белгіленген тәсілдермен хабарлау: пошта курьерімен немесе факсимиле хабарламамен және/немесе электрондық хабарламамен және/немесе қарыз алуға Өтініште көрсетілген телефондар бойынша хабарлау жолымен және/немесе SMS-хабарламалар түрінде және/немесе ҚР заңнамаларында тыйым салынбаған өзге тәсілдермен және келесі мерзімдерде: Өтеу кестесі бойынша тиісті Өтелген күннен кейін келесі күннен бастап, мерзімі кешіктірілген Берешекті нақты Өтеген күнмен аяқтай отырып хабарлау.

5) Қарыз алушының жазбаша өтінішін ҚР заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде қарау және жазбаша жауапты дайындау;

6) Осы Шарт/Негізгі шарт/ Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша құқықты (талапты) үшінші

тұлғаларға берген кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қарыз алушыны (оның уәкілетті етілген тұлғасын) талап қою құқығының толық көлемін, мерзімде Негізгі борышқа, Сыйақыға, Комиссияға, Тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа төленуі тиіс сомаға бөлінген ағымдағы және мерзімі кешіктірілген берешектің қалдығын көрсете отырып, сондай-ақ Банкке немесе талап қою құқығы берілген тұлғаға - Қарызды өтеу бойынша бұдан әрі қарайғы төлемдерді тағайындау туралы хабарлау.

7) Егер Қарыз алушының Қарызы бойынша соңғы төлем сәтінде БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша ағымдағы және мерзімі кешіктірілген Берешегі жоқ болған жағдайда Банк Қарыз алушыға БҚК/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) аясында (егер ерікті сақтандыру шарты болған жағдайда, Сақтандырылушы Қарыз алушы болып табылғанда) Қарыз алушының жазбаша өтінішінің негізінде артық төлеген сомасын қайтарады. Қайтару Қарыз алушының шотына ақша аудару жолымен жүргізіледі. Бұл ретте Банк қайтаруға тиісті сомадан банктік шығындарды ұстап қалуға құқылы.

8) Қарыз алушыға Шарт, БҚК/Негіздеделік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарының жақсару жағына қарай өзгергені туралы хабарлау. Шарттағы, БҚК-дағы өзгерістер туралы Банк қарыз алушыға осындай өзгерістер күшіне енетін күнге дейін кемінде 14 (он төрт) күнтізбелік бұрын өзінің қарастыруы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары немесе филиалдарда және/немесе Банктің сайтында хабарландыру орналастыру не пошта бойынша хабарламалар жолдау арқылы алдын ала хабарлайды.

9) Қазақстан Республикасының «Банктер және банктік қызмет туралы» Заңының 36-бабында қарастырылған Қарыз алушының жазбаша өтінішін алған күннен бастап он бес күнтізбелік күннің ішінде БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша талаптарына қосынылған өзгерістерді қарастыру және Қарыз алушыға олар туралы жазбаша нысанда хабарлау:

- БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Банктің құқықтарды (талап етудің) өтуі талаптары

- БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша талаптарды өзгерту бойынша өзінің ұсыныстары;

- шарттың талаптарын өзгертуге осындай бас тарту себептерінің негізделген дәлелденген себептерін көрсетумен;

10) үшінші тұлғаға БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Банктің құқықтарды (талап етудің) өтуі талаптарын баяндайтын шар жасаған кезде (бұдан әрі - талап ету құқықтарын беру шарты) Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) келесілерді хабарлау:

- үшінші тұлғаға құқықтардың (талап етудің) өту мүмкіндігі туралы, сонымен бірге осы қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларына қарсы келмейтін осындай талап етуді берумен байланысты талап ету құқықтары шартын жасағанға дейін;

- Қарызды өтеу бойынша үшінші тұлғаға (Шарт/Негіздеделік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша құқықтары өткен тұлғаның атауы және орналасқан орны) одан әрі қарай төлемдердің тағайындалуын көрсетумен талап ету құқықтарын беру шартын жасаған күннен бастап не Қазақстан Республикасының заңнамаларына қарсы келмейтін отыз күнтізбелік күннің ішінде берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемі, үшінші тұлғаға берілген тәсілі, құқықты беру (талап ету) жағдайы туралы, сонымен бірге Негізгі борыштың, Сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық өсімпұлдары (айыппұлдар, өсімпұлдар) және басқа да төлеуге тиісті сомалар туралы.

11) ипотекалық қарыз шарты бойынша міндеттерді орындау мерзімін кешіктіру болған кезде, мерзімін кешіктіру туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде (2021 ж. 01 қазанға дейін қолданылады) 20 (жиырма) күнтізбелік күннің (мерзімнің 20 (жиырма) күнтізбелік күнге өзгеруі 2021 жылғы 1 қазаннан бастап енгізіледі) Қарыз алушыға келесілер туралы хабарлау:

- міндеттерді орындау бойынша мерзімін кешіктірудің туындауы және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі кешіктірілген берешектің мөлшерін көрсетумен төлемдер енгізу қажеттігі;
- жеке тұлға- қарыз алушының БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Банкке өтініш беру (жүгіну) құқығы;
- объективті себептер болған кезде, ипотекалық қарыз шартының талаптарын өзгерту жолымен, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңының 34-1 бабының 7 тармағында қарастырылғандай, берешектерді реттеу мүмкіндігі.
- қарыз алушының БҚШ/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттемелерін орындамаудың салдарлары.

Бұл ретте Банкке хабарлау келесі тәсілдердің бірімен жүргізіледі: пошта курьерімен немесе факсимиле хабарламамен және/немесе электрондық хабарламамен және/немесе қарыз алуға Өтініште көрсетілген телефондар бойынша хабарлау жолымен және/немесе SMS-хабарламалар түрінде және/немесе ҚР заңнамаларында тыйым салынбаған өзге тәсілдермен.

12) тізбесі Банктің www.eubank.kz сайтында келтірілген электрондық банктік қызметтерді Стандартты талаптардың 219-8 т-да қарастырылған тәртіпте электронды сандық қолтаңбаны пайдаланып көрсету.

223. Қарыз алушының міндеттері:

- 1) Қарыздың мерзімділік, қайтарымдылық және төлемдік шарттарын қатаң сақтау.
- 2) Банкке Қарыз алушының қаржылық жай-күйін тексеруге барынша қолғабыс көрсету.
- 3) Банктің бірінші талап етуі бойынша, Қарыз алушыдан кредит досьесін қалыптастыруға қажетті құжаттарды, сондай-ақ Қарыз алушыдан Банк Шарттың/ БҚК/Негіздемелік шарттың/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) әрекет ету мерзімі ішінде кез келген уақытта қажет деп есептейтін кез келген құжаттама мен ақпаратты беру.
- 4) Осы Шартта/БҚК-да/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қарастырылған толық көлемде, түрде, мерзімде, тәртіпте және мөлшерде Қарызды төлеу және ол бойынша есептелген Сыйақыны, сондай-ақ басқа төлемдерді өтеу.
- 5) Банк ҚР заңнамасында және Шартта/БҚК-да/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) белгіленген жағдайларда Қарыз бен есептелген Сыйақыны мерзімінен бұрын өтеу, Қарыз бен Шарт/БҚК/Негіздемелік шартта/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарына сәйкес есептелген Сыйақы бойынша мерзімі кешіктірілген берешекті өтеу туралы талап, БҚК-ға/Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қол қоюға және орындауға байланысты және/немесе Қарыз алушының БҚК/ Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындамауы және/немесе тиісті түрде орындамауы нәтижесінде банк шеккен шығыстарды, сондай-ақ Шартта/БҚК-да/ Негіздемелік шартта/Өтініште (Кредиттік өтінімде) белгіленген басқа да шығыстарды төлеу туралы талап қойған кезде Банктің талаптарын Банктің аталмыш жазбаша талабын алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде орындау.
- 6) Банкті 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде мекенжайының өзгертілгені туралы, Шартқа/Негіздемелік шартқа/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) қоса берілген Өтініште көрсетілген басқа мәліметтерді қоса және/немесе Қарыз алушының жұмыс берушімен еңбек шартын бұзғаны немесе тоқтатқаны туралы және/немесе Қарыз алушының БҚК/Негіздемелік шартта/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша кезекті төлемді өтеуге ақшасының жоқ екендігі туралы және/немесе Қарыз алушының қандай да бір соттық процеске тартылғандығы туралы және/немесе Қарыз алушының мүлкіне тыйым салынғандығы және/немесе ауыртпалық салынғандығы (немесе мұндай жағдайдың туындауына нақты қауіп бар екендігі) туралы; БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін тәуекелдің туындағаны туралы жазбаша түрде хабарлау. Сондай-ақ БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша үшінші тұлғалардан олардың алдындағы Берешек сомасынан 50 (елу) пайыз және одан асатын сомадағы міндеттемелерін орындау туралы Қарыз алушыға талап қойған жағдайда, Банкті Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін уақытында орындауға әсер ететін барлық жағдайлар туралы уақытында хабардар ету.

7) Қарыз алушы БҚК /Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Банкке тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу.

7-1) Алынып тасталды.

8) Банкті 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде басқа банктерде банктік шот ашылғандығы, сондай-ақ кез келген кредиторлық Берешектің бар екендігі және оның мөлшері туралы хабардар етуге.

9) Шарт/ БҚК /Өтініш (Кредиттік өтінім) міндеттемелерін Қарыз алушының кез келген үшінші тұлғалар алдындағы барлық басқа міндеттемелерге қатысты бірінші кезекте орындау.

10) Алынып тасталды.

11) Қарызды алған сәтте, сондай-ақ басқа жағдайларда Банк берген және Қарыз алушыға қолайлы Өтеу кестесіне қол қоюға, оған сәйкес Қарызды өтеу және ол бойынша Сыйақыны төлеуді жүргізеді.

12) Барлық міндеттемелер бойынша өзінің барлық мүлкімен жауап беруге (ақшаны, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, мүліктік құқықты, құқықты (талаптарды), бағалы қағаздарды, сондай-ақ Қарыз алушыға тиесілі кез келген басқа мүлікті), ол мүліктен ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес құн өндіріледі. Қарыз алушы міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда тұрақсыздық айыбын төлеу және шығындарды өтеу оны Шартты/ БҚК-ны орындаудан босатпайды. Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап бойынша Банк өзіне келтірілген залалды дәлелдеуге міндетті емес.

13) Қарыз алушы Шартқа/БҚК-ға қол қоюға және орындауға байланысты барлық шығыстарды, Банк комиссияларын төлеумен, сондай-ақ Қарыз алушының Шарт/БҚК бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау нәтижесінде шеккен шығыстармен, шығындармен, залалдармен байланысты барлық шығыстарды көтереді; ал Қарыз алушы Банк белгілеген мерзімде оларды өтеуге міндеттенеді. Банк осындай шығындарды, залалдар мен зияндарды келтіру шаралары бойынша төлемақыған тиісті талаптарды шығарады; Қарыз алушы олардың орнын Банкте бекітілген мерзімде толтыруға міндеттенеді.

14) Банктің бірінші талап етуі бойынша Шарт/БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) (бар болғанда) талаптарына сәйкес Қамтамасыз етуді беру және көрсетілген талаптар бойынша барлық басқа міндеттерді орындау, сонымен бірге Банктің бірінші талап етуі бойынша БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) әрекет ету мерзіміне Қарызды қайтару бойынша орындалмаған міндеттер тәуекелін сақтандыру. Бұл ретте, тиісті сақтандыру шарттарында сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда, Пайда алушы деп Банкті көрсету қажет.

15) Банкке осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Қамтамасыз етуді ұсыну; Қарызды тек оның мақсатты тағайындалуына сәйкес пайдалану және Қарызды мақсатты пайдалану, Қамтамасыз етудің нақты күйін, сонымен қатар Қарыз алушының қаржылық күйіне жасалатын тексерулерде Банкке барлық жақтан септігін тигізуге. Банктің бірінші талабы бойынша заңнама талаптарына және осы Шарттың талаптарына сәйкес, Қамтамасыз етуді сақтандыру.

16) Банктің талабы бойынша Қамтамасыз етуді жоғалтқан жағдайда (ұрлану, жоғалу, заңды негіздерде жекеменшік құқығынан айрылу және басқа жағдайлар), сонымен қатар тозған, жағдайының нашарлаған, бағасы төмендеген және осы Шартта және Қамтамасыз ету шартында белгіленген басқа да жағдайларда Банкке Банк үшін қолайлы қосымша Қамтамасыз етуді ұсыну.

17) Алынып тасталды.

18) Қарыз алушы осы Шартқа, БҚК/Негіздемелік шартқа/Өтінішке (Кредиттік өтінімге) және басқа ілеспелі құжаттарға қол қою үшін өзінің барлық құқықтарының бар екендігіне және өзінің іс-әрекетке толық қабілетті екендігіне кепілдік береді. Қарыз алушы өзінің іс-әрекетке қабілеттілігін, Шарттың, БҚК/Негіздемелік шарттың/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) және басқа құқықтық құжаттардың, Шарттың, БҚК/Негіздемелік шарттың және оларға басқа ілеспелі құжаттардың және басқа құжаттардың талаптарымен толық танысқанын және олардың түсінікті екенін және құжаттардың талаптарына қатысты жаңсақтыққа бармайтынын растайды. Қарыз алушы Шарттың, БҚК/Негіздемелік шарттың/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) және басқа

құжаттардың талаптарымен толық келісетінін, өзінің әрекеттерін толық мәнде түсінетінін және олардың талаптарын толық көлемде қабылдайтынын мойындайды. Қарыз алушы сонымен бірге Шарт, БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) алдау, күш көрсету, қауіп төндіру ықпалымен жасалмағанын және өзіне пайдасыз талаптардың шегінде ауыр жағдайлардың салдарынан жасалмағанын растайды.

19) Код сөзін үшінші тұлғаларға жария етпеу. Қарыз алушының кодтық сөзі оның кінәсінен немесе басқаша жария етілген жағдайда, Қарыз алушы ең таяудағы тәуліктер ішінде Банкке кодтық сөзді жаңасына ауыстыру мақсатында бұл дерек туралы хабарлауға міндетті. Бұл ретте Банк кодтық сөзді жариялаумен байланыстырылған жағымсыз салдарлар үшін жауапкершілікте болмайды.

20) БҚК бойынша ай сайынғы төлемдер аударылғаны үшін алынатын кез келген түрдегі комиссиялар мен алымдарды төлеу шығыстарын, егер мұндай төлемдер басқа банктердің бөлімшелері немесе «Қазпошта» АҚ арқылы жүргізілсе, өз бетінше көтеру.

21) Жұмыс берушімен еңбек шартын бұзған жағдайда немесе кез келген себеп бойынша жалақысы түспегенде, Банкке ай сайынғы төлемдерді өз бетінше, кез келген заңды негіздерден өтеуді жалғастыру.

22) Тараптардың еркінен тыс жағдайларда, егер Қарыз алушының жұмыс берушісі жалақы төлеуді кешіктірсе және/немесе «Қазпошта» АҚ /банк-серіктес ұстамаса және/немесе Банкке ай сайын 5 (бес) жұмыс күнінен аса кешіктірсе, Қарыз алушы Шартта/БҚК-да/Өтініште (Кредиттік өтінімде) қарастырылған туындаған мерзімі кешіктіруді Банкті санкциялар қолдануға мәжбүрлемей, Берешекті өтеуді өз бетінше жүргізуге міндетті.

23) Қарыз алушы осы арқылы БҚК/ Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарына сәйкес, Сыйақы мөлшерлемесін өзгертуге, сонымен қатар Қарыз алушы Банкке жаңа Сыйақы мөлшерлемесі бойынша Сыйақы сомаларын төлемеген жағдайда Банк Қарыз алушыдан негізгі борыш және Сыйақы бойынша барлық Берешек сомаларын қайтаруын және/ немесе Кепіл мәнінен күн өндіруді талап етуге құқылы екендігіне өзінің сөзсіз келісімін растайды.

24) Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғалармен Қарыз, кепіл, жалдау шарттарын және Шарттың, БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) Қамтамасыз ету ретінде ұсынылған мүлікке қатысты басқа да шарттарды жасамау, кепілдіктер (кепілгерліктер) бермеу, өз мүлкіне, қазіргі және болашақ кірістерге ауыртпалық салмау, ҚР заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылатын Қамтамасыз етуден құнын өндіру кезінде Банкке кедергі келтірмеу.

25) Қарыз алушы осы арқылы Шарт, БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша Қамтамасыз етуге ұсынылған мүлік Банктің кепілге алғанын қоспағанда, кепілге салынбағанына, тыйым салынбағанына және өзге жолмен ауыртпалық салынбағанына, сонымен қатар Шарт пен Қамтамасыз ету шарттарын жасау күніне оған үшінші тұлғалардың тарапынан заңдық талаптар жоқ екендігіне кепілдік береді.

26) Стандартты талаптардың 219-8 т-да қарастырылған тәртіпте электронды сандық қолтаңбаны пайдаланып жасалған шарттар бойынша клиентке жүктелген міндеттемелерді орындау.

27) Тіркеу куәліктерін қабылдау саясатында қарастырылған тәртіпте, ЭСҚ қолданылу мерзімін ұзарту.

VI-БӨЛІМ. «SMARTBANK» ҚАШЫҚТЫҚТАН БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІ

1. Жалпы ережелер

224. Әскери қызметшілерге/ арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлеріне арналған арнайы ағымдағы шоттан басқа, осы Шарт Клиенттің осы Шартқа қосылу тәртібін, сондай-ақ Клиентке «Smartbank» ҚБҚК (бұдан әрі – ҚБҚ жүйесі) жүйесінде электрондық банктік қызмет көрсету талаптарын және тәртібін анықтайды.

225. Клиентке ҚБҚ жүйесінде электрондық банктік қызмет көрсетуді беру үшін негіз, осы Бөлімге сәйкес шартқа қосылу талаптарымен ҚБҚ жүйесінде операцияларды жүргізу кезінде біржолғы парольді пайдаланумен Клиентті серпінді сәйкестендіру арқылы және Клиентті

Логин, пароль, биометриялық деректері (Touch/Face ID) бойынша сәйкестендіру болып табылады.

226. Электрондық банктік қызметтерді, оның ішінде ҚБҚ жүйесінде банктік қызмет көрсету Интернет желісі арқылы жүргізіледі:

1) ақпараттық қызметтер:

- Банктік шоттардың жай-күйі туралы ақпаратты қарау;
- Қарыздардың жай-күйі туралы ақпаратты қарау;
- берілген кезеңдегі банктік шоттар бойынша қаражаттың қозғалысы туралы ақпаратты қарау;
- қызмет жеткізушілердің ұсынған шоттарын қарау;
- жүргізілген барлық төлемдер мен аударымдар тарихын қарау;
- Банктің арнайы ұсыныстарын, хабарламаларын, жаңалықтарын қарау;
- басқа да қызметтер;

2) қаржылық қызметтер:

- келесі қызметтердің ақысын төлеу:

- ұялы байланыс операторлары;
- кабельдік теледидар;
- телефония және интернет-қызметі;
- коммуналдық кәсіпорындар;
- білім беру мекемелері;
- сақтандыру ұйымдары;
- күзет компаниялары;
- букмекерлік кеңселер;
- ойын сервистері;
- мектепке дейінгі мекемелер;
- интернет-дүкендерден тауарлар сатып алу;
- электронды әмиянды толықтыру;
- купондар мен жеңілдіктерді төлеу;
- билеттер сатып алу;
- басқа да қызметтер;

3) аударым операциялары:

- Банкте ашылған меншікті банктік шоттарының арасында;
- Банкте ашылған үшінші тұлғалардың шоттарына аударымдар;
- банкаралық аударымдар;
- халықаралық аударымдар;

4) қосымша қызметтерге қосылу:

- «Тұрақты төлем» қызметіне қосылу;
- жинақ шотын (депозит) ашу;
- ағымдағы шот (шоттар) ашу;
- анықтамалар алу;
- басқа да қызметтер.

227. Клиент пен Банктің арасындағы қарым-қатынастарда, Клиент ҚБҚ жүйесінде жемісті авторландырылған электронды түрде пайдаланылатын құжаттар қағаз тасымалдағыштағы тиісті құжаттарға тең деп танылады және осы Шарт бойынша оларға ұқсас құқықтар мен міндеттерді (ҚР нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қағаз тасымалдаушыда берілуі тиіс құжаттар мен шарттардан басқалары) тудырады.

228. Шартқа қосылған Клиент пен Банк Шартта бекітілген барлық талаптар мен міндеттемелерді қабылдайды.

229. Клиентті Шартқа қосу Банктің бөлімшелерінде ҚБҚ жүйесіне немесе ҚБҚ жүйесі арқылы тіркелу кезінде Өтінішке қол қою жолымен жүзеге асырылады. ҚБҚ жүйесіне қашықтықтан

тіркеу кезінде Шартқа қосылу келесі түрде жүргізіледі:

- біржолғы парольді тіркеуді активтендіру жолымен;
- банкоматқа ДСН кодты енгізу кезінде төлем Картасының көмегімен оны сәйкестендіру жолымен.
- ББҚ жүйесіне қосылуға келісімімен Банкте өтінішке қол қою жолымен
- биометриялық деректер мен жеке басын куәландырушы құжаттарды сәйкестендіру жолымен.

230. ҚБҚ жүйесінде Банк байланыстың электрондық арналары арқылы берілетін ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологияларды пайдаланады.

231. ҚБҚ жүйесінде Клиенттің атынан жүргізілген барлық операциялар үшін жауапкершілік пен міндеттемелер Клиентке жүктеледі: Банк ҚБҚ жүйесінде ақша аударымы немесе санкцияландырылмаған төлемді және Шотқа оларға белгілі болған қолжетімділік тәсілдерін пайдалануымен Клиенттің атынан Операцияларды үшінші тұлғалардың жүргізгені үшін жауапкершілікте болмайды.

232. Клиент Банкке Клиенттің өзі, сонымен бірге Клиенттің кінәсі бойынша не Клиенттің абайсыздығы/салақтығынан Шотқа қолжетімділік алған/иеленген үшінші тұлғалардың келтірген залалдары/шығындары үшін жауапкершілікте болады.

232-1. Клиент Банкке құжаттардың деректемелерін, жеке куәлігін қоса алғанда, оның деректемелерінің өзгергені туралы өз уақытында хабарламағаны үшін, сонымен бірге сенімсіз деректемелерді пайдаланумен ҚБҚ жүйесінде операциялар жүргізгені үшін жауапкершілікте болады.

233. Клиенттің атынан жасалған барлық Операцияларды Клиент жасады деп саналады.

234. Клиент осы арқылы компьютер және басқа құралдар, Логиндер, парольдер және өзге Клиентті сәйкестендіру құралдары Клиенттің иелігінде және пайдалануында болған деп есептелетініне, Клиенттің талап етуі бойынша (оның ішінде ҚБҚ жүйесіне, Клиенттің Шотына үшінші тұлғалардың санкцияландырылмаған қолжетімділігі туралы күдік болғанда) Банктің Шотты оқшауландырғанға дейін жасаған Операцияларына қатысты тәуекел мен жауапкершілікте болатынына сөзсіз келіседі.

2. Терминдер мен анықтамалар

1) **Активтендіру** – ҚБҚ жүйесінде қолжетімділік алу мен Клиентті тіркеу жүретін растау рәсімі,;

2) **Активтендіру паролі** – бұл Клиенттің ұялы телефонына ҚБҚ жүйесіне қолжетімділік алу мен тіркеуді растау үшін SMS түрінде Клиентке жіберілетін сандар таңбаларынан тұратын біржолғы пароль;

2-1) **Биометриялық деректер** - адамның жеке басын бірегей анықтауға мүмкіндік беретін сыртқы параметрлерінің жиынтығы;

3) **ҚБҚ** – Қашықтықтан банктік қызмет көрсету;

4) **Қолжетімді қалдық** – Клиент пен Банктің арасында жасалған шартқа сәйкес Кредиттік лимиттің қолжетімді қалдығын қоса алғандағы, Клиенттің банктік шотындағы ақшаның сомасы, сондай-ақ Овердрафт;

5) **Өтініш** – Клиенттің бұдан әрі қарай ҚБҚ Жүйесін пайдалану мақсатында, Клиенттің жасаған Шартына сәйкес, өтеусіз офертаны (ұсынысты) баяндайтын қағаз тасымалдағышта Клиенттің толтыруына арналған Банк беретін ресми жазбаша нысан (ҚБҚ жүйесіне қосылу туралы Өтініш).

6) **Сәйкестендіру** – олардың Логиніне сәйкес ҚБҚ жүйесінде енгізілген және Клиентке берілген Парольдің/биометриялық деректердің түпнұсқалығын растайтын және тексеретін рәсім;

7) **Логин** – таңбаларда бейнеленген ҚБҚ жүйесін пайдаланушылардың есептік жазуының аты;

7-1) **Мобильді қосымша** — ҚБҚ Жүйесінің бағдарламалық жасақтамасы, ол смартфондарда, планшеттерде және басқа мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған. App Store, Google Play және басқалар сияқты қосымшалардың онлайн дүкендерінен тегін жүктеледі;

- 8) **Операция** – Клиенттің Шоттағы кез келген бейнеленуге тиісті операциясы (транзакциясы), оның ішінде Картаны пайдаланумен шығыс Операциялары (қолма-қол ақшасыз төлемақы, қолма-қол ақшаны алу және т.б.), Шотқа қолма-қол ақшамен не қолма-қол ақшасыз жолмен ақшаны енгізу;
- 9) **Пароль** – ҚБҚ жүйесінде Клиентті түпнұсқаландыру үшін пайдаланылатын және Клиентке берілген Логинмен байланысты Клиентке ғана белгілі таңбалардың жалғастылығы.
- 10) **Біржолғы пароль** – Біржолғы пароль (Сеанстық пароль) – жапсырылған ДСН-конвертке салынған немесе Клиент SMS-хабарлама түрінде ұялы телефонның нөміріне алатын, серпінді сәйкестендіру жүйесінің паролі. Клиентті қосымша түпнұсқаландыру үшін және оның Операциясын растау үшін пайдаланылады;
- 11) **Алынып тасталды**;
- 12) **Қызметті жеткізуші** – пайдасына төлем жүргізілетін халыққа қызметтердің әр түрлерін ұсынатын заңды тұлға, ұйым;
- 13) **Шот** – ҚР заңнамаларының талаптарына сәйкес жасалған негізде Банктің Клиентке ашқан банктік шоты, ҚБҚ жүйесінің шеңберінде қызмет көрсетілетін банктік шот шарты;
- 14) **Банктің тарифтері** – Клиентке Банктік өнім/қызмет беруі нәтижесінде/ Клиенттің Банкке төлейтін Сыйақысының мөлшері;
- 15) **Электрондық банктік қызмет** – спутниктік байланыс жүйесі немесе өзге байланыс құралдары арқылы телебайланыс желілері бойынша Клиентке Банктің қашықтықтан беретін банктік қызметі;
- 16) **Электрондық құжат** – Шартта қарастырылған Банкке/Клиентке электронды тәсілмен берілетін және құрастырылатын ҚБҚ жүйесінде Операцияларды жасау туралы Клиенттің/Банктің өкімі.
- 17) **Liveness** – биометриялық сәйкестендіру, талдау жүргізу және бұл адам «тірі» немесе «тірі емес» деген сұраққа жауап алу үшін адамның іс-әрекеті туралы деректер алу процесі.

3. ҚБҚ Жүйесінде банктік қызметтерді көрсету талаптары

235. ҚБҚ жүйесінде Клиент Интернет арқылы жұмыс істеуі үшін келесілері болуы тиіс:

- жеке компьютері немесе Интернет желісіне қосылған басқа электрондық құрылымы;
- Интернет браузер бағдарламасы (Internet Explorer 5.0 және одан жоғары, Mozilla Firefox 1.5 және одан жоғары, Opera 9.0 және одан жоғары).

236. Клиентті ҚБҚ жүйесін пайдалану талаптарымен таныстыру қажетті анықтамалық материалды ҚБҚ жүйесінің WEB-сайтында орналастыру арқылы жүргізіледі.

237. Клиент ҚБҚ жүйесі арқылы тиісті тізімдемелер бойынша банктік операцияларды жүргізуі мүмкін. Бұл ретте, Банк Клиентті ҚБҚ жүйесінде Клиентке берілетін қолданыстағы қызметтердің тізімі және Банктің қолданыстағы Тарифтері туралы хабарлау Банктің ресми Интернет-сайтында eubank.kz және ҚБҚ жүйесінде ақпаратты орналастыру жолымен жүргізіледі.

238. ҚБҚ жүйесі Клиент үшін тәулік бойы қолжетімді; Төлемдер мен банкішілік аударымдар (айырбастаусыз) 24/7 режимінде жұмыс істейді. Ақша айырбастау, банкаралық және халықаралық аударымдар Банктің жұмыс уақытында жүргізіледі.

239. ҚБҚ жүйесі Интернет желісінде мына мекенжайда орналасқан: www.smartbank.kz 239-1. App Store, Google Play сияқты қосымшалардың онлайн дүкендеріндегі ҚБҚ Жүйесінің мобильді нұсқасы.

240. ҚБҚ жүйесінде Клиентке қолжетімділік беру мен тіркеу келесідей жүргізіледі:

- Банктің бөлімшелері арқылы;
- ҚБҚ жүйесінің сайты/ҚБҚ жүйесінің мобильді қосымшасы арқылы;
- Банкомат арқылы.

241. Банк бөлімшесі арқылы Клиентті ҚБҚ жүйесінде тіркеу және қолжетімділік беру Клиенттің Банк бөлімшесіне келуі арқылы жүргізіледі. Банктің уәкілетті қызметкері Клиент қол қойған Өтінішті алған соң Клиентті ҚБҚ жүйесінде тіркейді, сондай-ақ ҚБҚ жүйесіне кіру үшін Логин береді.

ҚБҚ жүйесіне кіру үшін Пароль Клиенттің Өтінішіне сәйкес SMS-хабарлама түрінде Өтініште көрсетілген ұялы телефон нөміріне немесе Банктің банкоматы арқылы беріледі. Банк бөлімшесі арқылы тіркелген кезде Клиентке ҚБҚ жүйесінде операцияларды авторландыру үшін Біржолғы парольдерді алу тәсілдерінің бірі белгіленеді:

- SMS-хабарлама түрінде;

- Банкомат арқылы чек түрінде басып шығарылатын 20 біржолғы парольден тұратын біржолғы парольдер жиынтығы.

242. ҚБҚ Жүйесінің сайты арқылы қолжетімділікті беру мен тіркеу Банк шығарған, немесе ашылған банктік шоттары бар, немесе қолданыста БҚК –ы бар, сондай-ақ Банк қызметін пайдаланғысы келетіндерге негізгі Төлем Карталарын ұстаушы – Клиенттер үшін ғана рұқсат етіледі және Клиент ҚБҚ жүйесінің сайтында қашықтықтан жүргізеді. ҚБҚ жүйесінің сайтында тіркелген Клиент осы Стандартты талаптарға автоматты түрде қосылды деп есептеледі, Клиент бұл туралы сөзсіз хабарландырылған және сөзсіз келіседі.

243. ҚБҚ Жүйесі сайты арқылы тіркелген кезде, Клиент «Тіркеу» бөлімінде келесі ақпаратты көрсетіп, ретімен тіркеу рәсімін орындайды:

Карта нөмірі (алғашқы 6 сан және соңғы 4 сан)/банктік шот нөмірі/БҚК нөмірі;

Клиенттің ЖСН нөмірі;

мобильді телефон нөмірі

Тіркеу активтендіру паролімен тіркеу нысанында расталады. Активтендіру паролі Клиентке тіркеу кезінде көрсетілген ұялы байланыс телефон нөміріне SMS-хабарлама түрінде ұсынылады.

ҚБҚ жүйесіне кіру үшін Логин мен Пароль Клиентке көрсетілген ұялы байланыс телефон нөміріне SMS-хабарлама түрінде ұсынылады.

ҚБҚ жүйесінің сайты арқылы тіркелген кезде Біржолғы парольдерді алу тәсілі автоматты түрде SMS-хабарлама түрінде орнатылады.

243-1.Пайдаланушылардың ҚБҚ Жүйесінің мобильді қосымшасы арқылы тіркелуі қосымшалардың онлайн дүкендеріндегі қосымшаны мобильді құрылғыға өз бетінше орнатқаннан кейін жүзеге асырылады.

Мобильді қосымша және оның мазмұны кәмелетке толмағандарға (18 жасқа толмаған адамдарға) арналмаған және Банктің банктік өнімдерімен рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, Банк кәмелетке толмағандарға қызмет көрсетпейді. Банкте сайтқа кіретін немесе Мобильді қосымшаны пайдаланатын тұлғалардың жасын анықтау тәсілдері жоқ. Егер кәмелетке толмаған бала Банкке ата-анасының немесе қамқоршыларының келісімінсіз жеке ақпарат берсе немесе ата-анасының немесе қамқоршысының пікірі бойынша кәмелетке толмағандарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін олардың келісімінсіз іс-әрекеттер жүзеге асырылса, ата-анасы немесе қорғаншысы тиісті өтінішпен Банк бөлімшесіне жүгінуге құқылы.

Клиент «Тіркеу» бөлімінде мынадай ақпаратты көрсете отырып, қадамдық тіркеу рәсімінен өтеді:• мобильді телефон нөмірі (ол кейіннен пайдаланушының бірегей идентификаторы (сәйкестендірушісі) болады);

• өнім бойынша деректер (карта нөмірі/ағымдағы немесе жинақ шот нөмірі/БҚК нөмірі)

• ЖСН;

немесе

• мобильді телефон нөмірі;

• жеке басын куәландырушы құжаттың деректері (құжатты сканирлеу);

• биометриялық сәйкестендіруді жүргізу (liveness).

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға жәе өңдеуге келісімін беру.

Пароль орнатуды Клиент өздігінен жүргізеді.

Мобильді қосымша арқылы тіркелген кезде Біржолғы парольдерді алу тәсілі SMS-хабарлама /PUSH-хабарлама арқылы автоматты түрде орнатылады.

244. Банктің банкоматы арқылы қолжетімділікті беру және тіркеу тек Банк шығарған, негізгі

төлем Карталарын ұстаушы – Клиенттер үшін ғана рұқсат етіледі.

245. Банктің банкоматы арқылы қолжетімділікті беру және тіркеуді Клиент банкомат арқылы қашықтықтан жүргізеді:

- Клиент банкоматқа келеді, Картаны енгізеді, ДСН-кодты растайды;
- банкомат мәзірінде «Smartbank-қа тіркеу» сервисін таңдайды, «Келісемін» түймесін басып, осы Шарттың талаптарымен өзінің келісімін растайды;
- Логин мен Парольді көрсетумен тіркеуді растау ретінде чек басылып шығарылады.

246. Банкомат арқылы тіркелген кезде Біржолғы парольдерді алу тәсілі автоматты түрде SMS-хабарлама арқылы белгіленеді. ҚБҚ Жүйесінде операцияларды авторландырудың қосымша тәсілі Банкомат арқылы чек түрінде басып шығарылатын 20 біржолғы парольден тұратын біржолғы парольдер жиынтығы болып табылады.

4. ҚБҚ Жүйесінде операциялар жүргізу тәртібі

247. ҚБҚ жүйесі арқылы шоттар бойынша Операциялар Клиенттің банктік шотында қалған ақшаның шегінде және Кредиттік лимиттің бекітілген немесе рұқсат етілген овердрафт лимиті сомасында бар болуында, Банктің Тарифтеріне сәйкес осы Операциялар бойынша комиссиялық Сыйақы сомасының есебімен жүргізіледі.

248. Клиент ҚБҚ Жүйесінде операцияларды жүргізу үшін:

- қызметті таңдайды (ҚБҚ Жүйесінде көрсетілген тізімдемелерден);
- таңдаған Операцияның түріне байланысты қажетті параметрлерді енгізеді;
- Біржолғы парольді енгізумен Операцияны растайды;
- Электрондық құжатты орындауға Банкке жібереді;

249. ҚБҚ Жүйесінде автоматты режимде Біржолғы парольдің түпнұсқалығына және құжаттардың деректерінің түзулігіне тексеру жүргізіледі. ҚБҚ Жүйесінде тексеру өткен құжатқа «Қабылданды» мәртебесі беріледі.

250. «Қабылданды» мәртебесі бар құжат автоматты режимде БҚК Жүйесінде банктік жүйеге орындалуға жіберіледі, одан соң құжаттарға ҚБҚ Жүйесінде «Орындауға» мәртебесі беріледі.

251. Электрондық құжаттарды орындау Банктің ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

252. Банк Клиентке ҚБҚ Жүйесінде Электрондық банктік қызметтерді берген кезде, Клиентке Электрондық банктік қызметтерді ұсынудың негізінде жіберу туралы немесе Электрондық құжаттарды алу туралы растау қалады. Клиенттің сұрауы бойынша Банк Электрондық құжаттарды алу немесе жіберу туралы растау береді.

253. Электрондық құжаттардың мәртебесі ҚБҚ Жүйесінде орындау нәтижесімен (бас тартқан жағдайда себепін сипаттаумен) автоматты түрде бейнеленеді.

254. Алынып тасталды.

255. Клиенттен алынған Электрондық құжаттар автоматты режимде өңделеді.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

256. **Банктің міндеттері:**

1) ҚБҚ жүйесінде Клиентті тіркеу барысында Клиентке ҚБҚ (ДБО) жүйесіне кіру үшін Логин мен Парольді немесе Логин мен Парольді өздігінен көрсету мүмкіндігін беру;

2) Клиент Банк бөлімшесі арқылы көзбе-көз тіркеу кезінде Біржолғы парольдерді алудың осы тәсілін таңдаған жағдайда Клиент ҚБҚ Жүйесінде операциялар жүргізуі үшін Клиентке Банк желісінің банкоматында Біржолғы парольдер жиынтығын беру.

3) ҚБҚ Жүйесінің сайты арқылы немесе Банк банкоматы арқылы қашықтан тіркеуді немесе Клиент Бір рет пайдалануға жарамды парольдерді Банк бөлімшесі арқылы көзбе-көз тіркеу кезінде алу тәсілін таңдаған жағдайда ҚБҚ Жүйесінде операцияларды жүргізуге арналған Бір рет пайдалануға жарамды парольдерді SMSхабарлама/PUSH-хабарлама арқылы жеткізуге Клиентті қосу;

4) Біржолғы парольдерді жіберу үшін SMS-хабарламаларды/PUSH-хабарламаларды пайдаланған жағдайда, Клиент Біржолғы парольдің қорғалмаған арна арқылы берілетінін түсінеді, Біржолғы парольдерді пайдалану қауіпсіздігі Клиенттің ағымдағы сеанста Біржолғы

парольдерді жасауы, олардың шектеулі уақыт қолданылуының, Біржолғы парольді тек қана ағымдағы сессия мен Клиенттің ағымдағы электрондық құжаты үшін ғана пайдалану мүмкіндігі есебінен жүзеге асырылады.

- 5) Клиентті ҚБҚ жүйесінің пайдаланушысы ретінде 1 (бір) банктік күн ішінде тіркеу;
- 6) Банк жағында ҚБҚ жүйесіне қосылуды үзетін немесе оның қызметтерін пайдалануға кедергі келтіретін техникалық жұмыстардың жүргізілуі жайлы Клиентке хабарлау;
- 7) Клиент пен Банк арасында жасалған осы Шарттың және өзге келісімдердің талаптарын және ҚР заңнамасының талаптарын орындаған жағдайда Клиенттің Электрондық құжаттарын орындау;
- 8) Электрондық құжаттарды Клиенттің құжаттары мен ақпараттарды есепке алу электрондық журналында тіркеу;
- 9) Банк тарифтерінің өзгертілуі жайлы ақпаратты күшіне ену күніне 14 күнтізбелік күн бұрын ҚБҚ жүйесінде және Банктің ресми сайтында орналастыру арқылы хабарлау;
- 10) Электрондық құжаттарды 3 (үш) жыл ішінде сақтау;
- 11) Клиенттің шоттарына рұқсат етілмеген қосылу қауіпі күдігі туындаған жағдайда Клиентке Электрондық құжаттарды қабылдау мен өндеуді тоқтатқандығы жайлы хабарлау;

257. Банктің құқықтары:

1) Келесі жағдайларда Клиентке хабарламай ҚБҚ жүйесіне қосылуды уақытша немесе толығымен тоқтатуға және/немесе ҚБҚ жүйесі арқылы банктік қызметтерді көрсетуді оқшаулауға құқылы:

- егер Банктің пікірі бойынша осы шара жүйе қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажеттілігі;
- Клиент ҚР заңнамасын, осы Шарттың талаптарын бұзған немесе ҚР заңнамасы немесе Шарт бұзылғаны жайлы күдіктің туындауы.

2) Клиенттің байланыс арналарында бөгеуілдер салдарынан зақымданған Электрондық құжаттарын қабылдамау;

3) Клиенттің шоттарына рұқсат етілмеген қосылу қауіпі күдігі туындаған жағдайда, рұқсат етілмеген қосылуға байланысты барлық мән-жайларды анықтағанша, Клиенттің Электрондық құжаттарын қабылдау мен өндеуді тоқтату;

4) Клиенттен жүргізіліп жатқан Операциясының ҚР заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында оған қатысты қосымша ақпарат пен құжаттарды сұрату;

5) ҚБҚ жүйесінде Клиент операцияларына шектеу қоюға құқылы.

6) клиенттің ақшасымен және (немесе) өзге мүліктерімен жүргізілетін операциялары Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес заңсыз жолмен алған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты деп пайымдауға Банктің негіздемесі болған жағдайда осы Шартты орындаудан (операция жүргізуден бас тартуға) біржақты тәртіпте бас тарту. Бұл ретте Банк Шартты бұзу күнінен кемінде бір ай бұрын Клиентке алдын ала хабарлаумен Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.

258. Клиенттің міндеттері:

1) Логин бен Парольді бөтен тұлғалар қол жеткізе алмайтын сенімді жерде сақтау;

2) Алынып тасталды.

3) ҚБҚ жүйесі арқылы табысталған ақпараттың құпиялылығы үшін жауапкершілікті алу;

4) Келесі жағдайларда ҚБҚ жүйесіне рұқсат етілмеген қосылу қауіпі туындауы жайлы Банкке дереу және кез келген қол жетімді тәсілдерімен хабарлау:

- ҚБҚ жүйесіне Қосылу паролі кездейсоқ әйгілі болуы (компроментация) не сондай күдік туындауы;

- Бір рет пайдалануға жарамды парольдер жоғалуы немесе олар кездейсоқ әйгілі болуы (компроментация).

5) Банкке тиесілі Банк тарифтері мен осы Шартпен қарастырылған сомалардың барлығын төлеуге;

6) Ұялы телефон нөмірі өзгерген жағдайда Банкке бөлімшеге жазбаша түрде өтінішті беру арқылы немесе сәйкестендіру шартымен ДСН-кодын теріп, төлем Картасы бойынша банкомат арқылы қашықтан дереу хабарлауға;

7) ҚБҚ жүйесіне қосылу парольдері мен өзге сәйкестендіргіштерді (Логин, Бір рет пайдалануға жарамды парольдер және т.б.) тек Шарттың осы тармағында немесе ҚБҚ Жүйесінің мобильді қосымшасында көрсетілген жүйе мекенжайы бойынша пайдалану (жария қылу).

259. Клиенттің құқықтары:

1) Қауіпсіздікті арттыру үшін ҚБҚ Жүйесіне кіру Паролін өздігінен өзгерту.

2) ҚБҚ жүйесінің талабы бойынша Парольді өздігінен өзгерту;

3) Банктен Клиентке қажетті ҚБҚ жүйесі арқылы Банкке жолданған Электронды құжаттардың Банк мөрімен расталған көшірмелерін беруді талап ету.

4) ҚБҚ Жүйесінде операцияларды авторландыру үшін Біржолғы парольдерді алу тәсілін өзгерту.

6. Тараптардың жауапкершілігі

260. ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ақпарат жариялануы тиіс болған жағдайлардан басқа жағдайларда Тараптарға осы Шарттың жасалуына және орындалуына қатысты ақпаратты үшінші тұлғаларға жария қылу үшін жауапкершілік жүктеледі.

261. Банкке Клиент Электронды құжаттарды дұрыс ресімдеуіне және Банкке Электронды құжаттарды тапсыру мүмкіндігінің жоқтығын туғызатын байланыс желілері мен Интернет желілері жұмысындағы бөгеуілдер мен олқылықтарына жауапкершілік жүктелмейді.

262. Банк осы Шарт талаптарын орындамаған жағдайда Клиент шоттарына рұқсат етілмеген қосылудың орын алуы үшін жауапкершілік жүктелмейді.

263. Клиент Біржолғы парольдерді алу үшін SMS-хабарламаларды/PUSH-хабарламаларды пайдалану барысында кілт қауіпті арна арқылы табысталаатынын түсінеді, ал Біржолғы парольдерді пайдалану қауіпсіздігі Клиент тарапынан Біржолғы парольдерді жасау арқылы, сонымен қатар тек ағымдағы сеанс және тек Клиенттің ағымдағы электрондық құжаты үшін Біржолғы парольдерді пайдалану мүмкіндігі есебінен жүзеге асырылады;

264. Банк Шарттың осы тармағы бойынша міндеттемелерді орындалу мүмкіндігінің жоқтығына себепкер болатын қызмет жеткізушілерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан Клиент алдындағы міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті емес орындауы үшін жауапкершіліктен босатылады.

VI-І-БӨЛІМ. USSD-БАНКИНГ ҚЫЗМЕТТЕРІ

1. Терминдер мен анықтамалар

264-1. «USSD-банкинг» қызметі – Smartbank жүйесінің тіркелген пайдаланушыларына USSD-сұратулар арқылы мобильді құрылығның көмегімен қашықтықтан банктік қызмет көрсету мүмкіндігі.

2. Жалпы ереже

264-2. Осы бөлімге сәйкес Шартқа қосылу талабымен Клиенттің ақпаратты алуға ұялы құрылғыда қойылған тәсілімдемені теру арқылы Банк мекенжайына команда жолдау Клиентке «USSD-банкинг» қызметін қосуға негіздеме болып табылады.

264-3. Банктің Клиентке ұсынатын «USSD-банкинг» қызметі аясындағы қолжетімділік мүмкіндігі мен шарттары, операцияларды, қызметтерді теру және олардың көлемін Банк дербес белгілейді.

264-4. «USSD-банкинг» қызметін іске қосу мезеті Клиенттің осы Шарттың талаптарын қабылдағаны болып есептеледі.

264-5. «USSD-банкинг» қызметін ұсыну кезінде Банк берілетін ақпараттардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологиялар қолданады.

264-6. Клиент осы арқылы «USSD-банкинг» қызметіне қолжетімділік беретін ұялы құрылғы мен өзге құралдар Клиенттің иелігіндегі, пайдаланылатын және қарамағында екендігімен, «USSD-банкинг» қызметі арқылы берілетін кез келген ақпаратқа қатысты қауіпті және жауапкершілік жүктейтінімен сөзсіз келіседі.

3. Қызметтерді көрсету талаптары

264-7. «USSD-банкинг» қызметіне қолжетімділік клиенттің ұялы құрылғыдан *979# (шақыру қызметі) командасын теру арқылы Клиентке тегін көрсетіледі.

264-8. «USSD-банкинг» қызметінің көмегімен банктік шоттардың (карточкалық, ағымдағы, депозиттік) жай-күйі, берешектің қалдығы туралы ақпаратты алуға және Клиенттің кредиттері бойынша толығырақ ақпаратты, нақты валюта бағамдарын, өзінің банктік шоттарынан транзакциялық операцияларды жүзеге асыруға болады. Қызмет мәзіріне қолжетімділік «*979#» USSD-сұратудың көмегімен жүзеге асырылады («Kcell», «Beeline», «TELE2», «Altel» ұялы байланыс абоненттері үшін).

264-9. Ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау үшін Клиентке мобильді құрылғыны үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады. «USSD-банкинг» қызметіне қосылу жүзеге асырылған мобильді құрылғы жоғалған жағдайда, қызметке қолжетімділікті оқшаулау үшін Клиент дереу телефон арқылы Карта ұстаушыларға қолдау көрсету қызметіне осы жайлы хабарлау қажет.

Карта ұстаушыларға қолдау көрсету қызметіне қоңырау шалып «USSD-банкинг» қызметіне қолжетімділікті оқшаулаудан алуға болады.

264-10. «USSD-банкинг» қызметіне аталған қызмет іске қосылған мобильді құрылғыдан тәулігіне 24 сағат (профилактикалық, регламенттік және жөндеу жұмыстарын жүргізу уақытын қоспағанда күнделікті, үзіліссіз) қолжетімді.

264-11. «USSD-банкинг» қызметін көрсету кезінде профилактикалық және регламенттік жұмыстарды орындау мақсатында болатын техникалық үзілістер Банктің ресми сайтында тиісті ақпаратты жариялау арқылы Клиентке алдын ала хабарлаумен жүргізіледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

264-12. Банктің құқықтары:

1) Шартпен белгіленген тәртіпте «USSD-банкинг» қызметінің мәзірінде ұсынылатын операцияларды, қызметтер мен функцияларын теруді және көлемін, сондай-ақ «USSD-банкинг» қызметтерін көрсету тәртібін және жекеленген операцияларға ақы төлеу тәртібін, олардың сипаты мен тәсілін кез келген мезетте және өз қалауымен өзгерту, оның ішінде Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

2) Клиент жасаған барлық операциялар туралы ақпаратты сақтау;

3) Келесі жағдайларда Клиентке алдын ала хабарламастан «USSD-банкинг» қызметіне қолжетімділікті тоқтата тұру (оқшаулау):

– Клиенттің осы Шарт талаптарын бұзуы – орын алған бұзушылық жойылғанға дейінгі мерзімге;

– «USSD-банкинг» қызметін Клиент қолданбайды деп болжауға негіз беретін жайттар болғанда – осы жайттар анықталған мерзімге;

– «USSD-банкинг» қызметін көрсету кезінде техникалық жарамсыздықтар туындауы – олар жойылғанша;

4) «USSD-банкинг» қызметін көрсетуге жұмылдырылған бағдарламалық-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары мен параметрлерін жоспарлы немесе жоспардан тыс өзгерту, оның ішінде аталған қызметті 72 сағаттан аспайтын мерзімге уақытша тоқтата тұрумен.

264-13. Банктің міндеттері:

1) Клиентке «USSD-банкинг» қызметін осы Шартқа сәйкес сапалы және уақтылы көрсету;

2) Ақпараттарды беру аталған операцияны орындаудың міндетті талабы немесе осындай ақпаратты беру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес міндетті болып табылатын жағдайларды қоспағанда «USSD-банкинг» қызметі арқылы операцияларды орындау және қызметтерді басқару кезінде Клиент беретін жеке сипаттағы ақпараттардың құпиялылығын сақтау;

3) «USSD-банкинг» қызметін көрсету талаптарындағы өзгертулер туралы Клиентке олар бекітілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей хабарлау.

264-14. Клиенттің құқықтары:

1) «USSD-банкинг» қызметі арқылы өз шоттары және валюта бағамдары бойынша ақпараттар алу;

2) «USSD-банкинг» қызмет мәзірінде ұсынылатын транзакциялық операциялар жүргізу;

264-15. Клиенттің міндеттері:

- 1) осы Шарттың талаптарымен танысу және орындау;
- 2) ұялы құрылғыға қолжетімділікті PIN-құпия сөзі арқылы немесе ол жабдықталған биометрикалық датчиктер арқылы оқшаулауды қосқанда, «USSD-банкинг» қызметін қолдану кезінде қажетті қауіпсіздік шараларын сақтау;
- 3) «USSD-банкинг» қызметін қолдану үшін қажетті өз деректемелеріндегі өзгерістер туралы Банкке хабарлау;
- 4) мобильді құрылғы жоғалған жағдайда бұл туралы телефонмен Карта ұстаушыларға қолдау көрсету қызметіне дереу хабарлау және «USSD-банкинг» қызметін оқшаулау;
- 5) құралдың экранына шыққан ақпаратты мұқият оқу, ұсынылатын нұсқалар ішінен өз мақсаттарына сәйкесін таңдау және и енгізілетін ақпараттың дұрыстығын мұқият тексеру;
- 6) Интернеттегі сайттан (www.eubank.kz) немесе Банктің үй-жайларынан осы бөлімнің өзгерістері (толықтырулары) туралы ақпараттың бар-жоғын тексеру, осындай ақпарат болған жағдайда – оны мұқият оқу.

5. Тараптардың жауапкершіліктері

264-16. Банктің бақылауынан тыс салада, оның ішінде мобильді операторлардың жұмысындағы іркілістер, жеделділіктің жеткіліксіздігі себептері бойынша туындаған кикілжің жағдайлар үшін Банк жауапкершілікте болмайды.

264-17. «USSD-банкинг» қызметін көрсету бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті түрде орындамау техногенді сипаттағы, атап айтқанда: «USSD-банкинг» қызметінің жұмыс жасауы үшін қолданылатын күш беруші электрлік немесе компьютерлік желілердегі немесе өзге электр байланыс жүйелеріндегі апаттар (жұмыстағы іркілістер) салдарынан, сондай-ақ «USSD-банкинг» қызметінің жұмыс жасауын бұзуға бағытталған үшінші тұлғалардың заңға қарсы қасақана әрекеттерінің нәтижесінен болса, Банк жауапкершіліктен толықтай босатылады.

264-18. Клиент ақпаратының толық немесе ішінара жоғалту Клиенттің өзінің әдейі немесе байқаусыз әрекеттерінен орын алса, Банк жауапкершіліктен босатылады. «USSD-банкинг» қызметі қолданылатын құралдағы зиянды бағдарламалардың жұмыстары нәтижесінде Клиенттің құпия ақпаратының ұрланғаны, бүлінгені немесе жоғалғаны үшін және осының салдарлары үшін Банк жауапкершілікте болмайды.

264-19 Клиент «USSD-банкинг» қызметінің көмегімен жасалған барлық операциялар үшін, осы деректердің сақталуы мен құпиялылығының қамтамасыздығына, осындай ақпараттың сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету бойынша талаптардың сақталмауы нәтижесінде туындауы мүмкін шығындар мен басқа салдарлар үшін жауапкершілікте болады.

264-20. Клиент ұялы телефондарды жойылу, ұрлату, жоғалту және жоғалтудың өзге жағдайлары немесе оларды үшінші тұлғаларға берудің нәтижесінде Клиент операциялары туралы ақпараттың ашылу салдары үшін жауапкершілікте болады.

VII-БӨЛІМ. СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАР ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗГЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1-тарау. Банктің құқықтары мен міндеттері

265. Банктің құқықтары:

1) Стандартты талаптарды Клиент үшін жақсару жағына қарай біржақты тәртіпте өзгерту; Банк осындай түзетулердің енгізілуі жайлы Клиентке хабарлауға міндетті, сонымен қатар Клиент түзетулермен келіспеген жағдайда ол жазбаша түрде сол жайлы Банкке хабарлауы тиіс; бөлшек кредит беру бойынша Клиент Банк ұсынған жақсартатын талаптардан бас тарта алады, бұл ретте ол Банк хабарламаны алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде Банкке хабарлауы тиіс. Бұл заңнамаға қайшы келмеген және Клиент Банк алдындағы барлық міндеттемелерді орындаған жағдайда Клиент Шартты бұзуға құқылы;

- 2) ҚР заңнамасына және осы Стандартты талаптарда қарастырылған жағдайларда Клиенттің Шот бойынша операциялар жасауына қарсы болу;
 - 3) Клиенттің Шотқа орындалмаған талаптары болған кезде Клиенттің Шотын жабуға нұсқауын, Клиенттің Шотында бұл нұсқауды орындауға ақша сомасы жеткіліксіз болған жағдайда Клиенттің нұсқауын қабылдаудан бас тарту;
 - 4) Клиенттен Кредиттік досье қалыптастыру үшін қажетті құжаттарды талап ету, сондай-ақ Клиенттен Шарттың/БҚК қолданылуының барлық мерзімінің ішінде кез келген уақытта Банк қажетті деп санаған құжаттамалар мен ақпараттарды сұрау.
 - 5) Осы Стандартты талаптарда қарастырылғаннан басқа ҚР заңнамасына сәйкес Клиент Шоты бойынша жүргізілетін операцияларға қатысты банктік құпияны сақтауға және ақпарат құпиялылығын қамтамасыз ету.
 - 6) Клиенттің банктік шотында ақша болған жағдайда Клиенттің Стандартты талаптарға қосылу кезінде білдірілген келісімін ескере отырып, Берешекті өтеу үшін шотты тікелей дебеттеу.
 - 7) Клиенттен Өтініш, Стандартты талаптармен және/немесе Тарифтермен қарастырылған Қарызды/Кредитті пайдалану үшін Сыйақыны, төлемді, комиссияны, өсімпұлды, сонымен қатар өзге де төлемдерді өндіріп алу; кез келген уақытта Клиенттен Клиентке шот/талапты ұсыну арқылы пайда болған Берешекті/Мерзімі өткен берешекті өтеуі талап ету;
 - 8) қызмет көрсету сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін Клиенттің Төлем карталарын ұстаушыларды қолдау қызметіне немесе Банктің басқа бөлімшелеріне хабарласқан кезінде онымен телефонмен сөйлесудің жазбасын жүргізу, сондай-ақ жазбаны осындай жүгіну фактісін дәлелдеу ретінде пайдалану;
 - 9) мерзімі кешіктірілген Берешек туындаған әрбір жағдайда, Өтініште нөмірлері көрсетілген телефондар бойынша Клиентке хабарлау;
 - 10) Стандартты талаптар шеңберінде Шартта және өзге құжаттарда, сонымен қатар ҚР заңнамасында бекітілген барлық басқа құқықтарды пайдалануға құқылы.
 - 11) Берешекті сотқа дейінгі өндіруге және коллекторлық агенттіктің реттеуіне беру; Қарыз алушы Банктік қарыз шарты/Кредит лимитін беру туралы Банктік қарыз шарты/Кредиттік лимит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін кешіктіруге жол берген кезде Шарт бойынша құқықты (талапты) ҚР заңнамасында көзделген тұлғаларға беру.
266. Банк төмендегі жағдайлардың қайсыбірі орын алған жағдайда Банктік қарыз шарты/Кредиттік лимит беру туралы шарты (бұдан әрі бірге және жекелей «Кредит шарт» деп аталатын) бойынша барлық немесе қайсыбір міндеттеменің тоқтатылуы жайлы біржақты тәртіпте мәлімдеуге және/немесе Клиент Берешектерінің барлық сомаларын мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы:
- 1) Клиент тарапынан Кредит шартында қарастырылған валютамен және тәсілмен төлем күніне Кредит шарты талаптарының кез келген себеп бойынша орындалмауы;
 - 2) Клиент немесе байланыстырылған тұлға (Қосарлас қарыз алушы, Кепіл беруші, Қосымша карта ұстаушысы және т.б.) қолданылатын заңнамалық нормаларды немесе Кредит шарт талаптарының қайсыбірін немесе онымен байланыстырылған құжаттарды бұзуы немесе орындамауы;
 - 3) Банкте Клиентпен немесе байланыстырылған тұлғамен осы Стандартты талаптарына, Кредит шартқа сәйкес берілген өтініштердің немесе кепілдіктердің қайсыбірі немесе Шартқа қатысты ақпарат аясында және/немесе құжаттарда көрсетілген деректері күмәнді, толымсыз болуына немесе заңдық күшін жоғалтқанына негіздің бар болуы;
 - 4) Клиенттің толығымен немесе ішінара іс-әрекетке қабілеттілігін жоғалтуы;
 - 5) Клиент немесе байланыстырылған тұлғаның Банк пікірі бойынша талап сомасы Клиент тарапынан Кредит шарт бойынша қаржылық міндеттемелердің толығымен және уақытылы орындалуына қауіпі бар немесе қауіпті болуы мүмкін сот процесіне қатысуы;
 - 6) Егер Клиенттің немесе байланыстырылған тұлғаның қайсыбір Берешегінің уақытылы өтелмеуі немесе Берешекті мерзімінен бұрын өтеуді талап ету қажеттілігінің бар болуы;
 - 7) Клиент немесе байланыстырылған тұлға меншігінің барлығының немесе қомақты бөлігінің бағасының түсуі, зақымдануы, тәркіленуі немесе Банк пікірі бойынша осындай

жағдайлардың орын алу мүмкіндігінің бар болуы;

8) Келесідей жағдайлар орын алған жағдайда:

а) Клиент ҚР сыртқары жерге тұрақты тұрғылықты тұру үшін көшуі;

б) Клиенттің отбасы жағдайының өзгеруі;

в) Клиент иелігіндегі жұбайлардың кез келген бірлескен меншігінің бөлінуі;

г) Мүлік тұтастай немесе ішінара Клиент қадағалауында болуы;

д) Клиент мүлкіне немесе оның бөлігіне тыйым салынуы (немесе тыйым салу нақты қауіпінің төнуі) және таяудағы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде тыйымның алынуының болжалмауы;

е) Клиент меншігін толығымен немесе қомақты бөлігін үшінші тұлғаның немесе мемлекеттің сатып алуы, одан айырылуы, оның экспортталуы немесе мемлекет меншігіне айналдыру;

9) Клиент қандай да бір себепке қарамастан Кредит шарт бойынша міндеттемелерін орындай және өз құқықтарын пайдалана алмауы;

10) Уақыттың кез келген сәтінде Кредит шарты бойынша қандай болса да немесе барлық міндеттемелерінің орындалуы заңға қайшы немесе заңсыз, жарамсыз, орындалуға міндетті емес болуы және атқарыла алынбауы;

11) Клиент немесе байланыстырылған тарап одан алынуға тиесілі сомаларды өтеуге қатысты құзырлы сот органының шешімін орындамауы;

12) Банк Клиенттің Кредит шарт бойынша өзінің міндеттемелерін толығымен және уақытылы орындауына қатысты нақты қауіп бар деп ойлауы;

13) Клиент шектеусіз барлық Кредит шарттарды қосқанда, осы Шартқа қол қойғанға дейін немесе қол қойғаннан кейін жасалған өзге Шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамауы;

14) Қарыз/Кредит желісі/ овердрафт берілген мерзім аяғына дейін Клиент пен оның жұмыс берушісі арасындағы еңбек қарым-қатынастары аяқталуы;

15) Клиентке Клиент табысына Банктің негізгі/қомақты үлесін құрайтын қызметтерді көрсету қарым-қатынастарының тоқтатылуы.

267. Кез келген Бұзушылық орын алған жағдайда Банк Клиенттен қосымша келісімін алмай оған 1 (бір) жұмыс күн бұрын хабарлап, Банк мүдделерін қорғауға жеткілікті және қажет кез келген әрекеттерді (өз бетінше, сот тәртібінде немесе соттан тыс тәртіпте) қолдануға және Клиент өтеуі тиіс Берешектің толық сомасын алуға, Банктің мұндай құқығы БҚК/Өтініш (Кредиттік өтінім) талаптарында көрсетілген жағдайда құқылы (2021 ж. 01 қазанға дейін қолданылады).

Егер қандай да бір Бұзушылық, сондай-ақ Қарыз алушының осы Шарттың 221, 222-тармақтарында көзделген құқықтарды іске асырмауы орын алса, не Қарыз алушы мен Банктің арасында БҚШ/Өтініштің (Кредиттік өтінімнің) талаптарын өзгерту бойынша келісімнің болмаса, Банк келесілерге құқылы:

1) Қарыз алушыға қатысты ҚР заңнамасына сәйкес шаралар қолдану туралы мәселені қарастыру;

2) берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге БҚШ/Өтініште (кредиттік өтінімде) қарыз алушы банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіруге жол берген кезде Банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) коллекторлық агенттікті тартуға құқығы болған кезде рұқсат етіледі.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) БҚШ/Өтініште (кредиттік өтінімде) қарастырылған шараларды қолдану, оның ішінде БҚШ/Өтініш (кредиттік өтінім) бойынша борыштың сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгіну, сондай-ақ «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүліктен соттан тыс тәртіпте, не сот тәртібімен күн өндіріп алу (2021 ж. 01 қазаннан бастап қолданыстыққа енгізіледі).

268. Банк бұзушылық орын алуына байланысты келтірілген кез келген және барлық шығыстарды Клиент есебіне жатқызуға құқылы.

269. Кредит шарты әрекет етуін Кредит шартымен және/немесе қолданылатын заңнамалық нормалармен қарастырылған тәртіпте және талаптарда тоқтатылады.

270. Банктің міндеттері:

- 1) Клиентке міндеттемелерді орындаудың мерзімі кешіктірілгені және төлемдерді төлеу және Шарт бойынша өзге міндеттемелерді орындау қажеттілігі жайлы хабарлауға;
- 2) «Жеке және заңды тұлғалардың жүгінулерін қарастыру тәртібі туралы» ҚР заңымен бекітілген мерзім ішінде Клиенттің жазбаша өтінішін қарастырып оған жазбаша жауап дайындау;
- 3) Клиентке Шот бойынша, Тарифтерде белгіленген Сыйақы үшін жазбаша сұрату алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде үзінді-көшірме беру;
- 4) Шартқа және өзге құжаттарға, сонымен қатар ҚР заңнамасына сәйкес алынған барлық өзге міндеттемелерді орындауға міндетті.

2 - тарау. Клиенттің құқықтары мен міндеттері**271. Клиенттің құқықтары:**

- 1) Көрсетілетін қызметтерге қатысты даулы мәселелер туындаған жағдайда Банкке жазбаша хабарласуға және 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың жүгінулерін қарастыру тәртібі туралы» ҚР заңымен бекітілген мерзімде жауап алу;
- 2) Шоттағы ақшаға өз қалауынша иелік ету, шот бойынша үзінді-көшірме алу, ҚР заңнамасына, Банк ІНҚ-қа мен Шартқа сәйкес Шотты жабу;
- 3) Стандартты талаптар шеңберінде Шартта және өзге құжаттарда, сонымен қатар ҚР заңнамасында бекітілген барлық басқа құқықтарды пайдалануға құқылы.

272. Клиенттің міндеттері:

- 1) Өтініште, шарттарда және басқа құжаттарда сенімді ақпаратты көрсету;
- 2) Шотты пайдалануды бақылау, айына 1 реттен кем емес үзінді-көшірме алу және оны тексеру;
- 3) Банк Тарифтерінде көрсетілген комиссиялық алымдарды, сонымен қатар Шарттың талаптарынан шығатын басқа төлемдерді уақытылы төлеу;
- 4) Банкке Өтініште және басқа құжаттарда көрсетілген ақпараттың өзгеруі жайлы өзгертулер күшіне ену күнінен бастап 5 (бес) банктік күннен кешіктірмей уақытылы хабарлау;
- 5) Банкке келтірілген шығындарды өтеу;
- 6) төлем/аударымдар төлем құжаттарын ресімдеу жүргізу, ҚР заңнамасында белгіленген валюталық операцияларды жүргізу ережелерін сақтау;
- 7) Клиент Шотына үшінші тұлғалар тарапынан ұсынылған Клиенттің акцептілеуін талап ететін төлем тапсырмасын акцептілеуге немесе Клиенттен тапсырма алу күнінен бастап үш банктік күннен кешіктірмей оны акцептілеуден дәлелдеп бас тарту және оларды Банкке қайтару;
- 8) Банкке кез келген өкім, нұсқау, ресми талап, рұқсат, хабарлама немесе Қамтамасыз етуге қатысты немесе қатысты бола алатын немесе Клиентке қандай болса да үшінші тұлға тарапынан ұсынылған кез келген құжат жайлы дереу хабарлау және оларды ұсыну;
- 9) Банкке Клиент жауапкер ретінде қатысатын барлық сот талқылаулары туралы, сондай-ақ Клиентке үшінші тұлғалар тарапынан қойылатын барлық наразылықтар (талаптар) туралы тез арада жазбаша хабарлау;
- 10) Шотқа Клиентке тиесілі емес ақша қате есепке алынған жағдайда, Банкке тез арада хабарлау және Шотқа қате есептелген ақшаны 3 (банктік) күн ішінде қайтару;
- 11) ҚР салық органдарымен барлық есеп айырысуларды өздігінен жүргізу;
- 12) Банктің сұратуы бойынша қаржылық жағдайы туралы мәліметті Банктен осындай сұратуды алған күннен бастап 5 банктік күн ішінде ұсыну;
- 13) Банк ғимараттарында немесе Интернеттегі ресми сайттан (eubank.kz) Стандартты талаптардағы, Шарттағы және Банк Тарифтердегі өзгертулермен дербес танысуға міндетті. Банк осы құжаттарға өзгертулерді енгізген жағдайда, Клиент осы өзгертулер күшіне ену күнінен 1 (бір) күн ішінде Банкке Шартты бұзу және Карталарды немесе Шотты пайдалануды тоқтату немесе қосымша келісімді жасау ниеті жайлы жазбаша хабарлауға міндетті;
- 14) ҚР аумағындағы және аумағынан тыс орналасқан басқа банктердегі (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы) Клиент шоттарынан ақша

есептен шығарылған жағдайда Клиент шотты тікелей дебеттеумен есептен шығаруға қатысты Банктің барлық шығыстарын өтеу;

15) Клиенттің қаржылық жағдайын тексерулерін өткізу барысында Банкке жан-жақты көмек көрсету;

16) Банкке Банктің бірінші талабы бойынша досьені құруға қажетті құжаттарды және Банк қажет ететін кез келген құжаттаманы және ақпаратты Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде кез келген уақытта ұсыну;

17) Банкке басқа банктерде ашылған банктік шоттар жайлы, сонымен қатар Кредиттік берешегінің бар-жоғы және мөлшері жайлы 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде хабарлау;

18) Шарт бойынша міндеттемелерді Клиенттің кез келген үшінші тұлғалар алдындағы барлық басқа міндеттемелеріне қарағанда бірінші кезекте орындау;

19) Өзінің міндеттемелері бойынша қолданыстағы ҚР заңнамасына сәйкес өндіру қолданылуы мүмкін барлық меншігімен (оның ішінде ақша, жылжымалы және жылжымайтын мүлік, мүліктік құқықтар, құқықтар (талаптар), бағалы қағаздар, сонымен қатар Клиентке тиесілі кез келген басқа мүлік) жауап беруге міндетті. Міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті орындалған жағдайда тұрақсыздық айыбын төлеу мен шығыстарды өтеу Клиентті Шартты және оның ажыратылмас бөліктерін орындаудан босатпайды; Шартқа және басқа құжаттарға, сонымен қатар ҚР заңнамасына сәйкес алынған барлық басқа міндеттемелерін орындауға міндетті.

20) Шартқа және өзге құжаттарға, сонымен қатар ҚР заңнамасына сәйкес алынған барлық өзге міндеттемелерді орындауға міндетті.

VIII - бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

273. Шартқа қосылған Тарап ҚР АҚ 389-бабының 2-тармағында қарастырылған негіздерге сәйкес оны бұзуды талап етуге құқылы. Осы Шартты бұзу қосылған Тарап Банкпен бекітілген нысанда өтінішті беру арқылы жүзеге асырылады. Тараптар толығымен өзара есеп айырысқан жағдайда Шарт толығымен бұзылған болып саналады.

274. Шартқа өзгертулер Банкпен Шарттың жаңа мәтінін немесе Стандартты талаптарға өзгертулерді сайтта немесе басқа бұқаралық ақпарат құралдарында, операциялық залдарында, бөлімшелерінде, орналастыру арқылы енгізіледі.

275. Клиент Шарттың жаңа талаптарын толығымен қабылдайды; жаңа банктік өнімдер мен қызметтерді тарту жалпы негізде осы Стандартты талаптармен белгіленген тәртіпте, Өтініш-оферта/БҚК/Негіздемелік шарт/Өтініш (Кредиттік өтінім) бойынша жүзеге асырылады.

276. Банк және Банкпен бұрын өнімдер/қызметтер бойынша шарттарды жасасқан Клиенттер арасындағы өзара қарым-қатынастар бұрын жасасқан шарттар аясында жалғасады. Осындай Клиенттер жаңа өнімдерді тартқан жағдайда олар сайтта орналасқан Стандартты талаптарға жалпы негізде қосылады.

277. Банкпен ҚР заңнамасымен шектеулер қойылмаған өнімдерге/қызметтерге қатысты ғана Шартқа өзгертулер біржақты енгізіледі.

278. Клиент және кез келген қосылған Тарап Стандартты талаптарға енгізілген өзгертулермен танысуға міндетті; Шартқа жаңа енгізілімдерді білмеу Клиентті немесе басқа қосылған Тарапты Шартты орындауға қатысты міндеттемелер мен жауапкершіліктен босатпайды. Сонымен бірге Банк ҚР заңнамасында және Шартта белгіленген барлық әдістермен (Байланыс құралдарымен) қосылған Тарапқа өзгертулер, жаңа өнімдер және қызметтер жайлы хабарлауға бар ынтасын салады.

279. Осы Стандартты талаптардың басқа ережелеріне қарамастан, Банк Клиентке электронды байланыс, SMS-хабарлар және/немесе факс бойынша (жоғарыда және бұдан әрі бірлесіп «Байланыс құралдары» деп аталады): мынадай құжаттарды білдіреді.

- Клиенттің Банктегі шоттары бойынша үзінді-көшірмелер;
- Клиент атына жіберілетін Клиентпен Банкпен жүргізетін кез келген шоттар және/немесе операциялар туралы мәліметтерден тұратын құжаттар, анықтамалар, хабарламалар, растаулар;

- Банк Клиентке осы Стандарттық талаптардың ережелеріне сәйкес жіберетін басқа ақпарат.
280. Банк ақпаратты Клиентке Байланыс құралы арқылы берген жағдайда Клиент Стандартты талаптарда анықталған тәртіпте және талаптарда жіберілетін, электронды және факсимиле құралдары арқылы ақпарат беру Банктің Банктік қызмет көрсету туралы өтініш-оферта/шарттардың және осы Стандартты талаптардың ережелеріне сәйкес Клиентке Ақпарат беру міндеттемелерін орындауға жеткілікті екенін мойындайды.
281. Клиент Байланыс құралы арқылы алынған Ақпараттың заңдық тұрғыдан Банктің уәкілетті тұлғалары қолдарымен және Банк мөрімен бекітілген қағаз жүзіндегі тиісті құжаттарды алумен тең болатынына келіседі.
282. Осы арқылы Клиент Байланыс құралы арқылы Ақпарат беру Клиенттің Ақпаратты қауіпсіз түрде алуын қамтамасыз етпейтінін және үшінші тұлғалардың Ақпаратқа қол жеткізу қауіп бар екенін растайды. Осы арқылы Клиент ақпарат берудің мұндай нысандарын пайдаланумен, мұнымен қатар Ақпаратты алмаумен немесе уақытында алмаумен, үшінші тұлғалар тарапынан санкцияланбаған (рұқсат етілмеген) қол жеткізу мүмкіндігімен, оның ішінде алаяқтық әрекеттер, Ақпаратты әдетте Клиенттің тапсырмасымен компьютерлік жабдықты, ұялы (мобильді) телефон немесе Клиент офисінде/үйінде немесе басқа жерде орналасқан факс аппаратын пайдаланып алатынына байланыссыз, Клиенттің және үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануымен және тиісті түрде пайдаланбауымен байланысты бүкіл және кез келген тәуекелді өзіне қабылдайды.
283. Клиент Банктің Ақпарат беру процесінде, Ақпаратты беру, алу және/немесе растау үшін пайдаланылатын компьютердің, факсимиле немесе басқа жабдықтың дұрыс жұмыс істемеуінен болған қандай да бір бұзушылық үшін жауапкершілікте болмайтынымен келіседі.
284. Клиент сондай-ақ Банктің осы Шарт бойынша міндеттемелерін аса ұқыпсыз орындауы немесе қасақана орындамауы нәтижесінен болған шығын екені дәлелденбесе, Банктің осы Стандартты талаптар бойынша міндеттемелерін орындауы және/немесе тиісті түрде орындамауы нәтижесінде Клиент шегуі мүмкін шығындар үшін жауапкершілікте болмайтынымен келіседі.
- 284-1. Осы арқылы Клиент мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемақы, ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңында қарастырылған тұрғын үй төлемақысы түрінде алатын ақшаны, нотариусқа депозит талаптарында берілген ақшаны, алименттерді (кәмелеттік жасқа толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелеттік жасқа толған балаларды бағуға арналған ақшалар) және «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» ҚР Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаны, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақ түріндегі екінші деңгейдегі банктердің банктік шоттарындағы ақшаны, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке алуға арналған банк шоттарындағы ақшаны, нотариусқа депозит талаптарында енгізілген ақшаны, «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банк шоттарындағы ақшаны, өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушыларының ағымдағы шоттарындағы ақшаны қоспағанда, Клиенттің Банкте, ҚР аумағында, сондай-ақ одан тыс жерлердегі басқа банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарын Банктің акцептсіз (даусыз) тәртіппен тікелей дебеттеу арқылы берешек сомаларын: Қарыз, есептелген Сыйақы сомасын, Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісті түрде орындамауы нәтижесінде туындаған берешек сомасын, шығыстар мен залалдарды, сондай-ақ есептелген тұрақсыздық айыбы сомаларын өндіруіне өзінің келісімін береді.

284–2. Шарт/БҚШ/Өтініш (кредиттік өтінім) бойынша берешекті төлем талабымен берілген банктік қарыздар бойынша кепіл мәні болып табылатын банктік жинақ шоттардағы ақша есебінен осындай банктік қарыздар бойынша өтелмеген негізгі борыш сомасы мөлшерінде өндіріп алуға жол берілмейді.

284–3. Инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке алуға арналған банк шоттарындағы ақшаны алып қоюға қатысты шектеулер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бірінші, екінші және үшінші кезектерге жататын талаптарға қолданылмайды.

284–4. Қарыз алушының Шарт/БҚШ/Өтініш (кредиттік өтінім) бойынша берешегін төлем талаптарны қою арқылы өндіріп алу, оның банктік шотындағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен Қарыз алушының банктік шотына түсетін әрбір ақша сомасының 50% (елу) пайызы шегінде шектеледі, және ол төлем талабын толық орындау үшін қажетті барлық соманың банктік шотқа түсуін күтпестен жүзеге асырылады. Бұл ретте жеке тұлғаның ағымдағы шотында сақталатын ақша сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Жоғарыда көрсетілген шектеу Қарыз алушының жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды.

285. Банк Ақпаратты электронды пошта және/немесе факс арқылы бергенде Клиент Банктің Байланыс құралы бойынша Клиентке берген ақпаратына байланысты туындауы мүмкін кез келген наразылықтар мен талаптардан Банкті сөзсіз босатады.

286. Банк пен Клиент арасында жазбаша нысанда басқаша келісілмесе, Клиент Банктің көрсеткен қызметінің ақысын төлеуге, сондай-ақ Клиенттің тапсырмаларын/нұсқаулықтарын Клиент нұсқаулығын орындау валютасымен орындаумен байланысты Банктің барлық шығыстарының орнын Банктің қолданыстағы Тарифтерінде қарастырылған мөлшерде және талаптармен өтеуге кепілдік береді. Банк Тарифтерін ҚР заңнамасында рұқсат етілген шекте Банк біржақты өзгертуі мүмкін.

287. Банктің Клиент Шотынан ақшаны оның алдын ала келісімінсіз комиссия сомасының есебіне тікелей есептен шығару арқылы өз қызмет ақысын (комиссияны) алып алуға құқығы бар. Шотта есептен шығарылуы тиіс осы комиссия валютасында ақша жеткіліксіз болған жағдайда Банк Шоттан комиссияның басқа валютадағы қажетті балама сомасын айырбастауға және комиссия сомасын жабуға құқығы бар. Ақша айырбастау Банк есептен шығаратын күні белгілеген ағымдағы бағам бойынша жүргізіледі.

288. Егер Шоттағы ақша Банк қызметін төлеуге жеткіліксіз болса, Банктің өз қарастыруы бойынша ҚР заңнамасына сәйкес Клиент берешегін өтеуге құқығы бар.

289. Банктің Шот бойынша Үзінді-көшірге комиссиясын есептен шығаруды енгізуге және бұл ақпарат Банктің тиісті қызметімен байланысты құжаттардан алынуы мүмкін емес болатын жағдайда қосымша жазбаша есептер беруге құқығы бар.

290. Банк әрбір күнтізбелік айдың басында немесе Карточкалық операциялар үшін Шот/Ағымдағы шот ашылатын күні Карточкалық операциялар үшін Шот/Ағымдағы шотқа қызмет көрсетілгені үшін комиссия алады.

291. Осы арқылы Тараптар мынадай жағдайларда келіседі:

- Шартты тоқтатуға, Карточкалық операциялар үшін Шот/Ағымдағы шотқа қызмет көрсетілгені үшін Клиент төлеген комиссия қайтарылуы тиіс емес екенімен;
- Банктің ІНҚ қарастырылған кезең ішінде Клиенттің бастамасымен Шот бойынша Операциялардың жоқ болған кезінде Банктің Клиентті қосымша хабарландырмай Шотқа қызмет көрсетуді басқа Тарифке ауыстыруға құқығы бар.

292. Қосылу шарты шеңберінде жасалған шарттардың әрекет ету мерзімін өзгерту немесе ұзартуды Тараптар, осы Шартта тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын қосымша келісімдер арқылы ресімдейді. Кейінгі күні жасалған өзгерістердің және/немесе толықтырулардың басымдық күші бар.

293. Тараптар Шартқа байланысты туындайтын қандай да бір құқықтар мен міндеттерді екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімін алмай бере алмайды немесе қайта бере алмайды. Клиент Шартқа байланысты туындайтын қандай да бір құқықтар мен міндеттерді оған Банктің алдын

ала жазбаша келісімін алмай бере алмайды немесе қайта бере алмайды.

294. Егер осы Стандарттық талаптардың/банктік қызмет көрсету шарттарының қандай да бір немесе бірнеше ережелері жарамсыз немесе қандай да бір қатынаста заңсыз болып қалса, ешқандай шамада осы құжатта келтірілген қалған ережелердің нақтылығына, заңдылығына немесе орындалу мүмкіндігіне әсер етуге және нашарлатуға тиіс емес, бірақ бұл ретте мұндай жағдайларда Тараптар жарамсыз ережені жаңа, заңдық күші бар ережемен ауыстыруға барлық күштерін салуға келісетіні қабылданады.

295. Егер Клиент Стандартты талаптарға түзету енгізуге келіспесе, Банкті жазбаша түрде хабарландыруға тиіс. Клиент Банк алдындағы міндеттемелерінің бәрін орындаған жағдайда егер бұл заңнамаға қайшы келмейтін болса, Клиенттің Банктік қызмет көрсету шартын бұзуға құқығы бар.

296. Банктің Клиент пен үшінші тұлға арасында Клиент соттық тергеуге тартылған жағдайда шеккен кез келген соттық шығыстар Клиент шотына жатқызылады. Банк Клиентке шығыстар сомасын көрсетіп, төлем талап етеді. Клиент шотты алғаннан кейін дереу төлеуге міндетті. Бұдан басқа Банк шеккен, Банк Тарифтерінде көрсетілмеген, бірақ Банк пен Клиент арасындағы қатынас салдары ретінде туындауы мүмкін кез келген басқа шығыстар да Клиент шотына жатқызылады. Банк Клиентке Банк шеккен барлық шығыстарды толық көрсетіп, ақы төлеуге шот береді. Клиент көрсетілген шотты алғаннан кейін оны дереу төлеуге міндетті.

297. Жалпы ережелерге және талаптарға/Банктік қызмет көрсету бойынша Шартқа қатысты барлық құжаттар ағылшын, орыс және қазақ тілінде жасалған. Алшақтық болған кезде, түпнұсқа болып табылатын орыс тіліндегі нұсқа басымдыққа ие болады.

298. Клиент осы арқылы Банктік қызмет көрсету бойынша Шартқа және банктік қызметтерге қатысты басқа құжаттарға қол қою кезінде Банктің лауазымды тұлғаларының қол қоюларының факс-көшірмелерін, мөрлерді пайдалануына, егер ҚР заңнамасымен басқаша белгіленбесе, Банкке қарсылық білдірмейтінін растайды.

299. Банк Клиенттің Кредит алу үшін жалған немесе шынайы емес құжаттар және/немесе ақпарат беру фактісін анықтаған жағдайда, Банк біржақты тәртіпте келесі аталғандарға құқылы:

- Картаны немесе Қосымша картаны оқшаулау;
- Кредит лимитін жабу және/немесе
- Клиент Шоттың жабылғаны және/немесе Банктік шот шартының бұзылғаны туралы электрондық пошта тиісті хабарлама жіберу арқылы немесе жазбаша хабарламамен, ҚБҚ арқылы, телефонға SMS-хабарлама жіберу және Банкте бар деректерді берудің өзге тәсілдері арқылы хабардар етіледі;
- Шартты, БҚШ/Негіздемелік шартты/Өтінішті (Кредиттік өтінімді) және Тараптардың басқа келісімдерін бұзу;
- және тез арада берешегін өтеуін талап ету.

300. Осы Шарттың 299-тармағында айтылған жағдайларда, Банк сондай-ақ құқық қорғау органдарына, Кредит Бюросына, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ және басқа да уәкілетті органдарға, ұйымдар мен мекемелерге қолда бар растаушы құжаттарды қоса ұсына отырып, тиісті өтінімдермен жүгінуге құқылы.